

ДЖОН БИВЕР

«USA TODAY» БАСЫЛЫМЫНЫҢ ПІКІРІ БОЙЫНША БЕСТСЕЛЛЕР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КІТАПТАРДЫҢ АВТОРЫ



ҚҰДАЙ БЕРГЕН
ӘЛЕУЕТІҢДІ АРТТЫР

Қымбатты Дос,

Құдай әрқайсымызды Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасауымыз үшін ерекше қылып жаратты. Тегін берілетін рақым сыйы арқылы жоғарыдан туылып, Құдайдың перзенті атандық. Сол рақым бірегей мақсатқа жетуге күш те берді. Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да. Өлеуетіңіздің қаншалықты зор, қайталанбас, ғажап екенін білесіз бе?

Бойыңыздағы дарындар мен қабілеттер сізге жеке мүддеңіз үшін берілген деп ойласаңыз, қателесесіз. Олар сіз арқылы басқа адамдарға жетуі керек. Сізде Құдайдың басқаларға бергісі келетін жарылқауы бар. Әрқайсымыз дарынымызды адамдардың игілігіне және Құдайдың Патшалығын кеңейту жолында дұрыс пайдалана білуге тиіспіз.

Өз дарынын білетін һәм қолдана алатын адам бақытты. Өзінде жоқ, өзгеден көрген дарынға еліктеумен өмірі өтіп жүрген адам бақытсыз. Құдайдың рақымы мен майлауына ере отырып, дарындарымызды күрес емес, тыныштық тұрғысынан арттыруға ұмтылғанымыз жөн.

Құдайдың рақымы мен майлауы сізді дарынды әрі мықты адамға айналдырды. Батылдықпен алға ұмтылыңыз, Құдай өзіңізге тапсырған ұлы істерге кірісіңіз!

Сізбен бірге,

Джон



MessengerX.com

Джон Бивер
JohnBevere@ymail.com



MESSENGER
INTERNATIONAL
MessengerInternational.org



ДЖОН БИВЕР

«USA TODAY» БАСЫЛЫМЫНЫҢ ПІКІРІ БОЙЫНША БЕСТСЕЛЛЕР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КІТАПТАРДЫҢ АВТОРЫ



ҚҰДАЙ БЕРГЕН
ӘЛЕУЕТІҢДІ АРТТЫР

X: Multiply Your God-Given Potential, Kazakh, by John P. Bevere

© 2021 Messenger International

MessengerInternational.org

Originally published in English as *X: Multiply Your God-Given Potential*

Additional resources in Kazakh are available for free download and video streaming at **MessengerX.com** and on the **MessengerX App**

To contact the author: JohnBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is
NOT FOR SALE

«X: Құдай берген әлеуетіңді арттыр», Джон Бивер, қазақ тілінде

Copyright © 2021 Messenger International

MessengerInternational.org

Бастапқыда ағылшын тілінде, «X: Multiply Your God-Given Potential» атауымен шыққан.

Джон мен Лиза Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын **MessengerX.com** сайтында және **MessengerX** қосымшасында көруіңізге әрі тегін жүктеп алуыңызға болады.

Автордың электронды пошта жәшігі: JohnBevere@ymail.com

Бұл кітап – «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің сыйлығы,
САТУҒА АРНАЛМАҒАН.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Сүйікті келіндерімізге арналады...

Лиза екеуіміздің жүрегімізден орын алдыңдар. Әрқайсыңның мінезіңнің көптеген тамаша қырлары бар, көзге ерекше түсіп тұрғандарын төменде атап өттік:

Джулиана

2009 жылдың 25 қазанынан бері Эдисонның жұбайы.
Көркемсің әрі парасаттысың.
Менің тұңғыш қыз балам болып қала бересің.

Джессика

2018 жылдың 24 қыркүйегінен бері Остиннің жұбайы.
Мейірімді әрі сүйкімді жансың.
Қайда барсаң да, қуаныш ала келесің.

Крисчен

2018 жылдың 18 қарашасынан бері Арденнің жұбайы.
Әрбір қимылың әсем, жүрегің нәзік.
Біздің ұлымызға деген махаббатың сондай сүйкімді.

Болашақ Миссис Алек Бивер

Жүрегім сенімен кездескенше асық.
Қазірдің өзінде саған деген сүйіспеншілікке жаным толы.

Әрбірің Лиза екеуімізге зор қуаныш сыйлаудасыңдар.
Отбасымызға келіп, ұрпақ сыйлағандарың үшін рахмет.
Мәңгі бақи біздің қыздарымыз болып қала бересіңдер.

МАЗМҰНЫ

Осы кітап жайлы **IX**

1. Жалпы жағдай **1**
 2. Бізге берілген қабілеттер **19**
 3. Өзіңізді әділ бағалаңыз **37**
 4. Басқарушылар **51**
 5. Адал **73**
 6. Еңбексүйгіштік және молаю **95**
 7. Ғаламат молаю **115**
 8. Стратегиялық идеялар **133**
 9. Салым **153**
 10. Стимул **177**
 11. Менен үлгі алыңдар **197**
 12. Молаю жолындағы кедергілер I **221**
 13. Молаю жолындағы кедергілер II **239**
 14. Дарындарыңызды ашып, жетілдіріңіз **257**
 15. Майланған **279**
- Қосымша **293**
- Алғыстар **296**

Осы кітап жайлы


Осы кітаптің беттерінен Құдайдан келген даналықты және мақсатыңызды анықтап алуға, әлеуетіңізді іске асыруға деген ықыласыңызды лаулатуға септігін тигізетін стратегияларды табасыз. Әр тараудың соңында сұрақтар келтірілген, олар ой толғап, үйренгеніңізді өмірде қолдануыңызға көмектеседі.

Әлеуетін арттыру жолын білгісі келетіндер үшін қосымша материалдар дайындадым. Бейнесабақтарды, оларға қосымша нұсқаулықты, басқа да онлайн ресурстарды жеке немесе топ ішінде қолдана аласыз. Оларды **MessengerX.com** сайтынан Исаның шәкірттеріне арналған ресурстар жинағымен қатар тегін жүктеп алуыңызға болады. Біздің ресурстарды миллиондаған адам қолдануда, мақсатымыз – сол ресурстарды жердің түкпір-түкпіріндегі әрбір адам үшін, әл-ауқатына қарамай, қолжетімді ету (бұл жайында кітапта айтылады). Аздаған уақытыңызды бөліп, сайтымызға кіріп көріңіз, елшілердің дүниежүзілік қауымдастығына мүше болыңыз.

Әлдебір сұрақтар туындайтын болса, міндетті түрде маған немесе «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің мүшелеріне хабарласыңыз.

Игі тілекпен!

Джон



*Даналықтың бастауы — Жаратқан Иені
Терең қастерлеп, Оған мойынсұну,*

...

*Даналықпен көрер күнің көп болар,
Парасатпен жасыңа жас қосылар.
Дана болсаң, пайдасын өзің көрерсің.*

— Нақыл сөздер 9:10-12

Жалпы жағдай

Бұл оқиға 2012 жылы болған еді. Лос Анджелестегі қауымдардың бірінде демалыс күндері өтетін жиналыстарда уағыз айтуым керек болатын. Әдетте басқа қалаға сенбі күні кешке жақын ұшып барып, сенбілік кешкі жиналысты және жексенбілік таңғы жиналысты өткіземін де, жексенбі күні күндіз қайтамын. Бұл жолы осы тәртіптен ауытқитын болдым.

Қызметіміздің серіктесі, аты Стен болсын, Лос Анджелеске сапар шегетінімді біліп, маған қоңырау соқты. Қаланың сыртындағы әйгілі «Ривьера» клубында гольф ойнауға қалай қарайтынымды сұрады. Аталған клубтың алаңдарының бірінде гольф ойнауды көптен армандап жүрген едім, көп ойланған жоқпын.

– Әрине, ойнайық! – деп қуана келістім.

35 жыл бойы Құдайдың Сөзін уағыздау жолында жүрмін, уағыз айтқанда гольф ойынына деген ықыласым туралы айта кететінім бар. Соның арқасында осы жылдарда дүние жүзіндегі ең үздік гольф-клубтарда ойнауға бірнеше рет күтпеген жерден шақыру алдым. Әлбетте, осы жолғы шақыру да – солардың бірі.

Бұл шақыру ерекше шақыру болды. «Ривьера» – беделді жекеменшік клуб, оған екінің бір бара алмайды. Жыл сайын клуб алаңдарында «Дженесис инвитэйшнл» деп аталатын (бұрынғы атауы «Лос Анджелестің Ашық Чемпионаты») Кәсіби

Гольф Ойыншылары Ассоциациясының (КГОА) жарысы өтеді. «Ривьера»-да басқа да ірі турнирлер өткен, олардың арасында АҚШ Ашық Чемпионаты, КГОА жарыстары, әуесқой ойыншылар арасындағы АҚШ чемпионаты, басқа да атышулы жарыстар бар.

Сенбі күні таңертең Стен қонақүйге соғып, мені «Ривьера»-ға ала кетті. Жақын достарымның бірі, Арон Бэддели, бір жыл бұрын Лос Анджелестің Ашық Чемпионатында жеңіске жеткен еді. Бұл күннің мен үшін ерекше қуанышты болуының тағы бір себебі осы болатын. 2011 жылғы жарыста жеңіске жеткізген Аронның үздік соққыларын ойша қайталап, алдағы ойынды тамсана күтудемін!

Алғашқы төрт шұңқыршаны үш ұпай қалыспен өтсем де (толқуым кедергі болды), раундтың соңында екі ұпай алға шықтым. Стен екеуіміз тамаша уақыт өткіздік; қызығы мол ойын болды.

Ойыннан кейін Стен мені Лос Анджелестің орталығында орналасқан қонақүйге апарып салды. Жолай мына сөзді айтты:

– Джон, өзімді көптен толғандырып жүрген сұрағымды қойсам болады ма?

– Әрине!

Стен ойындағысын кішіпейілділікпен ақтарып салды:

– Джон, соңғы 20 жылда ерінбей-жалықпай еңбек еттім. Кәсібімді өркендету жолында аянған жоқпын. Компаниямның құнын тоғыз миллион долларға жеткіздім. Өмірім жақсы, отбасымда береке бар, бизнесім өздігінен жүріп жатыр. Әйелім мен бала-шағамды қамтамасыз еттім.

Осы сөзден кейін көкейінде жүрген сұрағын қойды:

– Елуді алқымдап қалған адаммын, бұрынғы қарқынмен жұмыс істей бергенім дұрыс па? .

Тағы он жыл өмірімді салып, табысымды отыз не қырық миллионға жеткізгенім кімге керек?

Киелі Рух сол сәт даналық берді:

– Рұқсат етсең, бір мысал келтірейін, – дедім. – «Аянбай еңбек еттім, он жеті кітап жаздым, әлемнің 80 тілінде

кітаптарымның миллиондаған данасы басылып шықты. Соңғы 25 жылда 16 миллион шақырым жол жүрдім, жол азабын тарттым, неше түрлі адамдармен араластым, жат елдердің асын іштім, қонақүйлердегі ұядай ғана бөлмелерде түнедім, осы ауыртпалықтың барлығына Ізгі Хабарды жер жүзіне тарату үшін көндім. Қазіргі кезде қызметім өздігінен жүріп жатыр, балашағамның жағдайы жақсы. Өзімді-өзім қинап, тағы кітап жазып, тағы жол жүріп, тағы уағыз айтып қайтемін?»– десем, Иса не дер еді, қалай ойлайсың?

Сөзім нысанаға дөп тиді. Стен езу тартып:

– Исаның алдына барғаныңда жағдайың қиын болар еді, – деді.

Сол сәт:

– Стен, жаңа ғана кәсібіңе қатысты дәл осыны айттың, – дедім.

Досымның езуі жиыла қалды. Қайран қалған кейіппен маған бажырая қарады да:

– Қалайша? – деді.

– Стен, Құдай әрбір перзентіне алуан түрлі дарындарды үлестіріп берген. Дарындарымызды Құдай Патшалығының мүддесіне қолдануымыз керек. Дегенмен, дарындарды қолдануда өз еркіміз өзімізде. Сондықтан, кез келген сәтте дарынымызды келесі үш жолдың бірімен пайдалана аламыз:

Дарынымызды Құдайдың Патшалығын орнату үшін қолдана аламыз;

Дарынымызды өз өмірімізді жақсарту үшін қолдана аламыз;

Дарынымызды елеусіз, ескерусіз қалдыра аламыз.

Стен мұқият тыңдап отыр, сөзімді әрі қарай сабақтадым:

– Маған берілген дарындар – уағыз айту мен кітап жазу дарындары екені анық. Саған

ақша тауып, Құдай Патшалығын кеңейту ісіне қаржылай үлес қосу дарыны берілген. Мен келтірген мысалға күлдің де қойдың! Алайда, сенің айтқаның менің мысалыммен пара-пар. Құдай Патшалығын орнатуда сенің дарыныңның маңызы менікінен

кем емес. Сайып келгенде, маңыздырақ та болуы мүмкін, сен мәселені жете түсініп жүрген жоқсың.

Әңгімеміз жалғаса берді. Әңгіме барысында Стеннің ой-пікірі мен көзқарасы түбегейлі өзгерді, соған қуандым.

Арада жарты жыл өткенде сол кісіге қоңырау шалып, амандық сұрастырдым. Есте қаларлық әңгіме болды.

– Сәлем, хал-жағдайың қалай?

– Шынымды айтайын ба? – осы тұста аздап күмілжіп қалдым.

– Әрине!

– Сол жолғы сөздерің есімнен кетпей, мазамды алып жүрді.

– Иә, сонымен, не істедің?

Стен күліп барып:

– Табысымды 35 миллион долларға жеткізіп, Құдай Патшалығына беретін құрбандығымды арттыру үшін тынбай еңбектенудемін, – деді.

– Тамаша!

Стен өзінің Құдай Патшалығын орнату ісінен шет қалмауы керек екенін ұқты. Бойындағы бірегей қабілеттердің жер бетіндегі қысқа ғұмыры үшін ғана емес, мәңгілік үшін де маңызды екенін түсінді. Өзі мен отбасының қамынан әлдеқайда биік мақсаттар үшін жаралғанын білді. Стеннің ақкөңілділігі мен кішіпейілділігі үшін алғысым зор. Өмірін өзгерткен ақиқатты қабылдауына осы мінезі септігін тигізді. Стеннің куәлігіне бола басқа да көптеген адамдардың өмірі өзгерді.

Ақиқатты білген Стен бүгінгі таңда жемісін молайтуда. Стеннің өмірі осы кітаптың басты мақсатын бейнелейді. Көп жыл бойы қызмет етіп, әр елдегі сенушілермен сұхбаттастым. Өкінішке орай, көптеген сенушілердің көзқарасы – Стендікіндей. Шын мәнінде, сенушілердің басым бөлігі сондай пікірде. Көбісі Стен сияқты, өз ойын тікелей айтпағанымен, әңгіме барысында осындай пікірін танытады.

Құдайдың өзіңізге тапсырған аманаты барына күмәнданып жүрсеңіз, осы кітаптың қолыңызға түскеніне қуаныштымын.

Сіздің де ой-пікіріңіз өзгереді деп үміттенемін.

Шындықтан қашпаңыз, Стен сияқты, мәселеге тік қарауға дайын болыңыз; сонда ғана ақиқатты анық көре аласыз. Мәселені кішіпейілділікпен қарастырсаңыз, бірегей дарындарыңызды анықтап, арттырып, оларды Құдай Патшалығын кеңейту ісіне қолдана алатыныңызға шүбәсіз сенетін боласыз. Сіздің бағушыңызға немесе маған берілгендей, сізге де Құдайдың арнайы тапсырмасы бар. Құдайдың аманаты ұлы қызметкер Билли Грэм немесе кез келген басқа танымал қызметкерге берілгендей, сізге де берілген.

Дарындарыңызды анықтап, жетілдірудің, ең бастысы, арттырып ықпалды етудің жолдарын қарастырамыз. Құдайдың Сөзі мен кітапта келтірілген мысалдар сіздің жемістілігіңізді едәуір арттыруға септігін тигізеді. Осы айтқанымға көзім анық жетеді, өткені, кітапты жазып, редакциялау барысында өзім де осыларды басымнан кештім.

ЕРЕКШЕ МАҚСАТ ҮШІН ЖАРАЛҒАНДАР

Зерттеуімізді Киелі Кітаптағы ең танымал аяттардың бірінен бастайық:

«Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл — өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый. Сондықтан игі істерімнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын» (Ефес. 2:8-9).

Осы аяттарда Құдайдың рақымы жайлы айтылған. Құдайдың рақымымен құтқарылғанымыз және бұл – Құдайдан келген сый екені анық. 21 ғасырда Қауым осы ақиқатты адамзатқа жеткізе алды. Қанша еңбек сіңірсек те, өміріміз қаншалықты пәк болса да, қанша құрбандық берсек те, Жаратушы Иеміз – Құдіретті Құдайдың аясында мәңгі өмір сүруге лайық бола алмаймыз. Киелі Кітаптағы осынау сөздер осы маңызды ақиқатты ашатын ең басты аяттардың бірі. Алайда, келесі аятта айтылғанды ескерусіз қалдырғанымыз да рас:

«Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай тұғызды да» (Ефес. 2:10).

Ағылшын және орыс тілдерінде оныншы аят *«сондықтан»* деген сөзден басталады. Бұл сөз келтірілген екі үзіндінің арасын жалғайды. Яғни, сегізінші және тоғызыншы аяттарда айтылған ой оныншы аятта тұжырымдалады. Сондықтан, бірінші үзіндіні келтіріп, екіншісін елеусіз қалдырсақ, автордың айтпақ болғанын дұрыс түсіне алмаймыз.

Оныншы аятта айтылғандай, біз – Құдайдың жаратылысымыз, Иеміз бізді игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Сайып келгенде, осы үш аятта Пауыл елші мынаны меңзейді:

«Құдайдың рақымымен құтқарылдық және құтқарылуымыздың мақсаты, біріншіден, – Құдайдың перзенті болуымыз, екіншіден, сол рақымның құдіретімен игі істер істеуіміз».

Еш уақытта әлдебір ақиқатқа басым мән беріп, басқасын ескерусіз қалдырмауымыз керек. Дегенмен, айта кететін нәрсе, біздің Иса Мәсіхте кім екеніміз қай ісімізден де әлдеқайда маңызды, өйткені, істеріміздің барлығы кім екеніміздің салдары болғаны жөн.

Игі істер жайлы ақиқаттан ауытқып кету оңай. Құдай Патшалығы үшін еңбек етуге міндеттіміз, ал сол міндетті ұмытсақ, жеңілдеп қалатындай боламыз. Сенушілердің солай істейтіні өкінішті –ақ. Шын мәнінде, игі істеріміз бізге құдірет береді. Иса былай деген еді: «Өзімді Жібергеннің еркін іске асырып, Оның тапсырғанын толық орындау Маған «нәр» болады» (Жохан 4:34). Исаның мынадай сөзі де бар: «Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін» (Жохан 20:21). Осы екі аяттан ұғатынымыз, Құдайдың еркін іске асырып, Оның тапсырғанын толық орындау бізге «нәр» болады. «Нәр» дегеніміз – қуат беретін ас. Осы аспен қоректенбесек, әлсірейміз,

көп нәрседе пайдамыз тимейтін болады.

Осы мысалды рухани өмірімізге қолданып көрейік. Өзімізді жіберген Исаның еркін орындаудан бас тартсақ, әлсіреп кететініміз сөзсіз. Әлсіреген сенуші шайтанның арбауына төтеп бере алмасы да анық.

Исаға келгеніме 40 жыл болды, осы жылдарда байқағаным, мәсіхшілердің сенімнен таюының негізгі себептерінің бірі – игі істерге көңіл бөлмеуі. Олар жалқаулыққа беріліп, Құдайдың аманатын орындауға мән бермейді. Бара-бара ішімдікке, азғындыққа батып кеткенін өздері де байқамай қалады. Немесе күнәкар өмір салтына жетелейтін нәрселерге әуестенеді. Сөйтіп, рухани күштен айырылады. Мәселе мынада:

Істеген игі істеріміз бізге күш-қуат береді.

Сонымен, әлгі үш аяттағы ақиқатты қайталауыма рұқсат етіңіз. Құдайдың рақымымен жоғарыдан туылып, тегін құтқарылу сыйын иемдендіңіз, сөйтіп, Көктегі Әкеміздің перзенті атандыңыз. Құдайдың рақымы сізге, сонымен қатар, игі істер істеуіңіз үшін де берілді. Игі істеріміздің әрқайсысын Құдай алдын-ала жоспарлап қойған болатын. Дәуіт пайғамбар былай дейді:

«Ұрық күйімде мені көзіңмен көрдің.
Сен маған бұйырған күндердің бірі
Әлі де тумас бұрын, солардың бәрі
Кітабыңда жазулы тұрған еді» (Забур 138:16).

Сіз орындайтын істерді Құдай сіз туылмай тұрғанда, алдын-ала белгілеп қойған. Жаратушы Иеміз оларды, тіпті, кітабына жазып та қойған! Өміріміздің әрбір сәті жазылған бұл кітаптың қандай екенін көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Жаратушымыздың біз үшін жоспарлап қойған істері Құдай Патшалығын орнатуды көздейді. Көктегі Әкеміздің ең үлкен қалауы – Құдай Патшалығын кеңейтуге атсалысқанымыз. Бірақ, біздің осы бағытта әрекет ететінімізге ешкім кепіл бола алмайды. Ефестіктерге арналған хаттың 2-ші тарауы, 10-шы аятындағы «игі істер жасау үшін»

деген сөзге назар аударыңыз. Бұл сөздер игі істерді міндетті түрде орындайтынымызды білдіріп тұрған жоқ. Оны еркіміз біледі. Құдай алдын-ала жоспар құрып қойған, алайда, сол жоспарға сай әрекет етеміз бе, оны шешетін – өзіміз.

Исаның алдына барғанымызда (мәсіхшілер бұл сотта еңбегіне лайық марапат алады, не болмаса, салғырттығына бола шығынға ұшырайды), Иеміз әлгі кітапты ашады да, «Әкеміздің өзіңе деген жоспарына сай өмір сүрдің бе, соны көрейік» дейді, солай болатынына кәміл сенемін. Киелі Кітапқа енген жазбалардың екеуінде Құдайдың соты суреттелген тұстарда «кітаптар ашылды» деп жазылған (Даниял 7:10 және Аян 20:12). Құдай біздің өміріміз жайындағы бұл кітаптарды біз туылмай тұрып, жазып қойған деп сенемін. Ал әрқайсымызға берілген Құдайдың арнайы аманатына келсек, сотта өз қалауымызбен істеген істеріміз емес, Құдайдың тапсырмасына сай істер істеген-істемегеніміз қаралады. Бұл – нағыз ес жиғызатын жаңалық.

Бұл жаңалық аздап үрей туғызуы мүмкін. Үрейге берілмей тұра тұрыңыз! Маңызды үш нәрсені ойыңызда ұстаңыз. Біріншіден, Құдай өзіңізге берілген тапсырманы орындап шыққаныңызды өзіңізден де бетер қалайды; сондықтан, жоспарын сізден жасырмайды. Құдайдың өзіңізге берген арнайы тапсырмасын білгеніңізді Көктегі Әкеңіз өзіңізден де бетер қалайды! Екіншіден, өзіңізге берілген аманатты түсініп, орындау бір сәттік нәрсе емес, ұзақ жолды жүріп өткенмен бірдей. Сондықтан, асықпаңыз, сабыр сақтаңыз. Үшіншіден, осы кітабымда Киелі Кітаптан да, өз өмірімізден де мысалдар мен кеңестер келтіремін, соларды пайдаланып, Құдайдың сізге арнаған жоспарын ұғынып, орындай алатын боласыз.

Осы ойымды түсіндіретін мысал келтірейін. Мәселен, мен – сәулетшімін дейік. Қала орталығына жақын жерде тұрғын үй, сауық орталығы және сауда орталығынан тұратын үлкен кешен салмақ ойым бар. Мен бас сәулетшімін, білікті құрылысшылармен, басқа сәулетшілермен бірігіп, құрылыстың жобасын сызып, егжей-тегжейлі жоспар жасаймын. Кешеннің

ішінде ойын және спорт алаңдары, аттракциондар, бассейндер мен фонтандар, демалыс орындары, жаяу жүргіншілерге арналған соқпақтар орналастырмақпын. Сонымен қатар, көп қабатты тұрғын үйлердің төменгі қабаттарында дүкендер орналасатын болады. Кешенде мейрамханалар, кинотеатрлар, басқа да мәдениет орындары болады. Қысқасы, бұл бірегей, тамаша, тұрғындарға өте қолайлы орын болмақ.

Жоспар дайын болған соң, құрылыстың әр бөлігін салатын мердігерлерді таңдаймын. Келісімшарт жасасып, әрқайсысына өз жұмысын тапсырамын, жұмыстардың орындалу мерзімін белгілеймін. Жұмысты бастау ғана қалды.

Мердігерлердің барлығы менің айтқанымды бұлжытпай орындайтын болса, осынау күрделі жобаның өзі еш қиындықсыз, өз мерзімінде іске асады. Алайда, мердігерлерімнің кейбірі бұл жобаны шұғыл, бірінші кезектегі жоба деп қарастырмаса, жұмысты кейінге қалдыра берсе, не болады? Тапсырманы алғаннан кейін, уақытын, күші мен қабілетін басқа нәрселерге жұмсайтын болса ше? Жұмыстан гөрі, балық аулауға, гольф ойнауға, спорт жарысын көріп, жанкүйер болуға көбірек көңіл бөлсе, қалай болады? Ал басқа мердігерлер жалқаулық танытып, жұмысқа салғырт қараса ше? Мұндай жұмысшыларға қараған жұмыс мезгілінде бітпек емес, дәлірек айтқанда, ешқашан бітпейді.

Жұмыскерлер уақыты мен қабілетін қалай жұмсайтынын өздері біледі. Алайда, сәулетші ретінде мен жұмыстың дер кезінде орындалмауы, жобаның бітпей қалу ықтималдығымен келіспек емеспін. Олай болса, жұмысты дер кезінде әрі дұрыс орындап шығатын мердігерлер шақыруым керек.

Нәтижесі қандай болмақ? Бұрынғы жұмыскерлер осынау тамаша кешеннің құрылысына қатысу мүмкіндігінен айырылады. Олар достарына, балалары мен немерелеріне қала орталығындағы әсем ғимараттар мен тамаша саябақтарды көрсетіп, «мынау менің еңбегімнің жемісі» дей алмайтын болады. Олардың балалары әкелерінің еңбегін мақтан тұту мүмкіндігінен айырылады. Және еңбегінің ақысын да ала алмайды.

Киелі Кітаптың қай тұсынан да осы ақиқатты көре аласыз. Өз Патшалығын орнатуға деген Құдайдың егжей-тегжейлі жоспары бар. Бірақ, Құдайдың тапсырмасын орындаудан бас тартқан немесе тапсырмаға салғырт қараған адамдар қашанда болған. Сол себепті, Құдай бастапқы жоспарына кейде түзету енгізуге мәжбүр. Шын мәнінде Жаратушы тарихтың соңында не болатынын әу бастан-ақ біледі, Құдай уақытқа тәуелді емес. Келтіріп отырған мысалдарым – ойымды оқырманға жеткізу үшін күнделікті өмірімізден алынған, адами тұрғыдан түсінікті мысалдар. Жоспардың «өзгеруі» Құдай үшін оқыстан келген, күтпеген жағдай емес. Кейбір жұмыскерлерінің салғырттығын алдын-ала білген, оларды алмастыруға әу бастан дайын.

Осыған дәлел бола алатын мысалдарды Киелі Кітаптан көптеп көруге болады, бірнешеуін келтіре кетпекпін. Ыбырайымның әкесі Тарахтың өмірінен де осы ақиқаттың орындалуын көре аламыз (кенже ұлым Арден жақында Киелі Кітаптағы осы кейіпкерді есіме салды).

Ыбырайымның Халдей еліндегі Ур қаласында туып-өскенін, жастық шағы да сонда өткенін білеміз. Кейін Құдай Ыбырайымды Қанахан еліне жетеледі. Осы хикаяда көбіміз мән бере қоймайтын бір жайт бар. Ыбырайымның әкесі Тарахтың өмірбаянын мұқият оқып шықсаңыз, бастапқыда Құдай Қанаханға аттануды Ыбырайымға емес, Тарахтың өзіне бұйырғанын байқайсыз. Киелі Кітап былай дейді:

«Тарах өз ұлы Ыбырамды, немересі Лутты және келіні Сарайды ертіп алып, бәрі бірігіп халдейлер еліндегі Ур қаласынан жолға шықты. Олар Қанахан жеріне бармақшы еді, алайда Харан аймағына жеткен соң, сол жерде қоныс теуіп тұрып қалды. Тарах екі жүз бес жыл өмір сүріп, Харанда қайтыс болды» (Жаратылыс. 11:31-32).

Осы тұста ескеретін екі жайт бар. Біріншіден, туған мекені Ур шаһарын тастап, мың шақырым жердегі көріксіз Қанаханға отбасымен өре көшу кімнің ойына келмек? Бұған ерекше бір

себеп болуы керек еді. Түйеге мініп жол жүру оңай да, жылдам да емес. Әйел, бала-шағасымен сапар шеккен адам Қанаханға бірнеше айда ғана жететін болса керек. Жол жүрерде Тарах интернетке кіріп, Қанаханның жақсы жер екенін, онда жұмыс та, үй де табылатынын оқып, Қанахан табиғаттарының суреттерін көрді деп ойламаймын. Әлеуметтік желілерден Қанаханға көшкендердің суреттерін көріп, өзі де сонда аттанбақ болды дей алмаймыз. Үй-жайын тастап, аяқ астынан шалғайда жатқан бөтен елге көшу үшін әжептәуір себеп керек. Тарахтың көшпекке бел бууына не түрткі болды деп ойлайсыз?

Екіншіден, Қанаханға жол тартса, неліктен Харан аймағында қоныс теуіп қалды? Межелі жерге жетіп, сонда қоныстанбады ма? Әрі қарайғы сапарынан бас тартуына не себеп болды? Сапардан бас тартуға деген азғырылу келді ме? Басқа нәрселерге көңілі ауып, мақсатынан көз жазып қалды ма, әлде, отбасының мүшелеріне жол ауыртпалығы тым ауыр тиді ме, әлдебір басқа да себептер болды ма? Харанда жақсы мүмкіндіктер көп екенін көріп, Құдайдың бір сөзіне бола солардан айырылып қалуды жөн көрмеді ме, бәлкім?

Осыларды ескере отырып, Құдай «көптеген халықтардың түп атасы» болсын деп тағайындаған алғашқы адам – Тарах болған деген тұжырымға келе аламыз ба? Ыбырайым емес, бастапқыда «сенушілердің рухани түп атасы» деген атаққа Тарах ие болуы керек пе еді (Рим. 4:16-17)?

Тарах сапарының орта тұсында мақсатынан бас тартты да, Харанда қоныс теуіп қалды. Көздеген мақсатынан бас тарпағанда, бүгінде біз Тарахтың бастан кешкендері мен Құдаймен арадағы келісімі жайлы оқып жүрер едік. Израил халқы Тарахты өзінің түп атасы деп, Иса Ыбырайымның ұрпағы емес, «Тарахтан тараған ұрпақ» атанар еді (Ғалат. 3:16).

Құдайдың Өз жоспарына өзгеріс енгізуінің тағы бір мысалы – Израил елінде би болған бас діни қызметкер Ели. Ели де, оның ұрпақтары да діни қызметкер болып, халықтың атынан Құдайдың алдына келуге тағайындалған болатын. Алайда, Елиге пайғамбар

келіп, мынадай суық хабарды жеткізеді:

«... Исраилдің Құдайы — Жаратқан Ие мынаны айтады: Бұрын Мен өзіңнің ұрпақтарыңды және әкеңнің басқа да үрім-бұтағын мәңгі бақи діни қызметкерлерім болуға бұйырған едім. Бірақ қазір Мен, Жаратқан Ие, былай деп шештім: Енді бұлай болмайды! Себебі Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын, ал Мені менсінбегендер масқара болады. Біліп қой, болашақта Мен өзіңнің де, әкеңнің де ұрпақтарының жасын ұлғайтпай, жас кездерінде-ақ өлімге душар етемін» (1 Патшалық. 2:30-31).

Құдай алдындағы тілазарлығының жемісін Елидің өзі де, ұрпағы да көрді. Ели өмірі мен қызметінде Құдайды дәріптесе, ұрпақтары діни қызметкер мәртебесіне ие болар еді.

Дәуіттің ұлы Сүлейменнен бастап, Исраил патшаларының барлығы да солай. «...Жаратқан Ие Сүлейменге былай деп хабарлады: «Сен осылай істеп Менің Келісімімді, өзіңе орындауға тапсырған ережелерімді ұстанбадың. Сол себептен Мен міндетті түрде патшалық билікті сенен жұлып алып, қызметшілеріңнің біреуіне тапсырамын» (3 Патшалықтар. 11:11). Сүлеймен патша Құдайға адал болып қалғанда, ұлы Рохабоғам тақтан айырылмайтын еді. Патшалықтың басым бөлігі Еробоғамның билігіне өтті, алайда, ол да адал болмай шықты. Исраилдің Құдайы Жаратқан Ие былай деді:

«Мен сені халықтың арасынан көтеріп, халқым Исраилдің үстінен билеуші етіп тағайындадым. Мен патшалық билікті Дәуіттің әулетінен жұлып алып, саған бердім. Алайда сен Өзіме адал болған қызметшім Дәуіт сияқты болмадың. Дәуіт менің барлық өсиеттерімді сақтап, шын жүректен Менің тура жолыммен жүріп, көз алдымда тек әділ іс-әрекет жасады. Ал сенің зұлымдығың өзіңнен бұрын өткендердің қай-қайсысынан да басым болды. Сен өзіңе жалған тәңірлер таңдап, жас бұқа мүсіндерін жасатып алдың. Осындай істеріңмен Менің қаһарымды туғыздың. Сен Менен мүлдем бас тартып кеттің. Сол себепті Мен Еробоғамның әулетін

құртып жіберетін боламын. Мен оның әулетіне жататын еркек кіндікті атаулының барлығын, ерікті болсын, құл болсын, құртамын! Қи-тезекті қалай өртеп жоқ қылатын болса, Мен де дәл солай Еробоғамның әулетін құртып жоқ қыламын (3 Патшалық. 14:7-10).

Құдай алдында Еробоғамның жүрегі таза болғанда, үрім-бұтағынан билік кетпес еді. Алайда, ол өзінің дарыны мен лауазымын Құдай Патшалығының пайдасына емес, жеке мүддесі үшін қолданды. Израил патшасы Бағасаға да Құдай пайғамбар жіберіп, осыған ұқсас сөз айтты (3 Патшалық. 16:1-7). Патшалық билікке қол жеткізіп, оны дұрыс қолданбаған басқа да патшалар Құдайдан осы тәрізді жолдау алды.

Құдайға адал болмасақ, зарбадын өзіміз ғана емес, ұрпағымыз да көреді. Бұл заңдылықты Тарахтың өмірінен көмегенімізбен, басқа көптеген адамдардың өмірінен көре аламыз.

Пайғамбарлардың өмірінен де ұқсас жағдайды көреміз. Еліше Елиге қызмет етіп, екі есе майланған болатын. Көп жылдан кейін Елішеге қонған пайғамбарлық дарын келесі буын өкілі, Елішенің қызметшісі – Гехэзиге қонуы керек еді. Алайда, Гехэзи одан айырылып қалды, оның себебі – шын маңызды нәрселерге ден қоймауында. Ақыры алапес ауруына шалдығып, қызметінен кетуге мәжбүр болды (4 Патшалықтар. 5:20-27). Оның орнына (аты аталмаған) жаңа қызметші келді.

Жаңа Өсиетте осындай жағдай Яһуда Исқариоттың өмірінде де болды. Ол өзіне берілген дарын мен сенімді игілікке емес, зұлымдыққа қолданды, сол себепті, оның орнын басқа адам басты. Петір елші былай деген болатын: «Забур жырларында мына тәрізді сөздер жазылған: «Тұрған мекені қаңырап бос қалсын, сонда тұратын ешкім де болмасын!» және «Міндетін оның басқа біреу алсын!» Сондықтан Иеміз Исаның қайта тірілгеніне күә болып жүрген бізге тағы бір кісі қосылуға тиісті» (Елшілер. 1:20-21).

Өте өкінішті жағдай! Дарындарын лайықты түрде, яғни,

Құдайдың аманатын орындау үшін қолданбаған адамдардың өзегін өкініш өртейтін болады, осыны есте ұстап, ісімізге мұқият болайық.

Жағымды жағын айтар болсақ, қымбатты оқырман, сіз бұл дүниеге арнайы, ерекше мақсатпен келдіңіз. Сіздің өміріңіз мәңгілік тұрғысынан қарағанда, аса маңызды. Және бұл – әлдебір адамның еркі емес, Жаратқан Иеміздің қалауы.

ЖЕМІСТІ БОЛУ-БОЛМАУ – ӨЗ ЕРКІҢІЗ

Сөзіме, бәлкім, қатты таңырқайтын боларсыз, дегенмен, айтайын, қаншалықты жемісті болатыныңыз Құдайға емес, өзіңізге байланысты. Өміріңіздегі жетістіктеріңіздің барлығы тек Құдайдың ерікті қалауымен келген деп есептейтін адамға бұл сөзім Құдайды дәріптемейтін адамның сөзіндей естілуі мүмкін. Алайда, бұл пікірім Құдайдың Өзін де, құдіретін де, билігін де мүлде төмендетпейді. Қайта, менің айтпағым, Құдай бізге сенеді, Жаратқан Иеміз бізге ерік берген, ерікті түрде шешім қабылдап, құқымызды пайдаланғанымызды қалайды.

Осы тараудың басында келтірілген аяттарды қайта оқып шығайық:

Даналықтың бастауы — Жаратқан Иені

Терең қастерлеп, Оған мойынсұну,

...

Даналықпен көрер күнің көп болар,

Парасатпен жасыңа жас қосылар.

Дана болсаң, пайдасын өзің көрерсің.

– Нақыл сөздер 9:10-12

Осы ақиқат, шыныда да, бір жағынан жігер берсе, екінші жағынан ойландырады! Мәселен, «көрер күнің көп болар» деген сөзді қалай түсінгеніміз дұрыс? Өміріміздің ұзақ болатынын айтады дей алмаймыз, өйткені, ол жайлы «жасыңа жас қосылар» делінген. «Көрер күнің көп болар» деген сөздер әр күніміздің

жемісті болуын білдіреді. Яғни, сіздің әр күніңіз Құдайдан келетін даналықтан құр алақан қалған адамдыкінен әлдеқайда мазмұнды, мәнді, қанық, қызық, жемісті, табысты болады.

Киелі кітаптағы мына аятты оқыған боларсыз: «Өтпейтін балтаны қайрамаса, ағаш жаруға күш көп кетер, ал даналықтың пайдасы зор, ол түбінде табысқа жеткізер» (Уағыздаушы 10:10). Мұнда даналық жайлы айтылған. Балтаңыздың жүзі мұқалса, еңбегіңіз өнбейді, парасат, даналық болмаса, өміріңіз жемісті, өнімді бола алмайды. Балтаңыз өткір болса, (парасатты болсаңыз) еңбегіңіз әлдеқайда өнімді болады. Дәл сондай мөлшерде күш жұмсап, әлдеқайда көп нәтижеге қол жеткізесіз.

Құдайдан келетін даналық аса маңызды. Ондаған жылдар бойы сенуші ретінде жеміс бере алмаған досым бар. Ақыры, өзінің ұйқылы-ояу қалпынан өзі жалығып, өмірін өзгертуге бел буған еді. Ең әуелі алты ай уақытын Құдайдың Сөзіне арнады. Осы мерзімнің ішінде басқа ештеңеге мойын бұрмай, Киелі Кітапты оқып, Құдайдың Сөзін көңіліне тоқумен болды. Соның арқасында даналыққа қол жеткізіп, жемісті өмір сүруді үйренді. Бұл туралы әңгімені осы кітабымнан оқып, таң қалатын боласыз.

Құдай менің досыма ғана емес, бәрімізге былай деп кеңес береді: «Ең бастысы — даналық, даналыққа кенелгін, қолыңдағы барыңмен парасатқа ие болғын» (Нақыл сөздер 4:7). Даналыққа ие болу, өміріміздегі ең маңызды міндетіміз – осы. Осы тұжырым маған қатты ұнайды. Осы сөзге шын сенсеңіз, уақытыңыз бен күшіңізді даналығыңызды арттыруға саласыз. Және, Нақыл сөздер кітабының 9-шы тарауы, 11-12-ші аяттарында айтылғандай, даналықтың пайдасын өзіңіз көресіз!

Жылдар бойғы ізденісімнің, талай-талай мінәжатымның, Құдайдың айтқанын ден қоя тыңдауымның жемісі болған даналықты, өмірлік және рухани тәжірибемді, қателіктерімнен түйгенімді сіздермен осы кітабымның беттерінде бөліспекпін. Өзім ғана емес, басқа да көптеген сенушілер Құдай берген даналықпен әрекет етіп, ғажап жемістерге қол жеткіздік. Кітапта мұндай мысалдар да жетерлік. Ұзақ жылдар бойы тірнектеп

жинаған тәжірибем мен білімімді сіздермен бөлісе отырып, Құдай Патшалығын кеңейту ісінде мен жеткен белестерден әлдеқайда биік асуларға жетесіз деп үміттенемін. Бәріміз – Исаның біртұтас Денесіміз, сондықтан, сіздің ұтқаныңыз – менің ұтқаным. Сіз менен асып түссеңіз, ол да мен үшін жетістік, өйткені, мақсатымыз бір. Бәріміз бір бағытта, бір мақсатта, жалғыз Патшамыздың атының мадақталуын көздеп еңбектенудеміз.


ҚҰПИЯ

Келесі тарауды бастамастан бұрын, сізге қояр бір сұрағым бар. Көпшілік біле бермейтін бір құпия бар, сол құпияны білсеңіз, мүмкіндіктеріңіз едәуір артып, бұрынғыдан әлдеқайда қомақты жетістіктерге қол жеткізе алатын боласыз дейік. Құпияны білгіңіз келеді ме?

«Иә, білгім келеді!» деп жауап беретін боларсыз. Ондай құпия, шынында да, бар. Көпшіліктің назарынан тыс қалған сол бір ақиқатты ашып, меңгермекпіз.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Ефестіктерге арналған хаттың 2-ші тарауы, 10-шы аятына сай, жасайтын игі істеріңізді Құдай сіз дүниеге келмей тұрып, жоспарлап қойған. Сол жоспарды білгіңіз келеді ме? Оны білуге не кедергі?
2. Сіз өмірге әлдебір ерекше мақсатпен келдіңіз. Стен жайлы әңгімені есте ұстай отырып, өзіңіздің дарындарыңыз бен қабілеттеріңіз жайлы не ойлайсыз? Оларды Құдай Патшалығы үшін маңызды деп есептейсіз бе? Әлде Стен тәрізді, сіз де Құдай Патшалығын орнату ісінде өзіңіздің роліңізді білмейсіз бе?
3. Құдайдың еркін орындау нәр береді. Қазіргі істеп жүрген істеріңізден нәр алып жүрсіз бе? Айналысып жүрген нәрселеріңіз өзіңізге ұнайды ма? Ұнамаса, неліктен?



*Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше
рухани дарындарды қабыл алдық: соларды
қолданайық.*

– Римдіктерге 12:6, NKJV аудармасы

Бізге берілген қабілеттер

Джим деген досым бар, ол 18 жыл бойы жоғары сыныптың қыздар баскетбол командасының жаттықтырушысы. Джим жаттықтырып жүрген команда штат чемпионатында бірде-бір рет жеңіске жеткен емес. Жылда аймақтық жарыстың өзінде-ақ ұтылып қалатын, ал штат чемпионатына жетсе, іріктеу кезеңінде жарыстан шығып қалатын еді.

Сол күндері туралы айтқанда Джим былай дейді:

– Жігерім құм болып, мақсатымнан бас тартуға аз-ақ қалып жүргенімде, Құдай рақымының ғажап құдіреті жайлы естідім.

Джим нақты бір шешімге келді. Енді командасын он сегіз жыл бойғы әдетінше өз күшімен жаттықтырмақ емес; оның орнына бар үмітін Құдайдың рақымына артпаққа бел бұды. Джим Құдайдан ақыл-кеңес сұрағанда, мынадай жауап алды: «Жаттығу уақытын басқаша ұйымдастыр. Алаңда 90 минут өткізудің орнына, 45 минут киіну бөлмесінде қалып, Киелі Кітап оқыңдар, оқығандарыңды талдап, мінәжат етіңдер. Келесі 45 минутта алаңда жаттығыңдар».

– Джон, бұл өте тиімсіз әрекет сияқты. Ойында қажет дағдыларды, ойын стратегияларын меңгеруіміз керек болатын. 90 минуттің бір секундын да қалт жібермей, ойышыларымды жаттықтыруға тиіс едім. Дегенмен, әлгі сөздің Құдайдан келгенін білемін, – деді Джим.

Сөзін жалғап:

– Жаңа стратегиямыз жайлы ойыншы қыздарға айттым. Олар ойымды қолдай қоймады, діншілдікке әрі аңғалдыққа жатқызды. Кейбіреулерінің жаттықтырушысынан, тіпті, көңілі де қалды. Мен де қайтпадым. Шешімімді түсіндіріп, ойымды жеткіздім. Сонымен, команда келісті, – деді.

Джимнің жүзіне күлкі үйірілді:

– Сол жылы штат чемпионатында алғаш рет жеңіске жеттік. Онымен қоймай, келесі жылы тағы жеңдік.

Штат чемпионатына екінші рет қатысқандары жайлы былай деп әңгімеледі:

– Сол жолғы жеңісіміз, шынымен де, ғажап жеңіс болды, өйткені, финалдағы ойында бірде-бір рет екі ұпайлық доп сала алмадық. Командамның мүлт кеткен жері өте көп болды, жеңістен үміт үзген едік! Алайда, ойын статистикасын қарап шыққанымызда, үш ұпайлық голдар санынан рекорд жасағанымызды көрдік. Үш ұпайлық голдар жетпей тұрған екі ұпайлық голдардың орнына есептеліп, ойын есебін біздің пайдамызға өзгертіпті.

ҚҰДІРЕТ

Джим Құдайдың даналығынан сусындаған еді – Пауыл елші айтқан, алайда, статистикаға жүгінсек, 21 ғасырдағы қауымдардың 90 пайызы айырылып қалған даналық. Киелі Кітапта айтылған *рақым* – Құдайдың бізді құтқарған сыйы ғана емес, өмірімізге арналған *құдірет* екеніне Джимнің көзі жетті. Пауыл елшінің жазғанын мұқият оқып шығыңыз, оқу барысында бұл сөздерді Иеміздің Өзі айтқан сөз екенін есте ұстаңыз: «Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске алады». Сондықтан Мәсіхтің құдіретінің бойымда орнығуы үшін, күшсіздігіме қуана мақтанамын» (2 Қорынт. 12:9).

Бұл аяттың талас тудырар тұсы жоқ, мағынасы анық. Құдай Өз рақымын «Менің құдіретім» деп атайды. Және бұл

аяттағы «күшсіздік» – әлсіздік, дәрменсіздік, қабілеттің, күштің жетіспеушілігі. Иеміз Пауылға да, бізге де мынаны паш етеді: «Менің құдіретім (рақымым) сендердің адами күштерің мен табиғи қабілеттеріңнің жетіспеген жағдайында молынан жүзеге асады».

Джим 18 жыл бойы ерінбей еңбек етті, командасын штат чемпионатына жеткізу жолында аяңған жоқ. 18 жылғы ерен еңбегінің нәтижесі қандай болды? Жылдан жылға созылған жеңіліс қана. Алайда, Джимнің көптеген сәтсіздіктері мен жеңілістерінің қарымын ақырында Құдайдан келген даналық қайтарды: Құдайдың рақымы бізді адами күш-қабілетіміздің шектеуінен шығарады.

Басқа бір хатында Пауыл елші «басқалардың барлығынан артық еңбектендім» деп жазады. Елшінің осылай деп жазғаны рас па? «Басқалар» деп кімді айтады – Петірді ме, Жақыпты ма, әлде, Жохан, Барнаба, Аполлосты меңзеді ме екен? Пауылдың бұл сөзі тәкаппар естіледі. Бірақ аятты соңына дейін оқып шықсаңыз елшінің ойын түсіне аласыз.

«... басқалардың барлығынан көп еңбек еттім, ал шын мәнісінде мен өзім емес, маған жар болған Құдайдың рақымы еңбектенді» (1 Қорынт. 15:10).

Пауыл өз қабілетін емес, Құдайдың құдіретін мақтан тұтты; сол себепті, сөзінде мақтаншақтық та, тәкаппарлық та жоқ. Ол Жартқанның аманатын орындауда тек Құдайдың рақымына сүйенді. Көп жылға созылған сәтсіздіктен кейін Джим да Құдайдың құдіретіне (рақымына) жүгінді, сөйтіп жаттықтырушы ретіндегі адами қабілеті мен кәсіби біліктілігінің шектеуінен шыға алды. Джим осы даналықты өмірінің басқа да салаларында қолданып жүр; енді оның балтасы қашан да қайраулы!

Осы айтылғандарды назарымызда ұстай отырып, Құдайдың әрқайсымызға берген жеке тапсырмасы жайында сөз қозғайық. Киелі Жазба былай дейді: «Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз

байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да» (Ефес. 2:10). Сізге қандай тапсырма беретінін Жаратқан Иеміз сіз туылғанға дейін жоспарлап қойған. Құдайдың өзіңізге арналған жеке тапсырмасын орындау сізге басқа ешбір жұмыс, ешбір іс сыйлай алмайтын қуаныш сыйлайды. Ол – сіздің өмірлік мақсатыңыз, асқақ арманыңыз. Құдайдың сізге берген тапсырмасы жайлы маңызды ақиқатты білгеніңіз жөн:

***Құдайдың сізге берген тапсырмасы
табиғи қабілетіңізден әлдеқайда асып түседі.***

Осы ойымды нақтылауға рұқсат етіңіз. Ешкім де Құдайдың аманатын өз күшімен орындай алмайды. Мұны қайдан білемін дейсіз ғой? Өйткені, Құдайдың Өзі «Өз ұлылығымды қайдағы біреуге қимаймын» деп нақты айтқан (Ишая 48:11 қараңыз). Әлдекім Құдайдың тапсырмасын өзінің адами күшімен орындай алатын болса, Жаратқан Ие даңқы мен салтанатты ұлылығын сол адаммен бөлісуге мәжбүр болар еді. Құдай олай етпек емес! Сізге берілген тапсырма күш-қабілетіңізден әлдеқайда зор, сондықтан сіз оны орындауда Құдайдың рақымына үміт артуға мәжбүрсіз. Көктегі Әкеміз алдын-ала солай ойластырып қойған!

ЕРЕКШЕ ҚАБІЛЕТТЕР

Ендігі қояр сұрағымыз: рақымның ерекше дарындары бар ма? Басқаша айтқанда, өзіміздің адами қабілетіміздің шектеуінен қалайша шығамыз, осы тұста рақым қалай жүзеге асады? Өзімізге берілген жеке тапсырманы орындау үшін Құдайдан келетін ерекше дарындармен жарақталамыз ба?

Осы сұрақтың жауабы ретінде бірнеше мысал келтірейін. Теннис ойнауға арналған добы мен ракеткасы болмаса, Роджер Федерер ұлы теннис ойыншысы бола алмас еді. Сіз тұратын өңірдегі ең үздік ағаш өңдеушінің құрал-сайманы болмаса, шеберліктің осынау шыңына жетпес еді. Микеланджелоның

бояуы, қылқаламы, қашауы болмаса, оның аты шықпас еді. Құдайдың тапсырмасын орындауға да осы мысалдар қатысты деп айта аламыз ба?

Сұрағымызға жауап табуға септігін тигізетін қысқа ғана екі әңгіме айтып берейін. Қызметтегі алғашқы жылдарымда ерекше дарынды мадақтаушымен таныстым. Ол жиырмамыншы ғасырдың ортасында өте танымал болған ізгі хабар таратушының қызметінде мадақтау тобының жетекшісі болатын. Әлгі қызметкер 1970-ші жылдар шамасында дүние салды, мадақтаушы бауырымыз сол кезде өз қызметін бастады.

1980-ші жылдарда біздің қауымға жиі келіп жүрді. Сол бауырымыз жүргізген мадақтау өте әсерлі болатын, ол – ерекше дарынды мадақтаушы! Өзім білетін музыканттардың бірен-сараны ғана пианинода сол бауырымыздай ойнай алады. Бірнеше сәтте-ақ залда отырған үш жарым мың адамды аяқтарынан тік тұрғызып, билетіп жіберетін еді. Ол Құдайды мадақтағанда, атмосфера өзгеріп сала береді, қауымның іші Құдайдың құзырына толып, Құдайды мадақтамаған адам қалмайтын.

Сол мадақтаушы біздің қауымға келгенде, біраз сөйлесіп, сыр тартудың реті келген еді. Жиналыстан тыс уақытта жеке сөйлесіп, Құдай берген дарындары жайлы сұрастырдым. Оның айтуынша, анасы нағыз сенуші адам болыпты, күніне бірнеше сағат Құдайға сиынады екен. Бауырымыз мынадай әңгіме айтты:

– Джон, анамның құрсағында жатқанымда, үйіміздің жанына әлдебір бейтаныс адам келді (анам оның адам кейпінде келген періште екеніне күмәнданбайтын). Сол бейтаныс кісі анама былай депті: «Құрсағыңдағы ұлық көптеген адамдарды Құдайдың құзырына жетелейтін болады. Ол кішкентайынан пианинода шебер ойнайтын болады».

Әңгімесінің жалғасы тіпті әсерлі болды, есімнен кетер емес. Бала кезінде ол үйде тұрған пианиноның жанына барады да, еш дайындықсыз күрделі сазды ойнай жөнеледі. Тағы да қайталай кетейін, ол бұрын-соңды музыкадан дәріс алған емес. Сөйтіп тұра, орындауы мінсіз болған. Және орындағаны жеңіл-желпі шығарма

емес, фортепиано факультетінде оқитын үздік студенттер ғана орындай алатын күрделі туынды еді. Нотасы да болған жоқ, әлбетте.

Сол күннен бастап, күрделі саздарды шебер орындайтын болған. Нотаны қолына алған емес, кез келген сазды, бір-ақ рет естіп, қаншалықты күрделі болса да, айна-қатесіз орындап шыға алады.

Сол танысымның қызметі бала кезінен басталды. Өзі тұратын қаладағы қауымдардың жексенбілік жиналыстарында Құдайды мадақтап жүрді. Ақырында, бірегей дарынының арқасында әлгі әйгілі қызметкердің қызметіне шақыру алды.

Сол мадақтаушының Құдайдан келген ерекше дарыны бар біртуар музыкант екені анық.

Тағы бір айтулы дарын иесі, Акиане Крамарик, ешбір сабақ алмаса да, төрт жасында асқан шеберлікпен сурет сала бастаған. Алты жасында өте күрделі бейнелерді қағаз бетіне түсіріп, және Құдай көрсеткен аяндарын да бейнелей бастайды. Сегіз жасында «Әлемнің Ханзадасы» деп аталатын картинасын салады. Сол бейне қазір менің кабинетімде, үстеліме қарсы қабырғада ілулі тұр.

Бұл балаға ерекше дарын қонғаны анық. Бұл – Құдай берген қабілет.

Неліктен дарындар тек кейбір адамдарға ғана қонады? Екіншісі біріне қона бермейтіні рас па?

Осы тұста тағы бір сұрақ қоюдың жөні бар: дарындар ілуде-шалуда бір қонады ма, әлде дарындар адамның көбісінде бар ма, әлде Құдайдың перзенттерінің бәрінде бар ма? Осы тараудың басында келтірілген аятты NLT аудармасынан тағы бір оқып шығайық:

«Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық; олар бізге белгілі бір істерді тиімді атқаруымыз үшін берілген» (Римдіктерге 12:6, NLT аудармасы).

Осы аяттағы екі сөзге назар аударайық. Біріншісі, өзіміз

жоғарыда айтып кеткен – «*рақым*», грек тіліндегі «*харис*» деген сөзден аударылған. Екіншісі – «*дарындар*», грек тілінде – «*харизма*». Осы сөздің мағынасын тереңірек қарастырайық.

«*Харизма*» сөзінің Жаңа Өсиетте қандай мәнмәтінде қолданылатынын және грек тілінің сөздіктерін егжей-тегжейлі зерттей келе бұл сөздің мынадай анықтамасын тұжырымдадым:

Харизма – рақымның ерекше дарыны, ол адамды белгілі бір салада ерекше қабілетті етеді.

Сөз Құдайдан келетін әрі табиғи қабілеттен әлдеқайда асып түсетін ерекше күш-қабілет жайлы. Кейбір дарындарды Құдайдың кереметі деуге болады. Енді бір дарындар табиғи дарын деуге боларлықтай, дегенмен, олар да екінің бірінде болатын қабілет емес. Дарындардың кейбірі туа бітсе, басқасы белгілі бір мерзімде, Құдайдың Сөзі арқылы қонады.

ЖАЗУШЫЛЫҚ ХАРИЗМА

Харизма ұғымын зерттеуді өз өмірімде болған жағдайларды қарастырудан бастамақпын («*Мәңгілікке ұмтылғандар*» атты кітабымда қысқаша айтып кеткен болатынмын).

Кітап жазу – өмірімдегі *харизмалардың* бірі. Біздің қызметімізбен көп жылдан бері таныс болмасаңыз, ағылшын тілі, шет тілі және шығарма жазу пәндерінен алған бағаларымның ең төмен баға болғанын білмейтін боларсыз. Ағылшын тілінің мұғалімдері мені келесі сыныпқа бір-ақ себеппен – менің «данышпандығыма» тағы бір жыл төзбеу үшін ауыстыратын болған-ау, сірә!

Мұғалім үй тапсырмасы ретінде бір-екі беттік жазбаша жұмыс бергенде, сол қарапайым тапсырмамен бірнеше сағат бойы арпалысатынмын. Бірер сөйлем жазамын да, өз жазғанымды өзім ұнатпай қарап отырамын. Қағаз бетіндегі жазуларым мән-мағынасыз, сөйлемдерім ебедейсіз көрінеді. Наразылығым арта береді де, ақыры, қағаз парақтарын умаждап лақтырып жіберемін. Жұмысты қайта бастаймын. Уақытымды, күшімді,

қағазымды текке жұмсап, осы тірлігімді қайталай беремін. Бір сағатта бір бет жаза алмаған кездерім болды.

Бұл сөзіме күмәндансаңыз, Стандартталған емтиханда алған бағамды айтып өтейін. АҚШ-тағы жоғары оқу орындарына түсу үшін Стандартталған емтихан тапсыру керек екенін білетін боларсыз. Бұл емтиханға кіретін негізгі екі пән – математика мен ағылшын тілі. Ағылшын тілінен емтихан тапсыру барысында оқу мен жазу дағдылары бағаланады. Ең жоғары баға 800 балл. Менің ағылшын тілінен алған бағам 370 балл болатын (иә, солай, қате оқыған жоқсыз). Пайызға шаққанда, бұл баға 42 пайыз, яғни, білімді бағалау жүйелеріне сай, қанағаттанарлықсыз баға болып табылады. 30 жылғы қызметімде көп саяхаттағанымды білесіз, сапарларымның барысында Стандартталған емтиханда ағылшын тілінен менікінен төмен баға алған бір-ақ адамды кездестірдім.

Жасым отыздан жаңа асқан кезім болатын. 1991 жылдың жазы. Құдаймен оңаша уақыт өткізбек болып, арнайы жерде мінәжат етіп отырғанымда, Көктегі Әкем жүрегіме сөйлеп: «Балам, кітап жазғаныңды қалаймын» деді.

Іштей: «Құдайым, балаларыңның көптігінен мені біреумен шатастырып алған боларсың. Менің кітап жазғаным – Сенің еркің болуы мүмкін емес; жоғары сыныптарда ағылшын тілінен сабақ берген мұғалімдерімнен сұрашы, сенбесең» дедім.

Жауап болмады. Тыныштық қана.

Құдайдың сөзімді жауапсыз қалдырғанын менімен келіскенінің белгісіне баладым. Кітап жазу міндетінен құтылдым деп өзімді өзім сендірдім. Алайда, жүрегімнің тереңінде олай емес екенін сеземін.

Он айдан кейін арасына екі апта салып, екі штатта тұратын екі әйел келіп жолықты. Екеуінің айтқаны бір: «Джон Бивер, Құдайдың айтқанын жаза бастамасаң, Ол бұл жолдауды басқа біреуге береді. Құдайдың еркі қайткен күнде де орындалады. Ал сен болсаң, тілазарлығың үшін Құдайдың алдында жауап беретін боласың».

Техастан келген екінші әйел Флоридадан келген әйелдің айтқанын дәлме-дәл қайталағанда, Құдайға мойынсұнғаннан

басқа амалым қалмады. 1992 жыл болатын; ол заманда «iPad» деген жоқ, тек қағаз-қалам ғана. Дәптердің бір бетіне жуан әріппен: «КЕЛІСІМ» деп жаздым. Әрі қарайғы жазғаным мынау:

«Әке, мен жазушы емеспін. Кітап жазу қолымнан келмейді. Сондықтан, Сенің еркінді орындауым үшін маған рақымың қажет! Мен кітап жазатын болсам, сұрайтыным, әрбір сөзім Киелі Рухтың жетелеуімен жазылсын әрі Сенің құдіретіңе толы болсын. Сенің жолдауың ересектер мен балаларды, қауымдар мен қалаларды, бүтін бір елдерді өзгертетін болсын. Барлық мақтау-мадақты да, атақ-даңқты да, алғысты да тек Саған арнайтынымды алдын-ала уәде етемін. Екеуіміздің арамыздағы осы келісімшартты Исаның құдіретті есімімен бекітемін.

Сенің ұлың әрі қызметшің, Джон Бивер».

Сол күннен бері отыз жылдай уақыт өтті. Бүгінгі таңда жиырмадан астам кітаптың авторымын. Кітаптарым ондаған миллион дана болып басылды. Көбісі Америка Құрама Штаттарында да, басқа елдерде де мәсіхшілік және жалпы әдебиеттің бестселлер тізімдеріне енді. Бұл кітаптар әлемнің 100-ден астам тілдеріне аударылды, кейбір елдерде жалпы әдбиет пен мәсіхшілік әдебиет санатындағы ең көп мөлшерде басылып шыққан кітаптардың тізіміне кіреді.

Кітаптарымның 20 пайыздан 30 пайызға дейінгі мазмұнын бұрын еш жерден естіген де, оқыған да, ойымнан шығарған да жоқпын. Бұл сөздер ойыма кітапты жазып отырғанымда келген болатын. Үйдегі кабинетімде немесе қонақүйдегі бөлмемде кітап мәтінін теріп отырып, санама келген тамаша ойлардан шабыттанғаным есімді. Атып тұрып, «Бұл не деген тамаша!» деп дауыстаған кездерім де болды.

«Мұндай сөзді қалай ғана айтасыз? Мынауыңыз тәкаппарлық қой!» деуіңіз мүмкін.

Олай дейтіндерге жауабым дайын. Кітаптарымдағы материалдың қайдан келгенін білемін, менің ойымнан шыққан

жоқ. Кітаптарымның мұқабасында менің есімім жазылған, оған бірден-бір себеп, мен – бұл кітаптардың тұңғыш оқырманымын! Кітаптарымдағы сөздер Киелі Рухтан келгенін білемін. Пауыл елшінің «Басқалардың барлығынан артық еңбек еттім» деген сөздері де тәкаппар естіледі. Мұны айтып тұрған бәсекешіл, мақтаншақ, менмен адам деп қалуға да болады. Алайда, Құдайдың Сөзінен білетініміз, Пауыл елші өз қабілетін емес, Құдай берген дарынын мақтан тұтқан еді.

Құдай жүрегіме сөйлеген сол бір күні өміріме жазушылық харизма келгеніне сенемін. Алайда, Құдайға мойынсұнып, нақты шешім қабылдамайынша, бұл дарын іске аса алмады. Осы тұста менімен келіспейтіндер бар. Ондайларға айтарым, бұл – пікір таластыратындай маңызды мәселе емес. Менің де қателесуім әбден мүмкін, сондықтан, менің пікіріме қарсы пікірлердің бірнешеуін атап өтпекпін.

Жазушылық дарын маған 1979 жылы, жоғарыдан туылған сәтімде қонған деуіңіз мүмкін. Бұған жауабым жоқ. Өйткені, 1979 жылдан 1992 жылға дейін кітап жазып көрген емеспін. Алайда, анық білетінім, алдыңғы тарауда айтылған пианист жігіт тәрізді дарынды болып туған жоқпын. Дегенмен, сол бауырымыздың өмірі кейбір дарындар адамға туа қонатынын көрсетеді. Ондай мысалдар Киелі Кітапта да бар. Жақия пайғамбар анасының құрсағынан-ақ (дарын беруші) Киелі Рухқа кенелген еді, анасы Елізабеттің құрсағында жатқанында Мәриямның құрсағындағы Мәсіхті танығаны да сондықтан (Лұқа 1:41 қараңыз). Отыз жылдан кейін Жақия сол дарынына бола шомылдыру рәсімінен өтуге келген Исаның Мәсіх екенін басқалардан бұрын таныды (Жохан 1:29 қараңыз).

Кейін қонатын дарындар да болады. Самуил Саулды майлап, Исраил халқының тұңғыш патшасы болуға тағайындалғанын жариялағанға дейін, Қиш ұлы Саулдан пайғамбарлық дарын байқалған емес. Алайда, осы кездесуден кейін пайғамбар патшалыққа тағайындалған жігітке былай дейді: «Жолда пайғамбарлар қауымының бір тобын кездестіресің. Олар ғибадат

орнынан төмен түсіп, шертер, даңғыра, сыбызғы және жетіген тартып, ерекше көңіл күйімен Құдайды мадақтап келе жатады». «Сонда Жаратқан Иенің Рухы саған құдіретпен қонып, сен де олармен бірге ерекше күйге еніп, Құдайды мадақтайсың. Сол сәтте жан дүниенің өзгеріп, басқа адам болып кетесің» (1 Патшал. 10:6).

Киелі Кітаптағы осы екі мысалдан көріп тұрғанымыздай, кей дарындар ананың құрсағында-ақ қонады, ал кейбір дарындар кейін беріледі.

УАҒЫЗДАУШЫ ХАРИЗМАСЫ

Өмірімдегі тағы бір *харизма* – жұрт алдында сөз сөйлеу. Бұл дарыным жайындағы әңгіме тақырыпты тереңірек ұғынуға септігін тигізеді.

Жұбайым Лиза қауым жиналысындағы алғаш рет айтқан уағызымды естіген күн әлі есімде. Сол күнгі уағызым сәтсіз десем, өте жұмсақ айтқаным. Лиза сөзімнің алғашқы бес минуты өтпей-ақ, ұйықтап қалды да, уағызымның соңына дейін бір оянып, бір ұйықтаумен болды. Бұл мен күтпеген жағдай еді. Лизаның құрбысы Эмидің ұйқысы тәтті болғаны сонша, аузы ашылып қалыпты. Түстер әлемінде жүрген Эмидің аузынан шұбырған сілекейіне қарап тұрып, сөзімді жалғастырдым. Шынымды айтсам, уағыздаушылардың арасындағы бейшарасы мен едім.

Ол кезде мен қауым бағушысы мен бағушының жұбайының көмекшісі болып қызмет атқаратынмын (біздің қауым Америка Құрама Штаттарындағы ең ықпалды қауымдардың бірі болатын, қауымда жұмыс істейтін адамдардың саны 400-ден асатын). Менің міндетім – бағушының отбасындағы қажеттіліктерді қамтамасыз ету және қауымға келген қонақтардың қамы. Құдай Патшалығында маған уағыз айту емес, сахнаның сыртында қызмет ету тапсырылғаны анық еді (сол қызметім жайлы келесі тараулардың бірінде баяндаймын).

Дегенмен, көптеген халықтарға Ізгі хабар тарататыным жайлы Құдайдың берген уәдесі бар еді. Сондықтан, өз қызметімді бастауға әрекет етіп жүрген болатынмын. Қателігім – өз күшіме

сенгенім еді. Және өмірімдегі басқа адамның қызметінде болу, «басқаның ісіне адал» болу маусымы аяқтала қоймаған кез болатын (Лұқа 16:12 қараңыз). Бос уақытымды уағыз айтып, уағыздарымды таспаға жазуға, оларды қаптап, сатуға жұмсайтынмын (қызметімді жақсы орындауға және отбасыма көбірек қамқорлық жасауға ұмтылғаным дұрысырақ болар еді, дегенмен, бәріміз де қателесеміз).

Сонымен, қызмет саласында «Ысмағұлды дүниеге келтіріп» жүрген болатынмын. Осы сөзімнің мағынасын түсіндіре кетейін. Ыбырайым 75 жасқа келгенде, Құдай оған ұлды боласың, ұлыңнан сансыз көп халық тарайды деп уәде еткен болатын. Арада он жыл өтті, бала жоқ, Ыбырайымның жасы 85-ке келді. Сонда Ыбырайым мен Сара Құдайға «көмектесіп», уәдесін орындатудың жолын тапты. Сөйтіп, дүниеге Ысмағұл келді. Менің де әрекетім осыған ұқсас еді.

Неге екенін білмеймін, кебір адамдар, шынымен де, таспаға жазылған уағыздарымды сатып алып жүрді. Қызметімді өзімше «Бивер қызметі» деп атап, осы атауды кассеталарымның қаптамасына жаздырып жүргенмін. Ұранымыз «Құдайдың нұрын әлемге тарату» болатын. Осы жолдарды жазып отырып, сол кездегі шикілігім мен ақымақтығыма өзім күліп отырмын. Ысмағұлымның алғашқы уағыздар жинағына төрт аудиокассета кіретін, олардың ішінде Лиза мен құрбысы екеуін тәтті ұйқыға батырған әлгі уағызым да бар! Сол уағызды тыңдап отырып, қанша адам аузынан сілекейі ағып ұйықтады екен? Соны ойласам, денем түршігеді!

Сенесіз бе, жағдай барған сайын нашарлай берді. Ізгі хабар таратушы Ти Эл Осборн деген ұлы қызметкерді үлгі тұтатынмын. Ол кісінің қызметі арқылы 50 миллионнан астам адам құтқарылды. Сол кісідей уағыздауды үйренгім келетін. Уағыздарын тыңдап, дауыс ырғағын, сөйлеу мәнерін, өзіне тән сөз орамдарын, тіпті, әдемі әзілдерін де жаттап алдым. Енді мен тыңдаушының ұйқысын келтіретін уағыздаушы ғана емес, басқа уағыздаушының сапасыз көшірмесіне айналдым.

Ти Эл тыңдаушысын баурап алатын. Ол кісі біздің қауымда қызмет еткенде, бір сөзін қалт жібермей тыңдап отыратын едік. Африкада өткізген ғаламат жиналыстарының бірінде болған Құдайдың кереметтері жайлы айтқаны бар. Сол кереметтерге тамсанғаны сонша, «Вау!» деп дауыстап жіберді де кідіріп қалды. Біз демімізді ішімізден алып, әрі қарай не болар екен деп отырмыз. Ти Эл болса, қолымен ишара жасады да:

– Қызық сөз екен. Теріс қарай оқысаң да, сол сөз шығады^{1*}, – деді.

Күлісіп қалдық; өзіне тән әдемі әзілдерінің бірі еді.

Ақымақ басым, сонысын қағып алдым да, «вау» деген сөзді орынды-орынсыз айта беретін болдым. Ти Элдің әзілі ұтымды шықты, мен болсам, айнытпай келтіргенмен, орынсыз қайталай бердім. Езу трытып күлген ешкім болмады, алайда, әзілімнің ерсілеу көрінетінін түсінбей жүрдім.

Осындай көптеген сәтсіздіктерден кейін Ти Элге еліктеуді қойдым. Сол-ақ екен, көңіл күйім өзгеріп сала берді. Атқарып жүрген қызметімді күңкілдемей, қуана орындайтын болдым. Бос уақытымды жақындарыммен өткізетін болдым. Күрестен бас тартқанымда, өмірім қайта түлеп, гүлденгендей болды. Шынайы қанағатқа қол жеткізіп, тыныштық тапқаным сол еді, босқа әуре болып жүргенімді түсіндім де, «Бивер қызметін» еш өкінбестен тоқтаттым. Құдай уәдесін менің бастамаммен емес, Өзі белгілеген уақытта орындайтынын білдім.

Тыныштық тауып, беймарал күйге енгенім сол еді, аңсаған арманым орындала бастады! Бірнеше айдан кейін-ақ Құдай мені жаңа деңгейге көтерді. Америка Құрама Штаттарындағы ең жылдам өсіп келе жатқан қауымдардың біріне, жастар қызметінің бағушысы лауазымына шақыру алдым.

Жаңа қауымдағы алғашқы жексенбім есімнен кетпейді. Біздің қауымның бағушысы – аты әлемге әйгілі қызметкер. Жиналысқа

1 * ағылшын тілінде «вау» сөзі («wow») - палиндром; солдан оңға қарай да, оңнан солға қарай да бірдей оқылады.

келгендер залға симайтын, жексенбі сайын ертерек келіп залдан жақсы орын алмақ болған адамдар бір сағат бойы далада тұратын еді. Әр жиналысымызға басқа штаттардан, тіпті, басқа елдерден адамдар келіп қатысатын.

Жиналыс басталды. Мадақтау тамаша болды. Сахнаға бағушы шықты. Қауымға жастар қызметінің жаңа жетекшісінің келгенін айтты да, менің сахнаға шығып, қауымға қысқа сөз арнауымды сұрады. Таңырқап қалдым.

Лиза маған білдірмесе де, осы сәтте қатты алаңдаған екен. Сәл кідіріп, ойланатын уақытым болса, мен де алаңдап, толқитын едім. Жиналысқа келген 2800 адамның алдында сөз сөйлеуім керек. Толқитындай-ақ жағдай! Енді Лизаның неге алаңдағанын айтайын. Жұбайым менің қалай уағыз айтып жүргенімді біледі ғой, сондықтан, қазір не болатынын біледі. Алдағы апаттың қайтсе алдын алуға болады? Залда отырғандардың көбісі мені соңғы рет тыңдайтын болса керек, өйткені, бүгінгі сөзімнен кейін мені жексенбілік жиналысқа ешкім шақырмайды. Мінберге бара жатқанымда Лизаның санасын осы тәрізді үрейлі ойлар баурап ала беріпті. Мені Ти Эл Осборнға еліктемесін деп, әсіресе, «вау» деген сөзді теріс қарай оқу жайындағы қисынсыз әзілін мұнда да қайталамасын деп жанталаса мінәжат ете бастапты, онысын маған кейін айтты.

Мінберге жақындағанымда, бас бағушы маған қолындағы микрофонын ұсынды. 60 секунд өткенде, жиналғандар орындарынан атып тұрып, қуаныштарын жасырмай, менің сөзіме дауыстап та, қол шапалақтап та қолдау көрсетті. Шамамен төрт немесе бес минут сөйледім, 2800 адам мені аяғынан тік тұрып тыңдады. Сөзімді аяқтадым да, микрофонды бағушыға қайтарып, залдағы орныма барып отырдым. Содан кейінгі бес минут ішінде адреналиннің әсерінен бе, Құдайдың құзырынан ба, әлде екеуінен де ме, әйтеуір денемнің дірілін тыя алмадым.

Әйелім көз алдында болған жайтқа қайран қалып, осының бәрі түсі емес, өңі екеніне сенер-сенбесін білмей отыр. Жиналыс біткенде Лиза маған қарап:

– Джон, «Күйеуімнің тәніндегі басқа біреу ме?» деп ойлаумен болдым.

Алғашқы қызметім Техас штатындағы қауымда еді, ал мына қауым Флоридада. Сол бір күнді еске алған сайын, Лиза «Флориданың шекарасын кесіп өтуіміз мұң екен, Джон басқа адам болып шыға келді» деп айтып жүрді. Саулға Құдайдың дарыны қонғанда да дәл солай болып еді (1 Патшал. 10:6 қараңыз).

Сол күннен бері уағыз айтып, тәлім беріп, жұрт алдында сөз сөйлеп келемін. Осылардың бірі де мен үшін көбінесе еш қиындық туғызбайды (уағыз айту қиын болған жағдайлар туралы келесі тараулардың бірінде айтамын). Көпшілік алдында сөз сөйлеу – бұрынғыдай ауыр еңбек емес. «Ысмағұлға» айналған қызметімнің кезіндегідей бейнет емес. Ысмағұл кезеңі мен Ысқақ кезеңінің арасындағы айырмашылық күн мен түндей.

Флоридадағы алғашқы жексенбіден кейін сегіз жыл өтті. «Мессенджер Интернэшнл» атты қызметіміз бұл кезде танымал, жемісті қызметке айналған. Қыс өтіп, көктем келгенде, гаражымыздың ішін жылдағыдай жинап жүргенбіз. Сөреде тұрған қораптарды реттеп жүріп, аудиокассеталарға жазылған ескі уағыздарыма кез болдым. Арасында Лизаны тәтті ұйқыға батырған әлгі уағыз да бар. Қоқысқа тастамақ болып қолымды соза бергенімде, Киелі Рух «Балам, бұл кассетаны тастама» деді.

«Неге? Сондай нашар уағыз; мұндай жолдауды ешкім ешқашан естімесін. Бұл кассетаның көзін құрту керек» деп қарсылық білдірдім.

Жүрегімде «Жоқ, тастама» дегенді тағы естідім.

Құдайдың даусы екенін анық білемін. Тағы да қарсыластым: «Неге?»

«Өйткені, бұл сенің қорғанышың», Құдайдың айтқаны өте анық болды.

«Қорғаныш дейсің бе?»

Кенет Құдайдан даналық келді: «Балам, Менсіз қандай «шешен» екеніңді ұмытпағайсың».

Жыл өткен сайын осынау «қоғаныш факторын» тереңірек сезініп келемін. Соңғы отыз жылда уағыздаушы дарынының зор ықпалын, мол жемістерін көріп жүрмін. Қауымдағы атмосфераның күрт өзгергенін, Құдайдан келген тірі сөздің жемісі ретінде Иемізге деген алғыс-мадақтың еселеп арта түскенін, сансыз көп құтқарылған жандар мен көптеген кереметтерді көрдім. Қызметімнің осынша мол жемісін көріп, оған өзімнің әлдебір қатысым бар деп ойлап қалуым мүмкін. Алайда, мен Пауыл елшінің мына сөзіне қосыламын: «Бірақ та Құдайдың рақымымен қазір қандай болсам, сондай болдым. Оның рақымы бойымда бекер болған да емес. ... шын мәнісінде мен өзім емес, маған жар болған Құдайдың рақымы еңбектенді» (1 Қорынт. 15:10). Құдайдың дарыны қонбай тұрғанда, қандай уағыздаушы болғанымды ұмытпақ емеспін.

СІЗДЕ ДАРЫН БАР МА?

Құдайға қызмет етіп, басқа адамдарға игі әсерім тию үшін берілген дарындардың екеуін қарастырдық. Менің өмірімде болған күресті сіз де басыңыздан өткердіңіз бе? Өміріңіздегі харизманы табу жолында, бәлкім, соншалық алыс бара қоймаған шығарсыз. Әлде менің өмірімде болған жайттар туралы оқып отырып, «*Ал менің ешбір дарыным жоқ*» деп, жабығып отырсыз ба? Сізге де қонған дарын бар, келесі екі тарауда оған көзіңіз жететін болады.

«Дарындар ілуде-шалуда бір қонады ма, әлде дарындар адамның көбісінде бар ма, әлде Құдайдың перзенттерінің бәрінде бар ма?» деген сұрақ қойғанымыз есіңізде болар. Жауап біреу ғана – дарын барлығымызға қонады, әрқайсымыздың өз дарынымыз бар! Бұл пікірімді алда Құдайдың Сөзіне сүйеніп дәлелдейтін боламын. Бұл сұрақты егжей-тегжейлі қарастырамыз. Онымен қоймай, осы кітапты оқу барысында өзіңіздің жеке харизмаңызды тауып, жетілдіріп, Құдай Патшалығын кеңейту ісінде қалай қолдана алатыныңызды түсінесіз.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Киелі Кітапта айтылған рақым – Құдайдың бізге берген құтқарылу сыйы ғана емес, біздің өмірімізге арналған құдіреті де. Құдайдың рақымы жайлы пікіріңіз қандай еді? Осы тарауды оқығаннан кейін пікіріңіз өзгерді ме?
2. Құдайдың сізге берген аманаты адами қабілетіңізден әлдеқайда асып түседі. Бұлай болудың мақсаты неде? Құдайдың өзіңізге молынан қолжетімді рақымын қалай қабылдай аласыз?
3. Дарындар Құдайдың кейбір перзенттеріне ғана, әлде көбісіне ме, немесе бәріне беріледі ме? Сіздің қандай дарындарыңыз бен қабілеттеріңіз бар? Дарындарыңыз басқа адамдарға қалай қызмет ете алады, сол жайында не ойлайсыз?



... өздеріңді саналы түрде бағалаңдар.

– Римдіктерге 12:3

Өзіңізді әділ бағалаңыз

Өмірлік харизмамды тауып, қолдануға ұмтылғаным жайлы, сол жолдағы қадамдарым мен қателіктерім туралы айтып бердім. Енді қай салаларда дарыным жоқ екенін қысқаша баяндап берейін.

Менде жоқ қабілеттердің толық тізімі тым ұзақ болар, сондықтан, тізімім толық болмайды. Тізімнің басына ән айту мен музыкалық аспаптарда ойнауды қояр едім. Үйде әндете бастасам-ақ, үйдегілер әнді ішімнен айтуымды сұрайды.

Бірде, жоғары сыныпта оқып жүргенімде, киім ауыстыратын бөлменің душында өлең айта бастаған едім. Сол сәт балалардың бірнешеуі әндетпеуімді талап етіп айғай салды. Ал біреуі мен жаққа сұсабынын лақтырды.

Әке-шешем балаларының барлығын музыкаға баулуға тырысты. Музыкадан сабақ беретін мұғалімім қаламызға танымал кәсіпқой пианист болатын. Жұмысын жақсы білетін, талай баланы оқытқан тәжірибелі ұстаз. Маған пианинода ойнауды үйретпек болып, төрт жыл бойы еңбек сіңірді. Ақырында әке-шешеме жолығып, мені музыка сабағынан босатуларын сұрады. Бұл саладағы «дарыным», міне, осындай.

Бірнеше жыл өткеннен кейін, мәселе пианинода болар деген оймен басқа аспапты игермек болдым. Бұл жолы гитара сатып алдық та, өте жақсы мұғалім таптық. Ұстазым сабырлы, ұстамды адам еді, менің гитара тартуды үйренуіме барын салды. Мен де бар ынта-

ықыласыммен жаттықтым. Сонда да нәтиже шықпады. Бір жарым жыл бейнеттеніп барып, музыкаға қабілетсіз екенімді мойындадым.

Сонымен, әңгіме немен бітті дейсіз ғой? Ештеңе де болған жоқ. Мен үшін музыка саласы жазушылық саласынан мүлде өзгеше болды. Музыкаға деген қабілетім сол күйі жоқ.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ

Қабілетім жоқ салаларды әлі де тізіп айта бердің қажеті болмас. Айтпақ ойымды түсінген боларсыз. Қай істердің қолымыздан келмейтінін бәріміз де білеміз. Осал тұстарымызды білгендей, дарынымызды да дөп басып оңай танитын болсақ, жақсы болмас па еді?

Сонымен, Пауылдың сөздерін тереңірек қарастыруға кірісейік:

«Иеміз маған берген рақымға сүйене отырып, әрбіреуіңді ескертемін: өздерің туралы тиістісінен артық ойламаңдар! Қайта, Құдайдан сенім арқылы әрқайсыңның үлестеріңе қандай рухани дарындар тигенін ойлай отырып, өздеріңді саналы түрде бағалаңдар. Денеміздің мүшелерінің көп, әрі олардың атқаратын қызметтерінің әр түрлі екеніндей, біз бәріміз де көптігімізге қарамастан Мәсіхтің рухани денесіміз, осылай өзара байланысқан мүшелеріміз. Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық: сенің пайғамбарлық сөз сөйлеу дарының болса, хабардың Құдайдан келгендігіне деген сеніміңе сай оны жеткіз» (Римдіктерге 12:3-6, NLT аудармасы).

Пауыл елші жазғалы отырғанын ескерту деп атайды. Пауылдың ескертуін басқа сөздерінен бөліп алып, тағы бір рет оқып шығайық: «өздерің туралы тиістісінен артық ойламаңдар! Қайта, ... өздеріңді саналы түрде бағалаңдар». Яғни, Құдай бізге өзімізді дұрыс, адал, шындыққа сай бағалауды бұйырады. Қай өлшемге сәйкес бағалауымыз керек? Әрқайсымызға Құдайдың рақымымен қазіргі кезде берілген ерекше рухани дарындарға сәйкес.

«Қазіргі кезде» деген сөз тіркесін қолдануымның себебі

неде дейсіз ғой? Жоғарыда Саулдың өмірінен мысал келтірген едім. Саул Самуилға жолыққанға дейін өзіне-өзі «пайғамбарлық дарыным жоқ» деп баға берер еді. Сол кезде бұл сипаттама шындыққа сай болатын. Самуилмен кездесіп, Құдайдың дарыны қонғаннан кейін өзіне-өзі берген әділ бағасы «пайғамбарлық дарыным бар» болар еді.

“Ысмағұлды дүниеге келтіріп” жүргенімде осы аятқа көбірек мән бергенімде ғой, шіркін! Өзіме-өзім әділ баға берсем, сол уақытта жұрт алдында сөйлеу дарынынан ада екенімді мойындап, өзімнің бағушыма қызмет етуге қабілетім бар екенін байқайтын едім. Оның орнына, Құдайдың маған берген уәдесін, Көктегі Әкемнің жетекшілерімнің пайғамбарлық сөзі арқылы да, жеке мінәжатымда да айтқанын өз күшіммен жүзеге асырмақ болып әуреленбес едім. Құдайдың уәдесі, сонша әуре-сарсаңға түспесем де, орындалатын еді. Тек Құдай белгілеген уақыт келуі керек. Пауыл елшінің ескертуіне құлақ асып, өзімді-өзім әділ бағалаған болсам, уақытымды, күшімді, қаражатымды босқа кетірмейтін едім. Және күшімді Құдайдың сол кездегі қабілетіме сай тапсырмасын орындауға салар едім.

Пауыл елші түрлі дарындар жайында былай дейді:

«Денеміздің мүшелерінің көп, әрі олардың атқаратын қызметтерінің әр түрлі екеніндей, біз бәріміз де көптігімізге қарамастан Мәсіхтің рухани денесіміз, осылай өзара байланысқан мүшелеріміз» (Римдіктерге 12:4-5). Елші көрнекі мысал келтіріп, ойын анық жеткізген. Мұрнымыз атқара алмайтын қызметті саусақтарымыз атқарады. Мұрнымыз құлағымыз атқара алмайтын міндетті атқарады. Асқазан ести алмағанмен, құлақ ести алады. Бауыр асқазанның қызметін атқара алмайды, т.с.с. Яғни, қорыта айтар болсақ,

*Өзінің дарынын білетін және
сол дарынын қолданып жүрген адам бақытты.
Өзге адамның дарынында әрекет
еткісі келетін адам бақытсыз.*

Бір күні таңертең бас бармағыңыз «Болды, жетер! Ауыз, неше жылдан бері сен сөйлеп келесің. Бүгіннен бастап мен сөйлейтін боламын!» десе, қайтер едіңіз? Олай болуы мүмкін емес, өйткені, бас бармақ ауыз сияқты дыбыс шығара алмайды. Ал саусақтың өзіндік қабілеттері бар. Ондай қабілеттер ауызда жоқ. Аузыңыз «мен енді компьютерде жұмыс істейтін боламын» десе ше? Бұл, әлбетте, ерсілік.

Келесі маңызды сұрақ: «мінбе дарындарына» көп мән беруіміздің себебі неде? Неліктен мадақтау тобының жетекшілері мен уағыздаушылардың дарыны бәрінен маңызды деп ойлаймыз? Қорынт қаласындағы қауымға жазған хатында Пауыл елші бұл жайында былай дейді:

«Керісінше, дененің әлсіздеу болып көрінетін мүшелері өте қажет» (1 Қорынт. 12:22).

Күнделікті өмірімізден мысал келтіруге рұқсат етіңіз. Адамның аяғына назар аударатынымызды байқап па едіңіз? «Мына қыздың аяғы қандай әдемі» немесе «Ол жігіттің аяғы өте мықты!» деген сөзді жиі естуге болады.

Жасөспірім кезімде болған бір оқиға есімде. Әкем консервативті көзқарастарды ұстанатын, өзін-өзі көрсетуге еш ұмтылмайтын, кішіпейіл, биязы адам болатын. Бір күні ол кісі күтпеген жерден:

– Балам, аяқтарың өте мықты, — деді.

Жауап берместен, әкеме күлімсірей қарадым. Мұны неге айтты екен деп ойлап тұрмын.

Әкем ойын жалғастырды:

– Неге екенін білесің бе? Өйткені, менің аяғым мықты. Сенің аяғың менікіне тартқан.

Әкемнен мұндай сөз күткенім жоқ, сондықтан, не деп жауап берерімді, күлерімді не алғыс айтарымды білмедім. Сондықтан, күлдім де:

– Папа, маған мықты аяқ бергенің үшін рахмет, — дедім.

Адамдар бір-бірінің аяғына назар аударатыны рас. Алайда, аяғынан айырылған адамдар да бар, олардың өмірі жалғаса береді. Бір танысым жол апатына ұшырап, бір аяғынан айырылды, оның өмірінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Ал, мәселен, бауырды алайықшы. Жағдай тіпті басқа. Бауыры жоқ адам өмір сүре алмайды. Бауырдың маңызы өте жоғары, бауыр аяқтан да маңызды. Алайда, біреудің «Бауырың не деген әдемі! Тамаша екен!» дегенін естіп пе едіңіз?

Пауыл елшінің жазғанын тағы қайталап оқиық: «Керісінше, дененің әлсіздеу болып көрінетін мүшелері өте қажет».

Сонымен, «мінбе дарындарына» неліктен соншалық көп мән береміз? Олар көзге көрініп тұрған дене мүшелері іспетті, және олар өте маңызды, дегенмен, Құдайдың Сөзіне жүгінсек, олар басқа дарындардан басым емес.

Бірінші тарауда аты аталған досым Стеннің кәсіпкерлердің арасында Ізгі хабар тарату дарыны бар. Сонымен қатар, табыс тауып, қаржылай құрбандық беруге де майланған. Қауымдарда қалыптасып қалған мәдениет Стеннің дарындарын «мінбе дарындарынан» кем бағалайды. Қауымда ежелден қылыптасқан пікір қандай? «Мінбеде тұрған адамдар – таңдаулы, Құдайға қызмет етуге шындап тағайындалғандар – солар ғана».

Осы бағытта ойланып көрелік. Әлдебіреу туралы «ол Құдайға қызмет етуге тағайындалған» деген пікір айтылса, барлығымыз ол кісі бағушы, мадақтау тобының немесе жастар қызметінің жетекшісі, миссионер, мәсіхшіл жазушы болуға тағайындалған деп ойлаймыз. «Ол дәрігер болып, ауыр науқастарды емдеудің жаңа әдістерін табуға тағайындалған» немесе «ол өкіметте жұмыс істеп, Құдай Патшалығын таратуға септігін тигізетін заңдар қабылдауға үлес қосады», немесе «ол білім беру саласында еңбек етіп, балалардың санасына Құдайдың даналығын себеді», немесе «ол кәсіпкер болып, сол салада жүрген адамдарды құтқаратын болады әрі Ізгі Хабар таратушыларды қаржылай қолдайтын болады» деп ойлайтын адам кемде-кем болар.

Мұндай көзқарастың салдары қандай екені белгілі: Стен

қанша жыл сенуші болса да, қызметінің маңызы менің қызметіммен бірдей екенін білген емес. Оның Құдай берген қабілеттері көп жеміс бергенімен, «қауым ішіндегі» дарындардан бір саты төмен саналады. Бұған «мінбе дарындары» басқа дарындардан маңызды деген, тікелей айтылмаса да, терең қалыптасып қалған пікір кінәлі.

Қорынттағы қауымға Пауылдың осы жайлы не жазғанын оқып шығайық:

«Іс жүзінде Құдай дене мүшелерінің әрқайсысын Өзінің қалауы бойынша орналастырған.

Барлығы бір-ақ мүше болса, дене болмас еді. Шынында көп мүшелері бар, бірақ дене біреу. Сондықтан көз қолға: «Маған керегің жоқ» дей алмайды; бастың да аяққа: «Маған қажетсізсің» деуі мүмкін емес. Керісінше, дененің әлсіздеу болып көрінетін мүшелері өте қажет. Азырақ құрметті деп санаған мүшелерімізді көбірек қамқорлап, көріксіз мүшелерімізді ерекше назармен жауып қоямыз. Ал көріктілеріне соның қажеті де жоқ. Осылай Құдай денені құрметі аздау мүшелерін көбірек қамқорлайтындай етіп құрастырды. Ондағы мақсаты: денеде жікке бөліну болмай, бүкіл мүшелері өзара бірдей қамқорлық көрсетсін дегені».

–1 Қорынт. 12:18-25

«Қауым дарындарын» басқалардан көбірек дәріптеуіміздің себебі Пауылдың сөзін тек мәсіхшіл ортаға қатысты деп санауымызда болса керек. Қауымның ішінде уағыздаушы мен мадақтаушы дарындары қажеттірек көрінетіні анық. Алайда, Құдай Патшалығы қауым ғимаратымен шектелмейді. Құдайдың Патшалығы барлық жерді, өмірдің әр саласын қамтиды, осыны түсініп, көзқарасымызы өзгерткеніміз жөн. «Қауым» сөзінің грек тіліндегі түпнұсқасы –

«эκκλησία», яғни «шақырылғандар». Грек тілінің анықтама сөздігі бұл сөзді былай деп түсіндіреді: «шақыру бойынша келгендер, яғни, азат мемлекеттің әлеуметтік істеріне арнайы

шақыру алып жиналғандар; жаршының шақыруымен жиналған адамдардан құралған біртұтас дене»¹.

Бір ғимараттың ішінде жиналғанымызда ғана қауым болып табыламыз ба? Мінәжатқа, мадақтауға, уағыз тыңдауға жиналғанымызда ғана қауымбыз да, басқа уақытта қауым емеспіз бе? Осындай пікір қалыптасып қалғандықтан кейбір сенушілер қауым жиналысында өздерін «мәсіхшілік» әдеппен ұстайды да, жиналыстан шыққанда, басқа кейіпке енеді. Олай болмау керек. Тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн, жылына 365 күн бойы біз – қауымбыз, Құдай Патшалығын әлемге таратуға жарақталғанбыз!

Жақында бір мультимиллиардермен кездестім. Ол әріптестерімен бірге ел аралап, көптеген қауымдар мен конференцияларға қатысады екен. Кейбір қызметкерлерге жолығып, рухани сусындауды көздейді. Сол кісімен кездесуді менің жақын достарымның бірі ұйымдастырды. Далласта өткен конференциялардың бірінде қызмет етуге барғанымда, сонда жолықтық. Бірге түстеніп, үш сағат бойы әңгімелестік. Әңгімеміз тұшымды болғаны сондай, ол емес, өзім көбірек сабақ алғандай болдым.

Жаңа танысым, атын Джим дейік, бизнес әлемінде алғашқы жылдары көп қиындық көргенін, бір күні көзі ашылғанын айтты. Ақиқатты тануы өзіне-өзі «Құдай Патшалығы тек қауымдарда немесе конференцияларда ғана айқын көрініс табатыны дұрыс па?» деген сұрақ қоюдан басталыпты. Құдай Патшалығы барлық жерде емес пе? Олай болса, оның әсерін де барлық жерден көруіміз керек қой. Джим өзінің бизнес саласында қызмет етуге тағайындалғандығын білетін, бірақ жұмысында өзін сенбеушілермен бірдей ұстайтын. Неге екенін өзі де білмейді, әйтеуір, басқалардан еш айырмашылығы жоқ.

Джим мінберден уағыз айтатын Құдайдың қызметкері тәрізді Киелі Рухтың жетелеуімен жүруге бел байлады. Шын мәнінде ол өзіне деген Құдайдың аманаты қандай деген мәселеге тап болып, өзіне тапсырылған қызмет бағушының міндетінен төмен

емес деген қорытындыға келген. Содан кейін ол Құдайдың өзіне берген дарындарын анықтап, қолдануға шешім қабылдады. Джим Құдаймен оңаша уақыт өткізіп, айтқанын тыңдайтын болды, онымен қоймай, кәсібінде де Киелі Рухтың жетелеуіне сүйенетін болды. Құдай, әлбетте, даналық беріп, жетелеп отырды.

Қазіргі кезде кәсібінде еш қиындық көріп жүрген жоқ! Құдайдың айтқан кейбір сөздері Джимге ұсақ-түйек нәрседей көрініпті. Дегенмен, Жаратқанның қай сөзіне де қалтқысыз бағынуға бел байлаған ол сош шешімінен танбапты. Бизнес әлеміндегі ережелерге сай келмесе де, орындауға онша қойлайлы болмаса да, Құдайдың сөзін мұқият орындауға тырысады екен. Клиенттерінің де, әріптестерінің де, тіпті, өз жұмыскерлерінің де тарапынан күмән, түсінбеушілік, қарсылыққа тап болғаны да бар. Алайда, Құдайдың сөзіне табандылықпен сенуінің жемісі – миллиардтаған доллармен есептелетін табысы. Джимнің өмірі мен кәсібінде орын алған кереметтерге қайран қалдым.

ХАЛЫҚТАРДЫ ИСАҒА ШӘКІРТ ЕТУ

Дарындар туралы қауымда қалыптасқан көзқарасты өзгерте алсақ, не болар еді? Құдай Патшалығын орнату ісінде әрбір адам маңызды, әрбір адамның жеке тапсырмасы, өзіндік орны бар екенін барлық тыңдаушыларымызға ұғындыра алсақ, не болар еді? Жауап біреу-ақ: әрбір сенуші Билли Грэм, Орал Робертс, Тереза Ана, Пауыл елші тәрізді биік мақсатқа ұмтылып, ерен еңбекке дайын болар еді. Джиммен кездесу барысында оның мақсаты анық, алған бағытынан таймайтын адам екенін байқадым. Өзінің өмірлік миссиясын және оны орындаудағы өзіне берілген дарындардың маңызын анық біледі.

Халықтарды Исаға шәкірт ете алуымыз үшін ой-санамыз осындай болуы шарт. Осы тұжырымды жан-жақты қарастырайық. Иса «Қауымға келіп жүрген адамдарды маған шәкірт етіңдер» деген жоқ, Ол «барлық халықтарға барып, Оларды Менің шәкірттерім етіңдер» деген (Матай 28:19 қараңыз). Грек тілінде «халықтар» деген

сөздің аудармасы – «этнос», яғни «туыстық байланыстары, ортақ мәдениеті мен салт-дәстүрі бар адамдар тобы»². Бұл анықтама ұлттарға, тайпаларға, аймақтық және этникалық топтарға да қатысты. Сонымен қатар, адамдардық түрлі қауымдастықтарын да «халықтар» деуге болады. Мысалы, велосипедшілер, әртістер, дәрігерлер, кәсіпкерлер, ұшқыштар, заңгерлер, спортшылар, мемлекеттік қызметкерлер, тағы басқалар. Осы топтардағы ерлерді де, әйелдерді де Исаға шәкірт етуіміз керек.

Тағы бір назар аударарлық нәрсе, Иса «Әр халықтың өкілдерін маған шәкірт етіңдер» деген жоқ; «Оларды Менің шәкірттерім етіңдер» деген болатын. Мұндағы айырмашылықты түсінуіміз керек; біз түрлі салалардағы қалыптасқан жағдайды Құдайдың сөзіне сай өзгертуге тиіспіз. Бұл өзгеріс, ең әуелі, ондағы адамдарға Ізгі Хабар жеткенде, жүзеге асады. Дегенмен, тереңірек бойлап, адамдардың өздерін ғана емес, олардың ой-санасы мен өмір салтын да Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізуіміз керек. Мысалы, бизнес саласындағы адамдардың ой-пікірін әлгі миллиардердікіндей өзгертуге септігімізді тигізе аламыз. Және бұл – мәсіхшілер жүзеге асыра алатын өзгерістердің азғантай бөлігі ғана.

Зақайды алайықшы. Ол салық жинаушылардың бастығы болатын. Өз кәсібіндегі ең мықты мамандардың бірі болса керек. Шын мәнінде Зақай – сол өңірдегі мафияның басшысы еді. Зақайдың жұртқа жексұрын болуының себебі – лауазымын жеке мүддесі үшін пайдалануында еді. Сол замандағы салық жинаушылардың әдеттегі әрекеті халықты тонау, алдау, қорқытып-үркітіп, ақша бопсалау, қоқан-лоқы салу болатын. Зақай осындай істе алдына жан салмайтын «маман» болса керек, қол астындағылардың да істейтіні сол.

Іссапармен барған кейбір елдерде осындай жағдайға өзім де тап болғаным бар. Ел басқаратын адам жемқор болса, шенеуніктерден ақша талап етеді. Және бұл әдет бүкіл жүйеге, ең төменгі сатыларына дейін тарайды. Нәтижесінде, елден шығуға

рұқсат алу үшін әуежайдағы миграциялық полиция қызметкеріне пара беруің керек.

Зақайға қайта оралайық. Иса оның атын атап, былай деді: «Зақай, тез төмен түс! Бүгін Мен сенің үйіңде болуым керек».

Иса үйіне келгенде, Зақай орнынан тұрып, Иемізге:

«Мырза, мал-мүлкімнің жартысын кәріп-қасерлерге үлестіріп бермекпін. Егер біреуді алдап, ақысын жеген болсам, оны төрт есе артығымен қайтаратын боламын, — деді» (Лұқа 19:5-8).

Сол өңірдегі салық жинау жүйесі қалай өзгерді? Салық жинаушылардың бастығы қылмыстық әдістерден Құдай Патшалығының әділ заңдарына бет бұрды! Ел басқарудың осы саласы бұдан былай әділ жұмыс істейтін болды. Қоғамда бір өзгеріс болды. Бұл игі өзгеріс қауым жиналысының үстінде немесе Иса уағыз айтып, Зақайды Өзіне еруге шақыруының нәтижесінде жүзеге асты ма? Жоқ. Қауымда емес, қаланың ортасында, көшеде болған өзгеріс. Зақай Исамен кездесті де, күрт өзгерді. Иса біздің жан-дүниемізде өмір сүреді, сондықтан, халықтың арасында (өзіміз еңбек етуге тағайындалған салаларда) бізбен жолығысқан адамдарда да сондай өзгерістер болуға тиіс.

Қазіргі кезде Ұлттық футбол лигасының бұрынғы ойыншысын рухани қамқорлығыма алып жүрмін. Оның әлеуметтік желілерде көптеген жазылушылары бар, көбісі – бодибилдер. Әлгі жігіт оларға ақыл-кеңес, нұсқау береді. Құдай Патшалығының мәдениеті мен құндылықтарын өзі берік ұстанып, жазылушыларына да үйретеді. Яғни, бодибилдерлер қауымдастығына, осы халыққа («этнос») ықпал етеді. Олар Исаны қабылдаса да, әзірге қабылдамаған болса да, танысым олармен қарым-қатынас барысында Құдай Патшалығының мәдениетін олардың санасына сіңіреді.

Біздің дарындарымыз бір ғимаратқа жиналған, Исаның қанымен ақталған адамдар үшін ғана арналған десек, қателесеміз. Қауым жиналыстары аса маңызды, олардың


маңызын кемітіп көрсетпек емеспін. Мақсатым – Құдай берген дарындардың ықпал ету аясы әлдеқайда кең екенін көрсету. Қауымда емес, қоғамда қызмет етуге тағайындалған болсақ, ал көбіміз қауымнан тыс қызмет етуге тағайындалғанбыз, өз «этностымызда», яғни, өз саламызда Құдай берген дарындарымыз арқылы ықпал етуге тиіспіз.

Қауым мен қоғамды киелі мен осыдүниелік деп бөлуді қоюымыз керек. Сіз өзіңіз жұмыс істейтін аурухана палатасына дәрігер ретінде немесе мұғалім ретінде сыныпқа кіргеніңізде, жұмысшы ретінде өзіңіз жұмыс істейтін заводқа кіргеніңізде, сол жерге Құдайдың киелілігін ала кіруге және ондағы адамдарға дұрыс бағыт беруге тағайындалғансыз. Бұл міндетті орындауға қажет дарындарыңыз бар. Яғни, Құдай сізге билік берген, әрі тапсырмасын орындауда сізді Өзі қолдап отырады. Исаның Зақайға ықпал еткеніндей, сіз де өз салаңызда Құдай Патшалығының құндылықтары мен заңдарын орнатуға тағайындалғансыз.

Осының бәрі жұмысыңызды немесе оқуыңызды бұрынғысынан әлдеқайда қызық қылады, солай емес пе?

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Құдайдың Сөзі өзімізді әділ бағалауымыз қажет екенін ескертеді. Және берген бағамыз бүгінгі күнге сай болуы шарт. Мезгілінен бұрын қызметке кірмек болғаным жайлы әңгімемді оқып шықтыңыз. Мұндай қате жібермеу үшін не істей аласыз? Бүгінгі таңда қандай дарындарыңыз бар?
2. Өз дарынын білетін нәм қолдана алатын адам бақытты. Өзінде жоқ, өзгеден көрген дарынға еліктеумен өмірі өтіп жүрген адам бақытсыз. Құдайдың өзіңізге берген тапсырмасына сай келмейтін дарынға қызығып, еліктеген кезіңіз болды ма? Болса, олай етуіңіздің себебі неде?
3. Біздің дарындарымыз тек қауым жиналыстарына ғана емес, сонымен қатар, өмірдің басқа салаларына да арналған. Өзіңіздің күнделікті өміріңізді Құдайдың Патшалығы үшін маңызды деп ойлайсыз ба? Кәсіби дарындарыңызды Құдай Патшалығын кеңейту ісінде қалай пайдалана аласыз?



*Сондықтан бізге Мәсіхтің нөкерлері ретінде, әрі
Құдай Өзінің ашып білдірген құпия
хабарын басқаруды сеніп тапсырғандары
ретінде қарау керек.*

– 1 Қорынт. 4:1

Басқарушылар

Киелі Кітаптағы «*рақым*» және «*дарын*» сөздерінің мағынасын зерттеп, ұғындық; енді «*басқару*» деген сөзді қарастырайық. Бұл сөздің мағынасын анықтап алсақ, осы үш сөзді қосып, өмірлік миссиямызды анықтай аламыз.

«Мерриам-Вебстер» сөздігі «басқару» сөзіне мынадай түсініктеме береді: «қамқорлығыңызға тапсырылған істі жаупкершілікпен мұқият жүргізу, қарауыңызға тапсырылған затқа немесе мүлікке жаупкершілікпен мұқият қожалық ету». Киелі Кітаптағы сөздердің грек тіліндегі түпнұсқасын түсіндірме сөздіктерден қарап, тереңірек зерттегеніміз дұрыс, өйткені, аударма жасалғанда олардың дәл мағынасы сақталмауы мүмкін. Дегенмен, «басқару» сөзі өте дәл аударылған екен. «*Басқарушы*» сөзінің орнында грек тіліндегі түпнұсқада «*ойкономос*» деген сөз тұр, оның мағынасы «әлдебір істе билігі мен жауапкершілігі бар адам; басшы, жетекші, меңгеруші»³.

Осы анықтамаға сүйенсек, нені болса да басқарудың үш қыры бар.

Басқарушы:

- Басқа біреудің меншігіндегі мүлікті қадағалайды.
- Өзіне тапсырылған мүлікке қожалық етеді.
- Жауапкершілік арқалайды: мүліктің егесіне есеп береді.

Әлемді жаратқан – Құдай! Забур жырының 23-ші тарауы, 1-ші аятында былай деп жазылған:

«Жер жүзі мен ондағының бәрі Жаратқандікі,
Бұл дүние мен онда тұрғандар түгел Онікі»

Олай болса, біз – жер бетіне басқарушы болуға тағайындалғанбыз. Біз бүкіл әлемге – құрлық пен суға, ауаға, жер байлықтарына, аңдарға, балықтар мен құстарға иелік етуіміз керек. Адамдарға рухани, интеллектуалдық жағынан қамқорлық жасап, олардың жаны мен тәнінің саулығын қамтамасыз ету – біздің міндетіміз. Әрі қарай да тізіп айта беруге болады. Қысқаша айтайын, осы әлем үшін біз жауаптымыз.

Пауыл елші «басқару» деген сөзді қай мағынада қолданғанын тереңірек қарастырайық. Елші бізді *«Құдай Өзінің ашып білдірген құпия хабарын басқаруды сеніп тапсырғандар»* деп атайды. Киелі Кітаптың «Жаңа тірі аудармасында» бізге *«Құдайдың құпияларын түсіндіру тапсырылған»* деп жазыпты. Пауыл елшінің өміріндегі дарындардың (*харизмалардың*) бірі – рухани құпияларды, яғни, әлі ашылмаған ақиқаттарды түсіндіру болатын. Сондықтан, Пауыл айтып тұрған басқару қаражатты, уақытты, басқа ресурстарды (олар да маңызды) емес, өзіне берілген дарынды (*харизманы*) басқару. Ал осы сөздің бізге қатысы бар ма?

Петір елші былай деп жазады:

«Тәңір Ие рақым етіп сыйлаған алуан түрлі рухани дарындарыңды жақсылап қолданыңдар. Әрқайсының басқаруыңа берілген дарындарыңмен бір-біріңе адал қызмет етіңдер» (1 Петір. 4:10). Осы бір аятта бізге керек үш сөздің үшеуі де бар (дарын – *«харизма»*, басқарушы – *«ойкономос»* және рақым – *«харис»*). Пауыл елші тәрізді, Петір елші де өзімізге берілген *харизманы дұрыс басқаруға тиіс екенімізді айтады. Бұл аятта көп сыр бар, сондықтан, оны мұқият зерттегеніміз жөн.*

Дарын «әрқайсымызда» бар дейді Петір. Елші «әрбір қызметкер», «әрбір бағушы» немесе «әрбір мадақтаушы» деген жоқ, осыған назар аударайық. Жоғарыдан туылған болсаңыз, сізде бір немесе бірнеше дарын бар. Сізге оны Құдайдың Өзі

сеніп тапсырған. Екі тарау бұрын қойған сұрағымыздың Киелі Кітаптағы жауабы – осы. *Сізде бір немесе бірнеше дарын бар, харизма (дарын) – рақымның беретін ерекше сыйы, ол сізге бірегей қабілет дарытады.*

Сіздегі дарынның маңызын көрсету үшін, үлгі ретінде Пауыл елшінің өз дарынына деген көзқарасын қарастырайық. Елші өзіне берілген дарынды басқару мәселесіне өте салмақты қараған еді. Қорынт қаласындағы сенушілерге жазған хатында Пауыл былай дейді:

«Ал Ізгі хабарды уағыздап жүргенімнің өзі мақтануыма себеп бола алмайды, ол борышты міндетім: Ізгі хабарды уағыздамасам, қасіретке қалар едім. Егер оны өз еркіммен істесем, еңбегімнің ақысын күтер едім; бірақ еріксіз істегендіктен, оны сеніп тапсырылған міндетім ретінде орындап жүрмін» (1 Қорынт. 9:16-17).

Осы аяттарды оқыған адамның назары *«қасіретке қалар едім»* деген сөзге ауады. Шын мәнінде бұл сөз біз ойлағаннан да қаталырақ. Түпнұсқада *«қасірет»* сөзінің орнында гректің *«оуай»* деген сөзі тұр, оның мағынасы *«апат, сұмдық»*⁴. Басқа сөздікте бұл сөз *«зар, қайғы-қасіреттен туған ащы айқай»*⁵ деп аударылған. Бұл сөз Жаңа Әсиетте *«өте ауыр үкім»* мағынасында бірнеше рет кездеседі. Пауыл елші қолданған *«қасіретке қалар едім»* деген сөз тіркесі қарғануға ұқсас мағына береді. Мұндай сөз назарымыздан тыс қалуы мүмкін емес. Құдай берген дарындарымызды ескерусіз қалдырсақ, жазамыз ауыр болмақ.

Құдай Пауылға аса құнды нәрсені сеніп тапсырған еді, солай екенін елші анық біледі. Мұнда ес жиғызар бір ақиқат бар: Пауыл елші Құдайдың өзіне берген дарынын дұрыс қолданбаса, сол дарын арқылы басқа адамдардың өміріне келуі тиіс игіліктер жүзеге аспас еді, онымен қомай, олар зиян шегетін еді. Дарыны өзіне емес, өзі арқылы басқаларға қызмет етуге тиіс болатын, Пауыл осы ақиқатты жақсы білген. Құдайдың басқа адамдарға бермек болған сыйын Пауыл өз бойында алып жүрген еді. Сол

себепті елші өзіне-өзі соншалық қатал болып, бойындағы дарынды дұрыс қолданбаса, «қасіретке» ұшырайтынын айтқан еді.

Енді осы айтылғандарды өзімізге қатысты қарастырып көрейікші. Әуелі мына екі жайтқа назар аударайық: біріншіден, Пауылдың дарыны «көзге түсіп тұрған», «менмұндалап» тұрған дарын болатын. Құдайдың айқын дарындардан гөрі көзге түсе қоймайтын дарындарға көбірек көңіл бөлінуі керек деп айтқаны есіңізде болар. Пауыл елші өзінің айқын дарынына соншалық мән бергенде, біз де бойымыздағы дарындарды, әсіресе, көзге түсе қоймайтын дарындарымызды елеусіз қалдырмауымыз керек.

Екіншіден, Құдайдың сізге берген дарындары жеке мүддеңіз үшін емес, сіз арқылы басқа адамдар жарылқануы үшін берілген. Бұл ақиқат біріншісінен де маңызды. Жазушылық дарын маған өзім үшін емес, сіз үшін берілген. Уағыз айту дарыны өзім үшін емес, тыңдаушыларым үшін берілген. Жетекшілік дарыным өзім үшін емес, қарамағымдағы адамдар үшін берілген.

ДАРЫНЫМЫЗДЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАТЫНЫМЫЗДЫ ӨЗІМІЗ ШЕШЕМІЗ

Дарынымызды игілікке қолданамыз ба, әлде теріс пайдаланамыз ба – таңдау өзімізде. Дарын әуел баста көзделген мақсатқа – Құдай Патшалығының мүддесіне қолданылмаса да, Құдай оны бізден алып қоймайды. Адольф Гитлер дарынды көшбасшы еді, ол елін өркендеу жолына бастап, неміс халқын жарқын болашаққа жеткізе алар еді, әрі миллиондаған еврей, орыс, француз, британдықтардың және басқа ұлт өкілдерінің қанын төгіп, обалына қалмас еді. Гитлер бойындағы дарынын Құдай тапсырған игі іске жұмсады ма, әлде, жеке мүддесі мен өзі ұнатқан адамдардың мүддесіне қолданды ма? Ол дарынын қиянатқа, еврей ұлты мен басқа халықтарды ешбір себепсіз тонап, қинап, қырып, қан қақсатуға қолданған жоқ па? Бұл сұрақтың жауабы айдан анық.

Адольф Гитлердің іс-әрекетінің нәтижесі анық, дарынын зұлымдыққа қолданғанында ешкімнің күмәні жоқ. Тағы екі адамды атап өткім келеді, олардың дарындары қандай жеміс бергенін

қарастырып көрелік. Олардың бірі – бірегей дауыс иесі, Уитни Хьюстон. Өзім естіген әншілердің ішіндегі ең үздігі десем, болады. Оған Құдайдың дарыны қонғаны анық еді. Уитни ән айтқанда, тыңдаушылар қатты әсер алатын еді. Оның даусы жер басып жүрген пенденің даусы емес, періштенің даусындай әсер қалдыратын.

Екіншісі – рок бағытындағы «Куин» тобының әншісі Фредди Меркьюри. Ол өзінің ақындық және әншілік дарынымен стадион толған көрерменін еліктіріп әкететін. Оның қабілеттері қатардағыдай емес, Фреддиді тылсым құдірет иесі деп санайтындар да бар. Мыңдаған көрерменнің көңіл-күйіне ықпалын оп-оңай жүргізе алатын еді. Фредди өмірден өткелі неше жыл өтсе де, әндері әлі айтылып жүр.

Уитни мен Фредди дарындарын дұрыс қолданды деп айта аламыз ба? «Әрине, оған еш күмән жоқ» деп жауап беретіндер көп. Дегенмен, Исаның айтқанын оқып көрейік:

«Алайда даналықтың игілігі одан туындаған ізгі істермен дәлелденеді» (Матай 11:19)

және

«Алайда даналықтың игілігі оны қабылдағандардың ізгі істерімен дәлелденеді» (Лұқа 7:35).

Осы екі әйгілі әншінің өміріндегі жемістерді, дарындарын басқаруының қысқа мерзімді әрі ұзақ мерзімді нәтижелерін қарастырайық. Уитни өзінің дарынын адамдарды Құдайдың құзырына жетелеу үшін қолданды ма? Тыңдармандарын игілікке жетеледі ме? Оның әндері некені нығайтуға септігін тигізді ме, әлде, шындықтан алшақ жатқан романтикалық армандар тудырып, жұбайлардың жүрегіне наразылық ұялатты ма? Фредди өзінің дарынын тыңдармандарын адалдыққа бастау үшін қолданды ма? Жаратушыны дәріптеуге шақырды ма? Уитни мен Фреддидің өмірінің соңы қандай болды? Олардың қалдырған мұрасы қандай, мәңгілік пе, өткінші ме? Олардың өмірі мен өнер жолындағы еңбегінің мәңгілік үшін маңызы бар ма?

Иса бізге адамды өмірінің жемісіне қарап бағалауды үйретеді. Уитни мен Фреддидің дарындарын қалай қолданғанын өзіңіз бағалаңыз. Ақырғы сот Жаратушының алдында өтетінін де ұмытпайық. Бәріміз де Құдайдың алдында есеп беретін боламыз.

Уитни немесе Фредди – сүйікті әншіңіз болса, оларды мысалға келтіріп отырғанымды ұната қоймаған боларсыз. Дегенмен, өзімізге-өзіміз сұрақ қойып, олардың өмірі сотта қалай таразыланатынын түсінуге тырысайық. Музыка әлеміндегі осы екі жұлдыздың қалдырған мұрасының он миллион жылдан кейін қандай маңызы болатынын қарастырайық. Осындай мерзімнен кейін Құдай берген дарындарын қалай қолданғанына олардың өздері қандай баға берер еді? Әр нәрсенің шынайы құндылығы мәңгілік тұрғысынан қарағанда, анық көрінеді.

Бүгінгі күн ғана емес, болашақты да ескерсек, өмірдің мән-мағынасын дұрысырақ түсіне аламыз. Өмірді 80 жылдық мерзім деп қарастырсақ, бір басқа да, мәңгілік тұрғысынан қарастырсақ, мүлде басқа.

Мәселен, сіз асханаға келдіңіз дейік. Белгілі бір соманы төлеп, қалаған асыңызды іше аласыз. Үстелдердің бірінде тек дәмді десерттер ғана. Осы үстелге бір күндік перспективадан қарасаңыз, оның үстінде тұрған тәттілерді түгел жеп аласыз. Ал бір жылдық мерзімді ойыңызда ұстап тұрып, қарасаңыз, тәтті тағамның біреуін ғана аласыз, немесе тәттіден мүлде бас тартасыз. Неге дейсіз ғой? Өйткені ертеңіне ішіңіздің бұзылуын қаламайсыз, бір аптаның ішінде төрт килограмм салмақ қосқыңыз келмейді және болашақта деніңіз сау болғанын қалайсыз!

Уитни мен Фреддидің өмірінің жемісін мәңгілік тұрғысынан қарастырғанымызда, «олар дарынына даналықпен иелік етті ме?» деген сұрақтың жауабын табамыз.

Адольф Гитлер, Фредди Меркьюри немесе Уитни Хьюстон туралы айту оңай әрі қауіпсіз. Алайда, ес жиғызар ақиқат мынау: мен де, сіз де Төрешінің алдына барамыз. Бізге берілген дарындар 70-80 жыл өміріміздің тұрғысынан емес, мәңгілік тұрғысынан таразыланатын болады. Құдайдың Сөзі бізге Құдай

Патшалығын кеңейту ісіне атсалысуды бұйырады, бізге үкім шығаратын – сол Сөз. Бізден қалған мұра мәңгілікте қалады ма, осы өткінші дүниемен бірге жоқ болады ма?

НИЕТИМІЗГЕ ЗЕР САЛАЙЫҚ

Бірінші тараудағы негізгі ойды қайталап өтейік. Кез келген уақытта дарыныңызды қолдануда келесі үш жолдың бірін таңдай аласыз.

- Дарынымызды Құдайдың Патшалығын орнату үшін қолдана аламыз;
- Дарынымызды өз өмірімізді жақсарту үшін қолдана аламыз;
- Дарынымызды елеусіз, ескерусіз қалдыра аламыз.

Тізімде екінші орында тұрған тұжырымды мұқият қарастыруымыз керек, өйткені осы тұста көп адам сүрінеді. Басқалардың рухани өсуін қолдап жүрміз деп ойлап, шын мәнінде өз пайдасы үшін әрекет етіп жүргендер көп.

Байқаусызда өзім де осы күйге түскенім бар. Көп жыл бұрын, Құдайға қызмет етуімнің алғашқы жылдарында, қауым мүшелері мен қызметкерлеріне және барлық таныстарыма тек жылы, құлаққа жағымды сөздер айтумен болатынмын. Шындыққа жатпаса да, көңілін аулап сөйлейтінмін. Жұрт мені жүрегі сүйіспеншілікке толы, мейірімді адам санайтын болды. Өзім туралы мұндай жақсы пікір жүрегімді жылытып жүрген.

Бірде, мінәжат етіп отырғанымда, Құдай «Жұрт сені мейірімді, ақжарқын адам санайды, солай ма?» деді.

Жайшылықта мұндай сөзді мақтау деп қабылдар едім, алайда, Киелі Рухтың бұл жолы айтпағы басқа екенін сездім. Сондықтан, абайлап қана «Иә, солай болса керек» дедім.

«Жұрттың бәріне тек жағымды сөз айтуыңның себебін білгің келеді ме?» деп сұрады Киелі Рух.

«Білгім келеді» дедім, ойланып.

«Өйткені, адамдардың салқын қабағынан қорқасың», – деді

Ол. – «Шын мәнінде кімді сүйесің, басқаларды ма, өзіңді ме?»

Жүрегімнің түбіндегі ниетімнің әшкереленгенін түсіндім, Киелі Рухтың айтқанымен келіспеске амалым қалмады.

Содан кейін Құдай былай деді: «Адамдарды шын сүйсең, өзіңді жаратпай қалатын болса да, шындықты айтар едің».

Бұл ескерту менің адамдарға деген көзқарасымды түзетуді көздеген еді. Ал енді кітап тақырыбына қайта оралайық. Құдай берген дарынымызды да осылайша теріс ниетте пайдалануымыз мүмкін бе? Яғни, сырт көзге дарынымызды Құдай Патшалығын кеңейту үшін қолданып жүргендей көрінгенімізбен, шын мәнінде ниетіміз – өзімшіл болуы мүмкін бе? Ондай мүмкіндік бар, әрине. Осыған орай өз өмірімнен мысал келтіріп, Киелі Кітап аяттарын да келтірмекпін.

Әдетте конференцияда немесе қауым жиналысында не жайлы айтуым керектігін Құдай маған тікелей айтпайды. Дегенмен, әрдайым жүрегімді тыңдап, Киелі Рухтың жетелеуін күтемін. Бірақ рет уағыз айтарда Құдайдан нақты нұсқау алғаным бар.

АҚШ-тың Орта Батыс аймағында өтетін бір конференцияда уағыз айтуым керек болатын. Уағыз айтатын күні таңертең қонақүйдегі бөлмемде оянған сәтімде Киелі Рухтан «Бүгін кешке конференцияда *“Шайтанның тұзағы” тақырыбына уағыз айтқаныңды қалаймын*» деген сөз келді (1994 жылы жазылған бұл кітабым жанымызға жара түсірген адамдарды шын жүректен кешіріп, өкпе-ренішті жеңу туралы).

Көнгім келмей, күні бойы арпалыстым. *«Шайтанның тұзағы»* – бірнеше жыл сатылуда, бестселлер болған кітап. Бұл кітаптағы жолдауды бірталай уақыт бойы бүкіл елді аралап жүріп уағыздаған болатынымын, оны естіген адамдар өте көп. Оның үстіне, келесі кітабымды жазып жүрген кезім болатын. Бірнеше ай бойы әлдебір тақырыпты ойша саралап, ойыңызды қағаз бетіне түсіріп жүрсеңіз, сол тақырыпта жұрт алдында сөйлеу де оңайырақ. Ескі жолдауды уағыздауға да аса құлқыным соқпады. Киелі Рухтың әлгі нұсқауына бағынғым келмегені содан. Дегенмен, нұсқау анық, қашып құтыла алмаймын.

Конференция өтіп жатқан жерге келгенімде, уағызымды естімек болып, шалғайдан келген адамдардың көп екенін естідім. Алыстан ат арылтып келгенде, көп рет қайталаған уағызымды тағы еститін болды-ау деп ойлады, сірә, *«Шайтанның тұзағы»* атты кітабымды да оқып шыққан болар.

Залға кірдім. Жиналған жұрттың көңіл-күйі көтеріңкі, алдағы уағыздан дәмелі екені анық сезіледі. Киелі Рухтың таңертеңгі нұсқауына бағыну енді тіпті қиын. Залда отырған адамдардың көңілін қалдырғым келмейді. Осы қысымға төтеп бере алмай, «жаңа» жолдауды уағыздауға бел будым. Бәрі жақсы өтті. Уағызым жігерлі болды, тыңдаушыларым ықыласпен қабылдады. Кей тұстарда менімен келісетінін білдіріп, орнынан тұрған адамдар да болды. Таңертеңгі естігенім – қателік болғандай, немесе тілазарлығымды Құдай «байқамай қалғандай» болды. Қалай болғанда да, өзімді бақытты сезіндім.

Уағыздан кейін, қызметкерлерге арналған бөлмеде жиналды. Мұндағылардың бәрі уағызымнан жігер алғанын айтып, алғысын жаудырып жатыр.

Әдетте қай қалада қызмет етсем де, қуаныш пен қанағаттану сезіміне толып қайтамын, Құдайдың күлімсірей қарап тұрғанын сезгендей боламын. Бұл жолы олай болмады. Таңертең жүрегімді жүк басқандай ауыр сезіммен ояндым. Көңілім құлазып, әлім кетті. Бойымды басқан әлсіздікті жеңе алар емеспін. Бұл күйімнің себебі біреу-ақ – Құдайдың еркін орындаудан бас тартқаным. Құдайымның алдында тізе бүгіп, тәубе еттім де, кешірім сұрадым. Исаның қанымен мені осы күнәдан тазартуын сұрадым.

Алайда, көңілім орнына түсер емес. Жүрегіме тыныштық орнай қоймады. Сол бір ауыртпалық жүрегімде күні бойы қала берді – қонақүйде, әуежайға бара жатқан жолда, кешіккен ұшақты күтіп әуежайда отырғанымда, АҚШ-тың батыс жағалауына дейінгі сапар барысында. Жанымды жайлаған күйзеліс пен қынжылысым өте ауыр болды. Ақыры, Сан Диего қаласының әуежайына қонарда ауыр сезімдерден арылдым-ау.

«Әке, тәубе етіп, күнәмді кешіруіңді сұрағаным – таңертең

еді. Жүрегіме тыныштық орнап, қуанышты қалпыма енді ғана келуімнің себебі неде?» деп сұрадым.

Құдайдың жүрегіме айтқанын естідім: «Тілазарлығыңның жүгін кешке дейін арқалауыңа жол берген – Менмін. Күнәңның салдары ауыр болатынын сезінуің керек. Сол жиналысқа бір бағушы барған еді. Ол саған тапсырған «Шайтанның тұзағы» туралы жолдауымды естуі керек еді. Оның өмірі мен қызметінде сын сағат туды. Сен менің тілімді алмадың, ал тілазарлықтың салдары ауыр болмақ. Әлгі ауыр сезімдер – саған деген ескерттім, бұдан былай тілазарлыққа жол бермегейсің. Басқа қалаға келдің: енді айтқанымнан шықпа».

Кешегі кеш ойымнан шықпады. Конференция қонақтары да, қызметкерлер де, ұйымдастырушылар да, – барлығы менің уағызыма ризашылығын білдіріп жатты. Сол қауымға келесі барғанымда уағызымның әсері жайында куәліктер де естідім. Сол жолы дарынымды Құдайдың еркіне сай қолданбасам да, дарынның игі әсері тоқтаған жоқ.

«Бұлай болуы мүмкін бе?» дейтін шығарсыз. Киелі Кітаптағы Құдай берген дарынды теріс қолдану мысалдарын қарастырайық. Мұса пайғамбарды алайықшы. Оның міндеті Исраил халқын Уәде етілген жерге апару болатын. Сол миссиясын орындау үшін Мұсаға бұрын-соңды болмаған кереметтер жасау дарыны берілген еді.

Бірде Құдай Мұсаға жартастан су шығарып, иен даланы кезген халықтың шөлін қандыруды бұйырды. Мұса жартасқа қарап Құдайдың Сөзін айтуға тиіс еді. Алайда, пайғамбар, Құдайдың бұйрығына бағынбай, жартасқа сөйлеудің орнына, оны таяғымен ұрды. Дегенмен, жартастан су шықты. Және су ағыл-тегіл мол, шөл далада қалған миллиондаған адамға жетерлік мөлшерде болды. Мұса жасаған ұлы кереметтердің бірі осы еді. Пайғамбарға қонған дарынның құдіретін көріп, халық оған қайта мойынсұнды. Алайда, «конференция» бітісімен, Мұса дарынын Құдайдың еркіне сай қолданбағаны үшін Жаратқан Иенің алдында жауап берді. Сол тілазарлығы үшін Мұсаға Уәде етілген жерге кіруге тыйым

салынды. Осы жайында ойлансаңыз, Құдай берген дарыныңызды дұрыс қолданудың қаншалықты маңызды екенін түсінесіз.

Келесі мысалымыз – Балағам. Оның Исраил халқы жайлы айтқан пайғамбарлық сөзі Киелі кітапта мәңгі қалды. Сіз айтқан пайғамбарлық сөз Киелі кітап беттерінде қалса, нағыз керемет емес пе! Алайда, бұл әңгіменің жалғасы бар. Алдына келген адамдарға еріп, олардың сұрағанын орындауға Құдай Балағамға тыйым салды:

«Олармен барып, сол халықты қарғаушы болма! Себебі олар жарылқанған» (Руларды санау 22:12).

Балағамның Құдайға бағынбағанын білеміз. Бірақ оның дарыны ешқайда жоғалған жоқ. Мынаны түсіндіріп кеткім келеді: Құдай бізге берген дарындардың әрқайсысын Өзі басқарып, қолдануын қадағалап отырмайды. Олай етсе, біз басқарушы атанбас едік. Басқарушы өзіне сеніп тапсырылған мүлікті өз еркінше басқарады, мүлік иесі оның әрекеттерін күнделікті қадағалап отырмайды. Киелі кітапта осындай басқарушыны көруге болады:

«Иса шәкірттеріне мына астарлы әңгімені де айтып берді: «Бір байдың үй шаруашылығын басқаратын кісісі болған екен. Сол адам мал-мүлкіңізді шашып жатыр деген сыбыс байдың құлағына жетеді. Бай оны шақырып алып:

– Сен туралы естіп жүргенім не әңгіме? Жұмысың жайлы есеп бер! Бұдан былай үйімді басқара алмайсың, – деп шешеді» (Лұқа 16:1-2).

Ауқатты адамдардың өз меншігін басқа біреуге басқартуы сол заманда қазіргіден әлдеқайда жиі кездесетін. Бүгінгі таңда сирек кездесетін құбылыс болғандықтан, кейбір жайттарды байқамай қалуымыз мүмкін. Мысалы, бұл әңгімедегі мүлік иесі ұзақ уақыт бойы басқарушының әс-әрекетінен бейхабар болғанына назарыңызды аудармақпын. Яғни, басқарушыны күнбе-күн бақылап отырмаған. Ұзаққа созылған бұрыс басқаруды тоқтату үшін басқа бір адамның араласуы қажет болған.

Дәл сондай жағдай Жаратылыстың басталуы кітабында, Жүсіптің өмірінде де болған. Мысырға құл болып сатылғаннан кейін ол әуелі Потифардың үйінде малай болды. Кейін қызметі жоғарылап, Потифардың бүкіл меншігін қарайтын басқарушыға айналды.

«Сол себептен Потифар өзіндегінің бәрін де Жүсіпке сеніп тапсырып, тек күнделікті жейтін тамағының ғана қамын ойлады». Осы аяттан көріп тұрғанымыздай, Потифар Жүсіптің жұмысын егжей-тегжейлі қадағалаған жоқ, меншігін басқаруды Жүсіпке сеніп тапсырды (Жаратылыс. 39:6).

Құдайдың бізге әлдебір дарындарды сеніп тапсыруы осыған ұқсас. Пауыл елші бізге харизманы – Құдайдың рақымымен берілген дарындарымызды дұрыс басқаруды үйретеді.

АЙҚЫН КӨРІНБЕЙТІН ДАРЫНДАР

Зерттеуімізді әрі қарай жалғастырайық. Біріншіден, Петір елшінің сөзін есімізге түсірейік: «Тәңір Ие рақым етіп сыйлаған алуан түрлі рухани дарындарыңды жақсылап қолданыңдар. Әрқайсыларың қабылдаған дарындарыңмен бір-біріңе адал қызмет етіңдер». Басқарушы ретіндегі міндетіміз – қызмет ету, яғни, дарынымызды дұрыс қолдану. Дарын адамның өзі үшін емес, басқаларға қызмет етуі үшін беріледі. Грек тіліндегі түпнұсқада «қызмет ету» деген сөздің орнында «*διακονέο*» деген сөз тұр, оның мағынасы «қызмет ету, қызмет көрсету, істі соңына жеткізіп, орындап шығу». Дарынымызбен қызмет етуге дайын болуымыз керек. Дарындар тегін берілген, сондықтан оларды басқалардың иілігіне қолдану – Құдай алдындағы міндетіміз.

Біз «Тәңір Ие рақым етіп сыйлаған алуан түрлі рухани дарындарымызды жақсылап қолданып, бір-бірімізге адал қызмет етуге» тиіспіз. Мұндағы «алуан түрлі»⁶ деген сөзге назар аударыңыз. Құдайдың Өз халқына берген түрлі дарындарын тізіп айта берсек, кітапқа сыймас еді. Ондай тізімді жасау мүмкін

болмас, сірә. Кейбір дарындар Құдай Патшалығын кеңейту ісіне тікелей қатысты. Алайда, көптеген дарындардың Құдай Патшалығына қатысын байқау қиын. Мысал келтірейін.

Жақында бір танымал бағушы өзі өткізетін жыл сайынғы конференцияның қарсаңында болған қызық оқиғаны айтты. Конференцияға қызу дайындық жүріп жатқан кез екен. Бағушы залдағы орындықтарға қатысушыларға арналған парақшаларды қойып жатқан адамды көреді. Бұл кісі – қауым мүшесі, мамандығы – дәрігер.

Бағушы сол кісінің жанына барып:

– Доктор, бұл жұмысты істейтін еріктілер мен стажерлар бар. Сіз бұл іспен айналыспай-ақ қойыңыз, – депті.

Дәрігердің жауабы сыпайы болса да, нық болыпты:

– Осы конференцияға бола жылда жұмысымнан демалыс аламын. Мен үшін бұл жыл бойындағы ең тамаша апта, өйткені осы бір аптада Құдай Патшалығына аздаған үлесімді қоса аламын.

Досымның әңгімесін тыңдап, сол дәрігердің осындай көзқарасына қатты қынжылдым. Өзінде бар дарынның Құдай Патшалығын үшін маңызды екенін түсінбей жүр екен. Мұның себебі, жоғарыда айтқанымдай, кейбір дарындардың Патшалықпен байланысы көзге көрініп тұрса, басқаларының Құдай Патшалығына қатысы жоқтай көрінеді. Солай болғанымен де, әрбір дарын маңызды.

Әлгі дәрігер бауырымыздың көзқарасы бірінші тарауда айтылған Стендікіндей. Осы орайда бірнеше сұрағым бар. Дәрігерлер болмаса, қайтер едік? Құдай Патшалығында қызмет етуге тағайындалған адамдар науқастанып қалса, кімге жүгінер еді? Дәрігерлік көмек болмаса, көбіміз өмірден ерте өтер едік.

Осы тұста ойдан шығарылған бір мысал келтірмекпін. Бір әйел қатты ауырып, балаларына қарай алмай қалады. Дәрігерлік дарыны бар маман оны емдеп шығады. Енді ажалдың беті қайтып, әйел аурудан жазылды. Кешегі төсек тартып жатқан ана енді

отбасына оралып, өз дарынымен – даналықпен бала тәрбиелеу дарынымен қызмет етуді жалғастырады. Оның қызы өскен сайын, инновация саласында дарыны бар екені белгілі болады. Анасы оны барынша қолдап, сол салада білім беруге тырысады. Қызы программист мамандығын алады да, компьютерге арналған бағдарламалар шығаратын компанияға жұмысқа тұрады.

Дарынын дұрыс қолдануының арқасында, өз мамандығында білімі мен тәжірибесін арттыра келе, бұрынғыдан әлдеқайда тиімді жаңа байланыс әдісін ойлап табады. Алайда, бұл жаңалық туралы жарнама бөліміндегі әріптесі болмаса, ешкім білмес еді. Ол өз дарынына сүйеніп, тұтынушылар мен сатушыларға осынау жаңа бағдарлама жайлы ақпаратты жеткізеді.

Бизнес жүргізуде дарыны бар бір кәсіпкердің компаниясы осы бағдарламаны өндірушіден алып, сата бастайды. Бұл компанияның дүкендер желісіндегі дарынды сатушылардың бірі бағдарламаны дүние жүзіне Ізгі Хабар тарататын қызметке сатпақ болады.

Сол қызметте дарынды IT-маман бар екен, ол жаңа бағдарламаның әлеуетін байқап, басшысына оны сатып алуға кеңес береді. Бағдарлама алынғаннан кейін, іске қосып, қолдана бастайды.

Жаңа бағдарламаның арқасында қызметтің дүние жүзіндегі бағушылар мен жетекшілерге деген игі ықпалы арта түседі. Нәтижесінде құтқарылған адамдардың саны бірнеше есе артады, сол байланыс құралы арқылы Исаға шәкірт болған адамдар көбейеді.

Ақырғы Сотта Иса әлгі дәрігерге әлемнің әр түкпіріндегі құтқарылған адамдарды көрсетіп, олардың құтқарылуына дәрігердің үлес қосқанын айтады. Дәрігер «Жоқ, менің бұл адамдарға қатысым жоқ. Мен ол елдерге барған емеспін» дейді.

Сонда Иса оған өз ісіне адал болып, дарынын дұрыс қолданғанының арқасында Құдай Патшалығына үлес қосқанын, оның үлесі басқа мамандардың үлесіне ұласып, жемісі көптеген адамдардың құтқарылуы мен әлемнің әр түкпіріндегі

сенушілердің сенімінің нығаюы болғанын көрсетеді. Менің ойымша, Иса дәрігерге: «Сен өзіңнің дәрігерлік міндетіңе адал болдың, жұмысыңды Құдай алдында, Құдайға қызмет еткендей, атқардың, жемісің зор. Өз ісіңе деген адалдығың Құдай Патшалығының ықпалының кең тарауына, көптеген адамның құтқарылуына септігін тигізді. Жарайсың, жақсы да адал қызметшім!» дейді.

«Осы ұйғарымыңды Киелі Кітап қолдайды ма?» деп сұрауыңыз мүмкін. Мына аятты оқып шығыңыз:

«Қандай жұмыс болса да, оны адам баласы үшін ғана емес, Иеміз үшін істеп жүргендей жан-тәндеріңмен атқарыңдар! Себебі осының ақысы ретінде сендер Иемізден Оның уәде еткен игіліктерін қабылдайтындарыңды білесіңдер. Қызмет ететін Қожайындарың — Мәсіхтің Өзі ғой» (Қолос. 3:23-24).

Менің келтіргенім – бір ғана мысал. Шын мәнінде мұндай байланыстар, себеп-салдарлар мен ұласымдық реакциялар сансыз көп.

Бағушы досым айтқан әңгімеге қайта оралайық. Оның қауымындағы дәрігер бауырымыз жылына бір-ақ апта ғана істеген ісіне қанағаттанады (Мұндай сезім өз дарынының маңыздылығын түсінбегендіктен туындаған, әрине). Ал егер ол кісі осындай жағдайдан жалығып, жылына 52 апта бойы өзін жақсы сезінбек болып, медицина саласын тастап кетсе ше? Мәселен, шәкіртшілік бағадарламасын жасап, өзінің қауымында сабақ беретін болды дейік. Ақырғы Сотта ол кісіні не күтіп тұр? Өзіне сеніп тапсырылған дарынды қолданбағанын ескерсек, Құдайдан сый-марапат алады деп айта аламыз ба?

Қанша қиналса да, толық қызметтен кетпей жүрген адамдарды жиі көреміз. Олар қауымнан тыс та дарындарын іске асырып, өмірден өз орнын таба алатынына сене алмайды.

Қауымның ішінде емес, қоғамда жүріп, Құдай Патшалығына

қызмет ете алатын дарындарды байқау үшін білім, рухани сезімталдық, даналық керек.

Денсаулық сақтау, білім беру, спорт, кәсіпкерлік, өнер-мәдениет, медиа, тағы басқа салалардағы дарындарыңыз, тіпті, отбасындағы еңбегіңіз де Құдай Патшалығы үшін маңызды. Бас Сәулетшінің Өзі солай ұйғарған.

Құдайға мойынсұнып, Иеміздің еркін орындауымыз бен Ізгі Хабардың әлемге тарауының арасындағы байланысты Исаның алдына барғанымызда анық көретін боламыз. Пауыл елші айтқандай, «...кейбіреулердің игі істері ... айқын көрінеді. Ал ашық білінбейтін іс-әрекеттер де жасырын қала алмайды» (Тимоте 15:25).

Сондықтан, дарыныңыз анық болса да болмаса да, мына қағиданы ұстанғаныңыз жөн:

«... әркімге Құдай Иеміз нені белгілеп, оны неге шақырса, ол солай өмір сүре берсін!» (1 Қорынт. 7:17).

ТҮПКІ НИЕТИМІЗ АСА МАҢЫЗДЫ

Дарынымызды басқару үлгісі ретінде Пауыл елшінің сөзін алған едік, соған қайта оралайық:

«Ал Ізгі хабарды уағыздап жүргенімнің өзі мақтануыма себеп бола алмайды, ол борышты міндетім: Ізгі хабарды уағыздамасам, қасіретке қалар едім. Егер оны өз еркіммен істесем, еңбегімнің ақысын күтер едім...» (1 Қорынт. 9:16-17).

Келесі ақиқатқа баса назар аударуымыз керек: Алатын сый-марапатымыз ерікті түрде орындаған еңбегімізге, дәлірек айтсақ, сол еңбекке деген ынта-ықыласымызға тікелей байланысты. Яғни, Құдайға қызмет еткенде, өз пайдамыздан бас тартсақ, сый-марапат аламыз, ал ниетіміз өзімшіл болса, марапаттан құр қаламыз.

Жүрегіміздің түбінде жатқан шынайы ниетіміз адал болсын, өзімшіл болсын, алуан түрлі көрініс табады. Бәрін тізіп айту мүмкін

болмас. Тек бірнеше мысал келтіргім келеді. Ниеті пәк, таза, қара басының қамын ойламайтын адам «Құдай берген дарындарыммен басқаларға қызмет ету – не деген мәртебе!» деп ойлайды. Өзімшіл адам болса, «Қабілеттерімді қолданып, пайда табуым керек». Сайып келгенде, біріншісінің ниеті «Сен үшін не істей аламын?», екіншісінікі – «Осы ісімнен қандай пайда табамын?»

Адал ниет «Қайтымы қандай болса да, қолымнан келген жақсылықты жасаймын» дейді. Өзімшілдік «Ақысы жақсы болмаса, бұл жұмысты неге істеймін?» дейді.

Адал ниет «Көмекке зар болып жүрген адам көп, сондықтан алға ұмтылуым керек» деп ойлайды. Өзімшілдік «Жағдайымды жақсарттым, енді дем алсам болады» дейді.

Пауыл елші *көзқарас* пен *ниеттің маңызы туралы былай дейді*: «...бізге Мәсіхтің нөкерлері ретінде, әрі Құдай Өзінің ашып білдірген құпия хабарын басқаруды сеніп тапсырғандары ретінде қарау керек». Осы сөзден кейін былай деп жазады:

«Менің сенімділігімді сендер тексеріп, бағалайсыңдар ма, әлде осы дүниелік басқа мекеме ме, оған қам жемеймін, өзіме-өзім де баға қоймаймын. Өзімді айыптайтын ешқандай қылығым есімде жоқ, алайда бұл мінсіз екеніме жеткілікті дәлел бола алмайды. Себебі мені тексеріп, бағалайтын — Иеміздің Өзі. Сондықтан уақыты келместен бұрын айыптауға асықпай, Иеміздің қайта оралуын күтіңдер! Ол әзірше қараңғыға жасырылғанды әшкерелеп, жүрегіміздің ой-ниеттерін ашып көрсетеді. Сол кезде Құдай әрқайсымызға лайықты мақтауын береді» (1 Қорынт. 4:3-5).

Пауыл достарының, сыншыларының, әлдебір мекеменің өзіне берер бағасын ойлап, қам жеген жоқ, тіпті, өзіне-өзі де баға берген жоқ. Осынау бағалар мен пікірлердің ешбір құны жоқ. Бәріміз баратын Құдайдың Соты ғана маңызды. Өмірімізге, істеген істерімізге, дарынымызды қалай және қайда қолданғанымызға Иса баға беретін болады, сол баға ғана маңызды.

Құдайға мойынсұнып істеген әрбір игі ісіміз Сотта мұқият

қаралатыны сөзсіз. Бұл туралы Исаның айтқаны анық:

«Тыңда, Мен жуырда келемін! Әркімге ісіне қарай беретін сыйымды Өзіммен бірге ала келемін» (Аян 22:12). Сотта «екінің бірі» емес, «бірі де, екіншісі де» қаралады – яғни, істеген ісіміз де, сол істі қандай ниетпен істегеніміз де қаралады.

Пауыл елші сенбеушілердің ісі қаралатын сотты – «Ұлы ақ тақтың алдынды өтетін сотты» айтып тұр екен деп қалмаңыз. Онда Исаның құрбандығы арқылы берілетін құтқарылуды қабылдамаған адамдардың күнәларына үкім шығарылады. Пауылдың айтып тұрғаны – ол сот емес, өйткені, «Ұлы ақ тақтың алдынды өтетін сотта» ешкім де Құдайдан «мақтау» алмайды.

Келтірілген аяттардың мәнмәтінін ескерген жөн. Пауыл елші «басқару» жайында айтады. Сондықтан, Пауылдың нені меңзеп отырғаны анық. Сотта қараңғыға жасырғанымыз бен жүрегіміздің ой-ниеттері ашылатын болады. Осыны назарыңыздан тыс қалдырмаңыз!

Уағызымның тақырыбы жөніндегі Құдайдың айтқанына бағынбағанымды мысалға ала отырып, жоғарыдағы ақиқатты біржола анықтап алайық. Сол күні конференцияға қатысып, уағызымды тыңдаған адамдар әлі күнге дейін “жаңа” жолдауды уағыздағанымда, Құдайға мойынсұнып әрекет еткеніме сеніп жүрген болар. Шындығында олай емес еді. Ақырғы Сотта сол жолғы тілазарлығым дүйім жұрт алдында ашылатын болса керек, бұлай ойлауыма себеп – Исаның мына сөзі:

«Ашылмайтын сыр, білінбейтін құпия болмайды. Сондықтан қараңғыда айтқандарың [жүрек түбіндегі жасырын ниеттеріміз] жарықта естіледі, үй ішінде құлаққа сыбырлағандарың жұртқа жария болады!» (Лұқа 12:2-3, шаршы жақшаның ішіндегі түсініктеме – автордыкі).

Сот алдына барғанымда, әлгі бағушы мен сол күні

«Шайтанның тұзағы» туралы жолдауды ести алмаған басқа да тыңдаушыларымнан кешірім сұрауым әбден мүмкін.

ҚҰДАЙ БІЗДЕН НЕ КҮТЕДІ?


Басқару жөніндегі түсінігіміз дұрыс та толық болуының маңызын көрдік. Ендігі басты сұрағымыз: «Иса бізден не күтеді?» Яғни, өзімізге сеніп тапсырылған дарындарды қалай қолданғанымызды бағалағанда, қандай нәтижеге қарайды? Осыны біле аламыз ба? Әрине, біле аламыз, өйткені, Исаның Өзі былай деген:

«Сот дайын тұр: Мен білдірген хабар қиямет күні оларға төрелік ететін болады» (Жохан 12:48, NLT аудармасы).

Осы кітаптың мақсаты болып табылатын зерттеуімізді келесі тараудан бастаймыз. Бұл зерттеу тартымды да жігер берерлік саяхат болмақ.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Осы тарауды оқығанға дейін өзіңізді-өзіңіз басқарушы ретінде қарастырып па едіңіз? Себебін түсіндіріңіз.
2. Сізге берілген дарындар өзіңізге арналмаған; дарындарыңыз сіз арқылы басқаларға қызмет етуі тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, сіз – Құдайдың басқаларға бермек жарылқауын өз бойында алып жүрген адамсыз. Сонымен, дарыныңызды басқаруда адал болуыңыз не себепті соншалық маңызды? Дарыныңызды дұрыс басқармасаңыз, оныңыздың салдары қандай болуы мүмкін?
3. Кез келген уақытта дарыныңызды қолдануда келесі үш жолдың бірін таңдай аласыз. Дарыныңызды Құдайдың Патшалығын орнату үшін қолдана аласыз. Дарыныңызды өз өміріңізді жақсарту үшін қолдана аласыз. Дарыныңызды елеусіз, ескерусіз қалдыра аласыз. Дарыныңызды қалай қолданып жүрсіз? Құдай берген дарындарыңызды басқаруға өзгеріс енгізгеніңіз жөн деп ойлайсыз ба? Қандай өзгеріс керек?



*Сондықтан бізге Мәсіхтің нөкерлері ретінде,
әрі Құдай Өзінің ашып білдірген құпия хабарын
басқаруды сеніп тапсырғандары ретінде қарау
керек. Ал басқарушылардың әрқайсысынан
сенімді болуы талап етіледі.*

–1 Қорынт. 4:1-2

Адал

Пауыл елші өзін де, серігі Аполлосты да Иса Мәсіхтің қызметшісі және Құдай берген дарындарды басқарушы деп атайды. Алдыңғы тараудан білгеніміздей, бұл сөздер осы екі ұлы адамға немесе қазіргі заманғы қауым жетекшілеріне ғана емес, әрбір сенушіге де қатысты. Сіз бен біз де Иса Мәсіхтің қызметкерлеріміз, қызметімізді, ең алдымен, өзімізге сеніп тапсырылған дарындарды дұрыс басқару арқылы орындаймыз.

Басқарушыға қандай талап қойылатынын қарастырайық. Тараудың басында келтірілген аятта басқарушының сенімді, яғни, адал болуға тиіс екені айтылған. Екі, үш немесе одан да көп талап қойылмаған. Пауыл елші «басқарушы қашанда қуанышты, мықты, Киелі Кітапты жақсы білетін, мейірімді адам болуы керек» деп жазса немесе басқа да талаптар қойса да, болатын еді. Бұл қасиеттердің ешқайсысын төмендетпек емеспін, дегенмен, мұнда басқарушыға қойылатын жалғыз талап туралы айтылған, ол – адалдық, және ол міндетті түрде болуы керек. Сондықтан, жақсы басқарушы болып, Иемізден мақтау естігіміз келсе, адалдықтың не екенін мұқият зерттеуіміз керек.

АДАЛДЫҚТЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Көп саяхаттап, әр елде қызмет ететінімді білесіз. Тыңдаушыларымының көбісі – Құдайға қызмет етіп жүрген адамдар, дегенмен, корпорациялардағы, өкіметтегі, білім беру

саласындағы, спорттағы, бизнестегі ұжымдардың алдында да сөз сөйлеймін. Сол ұжымдардың мүшелерінен «адалдық» сөзінің мағынасын түсіндіруін сұрадым. Тыңдаушыларым беретін жауаптардың ішіндегі жиі қайталанатындарын жазып алдым:

- Табанды
- Бір бағытты ұстанатын
- Сенімді
- Шынайы
- Берік
- Әділ
- Айнымас
- Шын берілген
- Шыншыл
- Батыл
- Тіл алғыш

Басқа да анықтамалар айтылады, дегенмен, ең жиі айтылатын сөздер – осы. Бұл сөздердің барлығы – «адал» сөзінің сөздіктердегі анықтамасына сәйкес келетін синонимдер.

Алайда, «адалдық» сөзінің тағы да бір өте маңызды баламасы бар, оны мен бірде-бір кездесуде естіген жоқпын. Бұл – «арттыру, көбейту немесе молайту».

«Көбейту? Оның адалдыққа қатысы жоқ!» деп ойлаған боларсыз. Ағылшын тілінен сабақ берген мектептегі мұғалімдерім тәрізді, сіз де ана тілімді білетініме күмәнданып қалған шығарсыз. Асықпаңыз, тараудың соңында «адалдық» сөзінің осы баламасымен келісіп қана қоймай, оның қаншалықты маңызды екенін де түсінесіз.

АТ БАСЫНДАЙ КҮМІС ТУРАЛЫ АСТАРЛЫ ӘҢГІМЕ

Көбейту туралы тұжырымымды түсіндіру үшін Исаның ат басындай күміс туралы астарлы әңгімесін келтірмекпін. Бұл әңгімені талай рет оқыған боларсыз, дегенмен, тағы бір рет

мұқият оқып шығыңыз.

Аспан Патшалығын ұзақ сапарға аттанған адам туралы әңгіме арқылы сипаттауға болады. Ол қызметшілерін жинап алып, оларға байлығын сеніп тапсырады.

«Бұл жайт сапарға шықпақ болған бір кісінің әрекетіне ұқсас: ол кетер алдында қол астындағы қызметшілерін шақырып алып, оларға меншікті қаражатын аманаттап тапсырады» (Матай 25:14).

Біріншіден, бұл – астарлы әңгіме, яғни, тікелей мағынада емес, ауыспалы мағынада айтылған мысал. Сондықтан, оны Киелі Кітаптың жалпы мағынасына, Құдай Сөзінің толық жолдауына сай түсінуіміз керек. Ұзақ сапарға аттанған кісі Исаны бейнелейді. Оның қызметшілері мен мүлкін басқарушылар – біз.

Екіншіден, үй иесінің сапары өте ұзаққа созылды. Мұны растайтын екі жайтқа назарыңызды аударғым келеді. Иса бізге Құдай Патшалығын орнатуға тапсырма бергелі екі мың жылдай уақыт өтті. Исаның осы мақсатқа бола құрбан болғанын білеміз. Иса әлі оралған жоқ, қашан келетінін білмейміз. Алайда, қазірдің өзінде Исаның көкке көтеріліп кеткенінен бері өте ұзақ мерзім өтті.

Үшіншіден, мүлік иесі басқарушының әрекетін күнбе-күн бақыламайтынын көріп тұрмыз. Алыс елге кеткен қожайын ай сайын келіп, қызметшілерінің жұмысын қадағалап отырған жоқ. Тексеріс бір-ақ рет, қожайын біржола қайтып келгенде, болады.

Әңгімені әрі қарай оқиық:

«Әрқайсысына қабілетіне қарай, біреуіне бес, келесісіне екі, тағы біреуіне бір ат басындай күміс береді. Содан кейін сапарына аттаныпты» (Матай 25:15).

Исаның астарлы әңгімесінде қожайын қызметшілеріне қаражатын сеніп тапсырған екен. Киелі Кітап аудармаларының көбісінде «*талант*» деп жазылған, бұл – грек тіліндегі

«*талантон*» сөзінің дәл аудармасы. Талант негізінен алтын мен күмістің салмағын өлшегенде қолданылатын бірлік болып табылады. Бір талант шамаман алғанда, 34 килограмм. Мамандардың айтуынша, бір талант күмістің құны 18 000 долларов шамасында (басқа да пікірлер бар, бірақ олар да осы төңіректе). Ал Инжіл Шарифте талант аса көп қаражатты білдіретініне мамандар бірауыздан келіседі. Отыз төрт килограмм күміс – ұсақ-түйек емес!

Исаның осы әңгімесінің мән-мағынасын түсінуіміз үшін күмістің дәл құнын білуіміз маңызды деп ойламаймын. Дегенмен, бір талант аса зор жауапкершілікті бейнелейтіні анық.

Бұл астарлы әңгімені қаражатқа қатысты қолдануға болады, алайда, өз басым Иса тек ақша туралы айтып тұр дегенге сенбеймін. Астарлы әңгімелерінің барлығында Иеміз адамдар мен заттарды бейнелеу үшін түрлі баламаларды қолданған еді. Бидай әділ адамдарды, арам шөп күнәкарларды, тікенек күйбең тірлікті, астық ору заманның ақырын, орақшылар періштелерді бейнелейтінін білеміз. Жаңа Өсиеттің жалпы мағынасына сүйенсек, қызметшілерге тапсырылған ат басындай күмістер харизманы, яғни, бізге берілген дарындарды бейнелейді десек, қателеспеспіз.

Назар аударатын тағы бір жайт – қызметшілерге берілген қаражат мөлшері әртүрлі. Осы себептен бізге тапсырылған дарындарды сый деп те атауға болады. Бұл жайында төменде көбірек жазылған. Кейбіреулердің дарыны – біреу, кейбіреулерде екі дарын бар, енді біреудің дарыны одан да көп.

Қызметшілерге берілген күміс мөлшерінің әртүрлі болуы тағы мынаны бейнелейді: дарындардың ықпалы әртүрлі. Шындығын айтайық: кейбір адамдардың дарыны басқалардыкінен гөрі ықпалды келеді. Мысалы, әншілік дарыны бар адамдар тыңдаушыларының барлығына әсер етіп, жігерлендіре алады. Дегенмен, әншінің барлығы Селин Дион мен Андреа Бочеллидей дарынды емес. Сонымен, менің ойымша, әрбір ат басындай күміс белгілі бір дарынды немесе сол дарынның ықпал ету әлеуетін

бейнелейді. Сөзімізді әрі қарай сабақтайық:

«Бес ат басындай күміс алған қызметші онысын дереу айналымға жіберіп, содан қосымша тағы бесеуін табады. Екі ат басындай күміс алғаны да дәл солай істеп, қосымша тағы екеуін табады. Ал бір ат басындай күміс алғаны қожайынының қаржысын бір жерге апарып, көміп тастайды» (Матай 25:16-18).

Рұқсат етсеңіз, әңгіме кейіпкерлерінің әрқайсысына ат қойып, оқиғаны көз алдымызға келтіріп көрейік. Қызметшілердің есімдері Элисон, Боб, Ларри болсын. Элисонның қолында ат басындай бес күміс бар еді, онысын *көбейтіп*, өзіне тапсырылған қаражатты екі еселендірді. Боб қолындағы күмісті айналымға салып, *көбейтті* де, ат басындай күмістің санын төртке жеткізді. Ларри болса, дарынын көбейткен жоқ; өзіне тапсырылғанды сақтап қана қалды. Есеп жүргізіп көрейік:

$$\text{Элисон: } 5 \times 2 = 10$$

$$\text{Боб: } 2 \times 2 = 4$$

$$\text{Ларри: } 1 = 1$$

Әңгіме кейіпкерлерін әрі қарай да осы есімдермен атайтын боламын.

СОТ

Ұзақ уақыт өтті. Қожайын алыс сапардан қайтты. Келісімен қызметшілерін шақырып алып, тапсырылған қаражат жайлы есеп берулерін талап етті.

Осы әңгімесінде Иса «ұзақ уақыт» деген сөзге баса назар аударатынын байқаған боларсыз. Бұл жайт аса маңызды. Әңгіменің басында алыс та ұзақ сапар жайлы айтылса, енді «Арада көп уақыт өткеннен кейін қызметшілердің қожайыны қайтып келіп, олардың есеп берулерін талап етеді» дейді (Матай 25:19). Қожайынның алдында есеп беру – ақырғы соттың

бейнесі. Әрбіріміз Иеміздің алдына барып, өзімізге тапсырылған дарындарды қалай қолданғанымыз жөнінде есеп беретін боламыз. Элисонның есеп беруі былай болды:

«Бес ат басындай күміс алған Элисон тағы да бесеуін әкеліп тұрып, былай дейді:

— Мырзам, сіз маған бес ат басындай күміс беріп едіңіз. Міне, солардан тағы бесеу пайда түсірдім».

Қожайынның үкімі былай болды:

«Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел!» (Матай 25:20-21).

Осы тұстағы аса маңызды бір жайтты ескерусіз қалдырмайық. Қожайын «адал қызметшім, шағын істе сенімді болдың» деді. Бұл сөзді қалай айналдырсаңыз да, мағынасы біреу-ақ: Иса көбейтуді адалдыққа теңейді. Қожайынның сөзін қайталап тағы оқып шығыңыз. Ол Элисонның басқа ісін де, мінезін де айтқан жоқ. Элисонның табанды, шын берілген, шыншыл, батыл болғанын айтпады, адалдықтың басқа баламаларын келтірген жоқ. Мені дұрыс түсініңіз, бұл сипаттамалардың барлығы да адам бойында болатын тамаша қасиеттер, адалдықтың не екенін түсіндіретін сөздер. Алайда, Иса олардың ешқайсысын атап айтқан жоқ. Иеміз адалдықтың көбейтуге тікелей қатысы бар екенін көрсетті!

Дәл осындай сөзді Боб та естіді. Бобтың соты қалай өткенін оқып көріңіз:

«Екі ат басындай күміс алған Боб та келіп:

— Мырзам, сіз маған екі ат басындай күміс беріп едіңіз. Міне, солардан тағы екеу пайда түсірдім, — деп есеп береді».

Қожайынның үкімі:

«Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел!» (Матай 25:22-23).

Міне, Иса тағы да көбейтуді адалдыққа балайды. Басқа ешбір игі істер де, мінездің жақсы қырлары да, қабілеттер мен қасиеттер де аталмаған! Иса назарымыздың адалдықтан басқаға ауысқанын қаламайды. Осыдан жалғыз-ақ қорытынды шығара аламыз: Қызметші өзіне тапсырылғанды көбейтті, бұл ісі адалдық болып саналды.

Сонымен қатар, Боб естіген мақтау Элисонға айтылғанмен сөзбе-сөз дәл келеді. Демек, Соттағы үкім біздің еңбегімізге негізделеді. Дарынымыздың ықпал ету деңгейі, ауқымдылығы емес, бағаланатын бір-ақ нәрсе – өзімізге тапсырылғанды көбейткеніміз. Қызметшілеріне берілген қаражат мөлшері әртүрлі болғанымен, қожайын екеуіне бірдей риза болды. Яғни, дарынымызды көбейттік пе, жоқ па, сол ғана маңызды.

Мысалы, үйде бала бағып отырған ана осы ісін дұрыс атқарса, кәсібін дамытып, Құдай Патшалығына қосатын қаржылай үлесін арттырған кәсіпкермен бірдей мақтау естиді.

Астарлы әңгімені әрі қарай оқып, Ларридің соты қалай өткенін білейік:

«Ал бір ат басындай күміс алған Ларри келіп:

— Мырзам, сіздің қатал адам екеніңізді білдім. Өзіңіз екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайсыз. Сондықтан қорқып, күмісіңізді жерге көміп тастаған едім. Мінеки, соныңыз, — дейді» (Матай 25:24-25).

Ларриге шығарылған үкімнің қандай болғанын оқымастан бұрын, кейбір маңызды фактілерді атап өтейік. Біріншіден, Ларри өзіне тапсырылғанды көбейтпей, тек сақтап қана қалған. Қолындағы күмісті айналымға салмауының себебіне де назар аударыңыз. Ол қожайынның қандай адам екенін білмейді, мінезі қатал деп қате ойлаған. Көп жыл бойы әлемнің әр жерінде, қоғамның түрлі салаларындағы сенушілерге қызмет етіп келемін. Байқағаным, мәсіхшінің жемісті өмір сүруіне кедергі келтіретін нәрселердің бірі – Құдайдың мінезінің қандай екенін білмеуі (бұл

жайында келесі тараулардың бірінде айтамын).

Құдайдың мінезі жайлы қате ұғым сенушінің санасына қорқыныш ұялатады. Ал қорқыныш дарындарымызды қолданып, жеміс беруімізге бөгет болады. Ларри қорыққан еді! Қорқыныш, жасқаншақтық, именшектік Құдай берген дарындарымыздың солуына әкеп соғады. Осыны білгеніміз аса маңызды. Мұндай жағдай өз басымнан да өтті. Ұзақ жылдар бойы осы сезімдер мені де меңдеген (келесі тараулардың бірінен өмірімдегі сол бір кезең туралы оқи аласыз).

Ларриге қожайыны мынадай үкім шығарды:

«Қожайыны оған былай дейді:

— Әй, зұлым да жалқау қызметші! Менің екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайтынымды білдің ғой!» (Матай 25:26).

Не деген қатал үкім! Осы жерге тоқтап, қожайынның сөзіне көбірек көңіл аударайық. Бұл адамдардың үшеуі де – Элисон мен Боб қана емес, Ларри де – *қызметшілер*; сырттан келген *бөтен адамдар емес*. Олардың жұмысын бағалаушы – өздерінің қожайыны. Ларриге алдыңғы екеуі естіген «Жарайсың, жақсы да адал қызметші!» деген сөз айтылмады. Оның орнына «Зұлым да жалқау қызметші!» деген сөгіс естіді. Қожайынның осы сөзіне назар аударғанымыз жөн. Иса құтқарылу жайлы айтып тұрған жоқ. Сөз сенушілерге үкім шығарылатын сот жайында. Онда дарынымызды қалай қолданғанымыз қаралады, соған орай біреу сый-марапат алса, енді біреу шығынға ұшырайды.

Қожайынның Ларриге баға бергенде айтқан сөздерінің әрқайсысын егжей-тегжейлі қарастырайық. «Жалқау» сөзі – түпнұсқадағы гректің «*окнерос*» сөзінің аудармасы. Оның мағынасы «істі созбақтауға бейім, баяу қимылдайтын, кеш қалып жүретін, еріншек, әрекетсіз, енжар». Тағы бір сөздікте бұл сөзге мынадай түсініктеме берілген: «қобалжу, маңызды іспен айналысудан жалтару, оған себеп мінездің жасықтығы болуы мүмкін».

Досым Рик Реннер, грек тілінің маманы, «окнерós» сөзін былай деп түсіндіреді: «өмірге деген селқос, салғырт, бос, самарқау көзқарастағы адам». Осы үш түсіндірмеге сүйеніп, қожайынның қызметшіге айтқан сөзінің жан-жақты, кең мағынасын түсіндік.

Санаңызды қорқыныш билесе, қобалжып, игі іске атсалыспай, тежеліп қаласыз. Енжар адам болсаңыз, басталған істі соңына дейін жеткізбейсіз. Селқос адам болсаңыз, әлдебір істі бастауды мүлде ойламайсыз. «*Окнерós*» сөзі осы үш мағынаны да береді. Бірақ қызметші әрекетсіздігінің себебін «қорықтым» деп түсіндірді. Жалқаулық басқа себептерден де туындауы мүмкін, алайда, Ларридің өмірінде қорқыныштан туған қобалжу шешуші роль атқарды.

Әлдебір іске кірісуге көңіліңіз соғып, сол іс ойыңыздан шықпай жүрген кездеріңіз болды ма? Ондайда ниетіңіз, әсіресе, мінәжат кезінде күшейеді. Алайда, сәтсіздікке ұшыраймын деген алаңдаушылық, тіпті, қорқыныш қобалжу тудырады да, көңіліңізге алған іске кіріспей жүре бересіз. Уақыт өте береді. Бір күні әлгі істі басқа біреу қолға алып, орындап шыққанын көресіз. Сонда: «*Менің ойымда жүрген нәрсе еді ғой; мен істеуім керек еді*» деп ойлайсыз. Жалқау қызметші туралы айтқанда, Иса осындай жағдайды меңзейді. Ол бір емес, екі емес, үнемі қобалжуда жүрген адам. Қобалжу, қорқу әркімнің өмірінде болады. Дегенмен, рухани жетіліп, мұндай сезімдерді жеңуіміз керек. Ал егер қобалжуға беріле беретін болсақ, әдетке айналып, ақырында қандай да бір әрекеттен бас тартатын боламыз. Ондай жағдайда өмірімізде жеміс болмайды.

Құдай маған алғаш рет кітап жазу туралы айтқанда, он ай бойы қобалжуда болдым. Қорықтым. Мектептегі көптеген сәтсіздіктерім әлі есімде еді. Университеттегі бір курстасым жазбаша жұмысымды көпшіліктің алдында сынап, күл-талқан етті! Бір-біріміздің жазбаша жұмыстарымызды оқып тексеруіміз керек болатын. Жұмыстарды талқылау кезінде әлгі жігіт профессордың алдында менің жұмысымды сынға салды.

Курстасынан сыни баға алған жалғыз студент мен болдым.

Қорқынышым негізсіз емес еді. Стандартталған және Америкалық емтихандардан алған бағам, мұғалімдердің пікірі, ағылшын тілі пәнінен алған бағаларым, әлгі курстасымның сыны – осының барлығы кітап жазуға жігерлендірердей емес еді. Өмірлік тәжірибем күмәнімді күшейте түсті. Оның үстіне, кітап жазу өте көп уақыт алады. Ал уақыт мен үшін өте маңызды болатын. Бар күшімді жаңадан ашылған қызметіме салып жүрген кезім болатын, басқа жұмысқа алаңдағым келмеді. Құдайдың еркіне мойынсұнуым үшін осынау күмән мен күдіктің барлығын ысырып тастауға мәжбүр болдым.

Құдайға бағынудың орнына ұзақ уақыт қобалжып жүре берсем, не болар еді? Құдайдың сөзін жеткізген екі пайғамбар-әйел туралы жоғарыда айтқан болатынмын. Иемнің еркін орындамасам, тілазарлығымның жемісі солар айтқандай болар еді. Яғни, Құдай сол ат басындай күмісті басқа «Элисонға» беретін еді, ол адалдық танытып, тапсырманы орындап шығар еді. Ал менің өмірім қандай болатын еді? Иеміздің алдына барғанымда «жалқау қызметші» деген баға алатын ба едім?

Құдайдың маған деген жеке тапсырмасын кітап жазу арқылы орындаймын деген ойым болған емес. Осыдан отыз жыл бұрын «Джон, кітаптарың арқылы әлем халықтарына қызмет ететін боласың, Құдай солай ұйғарды» десеңіз, «Есің дұрыс емес! Үш беттік жазбаша жұмысты орындаудың өзі қолымнан келмейді» деп, ішек-сілем қата күліп, сізді кеңсемнен шығарып жіберер едім. Дегенмен, бүгінгі таңда кітаптарым АҚШ-та және басқа елдерде бестселлер атануда, 100-ден астам тілге аударылып, миллиондаған тиражбен басылып шығуда. Ал Құдайға мойынсұнбағанымда не болар еді? Қорқынышқа жеңдіріп, күмәннің өзімді тежеуіме жол берсем ше? Олай еткенімде, қандай мүмкіндіктен айырылатынымды ойласам, селт ете қаламын.

Ал енді қожайынның қызметшіге айтқан тағы бір сөзіне назар аударайық. «Зұлым» деген сөз тым қатал естілуі мүмкін,

дегенмен, Иса сөзден ағат кеткен емес. «Зұлым» сөзі – гректің «*понерós*» деген сөзінің аудармасы, мағынасы «едәуір ақауына бола жарамсыз болып қалу».

Ларридің өзіне тапсырылған қаражатты қалай басқарғанын ескерсек, осы анықтамаға лайық екенін байқаймыз. Бұл сөз Пауыл елшінің Құдайдың аманатын орындауда «адалдық танытпасам, «қасіретке қаламын»» деген тұжырымымен мағыналас. Қожайынының мінезі туралы Ларридің қате ұғымы оның қорқынышына негіз болды. Нәтижесінде қызметші берілген қаражатты қолдануда жарамсыз болып шықты. Бұл сөздерім тым қатал естілуі мүмкін, алайда, Пауыл елші айтқан, берілген дарынды дұрыс қолданбау мүмкіндігі мен Ларридің әрекетсіздігін салыстырсақ, екеуінің пара-пар екенін көреміз.

Осы айтылғандардың құтқарылуымызға еш қатысы жоқ, бізге сеніп тапсырылған дарындарды басқаруымызға ғана қатысты. Бұл мәселеге деген Құдайдың көзқарасы мынадай:

*Өздеріне аманат етілгенді көбейтіп
жүрген адамдар – жақсы әрі адал.
Өздеріне тапсырылғанды сақтап қана
жүргендер – айтарлықтай ақауы бар,
жарамсыз, жалқау адамдар.*

Адалдық туралы ұғымымыз саяз емес пе? Меніңше, оны тереңдетіп, толықтыра түсуіміз керек. Ойымды мысал арқылы жеткізбекпін: әлдебір іскер адам экономикасы мықты, өркендеп, дамып келе жатқан ауданда тұрады делік. Оның кәсібі – әкесінен қалған шағын дүкен. Дүкеннен түсетін табысы бар, дегенмен, кәсібі дамымайды. Кәсіпкер іскерлік дарынын қолданып, қаланың басқа да аудандарынан дүкен ашып, кәсібін кеңейте алар еді, ондай мүмкіндіктер де болды. Алайда, ол «жайлы өмірін» қимады, жұмысын көбейтіп, басын қатырғысы келмеді.

Енді осы мысалды әлгі астарлы әңгімеде ашылған ақиқаттарды ескере отырып, қарастырайық. Ларриге шығарылған үкімді назарымызда ұстап, маңызды екі сұрақ қоюымыз керек. Кәсіпкер

дарынын Құдай Патшалығын орнату мақсатына қолданып, жаңа дүкен ашып, жаңа нарықтарды игеруге тиіс емес пе? Ал оның «жайлы өмірін» қимауы жалқау қызметшінің «сақтау» стратегиясына пара-пар емес пе?

Ісімізге адалмыз ба? Оны қалай анықтай аламыз? Адалдыққа баға беруде Иса қолданған өлшемдерді қолданамыз ба? Әлгі кәсіпкердің әл-ауқаты жақсы, алайда, өзекті мәселе ол емес. Ең маңыздысы – өзіне аманат етілгенді көбейтіп жүр ме, әлде тек сақтап қана жүр ме? Әділ баға бергеніміз жөн. Адалдықты бағалағанымызда сенімділікті ескеріп, өнімділікті елеусіз қалдырып жүрген жоқпыз ба? Яғни, тұрақтылықты жоғары бағалап, жемістің бар-жоғын ескерусіз қалдырып жүрміз бе? Бастапқы мөлшердің сақталуына мән беріп, молаюдың бар-жоғын байқамай жүрміз бе? Адал болудың шынайы мағынасы – өзімізге аманат етілгенді көбейту екенін назарымыздан шығарып алдық па?

Құдайдың адамға берген бірінші аманаты мынадай еді: «Өсіп-өніп көбейіңдер! Ұрпақтарың жайылып, жер бетін толтырыңдар! Оны өздеріңе бағындырып, теңіздегі балықтарға, аспандағы құстарға және жер бетіндегі барлық жануарларға билік жүргізіңдер!» (Жаратылыс. 1:28). Әрине, Жаратқанның ниеті – үбірлі-шүбірлі болып, ұрпақ өрбітуіміз. Бірақ Құдайдың берген батасы онымен шектелмейді. Негізгі ой – *«Құдай бізге нені сеніп тапсырса да, біз оны арттырып, молайтып, көбейтіп қайтаруға тиіспіз»*. «Өсіп-өнуіміз» мол жеміс беруіміз арқылы жүзеге аспақ. Ат басындай күміс туралы астарлы әңгімесінде Иса Жаратылыстың басталуы кітабындағы адамзатқа берілген осынау алғашқы өсиетті қызметшілерге аманат етілген байлыққа қатысты қолданады.

СІЗДІҢ ҚАБІЛЕТІҢІЗБЕН ЕМЕС!

Қынжылып қалған жоқсыз ба? Бізге бар керегі – Құдайдың рақымы екенін есіңізге салғым келеді. Жаратқан Иеміздің тапсырмасын өз күш-қабілетімізбен емес, Құдайдан келетін *харис пен харизмаға сүйеніп орындауымыз керек. Осы кітапты жазғандағы мақсатым – оқырманымды абыржыту*

емес. Мақсатым – сізді Құдайдың өзіңізге зор әлеует бергенінен хабардар ету әрі Құдайдың рақымы мен өзіңіздің дарындарыңызға деген сеніміңізді арттыру. Сізге алып жүре алмайтын ауыр жүк артпақ ниетім жоқ. Пауыл жүгін жеңілдетуін сұрап, Құдайға үш рет жалбарыған екен. Сондағы Иеміздің жауабын оқып көріңіз:

«Бірақ Ол маған былай деді: «Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады». Сондықтан Мәсіхтің құдіретінің бойымда орнығуы үшін, күшсіздігіме қуана мақтанамын. Сонымен, басымнан әлсіздік, қорлық, мұқтаждық, қуғын-сүргін, қысымшылық өткізгенде Мәсікке бола ризамын. Себебі өзім күшсіз болғанымда Ол арқылы күштімін» (2 Қорынт. 12:9-10).

Грек тіліндегі «күшсіздік» немесе «әлсіздік» сөзінің синонимдерінің бірі – «шектеу». Мен де, сіз де, басқалар да кейде жабырқаймыз. Ешқайсымыздың күш-қабілетіміз шексіз емес. Пауыл елші де – солай. Осы аяттың алдында елші барған жерінде қарсылыққа, тойтарысқа, текетіреске, тіпті, соққыға тап болғанын жазады (11-ші тарауды қараңыз). Дегенмен, Пауыл елшінің айтқаны Құдайдың тапсырмасын орындау тым қиынға соғатын ауыр жағдайларға да, алуан түрлі кедергі мен шектеулерге де қатысты. Қанша қиын болса да, табандылық танытып, Құдайдың құдіретіне бұрынғыдан бетер үміт артуымыз керек. Санаңызды жаулап алғысы келетін шектеулерді тыңдауды қойып, Құдайдың уәделерін жариялауға кірісіңіз. Өз ойымызға құлақ аса берудің орнына, назарымызды Құдайдың ақиқатына қарай бұрғанымыз жөн!

Пауыл елші Құдайдың араласып, көмекке келуін үш рет сұрады. Үш рет Құдай елшіге харис туралы айтты. Ақыры Пауыл Құдайдың айтпағын түсінді; өзі тап болған шектеулер Пауылдың Құдайдың рақымы мен өзінің дарындарына деген сенімін арттыра түсуге тиіс еді. Міне, сондықтан ол «Мына кедергіні алып тасташы!» деп сиынудың орнына «күшсіздігіме қуана мақтанамын» дейтін болды. Пауыл елші әлсіздігін қуаныш әрі

мақтаныш көргені рас па? Иә! Пауыл алдындағы бөгет неғұрлым зор болса, Құдайдың құдіреті соғұрлым мол көрініс табатынын ұғынды. Тек сенім болса болды!

Сеніміміз арқылы Құдайдың рақымына қол жеткізе аламыз.

Аса маңызды бір ақиқат бар: аманат етілгенді көбейту үшін рақым керек, ал рақым сенім арқылы келеді! Пауыл елші: «Құдайдың осы рақымына бізге Иса Мәсіхтің арқасында, сенім арқылы жол ашылды. Енді Құдайдың рақымына бөленіп, салтанатты ұлылығын көреміз деген үмітімізге қатты шаттанамыз!» деп жазған еді (Римдіктерге 5:2). Сенімді көз алдыңызға дарындарымызды молайту үшін қажет рақымды жеткізетін құбыр деп елестетуге болады. Осы жолдауды естігенімізде, сеніміміз (құбыр) кеңеюі тиіс. Алайда, құбырымыздың кеңеюі не тарылуы тек өзімізге байланысты. Киелі Жазба былай дейді:

«Олар бұл хабарды сеніммен қабылдамай, тек естіп қана қоя салғандықтан, оның пайдасын көрмеді. Ал сенімімізді Мәсікке артқан біздер уәде етілген тыныштықты иемденеміз» (Еврейлерге 4:2-3).

Осы кітаптағы ақиқаттарды әлдебір пайдасыз нәрседей көрмеңіз. Қайта, сеніммен қабылдап, ақиқатқа сай әрекет етіңіз. Құдайдан келген сөз Исраил халқына екі түрлі ықпал етті. Мұса, Нұнұлы Ешуа, Халеп оның пайдасын көрді, олар бұл сөзден жігер алып, сенімдері нығая түсті. Ал басқа израилдіктер үшін Құдай сөзінің еш пайдасы болмады, оларға тек үрей мен күмән әкелді. Сенім мен сенбеушіліктің айырмашылығы – осы. Тыныштық дегеніміз не? Өз миссиямызды орындау жолында Құдайдың құдіретімен бірлесе еңбек ету. Тыныштыққа кіргеніңізде, Құдай сізді Өзі жетелеп, жемісті етеді!

Дәуіт патшаның “Құдайдың көңілінен шыққан адам” атануының да себебі – осы. Дәуіт өзінің адами күш-қабілетіне емес, Құдайдың құдіретіне сүйенді. Мынадай сөздерді Дәуіт жиі айтатын:

«Жаратқан — нұрым менің, құтқарушым да,

Кімнен мен қорқамын солай болғанда?
Жаратқан — өмірімнің берік қорғаны да,
Кімнен үрейленемін солай болғанда?» (Забур 26:1).

Дәуіттің әрбір жеңісінің астарында бір құпия сыр бар еді: ол қашанда өзі арқылы әрекет ететін Құдайдың құдіретіне үміт артқан еді. Пауыл елші қорқыныш пен ұяң мінезін жеңуге күш салып жүрген шәкіртіне мына сөздерді жолдады:

«Ал сен, балам менің, Мәсіх Исаның сыйлайтын рақымымен күшейе бер» (2 Тимоте. 2:1).

Исаның астарлы әңгімесін қарастырдан бұрын кітаптың екінші және үшінші тарауларын *харис* пен *харизма* ұғымдарын қалыптастыруға арнағанымның себебі де – сол. Олай етпесем, Құдайдың аманатын өз күш-қабілетімізге сүйеніп орындауымыз керек деген ойдан жабырқап, жасып қалар едік.

Мынаны ұмытпауыңызды сұраймын: Құдайдың сізге деген тапсырмасы өзіңіздің табиғи күш-қабілетіңізден асып түседі. Сол себепті Киелі Жазба былай дейді:

«Бауырластар, Құдай сендерді шақырғанда өздеріңнің кім болғандарыңа назар аударыңдаршы: табиғи тұрғыдан қарағанда араларыңда даналар, билік иелері, асыл туғандар көп емес еді. Бірақ осы дүние кімдерді «ақымақ» деп санаса, Құдай «данышпан-ақылгөй» делінгендерді ұялту үшін соларды таңдап алды. Және осы дүние «күшсіз» деп тапқандарды Құдай «күштілерді» ұялту үшін Өзіне таңдады. Осы дүние маңызды деп есептейтіндерді жою үшін Құдай осы дүниенің менсінбей, қорлап, түкке тұрғысыз деп санағандарын таңдап алды. Осылайша Құдайдың алдында ешкімнің де мақтануына болмайды» (1 Қорынт. 1:26-29).

Неге бұлай дейсіз ғой? Құдай шақырған адамдардың арасында даналардың, билік иелерінің, асыл туғандардың көп болмауының себебі неде? Табиғи күш-қабілеті асып тұрған адамдардың өз

күшімен «табысқа жетуі» оңайырақ болғандықтан ба екен? Шындығында ондай адамдардың өздерін жеңімпаз санауы – қателік, өйткені, адам өзін басқалармен салыстыру арқылы бағаласа, адасады. Әрбір адам өзіне-өзі Жаратқан иенің өзіне берген жеке тапсырмасы тұрғысынан қарауға тиіс.

Пауыл адасып жүрген адамдардың қатарында емес. Ол ақсүйек, білімді, замандастарынан асып тұрған адам болғанымен, құтқарылғаннан кейін осы «артықшылықтарын» Мәсікке бола «түкке тұрғысыз сыпырынды» деп санайтын болды. Пауыл елші осындай шешімге келген азғантай адамның бірі, өйткені, өзінің білімі мен парасаты адамдардыкінен асып тұрғанымен, Құдайдың даналығымен салыстыруға да келмейтінін терең ұғынды (Філіпілік. 3:4-11).

СОЦИАЛИСТІК ПЕ, КАПИТАЛИСТІК ПЕ?

Исаның астарлы әңгімесін зерттеуімізді жалғастырайық. Әңгіменің жалғасы тіпті қызық екенін көресіз, әрі өзіңіз күтпеген ақиқаттарды ашасыз.

«Ендеше одан күмісін алып, он ат басындай күмісі барға беріңдер!» (Матай 25:28).

Тоқтай тұрыңыз! Не дейді? Қожайын Ларридің қолындағы ат басындай күмісті (талантты) алып, Элисонға бергізді. Есеп жүргізіп көрейік:

Элисон: $5 \times 2 = 10 + 1$ (Ларриден алынды) = 11

Ларри: $1 - 1$ (Элисонға берілді) = 0

Элисонда енді ат басындай күмістің 11-і бар, Ларри болса, құр алақан қалды!

Бірде, таңертең мінәжат етіп отырғанымда, жүрегіме Құдайдың сөзі келді, естігенімді санама сыйғыза алмай қалдым. Сол жайында айтып берейін. Ат басындай күміс туралы астарлы әңгімені оқымағанымда көп болған. Сол жолы Киелі Рух “Балам, Маған социалистік емес, капиталистік көзқарас тән” деді.

Бұл не?! Құдайдың мына сөзін естіп, қатты таңырқадым. Алайда, Құдаймен арадағы көп жылғы қарым-қатынасымнан ұққаным, Көктегі Әкеміз бізге біз білмейтін тың нәрселерді ашқанды ұнатады. Және онысы діни не адами көзқарасқа кереғар болуы мүмкін немесе санаға мүлде сыймайды! Бұл жолы да солай болды, Құдайдың айтқаны менің ойыма кереғар болды. Менің ойымша, Құдай социалистік көзқараста болуы керек еді.

Құдай әлгі астарлы әңгімені есіме салып, «социалистік қағидаларды ұстанған болсам, әңгіменің соңы басқаша аяқталатын еді» деді. Ең әуелі, әңгіменің басталуы да өзгеше болар еді. Қызметшілерге күмістің тең мөлшері таратылар еді.

Элисон: 3

Боб: 3

Ларри: 3

Элисон мен Боб адалдық танытып, күмісті көбейтер еді. Жалқау да енжар қызметші Ларри болса, әдетінше түк бітірмейтін еді. Нәтиже былай болар еді:

Элисон: $3 \times 2 = 6$

Боб: $3 \times 2 = 6$

Ларри: $3 = 3$

Жаратқан Иеміз социалист болса, мәселені былай шешер еді:

Элисон: $6 - 1 = 5$

Боб: $6 - 1 = 5$

Ларри: $3 + 1$ (Элисоннан алынған) $+ 1$ (Бобтан алынған) $= 5$

Соңында қыметшілердің әрқайсысында ат басындай бес күміс бар! Бірақ олай болмады. Құдай Ларридің қолындағы күмісті алып, ат басындай он күмісі бар қызметшіге бергізді. Неге дейсіз ғой? Оны бізге Иса түсіндіреді:

«Өзіне тапсырылғанды тиімді қолданып, көбейте білгенге тағы беріліп, қолындағысы молая түседі. Қолында барын

қолдана алмағандардан өзімде бар дегені де алынып қойылады» (Матай 25:29, орысшадан аударма).

Құдай – капиталист деп отырған жоқпын. Олай деп ойлай көрмеңіз! Менің айтпағым, нақты осы жағдайда Құдайдың көзқарасы мен іс-әрекеті социалистік көзқарастан гөрі капиталистік көзқарасқа жақын. Социализм – Құдайға ұнамды, адамзатқа пайдалы жүйе емес. Шынтуайтында ол Құдайдың даналығына кереғар. 21 ғасырда Америкада да, басқа елдерде де жастарымызды социализмге баулып жүрген қоғамдық күштер көп. Социализм – Мәсікке қарсы тұратын арам рухтардың бірі, ол жалқаулықты қолдап-қоштап, еңбекқорлықты, молшылықты, жетістікті жазалап отыруға ұмтылады.

Құдайдың еркі – қолында барын көбейте алатындарға еселеп қосып беру, оларда молшылық болғанын Құдай құптайды. «Олардың қолындағысы молая түседі» дейді Иса. Құдай бізді молшылыққа жеткізуді қалайды, тек Құдай Патшалығын орнатуға шын жүректен ұмтылуымыз, молшылығымызды басқалармен бөлісуге дайын болуымыз шарт.

«Құдай байлыққа қарсы емес, байлықтың бізді билеп кетуіне қарсы» деген сөзді естіген боларсыз. Ақиқат сөз. Жүрегі Құдай деп соққан адамдар байлық жинағаннан бақытты бола алмайды. Олардың бақыты – Құдаймен бірге жүріп, Жаратқан Ие берген молшылықты Құдай Патшалығын орнатуға жұмсау. Олар үшін молшылық – басқаларды жарылқап, олардың сенімін нығайту құралы. Ақылымыз болса, қолымыздағы құралға бас иемейміз.

Осы тұста маңызды бір ақиқатқа назарыңызды аударғым келеді: жарлылардың, яғни, әлдебір себептермен еңбек ете алмайтын, көмекке зәру адамдардың қамын ойлауға міндеттіміз. Пауыл елші былай дейді:

«Біріңнің ауыр жүгіңді екіншің көтерісіңдер! Сөйтіп Мәсіктің өсиетін орындайсыңдар. Кімде-кім шын мәнінде өзгелерден артық болмай тұрып, ерекшесін деп көкірегін көтеріп, көмектесуден бас тартса, сол өзін-өзі алдайды» (ғалатт. 6:2-3).

Алғашқы Қауымның жетекшілері жиналып, бас қосқанда, әрқайсысына әртүрлі тапсырма берілгені түсінікті болды. Араларында, тіпті, ұсақ-түйек қайшылық та бар болып шықты. Алайда, жоқшылық көріп жүргендерге көмектесу керек деген пікірмен барлығы бірауыздан келісті. Пауыл елшінің мынадай сөзі бар:

«Олар бізден тек қана мұқтаж сенушілерге көмектесуді ұмытпауымызды өтінді. Ал мен дәл осыны істеуге зор ынтамен ұмтылып келемін» (Ғалат. 2:10).

Осы орайда айта кететін маңызды нәрсе бар. Мұқтаж адам шынында да жоқшылық көріп жүр ме, әлде жалқау ма, соны анықтап алғанымыз жөн. Социалистік көзқарас жалқауларға да жарлыларға да бірдей көмек көрсетуге шақырады. Алайда, жалқауларға көмек берсек, олардың жалқаулығы мен біреудің көмегіне тәуелділігін арттыра түсеміз. Біздің мақсатымыз – адамдарды Құдайдың өздеріне берген дарындарын танып, қолдануға бағыттау. Сонда олар да молшылыққа жетіп, Құдай Патшалығын орнатуға үлесін қоса алады.


ІСКЕ АСЫРУ

Қалай болғанда да, Құдайдың бізге берген дарындары бар, Жаратушы біздің сол дарындарды іске асырып, жемісті болғанымызды қалайды, яғни, қолыңдағысын көбейте алатын қызметші болғанымызды күтеді. Құдайды шын сүйетін адам дарындарын Жаратқан Иенің даңқы үшін қолдануға жан-тәнімен ұмтылады. Менің мақсатым – жүрегіңіздің түбіндегі арманыңызды оятып, сізді әлеуетіңізге бет бұрғызу. Өзіңізге берілгенді Патшамыздың даңқы үшін молайтуға қабілетіңіз бар. Осы тараудың негізгі ой-түйіні – осы.

Келесі тарауда сөз сол жайында болады.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Басқарушыға қойылатын бір талап бар, ол – адалдық. Адалдықты бұрын қалай түсінген едіңіз? Осы тарауды оқып шыққаннан кейін көзқарасыңыз қалай өзгерді?
2. Мәңгілікте оң бағасын алатын жеміске өз күшімізбен жете алмаймыз. Көбейту – Құдайдың рақымымен бірлесе әрекет етудің нәтижесі. Дарындарыңызды өзіңіздің күш-қабілетіңізге сүйеніп арттырмақ болып жүрген жоқсыз ба? Дарыныңызды күрес емес, тыныштық тұрғысынан молайту үшін не істеу керек?
3. Құдай байлыққа қарсы емес, байлықтың бізді билеп кетуіне қарсы. Қалай ойлайсыз, не себепті Құдай дарыныңызды қолданып, қолыңыздағыны молайтқаныңызды күтеді? Дарыныңызды молайтқаныңыз арқылы Құдайдың аты қалай мадақталады және басқаларға қалай ықпал етеді?



*Кішкене істе сенімді болып, өзіне тапсырылғанды
адал басқарған адамның мәртебесі артып, оған
үлкен міндеттер тапсырылатын болады.*

– Лұқа 16:10

Еңбексүйгіштік және молаю

Исаның айтуынша, адал өмір сүретін, сенімді, табанды, ісіне шын берілген, еңбекқор адам болсаңыз, өзіңізге тапсырылған (рухани немесе қаржылай) байлықтарды молайта білсеңіз, сізге көбірек міндеттер сеніп тапсырылады. Яғни, қолымыздағыны көбейтуде адалдық танытсақ, Құдай бізге көбірек жауапкершілік береді. Мәртебемізді көтереді. Бұл – Құдай Патшалығындағы заңдардың бірі.

Өзіңізді тексеріңіз. Сіздің ой-ниетіңіз көбейтуге бағытталған ба? Әлде қолыңыздағы барды сақтап қалуға тырысасыз ба? Қатарыңыздан озып, әке-шешеңіз жетпегенге жетіп немесе күнкөріске жетерлік табыс тауып дегендей, белгілі бір деңгейге жетіп, тоқтап қалдыңыз ба?

Өзіңізге әділ баға беріңіз. Көбейтуден гөрі сақтап қалуға бейім адам болсаңыз, сіз үшін жақсы жаңалығым бар: әзірге, Құдайға шүкір, жер басып жүрсіз, демек, көзқарасыңыз бен іс-әрекетіңізді өзгертуге әлі де уақытыңыз бар. Қолыңызда барды көбейте бастаңыз, сонда көбірек жауапкершілік аласыз.

ЕКІ ТҮРЛІ НӘТИЖЕ

Сақтау және молайту. Бала кезімнен-ақ осынау қарама-қарсы екі көзқарасты оңай ажыратамын. Себебі, екеуінің де көрнекті мысалы көз алдымда еді. Екі атамның бірі ешнәрсені шашау шығармай, сақтап қалуға ұмтылатын. 65 жасында зейнетке

шығып, үйінде отырып қалды. Жылына бір рет біздің үйге келіп, екі апта жатып кететін. Сол екі аптаның ішінде ештеңе істемейді. Үйдің артында өскен үлкен емен ағашының көлеңкесінде темекі тартып, бейқам отыратын да қоятын. Ол кісінің үйіне біз барғанда да көретініміз – сол. Өкінішке орай, жасына жас қосқан сайын, өмір сүруден гөрі күнелтуге бейім болып кетті.

Нағашы атамның өмірге деген көзқарасы тіпті басқа еді. Ол кісі 62 жасында зейнетке шықты да, жаңа өмір бастады. «Ратджерс» университетіне түсіп, ауыл шаруашылық мамандығын алды. Келесі жиырма жылда екі кітап жазды, жеміс ағаштарын егіп, үлкен бақ өсірді, мал асырады, Флорида штатының жағалауға жақын аймақтарында қарт адамдарға қолайлы тұрғын үйлер салуға атсалысты, көптеген кәсіпкерлік және әлеуметтік жобаларға белсене араласты. Көмекке зәру адамдарға қашанда қол ұшын созатын еді.

Нағашы атамның келуін асыға күтетін едік. Ол кісінің үйіне бару да – бір қуаныш. Жағалауға барып, балық аулауды, саябаққа барып, аттракцион аралауды, Нью-Йорк Ситиге баруды ұйымдастырып жүретін еді. Бізбен түрлі ойындар ойнайтын, немерелерін ертіп алып, жергілікті дүкендердің егелеріне көмектесетін, кешке үйге қайтып келіп, неше түрлі дәмді тағамдар пісіретін. Басқа атам асүйге барып, көмектесе қоймайтын еді.

Аталарымның бірі 75 жасында, екіншісі 91 жасында қайтты. Аталарымның қайсысының жасы ұзақ болды деп ойлайсыз? Иә, нағашы атам. Ол кісінің арман-мақсаттары бар еді, қолындағысын қалайда молайтуға ұмтылатын адам еді, жарықтық. Өзі 89 жасында ғана Исаны қабылдаған болатын. Алайда, соған дейін де Құдайдың қағидаларын ұстанып өмір сүрді. Құдай Патшалығының қағидаларын ұстанғандықтан, молынан жарылқанды да.

Нағашы атамды Исаға алып келгеніме дейін, ол кісіден талай құдалау көрген едім! Мені көрсе болды, сенімімді мазақ қылып, келемеждейтін. Атама Ізгі Хабар айтуға талай рет тырысып

бақтым. Ол кісі бір күні «Исаны қыбылдағым келеді» дегенде, қайран қалғанымды көрсеңіз! Өмірімдегі ең қуанышты күндердің бірі – сол күн!

Арада бір ай өткенде, атама тағы бардым. Дейтона Бичтегі үйінен Ормонд Бичтегі қарт адамдарға арналған орталыққа көшіп барған кезі болатын. Енді біздің үйімізден бір-ақ сағаттық жерде тұратын болды. Сол күні атам маған:

– Джон, қандай тапсырмам бар екенін білесің бе? Жер бетіндегі міндетімді айтамын, – деді.

Өзі жақында ғана құтқарылған, егде жасқа келген адамның ойы мынадай болғанына таң қалдым. Таңырқағанымды жасырып:

– Иә, ата, қандай тапсырмаңыз бар? – дедім.

Атам жымыып:

– Киелі Рух бұл жерге мына адамдардың бәріне Иса Мәсіх туралы айту үшін келгенімді айтты, – деді.

Сол отралықта бірнеше жүз қария бар еді.

Екі жылдан кейін анам мен нағашы ағам атамды Оклахомаға көшіріп алды. Енді атам жалғыз ұлының жанында болатын болды. Ұлының үйіне келгеннен кейін бір апта өтер-өтпестен атам о дүниелік болды. Алдындағы түні көз ілмей, күтуші әйелге өмірін түгел баяндап беріпті. Таң қылаң бере:

– Қайтатын уақыт келді. Ұлыма айт, маған арнап мерекелік кеш ұйымдастырсын, – депті.

Осы сөзден кейін Көктегі Әкеміздің құшағына еніп кетіпті.

Анам атамды Флоридадан Оклахомаға көшіргенде, қарт адамды артық мазаладық-ау деп қатты уайымдады. Анам көңіліндегі осы ойын айтқанда, былай деп жауап бердім:

– Мама, 89 жасында атамның маған айтқан сөзі бар. Құдай атама Ормонд Бичтегі тапсырмасын орындауға екі жыл мерзімі қалғанын айтыпты. Сол сөз дәл келді. Ормонд Бичте тағы екі жыл болып, Құдайдың тапсырмасын орындап шықты да, ұлының үйіне келіп, о дүниеге аттанды.

Анам бұл сөзіме таңырқап та, жұбанып та қалды.

Атам құтқарылмай тұрғанда-ақ, еңбек пен адалдық жайындағы Құдайдың қағидалары өмірінде көрініс тапты. Екі атамның өмірге деген екі түрлі көзқарасын көріп, ақтық деміне дейін алдына мақсат қойып, барын көбейтуге ұмтылған нағашы атамдай болуға бел будым.

Шынымды айтайын, алған бетімнен қайтып, талай рет оңай жолға түсіп кетуге дайын болдым. «Сақтау» үлгісінде өмір сүру оңай, сондықтан ойымызды үнемі дұрыс бағытқа салып отыруымыз керек.

Жалқау, жасық, енжар мінез, салғырт көзқарас Құдайдан келген молаюға бөгет болады. Пауыл елші былай дейді:

«Лайым жақсылыққа деген талпыныстарың бәсеңдемесін;
Иеміздің қызметінде жүріп, рухтарың жалындай берсін!»
(Римдіктерге 12:11).

Біріншіден, елшінің осы сөзі ұсыныс емес, өсиет екенін есте сақтайық. «Талпыныстарың бәсеңдемесін» деген сөзге назар аударыңыз. Өмірімізде молаю болу үшін ең әуелі ынта-талап, талпыныс болуы керек. Онымен шектелмей, ыждаһаттылықпен еңбек етуге міндеттіміз. Өміріміз жемісті болу үшін сенім, арман-мақсат, табандылық – ең маңызды факторлар. Алайда, жең сыбанып, еңбек етпесек, бәрі бекер!

Лиза екеуіміз мәсіхші болған күнімізден бастап, талмай еңбек етіп келеміз. Құдай бізге де, әрбір сенушіге де таудай талап берген. Лиза екеуіміздің құлшына еңбек етуімізге әлдебір жағдайлар түрткі болған жоқ, ынта-жігеріміз екі нәрседен туындайды, оның бірі – Исаға деген сүйіспеншілігіміз болса, екіншісі – Құдайдың халқына деген сүйіспеншілігіміз. Құдай Патшалығын орнатуға белсене атсалысуымызға осы екеуі қозғау салады. Біздің құлшынысымыз көңіл-күйге емес, берік шешімімізге негізделеді. Осыны білгеніңіз маңызды, өйткен, шабыт үнемі келе бермейді, сезім деген ауыспалы нәрсе ғой.

Шындығында, шабытымыз да, жігеріміз де мүлде таусылып қалғандай кездер де болады.

«Энтузиазм» (құлшыныс) деген сөз бастамасын гректің «*энтеос*» деген сөзінен алады, оның мағынасы «жүрегінде Құдай бар». Еңбексүйгіштігіміз сырт жағдайға немесе көңіл-күйімізге емес, жан-дүниеміздегі Құдайдың құзырына негізделуі тиіс.

БАСҚА БІРЕУДІҢ МЕНШІГІН КӨБЕЙТУ

Лиза екеуіміз үйленгеннен кейін Техас штаты, Даллас қаласындағы қауымға барып жүрдік. Еліміздегі ең танымал қауымдардың бірі болатын, қауымда жұмыс істейтін адамдардың саны бірнеше жүз еді. Лизе екеуіміз ерікті қызметші едік, қай жұмыстан да бас тартпайтынбыз. Мен тәртіп қызметіне қатыстым, бас бостандығынан айырылған адамдарға қызмет еттім, қарттар үйіне бардым, қауымда конференциялар өткенде, қолымнан келгенше көмектестім, қауымда жұмыс істейтіндердің ұсақ-түйек тапсырмаларын орындап жүрдім, бағушымының балаларына теннис ойнауды үйреттім. Құдайға қызмет етудің бірде-бір мүмкіндігінен бас тартқан емеспін. «Рокуэлл интернешнл» компаниясында аптасына 40 сағат инженер болып жұмыс істеп жүріп, осы жұмыстың бәріне құлшына атсылыстым.

Құдайға қызмет етуге деген құлшынысымды көріп, бағушының жұбайы (ол кісі қауымның атқарушы директоры болатын) қауымға жұмысқа шақырды. Сонымен, толық қызметке кіретін болдым, бірақ әуелі қауым жетекшілерімен кездесуім керек. Сол кездесуде ол кісі:

– Джон, біз сені жұмысқа ала алмаймыз-ау, саған лайықты жалақы төлейтін мүмкіндігіміз жоқ, – деді.

– Ала аласыз, – дедім.

Жалақымның мөлшерін мүлде ойлаған жоқпын. Тапсырған жұмысты істеп, төлеген айлықты алуға дайын едім, жұмыс немесе жалақы талғау ойымда да жоқ. Ақыры, қауым мені атқарушы директордың көмекшісі етіп алатын болды. Лиза екеуіміз

Құдайдың еркі осы екенін білдік, сондықтан көп ойланған жоқпыз. Айлығым жылына 18 000 доллар болатын болды. Ұсынысты қабыл алдым. Табысымыз едәуір азайып қалды, дегенмен, бұл қадамымызға өкінген жоқпыз. Шын мәнінде, бір қадам алға басқан едік. Лиза екеуіміз енді қаражат мәселесінде Құдайға көбірек сенім артуымызға тура келетінін білдік, оған да бел будық. Құдайдың өзімізге берген аманатын орындауға ғана ұмтылдық.

Біздің міндетіміз – бағушының, бағушы отбасының, қауымға келген қонақтардың жағдайын жасау. Жұмысымда үш нәрсені назарымда ұстайтынмын. Біріншіден, адамдардың алдындағы міндетімді Мәсікке қызмет еткендей құлшыныспен атқару. Екіншіден, бағушы мен өзім қызмет ететін басқа да адамдардың қажетін алдын-ала біліп, айтқызбай-ақ қамтамасыз ету. Үшіншіден, қандай тапсырма алсам да, ешқашан «жоқ, бұл мүмкін емес» демеу. Өзіме тапсырылған жұмысты атқарып шығудың амалын қайтсем де, табатынмын. Ол үшін ерінбей еңбек ету, жан-жақты ойлау және мінәжат керек. Әлдебір өтініштің немесе тапсырманың орындалуы мүмкін бомаса (ондай жағдай өте сирек кездесетін), орнына басқа шешімдер ұсынатынмын. Менің ұсыныстарым көбінесе алғашқы жоспардан да жақсы болып шығатын.

Осы қызметімді атқарып жүргенімде, балалы бола қоймаған едік. Лиза екеуіміз аптасына алты күн, яғни, 50 сағаттан 70 сағатқа дейін жұмыс істейтінбіз. Бағушымызды қандай да қам-қарекеттен босатуды өзіміздің міндетіміз деп санайтын едік. Бағушы мен оның жұбайы қауымдағы қызметін ештеңеге алаңдамай, көңілдері бөлінбей орындай алса деген тілек қана бар еді бізде.

Жұбайым екеуіміздің ниетіміз қандай болғанын көрсететін талай әңгіме айтып бере аламын, дегенмен, біреуімен ғана шектелмейін. Бірде қауымға бір қонақ елді. Ол кісі кезінде дүние жүзіне танымал Ізгі хабар таратушының командасында қызмет еткен еді. Бағушым марқұм болып кеткен әлгі ұлы қызметкер жайында көбірек білгісі келіп, қонағы екеуі түн жарымына дейін сөйлескен екен. Түнгі сағат бірде телефоныма қоңырау түсті.

Хабарласып тұрған бағушым екен. Ол кісі қонақты мейманханаға жеткізіп салуымды сұрады. Бағушының үйі мен біздің үйдің арасы – 25 минуттық жол.

– Қазір жетемін, – деп, ойланбастан жауап бердім.

Бағушының үйіне жеттім де, екеуінің қоштасқанын күттім, содан кейін қонақты мейманханаға апарып салдым. Түнгі екіден асқанда ғана жаттым.

Таңертең әуежайға барып, басқа қонақты күтіп алуым керек болатын, оны бағушым білмейді. Келетін қонағымыз кешкі жиналыста уағыз айтуы керек. Ол кісінің ұшағы таңғы 5:40-та қонады. Демек, төрт жарымда тұруым керек. Сол түні үш сағат та ұйықтаған жоқпын, алайда, бағушыма ол жайында тіс жарып айтқан емеспін. Бағушым мен бағушының жақындарының қандай қажеттілігі болса да, керегіне жарауға дайын едім. Құдайға қызмет ету – ауыр міндет емес, жоғары мәртебе екенін өзіме ескерте жүретінмін.

Бағушы мен жұбайы екуіне төрт жыл қызмет еткен кезім болатын. Бірде, үшеуіміз отырғанда:

– Менің орныма келетін адам менен екі есе жақсы қызмет етсін деп Құдайдан сұрап жүрмін, – дедім

Басқа қызмет кетерімде, бәрін дұрыс істеп, сыйластықпен, адам алдында да, Құдай алдында да адал болып кеткім келген еді. Және мен атқарған қызмет бұрынғыдан да пайдалы болсын деген ниетім де бар еді.

– Олай болуы мүмкін емес, – деді ол кісілер. – Сенің еңбегің орасан зор болды.

Бағушыларымның мақтауы жігер берді. Жұмысымның ауыртпалығы ғайып болғандай. Дегенмен, бір орында тоқырап тұра бермей, алға ұмтыламын. Ақыры, бағушым менің орныма екі адам алды. Ал бізге батасын беріп, Флорида штатындағы өте ірі әрі танымал қауымға жіберді. Сол қауымда жастар қызметінің жетекшісі қызметіне кірдім. Ол жайында 2-ші тарауда айтып кеткен болатынмын.

Флоридаға келгенімде, қауымның жастар мен жасөспірімдерге ықпал ете алмай жүргенін көріп, қатты қынжылдым. 1980-ші жылдардың соңы болатын, ол кезде ақпарат таратудың ең тиімді құралы теледидар еді. Компьютер, планшет, смартфон дегендер ол заманда жоқ. Ағымдық хабар тарату деген әлі ешкімнің ойына келмеген кез. Сонымен, адамдарға ықпал етудің ең тиімді жолы – теледидарға күн сайын шығу.

Флоридадағы ең қуатты телевизиялық станциялардың бірінде сенбі сайын 22:00-де бос уақыт бар екен. Эфирге шығуға жарты сағат бар. Бағасын сұрастырып едім, өте қымбат болып шықты.

Жастарға арналған Ізгі хабар тарату бағдарламасын жасасақ, қауым теледидарға шығудың ақысын төлей алады ма деп бас бағушыдан сұрадым.

– Джон, бюджетте ондай шығын қарастырылмаған, – деді ол кісі.

– Сенуші жастар ай сайын құрбандық жасап, бағдарламаның қаржысын өздері жинаса, қалай қарайсыз, сізден рұқсат болады ма? – деп сұрадым.

– Жастардың қолынан келсе, әрине, рұқсат.

Бағушы жастардың қолынан мұндай іс келеді деп ойламаса керек.

Жастар жиналысында сенбеуші жастарды құтқарудың қандай жолын көріп тұрғанымды айттым. Ол заманда жастар мен жасөспірімдер сенбінің кешін теледидар алдында өткізетін. Бағдарламамызда Құдайдың Сөзін уағыздап, көрермендерді қауымға, жастар жиналысына шақыратын едік. Жастарды осы мақсатқа құрбандық беруге шақырдым. Біреулері қалтасындағы ақшасынан бөлсе, енді біреулері оқудан бос уақытында істейтін жұмысындағы табысынан бөлетін болды, басқалары осы мақсатқа бола уақытша жұмысқа тұрмаққа бел буды. Сенуші жастар бір мақсатқа келісіп, ай сайын белгілі бір мөлшерде құрбандық беретін болып, қаржылай міндеттеме алды. Кімнің қандай үлес қоса алатынын есептеп шыққанымызда, теледидар уақытының ақысын төлей алатын болып шықтық!

Бұған бас бағушымыз бізден бетер таңырқады. Теледидарға шығып, бағдарлама жүргізуімізге рұқсат берді. Бағдарламамыздың атын «Жалынды жастар» деп қойдық. Ай сайынғы шығынды өзіміз көтеріп отырдық. Ең қуаныштысы, жиналыстарымызға ешбір қауымға бармайтын жастар мен жасөспірімдер көптеп келе бастады. Жексенбі сайын жас жүректер Исаны қабылдап жатты. Арада 20 жылдан астам уақыт өткенде де, 1980-ші жылдары теледидардан «Жалынды жастар» атты бағдарламаны көріп, өмірі өзгерген адамдардың куәлігін естіп жүрдім.

Сол қызметімнен кетерімде, жастарды үш топқа бөліп, үш жетекшіге тапсырдым. Бұл қызметті жалғыз өзім бастағаным есіңізде болар. Міне, тағы да, Құдайдың рақымының, мойынсұнудың, тынымсыз еңбектің нәтижесінде Құдайдан келген молаю жүзеге асты.

Иса былай дейді:

«... егер түпкілікті меншік болмайтын мал-мүліктеріңді дұрыс қолданбасаңдар, мәңгі өздеріңдікі болатын байлықты сендерге кім табыс етпек?» (Лұқа 16:12).

Осы аятқа ат басындай күміс туралы астарлы әңгімеге сай өзгеріс енгізсек былай болады:

«Басқа біреудікін молайтпасаңдар, молайтсын деп өздеріңдікің сендерге кім береді?»

Лиза екеуіміз «Мессенджер Интернэшнл» қызметін бастауымыз керек екенін сол қауымдағы бас бағушы бірінші болып айтқан еді. Құдайдың бұл жоспарын алғаш жариялаған біз емес, сол кісі болатын. Жастар қызметіне жетекшілік ете бастағанымда «Бағушы, Иса қайтып келгенше немесе Құдай сізге де, бізге де басқа бағытты көрсетпейінше, осы қауымда қызмет етемін» деген едім. Құдай біздің келесі қадамымызды бас бағушымызға көрсетпегенде, қауымнан кете алмайтын едім. Сол себепті Құдай Өз жоспарын әуелі сол кісіге ашты.

«МЕССЕНДЖЕР ИНТЕРНЭШНЛ» ҚЫЗМЕТІНІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ

Флоридадағы қауымнан шыққанымыздан кейін, көп ұзамай, Оңтүстік Каролина штатындағы Колумбия қаласында жиналыс өткіздік. Таңертең оңаша қалып, мінәжат еттім. Құдайға сиынып отырғанымда жүрегіме мынадай сөз келді: «Ұлым, соңғы жеті жылда басқалардың қызметіне үлесінді қосып жүріп, танытқан адалдығың тұқым болып себілді, енді соның мол өнімін орасың. Өнім оруың баяу басталып, өміріңнің соңына дейін жалғасады».

Сол күннен бергі уақытта орған өнімімнің ауқымы қайран қалдырады.

Қауымымыз бізге «Мессенджер Интернэшнл» қызметін ашуға батасын бергеннен кейін, Құдайдан келген молаю жүзеге асуы үшін көп еңбек етуіміз керек болды. Лиза екеуіміз аудиокассеталардың көшірмесін жасау, этикетка жасау, уағыздарды реттеп, топтастыру сияқты жұмысқа талай уақытымызды арнадық. Достарымыз келіп, поштамен жіберілетін өнімдерімізді орап, құжаттарын толтыруға, басқа да толып жатқан жұмыстарымызға көмектесіп жүрді. Лиза екеуіміз хат жазумен, келіп түскен қаражатты қызметтің банктегі есепшотына аударумен, қаржылық есеп жүргізумен, құжаттарды толтырумен айналыстық. Аудио және бейнежазбаларды да өзіміз жаздық, келген хаттарды да өзіміз оқып, өзіміз жауап жаздық, қажет материалдарды да өзіміз сатып алдық, бұдан басқа да толып жатқан жұмыстарды өзіміз атқардық. Жұмысымыз таңғы мінәжаттан кейін басталып, кешкі тоғызға дейін, кейде, тіпті, түн жарымына дейін созылатын еді.

Осы жұмыстың барлығын өзімізге мәртебе санап, қуана орындайтынбыз. Ниетіміз ақ жүрегімізден шыққан еді, көңіліміз қалған, жігеріміз таусылған кездеріміз де аз болған жоқ. Алайда, Құдайға қызмет етуге деген ықыласымыз сөнген емес. Оның себебі – әр күнімізді дұғадан бастайтын едік.

«Хонда Сивик» деп аталатын шағын ғана көлігімізге екі

баламызды салып алып, Батыс жағалаудағы ең ірі шоссе – «I-95» деп аталатын жолдың бойындағы 80 адамнан 100 адамға дейін мүшесі бар шағын қауымдарды аралап, уағыз айтатынбыз. Алғашқы жиналысымызды жерлеу бюросында жиналатын қауымд өткіздік – қызметіміз тамаша басталған еді!

Кассеталарымызды сатып, түскен қаржыны қызметімізді дамытуға жұмсадық. Сол кездегі мақсатымыз – «Мессенджер Интернэшнл» қызметін кеңейтіп, өркендету болғандықтан, бұл қаражатты өз қажетімізге жұмсамайтын болып келістік. Жеке мұқтаждықтарымызға қажет ақшамыз болмай, Құдайға үміт артқан кездеріміз аз болған жоқ. Ондайда керек ақша Құдайдың кереметімен ғана келетін еді. Аудиожазбаларды сатудан түскен қаражатымыз есепшотта тұратын, ол ақшаны бұзбауға бел будық.

Бір жарым жыл осы қарқынмен жұмыс істегенімізден кейін, Құдай маған кітап жазуым туралы айтты. Күні бойы кітап жазумен шұғылдансам, көптеген басқа міндеттерімді қалай орындаймын деп қам жедім. Ақыры тәуекелге бел будық. Алғашқы кітабымды жазуға көп уақытым кетті. Алайда, күтпеген жерден көмек келді: кітап жазуыма кедергі болатын толып жатқан ұсақ-түйек жұмыстарды өз мойнына алатын бірнеше адам табылды. Және олар сұрамасам да, көмегін өздері ұсынды. Бұл жастар біздің Далластағы бағушымыз үшін атқарған қызметімізді біз үшін атқарды. Біздегі мәселені көріп, ерікті түрде қол ұшын созды.

«Шөл даладағы жеңіс» атты кітабымды бір жыл жаздым. Бір жылға созылған бейнет, еңбегім еш өнбейтіндей көрінген кездер де болды. Өте маңызды бір ақиқатты ұқтым: өміріміздегі рақым (дарындарымыз) бірте-бірте артады екен. Бірден зор жетістікке жетіп, айтарлықтай жеміс беретін адам кемде-кем. Петір елші былай дейді:

«...Иеміз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің рақымына кенеліп, Оны жақынырақ танып білуде өсе беріңдер! Оның ұлылығы қазір де, мәңгілікте де даңқтала берсін! Аумин» (2 Петір. 3:18). Тұңғыш кітабымды жазғандағыдан гөрі жазушылық қабілетім уақыт өте едәуір артты.

Лиза екеуіміз кітаптың қолжазбасын өте бір танымал редакторға көрсеттік. Ол кісі Мәсіхтің денесіне мұндай жолдау жеткізу үшін менің әлі тым жас та тәжірибесіз екенімді айтып, кітабымды қатал сынға салды. Мұндайды күтпеген едім.

Мынадай соққыдан есімізді жидық та, Лиза екеуіміз басқа редактор іздестіре бастадық. Тапқан редакторымыз қолжазбаға көптеген түзету енгізді. Қолжазбаны қайта алғанымызда, не істерімізді білмедік. Жолдаудың мағынасы бұрмаланып, күшінен айырылыпты. Бастапқы жолдаудан мүлде ештеңе қалмағандай, еш мағынасы жоқ шатпақ болып шығыпты! Ұзын сөздің қысқасы, қолжазбамды бүлдіріп беріпті. Бұл екінші соққы біріншісінен де ауыр тиді. Енді не істемекпіз?

Алған бетімізден сонда да қайтпадық. Тағы бір редактор тауып, қолжазбаны көрсеттік. Кітапты оқып шыққаннан кейін, ол кісі жолдаудың бастапқы мағынасы түбегейлі бұрмаланғанын растады.

– Джон, Лиза, – деді ол, – бүлінген қолжазбаны түзету дұрыс емес. Әлгі редакторға төлеген ақшаларың келмеске кетті. Басынан бастаңдар.

Осы кеңеске құлақ астық. Лиза түпнұсқаны ретке келтіріп, редакторға жіберетін болды.

Түпнұсқадағы қателерді түзетумен Лиза айналысты. Содан кейін жұмысқа жаңа редакторымыз кірісті. Ол міндетін жақсы орындап шықты. Енді қолжазба шынымен де дайын болды.

Өңделген қолжазбамды екі танымал баспаға жібердім. Біреуінен жауап сол күйі келмеді. Екіншісі жауап берді. Олардың пікірінше, кітабым тым «ақыл үйреткіш» екен. Және танымал жазушының кітабы болмаған соң, баспайтын болыпты. Қарапайымдау баспаларға жіберіп едім, олар да кітабымды шығарудан бас тартты.

Сондағы көңіліміздің қалғанын көз алдыңызға келтіре аласыз ба? Тағы бір жыл өтті. Тығырыққа тірелдік. Не істерімді білмесем де, алған бағытымнан қайтқым келмеді.

Өз кітабын өзі шығару деген ол заманда жоқтың қасы еді. Атақты жазушылар мұндаймен айналыспайтын. Дегенмен, бір досым кітабымды өзім басып шығаруымды жөн көрді. Бірнеше мың данасын басу үшін 12 000 доллар ақша керек екен. Оның үстіне кітапты безендіру мен беттеу жұмыстарына да қаражат керек. Біз болсақ, екі редакторға ақша төлеп, біраз шығын жасап алғанбыз.

Сонымен, кітабымды басып шығаруға кететін қаражатым мен үшін қыруар көп ақша болып шықты. «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің 1990 жылдағы бар табысы 40 000 доллар болатын. Қызметімізді ашқанымызға екі жыл толып, үшінші жылға кеткен кезіміз. Екінші жылда тапқан табысымыз бірінші жалдағыдан асқан жоқ. Екінші жылдың соңына қарай бірнеше жүз доллар төлеп, алғашқы компьютерімізді алғанымызда, балаша қуанғаным әлі есімде. Сонымен, 12 000 доллар деген ақылға сыймайтын ақшадай көрінді! Мұндай ақшаға қол жеткізуіміз үшін Құдайдың кереметі керек еді.

Ашық алаңдағы спорт ойындары жайлы кітап шығаратын шағын баспада жұмыс істейтін әйелмен таныстық. Ол менің кітап басып шығару жайлы айтқанымды естіп қалып, Лизаға жолығады. Кітабымды тегін безендіріп, беттеп беруді ұсыныпты. Бірнеше мың долларымызды үнемдеп қалатын болдық деп қатты қуандық.

Құдайдың кереметімен қажет болып жүрген ақшаның қалғаны да келді. Сөйтіп, «*Шөл даладағы жеңіс*» атты кітабымның (қазіргі кезде кітаптың аты «*Құдай, қайдасың?!*») 5 000 данасын басып шығардық. Алғашқы қуанышымыз көпке созылған жоқ; енді кітапты сату мәселесіне келіп тірелдік. Кітап таратушылар мен кітап дүкендері менің атымды естіген емес. Ал беймәлім жазушының туындысын ешкім алмайды. Автордың өзі басып шығарған кітапқа оқырман қызықпайтын болып шықты.

Уағыз айтуға барған қауымдарымыздың барлығына кассеталарымызды ала баратынбыз. Кассетаға жазылған уағыздарыма қоса кітабымды да сататын болдым. Шөл дала жайлы уағыз айтқанымда, апарған кітабым түгел сатылып кетіп жүрді. Жолдауым тыңдармандарымның көңілінен шықты.

Дегенмен, кітаптың сатылуы осымен шектелді.

Бір жолы, дұға етіп отырғанымда, Құдай екінші кітап жазуды бұйырды. Келесі тоғыз айдың ішінде «Айдалада жар салған дауыс» атты кітабымды жазып шықтым. Баспалар тағы да қызығушылық танытпады. 1993 бұл кітабымды да өзім басып шығардым. Енді кассеталарымның жанында ешбір дүкенде сатылмайтын екі кітап тұратын болды.

МҮМКІНДІК

Бір жылдан кейін достарымның бірі хабарласып, түскі асқа шақырды.

– Сені бір жолдастарымның бірімен таныстырғым келеді, – деді мені шақырған жігіт.

Шақыруды қабыл алдым. Жаңа танысым – осыдан екі жыл бұрын кітабымды қайтарған баспаның жаңа басшысы екен. Түскі асымыз жақсы өтті, жаңа танысым Лиза екеуіміздің қызметімізге қызығушылық танытты.

– Қазіргі кезде қандай жолдауды уағыздап жүрсіңдер? – деп сұрады.

Көкейімді тескен тақырыпты айта бастадым. Өзімізді ренжіткен адамдарды кешіріп, өкпе-реніштен арылудың маңыздылығы жайлы жолдау. Танысым біраз сұрақ қойды, ойымдағыны егжей-тегжейлі баяндап бердім. 15 минуттан кейін:

– Джон, мына жолдауыңызды басып шығара алмаймыз, өйткені басатынымыз – жылына небәрі 22-24 кітап, оның өзі – майталман жазушылар мен қызметкерлердің кітаптары, – деді.

Бетіне таңырқай қарадым да:

– Кітабымды сізге өткізгелі отырған жоқпын; қандай жолдау уағыздап жүргенімді сұраған – өзіңіз, – дедім.

Баспа бастығы ойымды түсініп:

– Оныңыз рас, айта беріңіз, – деп күлді.

Сөзімді әрі қарай сабақтадым. Тағы 15 минут өтті. Бір кезде сөзімді бөліп:

– Осы жолдаудың қолжазбасын келесі үш айдың ішінде маған жібере аласыз ба? – деді.

Тағы да таңырқадым:

– Кітабымды басып шығара алмаймын дегеніңіз қайда?

– Солай дегенім рас. Енді басқаша ойлап отырмын, – деді ол. – Бұл жолдауды таратуымыз керек.

Сол адам басқарған баспа *«Шайтанның тұзағы»* атты кітабымды 1994 жылдың маусымында жарыққа шығарды. Қуанышымда шек болмады! Өзім аша алмаған есікті Құдай ашты. Кітабым оқырманның көңілінен шығып, қарқындап сатыла бастайтынына сенімді едім; алғашқа жеті айда көп сатылым болмады. Ай артынан ай өтіп жатты. Сатылымдар жайлы баспадан келген хаттар көңіл көншітер емес. Бұл жолдаудың көпшілікке – әлем халықтарына арналған жолдау екеніне нық сенімді еді. Сол сенімімнен бас тартқым келмеді, дегенмен, сатылымдар еш үміт қалдырар емес.

Бірнеше айдан кейін баспаның маркетинг бөлімінің қызметкері қоңырау шалды. Ол кісі:

– Джон, тікелей эфирде өтетін халықаралық ток-шоу сізді 1995 жылдың 16 қаңтарында өтетін бағдарламасына шақырмақ. Сол бағдарламада сізге 20 минут уақыт беріледі. Олардың сізден ең әуелі сұрағысы келетіні – уағыздаушылық қызметіңіз, отбасыңыз, төрт ұлыңыз жайлы әңгіме. Сонымен қатар, кітабыңызды да атап өтуге келісті. Бұл бастама ғана. Саңылаулата ашылған есік тәрізді. Шақыруды қабылдайсыз ба? – деп сұрады.

– Әрине, қабылдаймын!

Бағдарлама өтетін студияға келдім. Сол күні бағдарламаны өте танымал қызметкер жұбайымен бірге жүргізетін болыпты. Сәлемдесіп болғаннан кейін қолына *«Шайтанның тұзағын»* алды да:

– Шайтанның тұзағы деп нені айтасыз? Кітабыңыз не жайында? – деп сұрады.

Сөзді отбасым мен қызметімнен емес, кітабымнан

бастағанына таңырқап қалсам да, кітабымдағы жолдау туралы айта бастадым. Студияда уақыт тоқтап қалғандай болды. Эфирді ұйымдастырушы әйелді назарымнан тыс қалдырмауым керек болатын. Өйткені, ол кісі белгі беріп, қанша уақыт қалғанын хабарлап отырады. Менің небәрі жиырма минутым бар екенін баса айтып, сол уақыттан аспауымды алдын-ала ескерткен еді. Алайда, ұйымдастырушы әйел ешқандай белгі бермеді. Жүргізушілер сөзімді ұйып тыңдады, сұрақ қойып, сөзімді бір бөлген жоқ. Уақыттың зымырап өтіп кеткенін байқамай қалыппыз. Кейін білсем, 40 минут тоқтамай сөйлеппін.

Менің айтқаным жүргізушіге қатты әсер етті. Ол кісі елімізде жыл сайын өтетін ең ірі конференциялардың бірін ұйымдастыратын еді. Тікелей эфир барысында-ақ мені сол конференцияда уағыз айтуға шақырды.

Екі күннен кейін баспаның қызметкері хабарласты. «*Шайтанның тұзағы*» елдегі кітап дүкендерінің барлығында сатылып кетіпті, кітаптың тағы 20 мың данасына тапсырыс бар екен.

– Джон, бұрын-соңды мұндай жағдай болған емес, – деді ол, – жүргізушілердің де айтуынша, бұрын бағдарлама көрермендерінен соншалық көп жылы лебіз келген емес.

Осының барлығы – Құдайдың ісі екенін білемін. Болған керемет жолдауымыздың Құдайдан екенін растады.

Уақыт өте «*Шайтанның тұзағы*» кітабы халықаралық бестселлерге айналды. 25 жылдың ішінде таңдаулы кітаптардың түрлі тізімдеріне еніп жүрді. Бүгінгі таңда кітаптың электронды және баспа нұсқасын қоса есептегенде, екі миллион данасы сатылды. Ал осының барлығы неден басталғанын еске алу тіпті қызық. Мені жазушы деп мойындағысы келмеген алғашқы баспа «*Шайтанның тұзағы*» кітабын ең көп сатылатын кітаптардың бірі деп санайды. Құдайдың әзілі не деген тамаша!

Құдайға мойынсұнудан бас тартып, кітапты жазбай қойғанымда, осы жолдау көпшілікке жетпес еді. Кітапты жазуым арқылы Құдайдан келген молаю жүзеге асты, жолдау өзім жете


алмайтын көптеген адамдарға жетті.

Шындығында, осы молаю кітап жазудан басталған жоқ. Одан әлдеқайда ертерек, көптеген қиындыққа қарамастан, алға қарай тоқтаусыз ұмтыла берген кезімізде басталған. Алғашқы бағушымды қам-қарекет атаулыдан босатуды көздеп, ерінбей еңбек еттім. Кейін басқа қауымда Құдайдың Сөзін әлемге тарату үшін барымды салдым. Ерен еңбегіміз «Мессенджер Интернэшнл» қызметінде де жалғаса берді, күн демей, түн демей, ерінбей-жалықпай еңбектендік. Одан кейін Құдайдың еркіне бағынып, кітап жазып, оны басып шығару жолында тер төктік.

«*Шайтанның тұзағы*» кітабындағы жолдаудың молаюы жалғаса береді деп, дүние жүзіндегі конференциялар мен қауымдардағы уағыздарым және кітаптарым арқылы жолдау әрі қарай тарай береді деп ойлаған едім, қателесіппін. Құдайымыз бізге одан да зорын сеніп тапсырмақ екен.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Санаңыз қолыңызда барды молайтуға бағытталған ба? Ағыстың ыңғайына қарай жүзіп, бейқам өмір сүргенді ұнатасыз ба, әлде, қиын болса да, алдыңызға мақсат қойғанды ұнатасыз ба?
2. Жалқау да әрекетсіз болсаңыз, молаю келмейді. Ерінбей еңбектену аз, еңбегімізде құлшыныс танытқанымыз жөн. Өзіңізді ыждаһатты адам дей аласыз ба? Жұмысыңызды ынта-талаппен істейсіз бе? Қатарыңыздан озып немесе белгілі бір деңгейге жетіп, соны қанағат тұтып, тоқтап қалған жоқсыз ба?
3. Жазушылық еңбекке кіріскенімде, түрлі қиындыққа тап болдым: көңілім қалған, жігерім құм болған, жабырқаған кездерім болды. Соған қарамастан, Құдайдың айтқанын орындауда табанды болып, ақыры жеңіске жеттім. Өзіңізге берілген рақымда өсіп келе жатырсыз ба? Менің әңгімем жігердің таусылуын, көңілдің қалуын, басқа қиындықтарды жеңіп, алға қарай ұмтыла беруіңізге көмектесті ме?



*Жаратқан Ие сол жандарды жарылқайды,
Олар өсіп-өніп ғаламат молаяды,
Мал басын да Иеміз азайтпайды*

– Забур. 106:38

Ғаламат молаю

Көңіліміздегі наразылықты Құдай кейде сеніміміздің өсіп молаюына түрткі ретінде пайдаланады. Ыбырамның (Ыбырайымның) өмірінен де осындай жағдайды көреміз. Ыбырайым 75 жасқа келгенде, Құдаймен кездесті. Жаратушы Ие аян беріп, былай деді:

«Ыбырам, қорықпа! Мен сені қалқандай қорғаймын. Саған берілер сыйлық аса зор болады» (Жаратылыс. 15:1).

Осы аятты мұқият қарастырайық. Құдіретті Құдай – әлемнің, әлемдегі барлық байлықтың Жаратушысы мен жалғыз Иесі. Құдай – мәңгі. Бірде-бір тірі жан иесі Құдаймен теңдесе алмайды. Құдай – ұлы. Құдай – тіршілік иесі емес, Құдай – өмірдің Өзі. Даналық пен білім атаулы, шынайы құндылықтар мен игіліктер, нағыз қуаныш пен жан ләззаты, шын асылдың барлығы – Құдайда ғана. Құдайдан тыс құндылық жоқ.

Осынау ғажап Тұлға Ыбырамды қалқандай қорғап, аса зор сыйлық беретінін уәде етеді. Енді қорғаныш пен зор сыйлықтың не екенін түсінуге тырысып көрейік.

Әуелі қорғаныш жайлы. Америка Құрама Штаттарының президенті барлық қарулы күштерге сізді қорғауға бұйрық берді делік. Әрбір генерал қол астындағы офицерлерге басты міндет – сізді қорғау екенін хабарлайды. Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін қажет әрекеттің қай-қайсысы да шұғыл түрде орындалуы керек. Қажет

болса, жан-жағыңыздан жауынгерлер мен алуан түрлі заманауи қару-жарақ қоршап тұра қалады. Олай болуы мүмкін емес, дегенмен, бола қалған жағдайда өзіңізді қауіпсіз сезінер едіңіз. Алайда, осындай қорғаныштың өзі Құдайдың «Мен сені қалқандай қорғаймын» деген уәдесімен салыстырғанда, түк те емес.

Ал зор сыйлық дегеніміз не? Көршіңіз: «Мен саған зор сыйлық беремін» десе, қанша жомарт, кең пейілді адам болса да, өз қаражатынан аса алмайды. Ал егер осы сөзді Америка Құрама Штаттарындағы ең бай адам айтса, дәмеңіз едәуір артар еді. Алайда, оның да уәдесі Құдайдың уәдесіне тең келе алмайды. Ғаламның Иесі адамға Өзінің сыйлығын ұсынады! Жаратқан Ие Ыбырамға «Менің саған дайындап қойған сыйым зор!» Құдайдың «зор» деп айтқаны қандай екенін көз алдыма елестете алмаймын, шынымды айтсам. Бірақ сөз мұнымен бітпейді.

Ақылға қонбайтын тағы бір дерек, Жаратқан Ие Ыбырамға айтатынын періштесінен айтып жіберген жоқ, Өзі келді. Ыбыраммен бетпе-бет кездесіп, осынау керемет уәделерін берді. Не деген керемет! Осы туралы ойлағанымызда көңілімізді баурап алатын шаттық пен масаттануды, таңырқау мен толқуды айтып жеткізе аламыз ба? Алайда, Ыбырамның жауабынан бұл сезімдердің бірін де байқамаймыз. Шындығында, көңілі толып, масайраған жоқ; қайта, ренжіп қалған сияқты!

«Бірақ Ыбырам жауап беріп былай деді:

— Уа, Жаратушы Тәңір Ие, Сенің маған берер сыйлығыңнан не пайда? Мен әлі де ұрпақсыз келемін. Үйіме дамаскілік қызметшім Елиезер иелік етпек» (Жаратылыс. 15:2, NLT аудармасы).

Ыбырамның сөзінен көңіліндегі наразылықтың нышанын байқап отырсыз ба? Таң қаларлық жайт!

Әлде, Ыбырамның жабырқау көңіл-күйі – әлдебір жақсылықтың белгісі ме? Ыбырам «Тамаша! Құдайым, уәделерің дәл қазір орындала бастасын!» десе, әрі қарайғы өмірі қандай болар еді? Шындығында, сұрақты басқаша қойғанымыз жөн.

Ыбырамның жауабы осындай боларын білсе, Құдай онымен бетпе-бет келіп, сөйлесер ме еді? Менің пайымдауымша, келмес еді. Жауабымды түсіндірейін.

Ыбырамның өмірінде болған оқиғаны қоя тұрып, Исраил халқының тарихында болған бір оқиғаға назар аударайық. Шөл даланы кезіп жүрген адамдардың наразылығы жол ауыртпалығынан, көшпелі өмірдің қолайсыздығынан, бастарына түскен тағы басқа қиындықтардан туған болатын. Күңкілдеп жүріп, Уәде етілген жерге кіре алмай қалды. Пауыл елші болса, қиындықтарға деген көзқарасын былай деп түсіндіреді:

«Мен қандай жағдай болмасын, қолдағы барды қанағат етуді үйрендім. Жоқшылықта да, молшылықта да өмір сүре аламын. Мен не тоя тамақ жейін, не аш жүрейін, молшылықта немесе мұқтаждықта болайын, қай жағдайда да қанағат етудің құпиясымен жақсы танысып алдым» (Філіпіліктерге. 4:11-12).

Құдай қиындыққа төзіп, қара басының қамымен шектелмейтін адамдарды тапты, олар – Пауыл мен Ыбырам. Ал олардың наразылығын тудырған жеке қиындықтары емес, басқалардың қамы.

Мына қағиданы есте сақтаңыз: наразылығым жеке басымның қамынан тұса, бұл Құдайға ұнамды емес. Ал егер басқалардың қамы мен Құдай Патшалығының қажеттіліктерін ойлап, қанағаттанбай жүрсем, бұл ниетім Құдайға ұнамды. Ыбырамның наразылығы сондай наразылық еді. Нәтижесінде не болғанын білетін шығарсыз? Құдай Ыбырамға аспандағы жұлдыздарды, теңіз жағасындығы құмды көрсетіп, жүрегіне асқақ арман ұялатты. Құдайдың Ыбырамға берер сыйы сансыз көп адамға ықпал ететінін көрсетті. Құдай:

«Мен екеуіміздің арамыздағы Келісімді бекітіп, сенің үрім-бұтағыңды сансыз көбейтемін, — деді» (Жаратылыс. 17:2).

Ыбырам Құдайдың ғажап жарылқауларын қанағат тұтса, не

болар еді? 75 жасқа келген ол ұлды болуды армандайтын ба еді? Ыбырамның наразылығы Құдайдың жарылқауының молаюына түрткі болды.

Осындай наразылығымды назардан тыс қалдырмауды мен де үйрендім; наразылық игі өзгерістерге түрткі болуы да мүмкін. Лаодикиядағы қауымға дәл осындай көзқарас жетпеген еді. Қауым:

«Мен баймын, ауқаттымын, еш нәрсеге мұқтаж емеспін», — деген пікірде еді (Аян 3:17).

Сондай ойына бола Исадан қатаң ескерту алды.

Олардың назары өздерінде, молшылықта баянды өмір кешіп жүр, құтқарылмаған адамдарды ойлап, мазаланғысы жоқ. Қолында барын молайту туралы ойлап та жүрген жоқ.

Стен де осындай күйге түсуге жақын болса да, ақырында жеңіп шықты. Мұндай күйге түспеуім үшін мен де күрес жүргізуге мәжбүрмін. Мұндай азғырылу бәрімізге де келеді.

Шынайы сенушінің жүрегінде Құдай Патшалығының ықпалын көптеген адамдардың өміріне әкелуге деген құлшыныс болады. Жоғарыдан туылғанымызда, өзгеріп, мүлде өзге тұлғаға айналамыз. Жүрегі Құдайға қызмет етуге деген құлшынысқа толы жаңа адам болып, қайта туамыз. Иса былай дейді:

«Қызмет етуге дайын болыңдар, белдерің буулы, шамдарың жағулы болсын!» (Лұқа 12:35, орысшадан аударма).

Иеміздің осы нұсқауынан көріп тұрғанымыздай, қызмет ету мен құлшыныс әр сенушінің өмірінде болуға тиіс. Бұл екеуі — жоғарыдан туылған әрбір мәсіхшінің жаңа болмысында бар нәрсе. Тек сақтап қалуымыз керек. Құтқарылудың тегін сый екенін ұмытып, «істеріміз арқылы құтқарылу» жағына ауытқып кетеміз бе деп, қызмет ету жайлы ақиқатты елеусіз қалдырамыз. Жаңа өміріміздің осынау маңызды саласын көзге ілмеуіміздің себебі неде? Мәсіхшілікті қайта қарастыруға деген беталыстың

салдарынан сеніміміз өзімшіл болып бара жатқан жоқ па? Өзімшіл сенім адамның күнәкар табиғатына тән жалқаулықты қолдайды.

Неліктен Иса: «Қызмет етуге дайын болыңдар, белдерің бұулы... болсын» деді? Исаның қызметті киіммен салыстыруының себебі неде? Бұл сұрақтың жауабын Аян кітабынан табамыз:

«Шаттанып, қуанайық, Оның ұлылығын мадақтайық! «Тоқтының үйленетін уақыты» жетті. Оның қалыңдығы әзірленіп, дайын отыр. Оған кіршіксіз таза, жылтыраған ақ бәтес киімдер берілді». — Сол ақ бәтес киімдер Құдай халқының әділ істерін білдіреді» (Аян 19:7-8).

Біріншіден, қалыңдықты әзірлеген Құдай емес, қалыңдық өзі әзірленіп, дайын отыр. Екіншіден, қалай әзірленгеніне назар аударайық. Әр қалыңдық тойға киетін көйлегін мұқият таңдайды. Той алдындағы ең маңызды міндеттерінің бірі – сәнді киім таңдау. Батыс мәдениетінде қалыңдық көйлек таңдауға көп уақытын жұмсайды. Құдай Патшалығында біз де, қалыңдық ретінде, тойға киетін киімімізді ұзақ уақыт дайындаймыз. Біздің тойға киетін киіміміз кіршіксіз таза, жылтыраған ақ бәтестен тігілген. Аппақ бәтес киімдер Құдай Патшалығындағы әділ істерімізді, яғни, қызметімізді білдіреді. Сонымен, қызмет ету — рухани қанымызда бар нәрсе. Иса былай деген еді:

«Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін» (Жохан 20:21). Иеміз жер бетіне қызмет ету үшін келген еді (Марқа 10:45 қараңыз), біздің де өмірлік мақсатымыз – сол. Иса қызмет етудің не себепті маңызды екенін де түсіндіреді:

«Өзімді Жібергеннің еркін іске асырып, Оның тапсырғанын толық орындау Маған «нәр» болады» (Жохан 4:34).

Ас ішпесек, ұзаққа бармаймыз. Құдай Патшалығын орнату жолында еңбек етпейтін сенуші нәр татпай, аш жүрген адам

тәрізді. Адам аш жүре берсе, әлсірейді. Сол сияқты, рухани «нәр» алмаған мәсіхшінің де сенімі сарқылады. Лұқа жазған Ізгі хабардың 12-ші аятында Иса осы жайлы тағы да айтады. Күнәкар дүние барымызды қанағат тұтып, жайлы өмірімізді қимай, тоқмейіл қалыпта жүре бергенімізді қалайды. Көңіліміздегі наразылықтың бізді өзгерістерге итермелеуіне, сөйтіп, Құдайдан келетін молаюдың жүзеге асуына қарсыласады.

Қымбатты оқырманым, бүгінгі қызметіңізге көңіліңіз толмай жүрсе, ықпалыңызды кеңейткіңіз келсе, мінәжат ете бастаңыз. Наразылығыңыз игі өзгерістерге түрткі болып, өміріңізде молаю басталсын.

МЕНИҢ НАРАЗЫЛЫҒЫМ

«*Шайтанның тұзағы*» атты кітабым Америка Құрама Штаттарында ғана емес, басқа елдерде де кең тарағаннан кейін, көңілім толып, тоқмейілсіп қалған жоқпын. Наразылығым басқа салаға көшті.

Ірі қауымдар мен ауқымды конференцияларда уағыз айтатын болдым. Бірақ, жолдауымды бір уағызға сыйғыза алмайды екенмін, енді осыған алаңдай бастадым. Бір кітапты шамамен алғанда, 400 сағатта жазып шығамын. Қолыңыздағы кітапты жазып отырғанымда, Киелі Рух маған талай ақиқаттарды ашып көрсетті. Бұл ақиқаттар Құдайдың сүйікті перзенттерін азат етіп, сенімін нығайтуды, оларды Құдайға жақындатуды көздейді.

Қауымдар мен конференциялардың көбісінде уағызға берілетін уақыт 35 минуттан 45 минутқа дейін. Сол себепті, «*Шайтанның тұзағы*» тақырыбына уағыз айтқанымда, бір, әрі кетсе, бір жарым тарауды ғана қамти аламын. Жолдаудың 90 пайызы тыңдаушыларымның назарынан тыс қалып қояды деген сөз. Олар кітабымды сатып алып, оқып шыға алады, әрине. Алайда, әдетте, уағызды тыңдаған адамдардың бестен бірі ғана кітап сатып алады.

Осы жайтқа көңілім толмауының нәтижесінде, кітап шыққаннан кейін төрт-бес жыл өткенде, мәселені шешудің

амалы табылды. «*Шайтанның тұзағы*» кітабы бойынша оқу курсы жасасам, қайтеді? Кітаптың әр тарауындағы негізгі ойларды қамтитын отыз минуттық 12 бейнесабақ жаза аламын. Сонда адамдар жеке дара немесе топпен бірге көріп, талдап, жолдауды толық естіп, ұғар еді. Жолдаудың жемістілігі де арта түсер еді. Шәкірттерге ой салатын, тақырыпты топта талдауға арналған сұрақтар қоссақ, Киелі Рухтың әсері тереңірек болар еді, әр адамның осы сабақтардан үйренгенін өмірде қолдануы оңайырақ болар еді.

Осы ойларымды ұжымыммен бөлістім. Әріптестерімнің бірі шәкірттерге арналған жұмыс дәптерін және 12 бейнесабаққа қосымша топ жетекшілеріне арналған нұсқаулық жасауды ұсынды. Осындай оқу курсы алуан түрлі жағдайларда қолдануға болар еді.

Осы тәрізді материалдарды өндіретін компаниялардың ішінде 2 500 клиенттің тапсырысын орындаған үздік компания бар екен. Клиенттерінің арасында Америка Құрама Штаттарындағы ең ірі корпорациялар да бар. Сол компанияға тапсырыс беретін болдық. Әуел бастан қойған талабымыз «жұмысқа деген немқұрайлы көзқарас болмасын, сапа мейлінше жоғары деңгейде болсын, алдыңғы қатарлы өнім шығарғымыз келеді. Ең жаңа, ең озық әдістер қолданылатын болсын».

Айтпақшы, АҚШ президентінің кеңсесінде жұмыс істейтін адамдарға Киелі Кітаптан тәлім бергенім бар. Ақ үйге Батыс қапталынан кірдім де, айналадағы асқан талғамның көрінісіне тамсандым. Сол жолы: «*Осының барлығы – Америка Құрама Штаттарының президентіне лайық; ал «Мессенджер Интернэшнл» қызметі Ғаламның Патшасына лайық болуы тиіс*» деп ойладым. Қызметімізді бастағанда-ақ әрбір ісімізде ең жоғары сапаға ұмтыламыз деп шештік. Ал әлгі оқиғадан кейін жұмысқа деген немқұрайлы көзқарасқа ешқашан жол бермейміз және жұмысымыздың сапасы мейлінше жоғары деңгейде болады деп түйдік.

Оқу курсы дайын болғанда, командалық екі мүшесінің

міндетін өзгерттік; олар енді жұмыс уақытын толығымен қауымдардың жетекшілеріне қоңырау шалуға арнайтын болды (2000-шы жылдарда қауым жетекшілерімен сөйлесудің ең жақсы құралы әлі де телефон болатын). Ол екеуінің міндеті мен кейінгі он жылда уағыз айтқан қауымдардың барлығына қоңырау шалып, бағушылар мен жетекшілерге біздің оқу курсымыз туралы айту болатын. Ниетіміз – бағушыларға қолымыздан келгенше көмектесіп, қауым мүшелеріне тәлім беру, сол арқылы жергілікті қауымдарды нығайту еді. Біздікіндей оқу курстары ол кезде аз болатын, бұл идея әлі кеңінен тарай қоймаған кез еді.

Қауымдардағы жетекшілер бастамамызды қолдағанда қуанғанымыз-ай! Жетекшілерден жігер берер тамаша жауаптар келіп жатты. Біраз уақыт өткен соң, шағын топтарға да, жексенбілік жиналысқа да баратын адам саны көбейгені жайлы хабар әр қауымнан келе бастады. Басында курсымызды 100 шақты адамы бар шағын қауымдар ғана пайдаланатын болады деп ұйғарған едік. Алайда, мүшелерінің саны бірнеше мыңнан асатын қауымдар да бейнесабақтарымызды жексенбілік жиналыстарында көрсете бастапты, сол қауымдар да өсе бастады. Жексенбі мереке күнімен тұспа-тұс келіп, көп адам жиналысқа қатыса алмайтын болса, қауым мүшелері келесі сабақты көрсетпеуді сұрайды екен. Адам саны екі немесе үш есе артқан қауымдар да болды.

Қауымдардың бағушылары басқа бағушыларға өздерінің қауымдары мен шағын топтарында не болып жатқанын айтып, бөлісе бастады. Енді біздің оқу курсымызды алғысы келген бағушылардан көптеген тапсырыс түсе бастады. Бірнеше жылдың ішінде мыңдаған қауымдар – Америка Құрама Штаттарындағы 20 мыңнан астам қауым мен Австарлияда мыңнан астам қауым курсымызды алып, пайдаланды. *«Мессенджер Интернэшнл» миссиясының* қауымдармен байланыс бөлімінде енді жеті адам жұмыс істейтін болды. Адамдардың өмірі мен отбасындағы және қауымдардағы өзгерістер жайлы куәліктер үзбей келіп жатты.

Келесі жылдарда біздің миссиямыз шығаратын негізгі кітаптар

бойынша оқу курстарын жасап шықтық. 12 жылдың ішінде курстарымыздың саны оннан асты, оларды бүкіл Америка Құрама Штаттарындағы және Австралиядағы қауымдар кеңінен пайдалануда.

Менің бірде-бір кітабымды сатып алып көрмеген, уағызымды да бұрын-соңды естімеген сансыз көп адам Құдайдың жолдауын естіді. Бұл адамдар – біздің материалдарымыз бойынша тәлім беруге бел буған жетекшілердің қауымдары мен шағын топтарының мүшелері.

«АДАЛ БОЛДЫҢ»

Құдайға деген алғысымыз шексіз болды, әрине! Сатылған кітаптарымыздың саны бірнеше миллионға, ал сатылған оқу курстарының саны бірнеше мыңға жетті. Мен болсам, көңілім сонда да көншіген жоқ. Құдайдың маған берген жолдауы Мәсіхтің денесіне арналғанын білемін, жемісі де зор. Дегенмен, сол ақиқаттарды естуге зәру болып жүрген сенушілер әлі де көп.

Кітаптарымды сатылған мөлшерінен артық таратуым керек, Құдайдан соны сұрай бастадым. Әлемде кітап сатып алатын ақшасы да, тіпті, ондай мүмкіндігі де жоқ бағушылар, жетекшілер мен сенушілер көп. Елдерінде мәсіхшілік әдебиеттің сатылуына тыйым салынған, өздері заңсыз деп танылған құпия қауымдардағы миллиондаған сенушілер бар. Шалғай елдерде тұратын, кітаптарды өз еліне жеткізуге қаражаттары жетпейтін сенушілер одан да көп.

Соларға қалай көмектесе аламыз?

Бұл мұқтаждық орасан зор екенін білемін. Алайда, сол көптеген бағушылар мен жетекшілермен қалай байланыс орната аламыз? Оны білмеймін. Дегенмен, әрекет етуіміз керек. Өзіміз білетін мұқтаждықтарға жауап бере бастадық. Халықаралық байланыстар жөніндегі директорымызға арнайы нұсқау бердім. Дамушы елдердегі немесе Ізгі Хабарға тыйым салынған елдердегі жетекшілер кітап сұрайтын болса, оларға кітаптарды тегін жібереміз, не болмаса, кітапты сол елдерде басып шығарудың

шығынын өзіміз көтереміз.

Қажеттіліктің болмашы ғана бөлігін қанағаттандырып жүрген болатынбыз, шығаратын кітаптарымыздың саны – жылына 10-нан 20 мыңға дейін ғана, көңілім қайдан көншісін. Оқу материалдарының қаншалықты қажет екенін ескерсек, біздің істеп жүргеніміз теңіздегі тамшы ғана. Дегенмен, Құдайдың тапсырмасын жылдан жылға орындай бердік және осы жолда әрбір мүмкіндікті пайдалануға тырыстық.

2010 жылдың 31 мамыры есімнен кетпейтін күн болды. Лиза Англияға, әйелдер конференциясында қызмет етуге кеткен. Гольф ойнап, үйге жаңа кірдім. Қолыма Киелі Кітапты алдым да, Даниял кітабын оқымақ болып, үйдің төменгі қабатына түстім. Екінші тарауды оқып отырғанымда, мен отырған бөлме Құдайдың құзырына толып кетті. Жүрегіме Құдайдың сөзі келді: «Балам, ағылшын тілді елдерде адал қызмет еттің. Енді менің жолдауымды әлемнің барлық елдеріндегі әрбір бағушы мен жетекшіге жеткізуің керек».

Бірнеше минутқа созылған Құдайдың ғажап құзыры сейілгенше, таңырқау мен толқу сезімдері баурап мен де отырдым. Сол күні рухани әлемде әлдебір өзгеріс болғанын сезіндім. Бұдан былай кездескен мүмкіндіктерді пайдаланумен шектелмеуіміз керек; Құдайдан тікелей тапсырма алдық. Енді мұқтаж болып жүрген Құдайдың қызметкерлерін өзіміз іздеп табатын болдық. Қай елдің тұрғыны болса да, қай тілде сөйлейтін болса да, қаржылық жағдайы қандай болса да, Құдайдың әрбір қызметкеріне жолдауымызды жеткіземіз.

Киелі Рухтың «адал» деген сөзді айтқаны көңілімде қалып қойды. Ол кездерде мен адалдық пен молау сөздерінің арасында байланыс барын білмейтінмін, бұл ақиқат маған әлі ашыла қоймаған еді. Киелі Кітаптағы «адалдық» сөзінің мағынасын түсіндір десе, көбейту, молайту деген сөздер ойыма да келмес еді. Киелі Рухтың сол күнгі айтқаны жүрегімді осы ақиқатты қабылдауға дайындай бастады. Құдайдан сөз алғаным анық, алайда, осынша зор міндетті қалай атқара алатынымызды білмеймін.

Лиза екеуіміздің Роб Биркбек деген байырғы танысымыз бар. Роб бір танымал Ізгі Хабар таратушының халықаралық қызметінде жұмыс істеген еді. Роб сол миссияның басқарушы директоры болатын. Сонымен қатар, миссия жеткшісінің кітаптарын басып шығару және тарату ісімен де айналысқан еді. Сондықтан барлық дерлік елде Робтың бағушылармен де, баспашылармен де таныстығы бар. Миссия жетекшісі зейнетке шыққанда, Роб жұмыссыз қалды. Дәл сол уақытта бізге халықаралық байланыстар жөніндегі директор керек болып жүрген. Роб пен оның жұбайы Ванессаны жұмысқа шақырдық. Осынау серіктестік болашақта қандай жеміс беретінін ол кезде ешқайсымыз білген жоқпыз.

2011 жылдың қаңтары болатын. Конференц-залда миссиямыздың бөлім басшыларымен кездесу өткізіп отырған едім. Кездесуге Роб пен Ванесса да келген еді. Мен:

– Өткен жылдың ішінде шет елдердегі бағушылар мен жетекшілерге қанша кітап тараттық? – деп сұрадым.

Бұл салаға жауапты адам қағаздарын қарап шықты да:

– Отыз үш мың кітап, – деді.

Мақтау естимін деп ойлаған еді, олай болмады.

– Бар болғаны, сол-ақ па? – дедім, наразылығымды жасыра алмай.

Содан кейін:

– Биыл Ізгі Хабарға тыйым салынған елдер мен дамып келе жатқан елдердегі Құдайдың қызметкерлеріне 250 000 кітап таратамыз, – дедім. Аузымнан мұндай сөз шығады деп өзім де күтпеген едім.

Тым-тырыс тыныштық орнады, отырғандар тіс жарған жоқ. Лиза кейін «сол сәтте таңертең ішкен асым аузыма келіп қалғандай болдым» деді (жұбайымның әзілі өткір келеді).

Үлкен ұлым атқарушы директордың қызметін атқарып жүрген еді, бірінші болып, сөзді сол алды:

– Әке, – деді Эдисон, – осыншама көп кітап таратқың келетіні рас па?

– Әрине, – дедім міз бақпастан.

Ұлым 20 минут бойы сұрақ қоюмен болды. Мен сұрақтың бәріне жауап бердім. Залдағылар тіс жармай тыңдап отыр. Эдисон өте кішіпейіл де сыпайы сөйлегенмен, менің тапсырмамды орындаудың еш мүмкіндігі жоқ екенін айтумен болды. Ақырында, алған райымнан қайтпайтыныма көзі жетіп:

– Мына отырған адамдардың алдына жеткізбес мақсат қойғым келмейді! – деді.

Мұндайға төзбек емеспін. Жұдырықпен үстелді қойып қалдым да:

– Биыл 250 000 кітап таратамыз деп айтқаным айтқан! – дедім.

Осыдан кейін ұлым да сап тыйылды. Кездесу аяқталды, үрпиісіп, жайсыз көңілмен тарастық.

Ертеңіне ұлым:

– Әке, кешегі сөзің тым қатты болды, – деді.

Екеуіміздің де ашуымыз басылған, татуласуға дайынбыз.

– Балам, командамыздағы адамдардың шешім қабылдауға белсене араласқанын өзім де ұнатамын, – дедім мен. – Әдетте, шешім қабылдарда барлық ұсыныстар мен идеяларды ескеруге тырысамын. Кеше басқаша болды. Сендерден «250 000 дана кітап таратуға қалай қарайсыңдар?» немесе «Биыл қанша кітап таратқанымыз дұрыс деп ойлайсыңдар?» деп сұраған жоқпын. Алдарыңа анық мақсат қойдым! Сен болсаң, 20 минут бойы менімен сөз таластырдың.

Эдисон қатесін мойындады да, соңғы өтінішін айтты:

– Әке, осы іс үшін келесі 24 сағатта мінәжат етіп, әлі де ойлана тұруыңды сұраймын. Бір тәулік өткенде, шешімің өзгермесе, осы айтқаныңды жүзеге асыруға бар күшімізді саламыз.

– Жарайды, – деп жауап бердім.

Шынымды айтсам, ұлым сұрағандай көп мінәжат еткен жоқпын! Әйтеуір, берген уәдемді орындамақ болып, қысқа ғана дұға еттім. Бірақ үйімнің төменгі қабатындағы Құдаймен кездескенімнен кейін дәл солай істеуіміз керек екенін анық білемін.

«Сізде уайым, қобалжу сезімдері болды ма?» деп сұрағыңыз келетін шығар. Болғанда қандай! Қорқыныш та болды! 250 000 дана кітапты басып шығарып, тегін таратуға қажет қаражат қайдан келеді деген мәселені ойлауға өзіме-өзім тыйым салдым. Ондай ойларға берілсем, ұлыммен келісіп, тарататын кітаптарымыздың санын «ақылға қонатын» етіп өзгертер едім. Миллионның төрттен бірі деген сан ақылға сыймаса да, Құдайдың айтқанын қайтсем де орындамақпын. Құдайдың кереметімен қаражат келеді, не болмаса, Құдайдан керемет жоспар келеді, соны анық білемін. Екеуінің бірі емес, екеуі бірдей келетінін білмеппін!

Арада үш апта өткенде, Флоридадағы қонақүйдегі бөлмеде кітап жазып отырған болатынмын. Таңертеңгі уақытымды кітап жазуға арнаймын, сол кезде ойымды бөліп, мазалауға болмайтынын ұжымым түгел біледі. Телефоныма түскен қоңырау кеңсенің номерінен келіпті. Демек, оқыс жағдай немесе аса маңызды мәселе туындап қалған болуы керек, жауап бердім. Арғы жақтан шаттыққа толы дауыстар естілді. Осыдан үш апта бұрынғы әлгі жиналыстан тұнжырап қайтқан адамдар енді бір бөлмеде жиналып алып, көңілденіп жатқан сияқты.

Эдисон:

– Әке, қаржылық серіктестерімізге 250 000 дана кітапты тегін таратпақ екенімізді әлі хабарлаған жоқпыз. Алайда, командамыздағы бір адам танысымен сөйлесіп, биылғы жоспарымызды айтқан екен, сонда әлгі адам осы жобаға 300 000 доллар мөлшерінде қаржы бөлетінін айтыпты! – деді.

Сол күнге дейін бір адамнан келген ең ірі құрбандық 50 000 доллар болатын. Шаттыққа енді мен де қосылдым! Масайраған, қуанған сезімдерге толы көптеген сөздер айтылғаннан кейін:

– Осыдан үш апта бұрын неліктен бірбеткей табандылық танытқанымды енді түсіндіңдер ме? – дедім.

– Әке, бір миллион кітапты тегін таратамыз десең де, қос қолдап келісемін! – деп күлді ұлым.

Бұл сөзді басқалар да қоштай жөнелді.

Сол күн есімнен кетпейді. Әріптестеріммен сөйлесіп болдым. Бірақ жұмысыма қайта кірісе алар емеспін. Қолымнан бар келгені, әрлі-берлі адымдап «Алғыс Саған! Алғыс! Алғыс!» деп қайталай беру. Көзімнен парлаған жас тоқтар емес. Рухтары әбден шөліркеген, шәкірттерге қажет оқу материалдарына қолы әрең жеткен бағушылар мен жетекшілер көз алдымнан кетпей қойды.

Эдисон сол күні ойын ішіне бүгіп қалмай, сұрақтарын ақтарып салғанына қуандым. Ұлым сол залда отырған әрбір адамның көңіліндегі күдігін айтқан еді. Сол күмәнді ойларға жауап беруіме мүмкіндік туғаны дұрыс болды. Сол күнгі жиналыста әрқайсымыз көңіліміздегі күмәнмен бетпе-бет келуге мәжбүр болдық. Күмән мен қорқынышқа бой алдырсам, асқақ арманымды аласартып, адами мүмкіндігіміздің аясында қала берер едім. Арман-мақсатымыз сөніп, осынау зор құрбандық та келмес еді. Бәлкім, 50 000 кітап таратар едік. Мүмкін, оған да жетпес едік.

Алдымызға биік мақсат қойдық; мақсатымызды Киелі Рух қолдады, Ол әлгі адамның жүрегіне қозғау салып, мол құрбандық беруге жетеледі. Біз де, ұжым ретінде сенімнің жаңа деңгейіне шықтық.

Құдайдың рақымымен сол жылы 48 елдегі Құдайдың қызметкерлеріне тегін кітап тараттық, оның ішінде Иран, Ирак, Сирия, Ливан, Өзбекстан, Қазақстан, Түркменстан, Хорватия, Албания, Мысыр, Вьетнам, Мьянма, Камбоджа, Қытай, Моңғолия, Түркия елдері, Африканың көптеген кедей мемлекеттері бар. Бұрын ондаған мың кітап тарататын едік, енді таратылатын кітаптарымыздың санын миллионның төрттен біріне жеткіздік. Жемістілігіміз сегіз есе артты. Құдайға шүкір, ғаламат молаю келді!

НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ АРТУЫ

Одан да көп болуы мүмкін бе еді?

2011 жылдың мамырында, конференц-залдағы әлгі текетірестен кейін төрт ай өткенде, Роб екеуіміз Ливанның астанасы Бейрут қаласында бүкіл Таяу Шығыс елдерінен келген бағушылар мен жетекшілерге арнап, жиналыс өткізіп жатқанбыз.

Екі жиынның арасындағы үзілісте Роб жаныма келіп:

– Ирактағы Эрбил қаласынан келген бағушы сізге жолығып, сөйлескісі келеді екен, қалай қарайсыз? – деп сұрады.

– Сөйлесемін! – дедім.

Роб кездесуді қонақүйдің холлында ұйымдастырды. Жасы 35 шамасындағы, көзінде оты, жүрегінде жалыны бар жас бағушы екен. Құдай патшалығын орнатуға жең сыбана кіріскен адам. Құдайға қызмет етуге белі буулы, шамы жағулы! Эрбилден келгендегі мақсаты – рухани нәр алу, мәсіхші бауырларымен кездесіп, сенімін нығайту. Айналасындағы адамдарға Ізгі Хабарды түсінікті етіп жеткізе алатын, олармен дұрыс қарым-қатынас құра алатын жаңашыл көзқарастағы қызметкер екен. Жылы да жеңіл-желпі әңгіме болып басталған сұхбатымыз тереңге бойлаған ой толғауға ұласты.

– Джон бағушы, сізді рухани әкем деп санаймын. Жазған кітаптарыңыздың барлығын оқимын (оның тіліне кітаптарымның бірнешеуі ғана аударылған, бірақ ол ағылшын тілін біледі екен). «Мессенджер Интернэшнл» сайтынан қажет материалдарды жүктеп алу үшін карточкаммен төлем өткіземін...

Осы сәтте біреу үстіме бір шелек суық суды аудара салғандай күй кештім. Әрі қарайғы әңгіме есімде қалмапты. *«Соғыстан әбден қалжыраған ел – Иракта қызмет ететін мына бағушы біздің сайтымыздан материал жүктеп алу үшін карточкасымен төлем жасайтыны қалай?»* деген ой санамды жарып жіберердей болып отыр. Тезірек оңаша қалып, осынау шұғыл мұқтаждықты Құдайдың алдына әкелуім керек.

Жас бағушымен қоштастым да, өз бөлмеме асықтым. Есігімді жауып алдым да, сезімімді тежей алмай, айқайлап жібердім:

– Құдайым, маған берген жолдауларыңды дүние жүзіндегі мұқтаж бағушылар мен жетекшілерге қалай жеткізе алатынымды көрсете гөр!

Көрші бөлмеде кімнің бар екені, ол адамның не ойлайтыны, шынымды айтсам, бәрібір еді. Мені мазалаған жалғыз ой

Жаратқан Иемнің аманатын қайтсем де орындау, әлем елдеріндегі Құдайдың қызметкерлеріне Құдайдың жолдауын қайтсем де жеткізу.

Осы жанайқайымнан кейін бірнеше күн өткенде, бір жақсы ой келді. Шындығында, бұл жай ғана ой емес, бүтін бір стратегия. Қосымша көп шығын мен еңбекті талап етпейтін, бірақ қызметіміздің жемістілігін бірнеше есе арттыра алатын стратегия.

Бұл өте тамаша идея еді... Құдайдың даналығымен ғана келетін идея. Өзі сондай қарапайым, алайда, бұрын ойымызға келген емес. Оқи беріңіз!

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Көңіліңіздің толмауы мен наразылығыңыз жемісіңізді молайтуға түрткі бола алады. Белгілі бір салада өсіп, дарыныңызды жетілдіруіңіз қажет болып жүрген жоқ па, қалай ойлайсыз? Құдай сізді сол бағытта жетелемек болса, қалай жауап берер едіңіз?
2. Наразылығыңыздың түптамырында жеке мүддеңіз жатса, ол Құдайға ұнамды емес. Ал егер басқалардың мұқтаждықтары мен Құдай Патшалығының мүддесін ойлап, көңіліңіз толмай жүрсе, мұндай наразылық Құдайға ұнамды. Ал сіздің көңіліңіз неге толмай жүр? Сізді қынжылтатын не?
3. 250 000 кітап таратқанымыз туралы әңгімемді оқып шыққаннан кейінгі ойларыңыз қандай? Құдайдың уәделерінің орындалуы үшін, молаюдың жаңа деңгейіне шығу үшін ең бастысы – сенім. Неге бұлай? Басқалар сізбен келіспеген жағдай да Құдайға мойынсұну маңызды, неге?



MessengerX

Күн сайынғы шәкіртшілігіңізге арналған қосымша



Толықтай тегін!

Мобильді құрылғыңызға жүктеп алыңыз да, пайдалана беріңіз!
Немесе сайттағы веб-нұсқаны қолданыңыз:



MessengerX.com

110+ тілде және мұнымен шектелмейміз



110-нан астам тілге аударылған материалдарды лезде көре аласыз.



Үнемі жаңа материалдарды аударып, қосып отырамыз.

Көріңіз. Оқыңыз. Тыңдаңыз.

Ресурстардың кең көлемді кітапханасына курстар, электронды кітаптар, аудиокітаптар, қысқа метражды фильмдер енді, қалағаныңызды тыңдауыңызға, оқыуыңызға немесе көруіңізге болады.



Қосымшаның тамаша функциялары көңіліңізден шығары сөзсіз!

- Қосымшадағы материалдарды басқа адамдармен оңай бөлісе аласыз.
- Chromecast пен AirPlay-ды пайдаланып, бейнежазбаларды смарт теледидарыңыздан көре аласыз.
- Ілгерілеуіңізді барлық құрылғыңызда сақтай аласыз. Өзіңіз ұнатқан материалдарды кітапханаңызға сақтап қойып, кез келген уақытта жылдам таба аласыз.
- Материалдарды құрылғыңызға жүктеп алып, офлайн көре аласыз.
- Қолайлы іздеу мен фильтрді пайдаланып, керегіңізді жылдам таба аласыз.




Ең маңызды салаларда ілгерілеу

Отбасы, салауатты қарым-қатынас, өмірлік мақсатыңыз, порнографиядан азаттық, сенімді жетілдіру, Құдайдың даусын есту, кәсіптегі көсбасшылық және тағы басқа тақырыптарды терең зерттеңіз!

Өсіп-жетілу жолы

MessengerX-тің мақсаты – өмір жолындағы келесі қадамыңызды жасауыңызға көмектесу. Біз сізге шәкіртшіліктің сара жолын ұсынамыз. Осы жолда адаспауыңыз үшін керек құралдарды дайындап қойдық.



- 1** MessengerX қосымшасын Apple Store немесе Google Play-ден жүктеп алыңыз
- 2** Қосымшаға тіркеліп, материалдарды өз тіліңізде көріңіз
- 3** Өзіңіз ұнатқан материалдарды көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз, жүктеп алыңыз әрі басқалармен бөлісіңіз.

Өзіңіз шәкірт болыңыз, басқаларды шәкірт етіңіз

MessengerX ұжымына қосылып, өзге тілдерге аударылған ресурстарды әлемнің әр түкпіріндегі адамдарға жеткізуге атсалыса аласыз.


Өйткені әрбір адам білім алуға лайық!



MessengerX



MessengerX.com



*Ал егер кейбіреулерің даналыққа мұқтаж
болсаңдар, Құдайдан сұраңдар, Ол береді. Тәңір
Иеміз еш жазғырмай-ақ бәріне жомарттықпен
бере салады*

– Жақып 1:5

Стратегиялық идеялар

Жыл өткен сайын Құдайдан келген стратегиялық идеялардың құндылығына көзім жетіп келеді. Құдайдың керемет араласуы да, қаражат та, еш жоспарсыз, кенеттен келеді деп ойлайтын сенушілер көп. Әдетте, Құдай басқаша әрекет етеді. Қаражаттан бұрын, Құдай әуелі стратегиялық идея береді! Киелі Кітапта осыны растайтын мысалдар жетіп артылады, бірнешеуін ғана атап өтпекпін:

- *Стратегиялық идея* – ащы суға ағаштың сынығын тастап, миллиондаған адамның шөлін қандыру (Мысырдан шығу 15:22-25 қараңыз).
- *Құдайдан келген тағы бір жоспар – жартасты таяқпен соғып, миллиондаған адамды шөл далада сумен қамтамасыз ету* (Мысырдан шығу 17:5-6 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – қаланы қоршаған қамалды қатарынан алты күн, күніне бір рет үн-түнсіз айналып шығу. Осыдан кейін жүзеге асқан тағы бір стратегиялық идея – жетінші күні кернейлетіп жүріп, қаланы жеті рет айналып шығу, артынша қатты дауыстау. Сондағы мақсат – қалаға кіріп, басып алу (Ешуа 6 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – ондаған мың жауынгерге бұлақтан су ішкізіп, көзін төмен түсіріп, суға қарағандарын шайқастан көз алмағандарынан іріктеп бөліп алу (Билер 7:4-6 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – жауға тікелей шабуыл жасамай, желке тұсынан келіп, Құдайдың көмекке келгенінің белгісі

ретінде тұт ағаштарының үстінен басқан қадамдардың дыбысының естілгенін күту (2 Патшалық. 5:22-25 қараңыз).

- *Стратегиялық идея* – ашаршылық кезінде жалғыз ұлы бар жесір әйелдің үйіне келіп, үйінде қалған азғантай тамағын өздері жемей, пайғамбарға беруін сұрау. Пайғамбардың тілін алса, көптеген басқа адамдар тәрізді аштан өлмей, аман қалады (3 Патшалық. 17:8-15 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – қарызына бола екі баласынан айырылғалы отырған жесірден үйінде не бар екенін сұрау. Сосын әйелді көршілерінен көп қылып бос құмыралар сұрап әкелуге жұмсау. Келесі қадам – жесірдің үйіндегі азғантай майды құмыраларға құйып, толтыру (4 Патшалық. 4:1-7 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – науқас қолбасшыны Иордан өзеніне жеті рет малынып қайт деп жіберу, сөйтіп, ауруынан сауықтыру (4 Патшалық. 5:1-19 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – әскер жасағының алдына мадақтау тобын жіберу, сөйтіп, жауды күйрете жеңу (2 Шежірелер 20:21-26 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – патшаның дастарханынан келген мол астан бас тартып, көкөніспен қоректену, нәтижесінде денсаулық пен көріктілік жағынан елдегі жастардың бәрінен асып түсу (Даниял 1:8–16 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – бірнеше тас ыдыс пен суды пайдаланып, ең сапалы шарап алу, сөйтіп, үйлену тойын жалғастыра беру (Жохан 2:6-10 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – азғантай асты қолға алып, Құдайға алғыс айту, сосын тамақты бөліп тарату, сөтіп мыңдаған адамды тойдыру (Матай 14:13-21 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – түкіріп, батпақ жасау, лайды зағип адамның көзіне жағып, оны жуынып кел деп жұмсау, сөйтіп көзін көретін қылу (Жохан 9:6-7 қараңыз).
- *Стратегиялық идея* – суға батып бара жатқан кемеден қашпау, сол арқылы кемедегілерді аман алып қалу (Елшілердің Істері 27:21-44 қараңыз).

Осы мысалдардың бәріне ортақ бір нәрсе бар: адам Құдайдан

келген стратегияға сай әрекет етеді, сонда Құдай керемет жасайды. Құдайдан келген стратегия бойынша адам қолында барын пайдалануы тиіс немесе істеп жүрген әлдебір әрекеттерін өзгертуі керек. Көбінесе, Құдайдың кереметі бұрыннан таныс нәрсеге «оралған». Яғни, кереметке жеткізетін негізгі элемент жоқтан пайда болмайды, не болмаса, аспаннан түспейді, ол – көбінесе, әлдебір үйреншікті нәрсеміз.

Құдай стратегия бергенде, көбінесе үйреншікті нәрселерді әдеттегіден тыс әдіспен істеу жолын немесе қолымызда барды жаңаша пайдалануды көрсетеді. Құдайға мойынсұнсақ, ғажап нәтижеге жетеміз. Құдайдан келген жоспарды қабылдап, сол жоспарға сай әрекет ету өте маңызды. Киелі Жазба былай дейді:

«Ең бастысы — даналық, даналыққа кенелгін, Қолыңдағы барыңмен парасатқа ие болғын» (Нақыл сөздер 4:7).

Құдайдан келетін даналықтың бір түрі – стратегиялық идея. Және ең қуаныштысы, Құдай Өз даналығын бізден жасырмайды. Қиындыққа тап болған адамға Жақып пайғамбар мынадай кеңес береді:

«Ал егер кейбіреулерің даналыққа [стратегиялық идеяға], мұқтаж болсаңдар, Құдайдан сұраңдар, Ол береді. Тәңір Иеміз еш жазғырмай-ақ бәріне жомарттықпен бере салады» (Жақып 1:5, шаршы жақшадағы түсіндірме – автордыкі).

Құдай мәселені шешу жолын анық көрсетеді, даналығын сізден жасырмайды. Жаратқанның Өзі солай деп уәде берген. Алайда, Құдайдан анық жоспар келсін десеңіз, екі шартты орындауыңыз керек:

«Тек шүбәланбай, сеніммен Құдайдан сұрауларың керек. Себебі күмәнданған адам жел айдап, соқтығысқан теңіз толқынына ұқсас. Мұндай кісі Жаратқан Иеден бір нәрсе аламын деп күтпесін: ол — екіойлы, барлық іс-әрекетінде тұрақсыз адам» (Жақып 1:6-8).

Сеніммен сұрауымыз керек. Құдайдан жоспар келер деп үміттеніп жүрген жоқпыз, келеді деп кәміл сенеміз. Сонымен қатар, мінәжатта сұрап жүргеніміз – ынталана қалап жүрген, көкसेген арманымыз ба, сол маңызды. «Құдай берсе, жақсы, бермесе, ештеңе етпес» деген селқос мінәжат жеміс бермейді. Құдайдан сұрағаныңда алу үшін жалын мен жігер, табандылық керек.

Стратегиялық идея – Құдайдан келетін сый, жеміс берудің бұрынғыдан биік деңгейіне шығудың жоспары. Келесі сатыға жеткізетін жоспар. Стратегия еңбегіңіздің жемістілігін арттыратын, молаюды жаңа деңгейге шығаратын қозғаушы күш, ол сізге жаңа дем мен жігер береді.

ҚҰДАЙДАН КЕЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИДЕЯ

Бейрут қаласындағы қонақүйде мінәжат еткен күніме қайта оралайық. Бөлмемде тыныш қана сыбырлап дұға ете алмадым; ішімдегі жалын айғай болып, сыртқа шықты. Рухани нәрге зар болып жүрген бағушыларды материалдарыммен қамтамасыз етуге жауапты екенімді анық сеземін. Алайда, оның жолын көріп тұрғаным жоқ, сол мұқтаждық жүрегімді өртеп барады. Қонақүйлерде бар даусыммен дұға ететін әдетім жоқ. Бірақ сол жолы кімнің не естіп, қалай ойлайтынына мүлде алаңдаған жоқпын. Құдайдан даналық пен жетелеу сұраған жүрегімнен шыққан жанайқайымды тыймадым. Көмекке зәру адамдарға сол көмекті қайтсем де жеткізуім керек. Басқаны ойлауға шамам жоқ.

Біраз уақыт мінәжат еткенімнен кейін, жүрегіме тыныштық келді. Өтінішім Құдайға жеткенін анық білемін. Жүгім жеңілдеп, жүрегіме сенім ұялады. Жауап келетініне сенімдімін. Әзірге анық стратегиялық идеям да, жоспарым да жоқ, дегенмен, жүрегім Құдайға деген алғысқа толды.

Арада бірнеше күн өтті. Мынадай ой келді: «Кітаптарымызды басып шығаруға және таратуға қыруар уақыт, қаражат, күш жұмсап жүрміз, нәтижесінде әрбір жетекшінің қолына бір-ақ кітап тиеді. Ағылшын тіліндегі материалдарды осыдан бірнеше жыл бұрын

жинақтап, оқу курстарына енгізген едік. Неге осыны басқа елдер үшін істемеске? Басқа тілдерде де жетекшілер үшін толық оқу курсы жасасақ қайтеді? Еңбегіміздің жемісі едәуір артар еді!»

Жақсы ой, дегенмен, бұл ойдың жүзеге асуына бір бөгет бар. Соншалық көп материалды қалай басып шығара аламыз? Оны қалай таратамыз? Қаражат тауып, басып шығардық дейік, оларды тарату жүзеге қалай аспақ? Біз көздеп жүрген елдердің көбісінде мұндай көлемді әрі ауыр жүкті тасымалдаудың өзі мүмкін емес, өйткені, материалдарымыз джунглиде, таулы аймақтарда, жолсыз шалғай өңірлерде таратылады. Көлік қатынамайтын алыс түкпірлерге қайықпен, арбамен, жаяу тасымалданады. Сонымен қатар, Ізгі Хабарға тыйым салынған елдерде билік өкілдері біздің материалдарымызды тарататын адамдарды қолға түсіріп, кітаптардың бәрін жойып жібере алады.

Көп ойланып, көп мінәжат еткеннен кейін тағы бір ой келді. Толық оқу курсы DVD-дискіге жазу. Енді жаңа сұрақтар пайда болды. Біз көздеп жүрген елдердегі бағушылар мен жетекшілердің компьютерлері бар ма? Бар болса, DVD-дискілерді пайдалана алады ма? Басқа сұрақ: оқу материалдарымыз бір дискіге түгел сияды ма?

Осы сұрақтарымызды Робқа қойдым. Ол 160-тан астам елде болған, біз көздеген елдердегі жағдайды, ондағы қызметкерлердің техникалық мүмкіндіктерін бәрімізден жақсы біледі.

– Шет елдердегі бағушылар мен жетекшілердің компьютерлері бар ма?

– Иә, көбісінде бар, компьютерге қолы жетпейтіндер көп емес.

– Олардың компьютерлері DVD-дисктерді оқи алады ма? Және бір DVD-дискіге материалдарымыздың барлығын сыйғыза аламыз ба?

Робтың жүзі жайнап кетті, ол:

– Иә, ал екінші сұрағыңа жауап берер болсам, көп материал сияды деп ойлаймын, – деді.

Робқа ойымдағыны айттым:

– DVD-дискімізді пластиктен жасалған қалташаға салып, кітап мұқабасының ішкі жағына жапсыра аламыз ба?

– Иә! – деді Роб қуана.

Роб осы істі қолға алатын болды. Бірнеше күннен кейін мынадай мәлімет әкелді.

– Жақсы жаңалығым бар, Джон. DVD-дискті қосқанымызда, кітапты басып шығару мен таратудың орташа құны небәрі бес-ақ пайызға артады екен.

Жігерленіп қалдым, дегенмен, DVD-дисктің сыйымдылығын білмеймін, сондықтан әңгіменің жалғасын күттім.

– Ең бастысы, DVD-дискке оқу курсы түгелімен сыйып, оның үстіне бір аудиокітап, бірнеше кітаптың жазбаша нұсқасы, Жаңа Өсиет, кітаптың «PDF» файлы сыяды екен («PDF» файлдан бағушылар, мүмкіндік болса, өз елінде кітапты қажет мөлшерде басып шығара алады), – деді Роб.

Шаттығымызда шек болмады десем, аз болар.

Бұл мәліметтен тағы бір *стратегиялық идея* туындады, оның да жүзеге асуы жергілікті бағушылардың техникалық мүмкіндігіне байланысты.

– Сол елдерде интернет желісі бар ма? – деп сұрадым Робтан.

– Көбісінде бар, – деді Роб.

– Веб-сайт жасап, барлық материалдарымызды шет тілдеріне аударып, сол сайтқа салсақ ше? Сайттың атауы мәсіхшілікке қатысы жоқ, бейтарап болсын; сонда Киелі Кітапқа тыйым салатын елдердегі билік өкілдерінің көзіне түсе қоймайды, сөйтіп, бұғатталудан аман қалады. Кітаптарымыздың мұқабасына сайттың атын жазып қоямыз, бағушылар мен жетекшілер сайтқа сілтемені сенушілерге жібереді. Олар сайтқа кіріп, кез келген материалды өз тілінде тегін жүктеп алады, сөйтіп қауымда оқып, талдайды.

Роб екеуімізді кәмпит сататын дүкенге келген екі бала дерсің. Есіміз кете қуандық. Бір ойдан, бір ой туындап, жаңа идеяны

үсті-үстіне төгіп тастадық, ақыры егжей-тегжейлі жоспар дайын болды.

Қажет зерттеулер мен есептеулер жүргізілгеннен кейін, кітапты үлкен тиражбен бассақ, «жетекшіге арналған жинақты» өндіру мен тарату құны төрт доллар болатынын анықтадық. «Мессенджер Интернэшнл» ұжымының білімі мен біліктілігі веб-сайт жасауға жеткілікті болып шықты.

Құдайдан келген осы жоспар жеке қызметкерлерді ғана емес, бүтін бір қауымдар мен шағын топтарды оқытып, үйретіп, жан-жақты нығайтуымызға мүмкіндік берді. Әлемдегі көптеген елді мекендерде бір-ақ қауым бар. Олай болса, бірнеше доллар жұмсап, бүтін бір елді мекенге ықпалымызды тигізе аламыз. Не деген қайтым! Осындай да болады екен-ау?

«Мессенджер Интернэшнл» миссиясының бөлім басшыларының келесі жиналысында осы жоспарымызды көрсеттік. Отырғандар жоспарды ыстық ықыласпен қабылдады. Ұжым мүшелері жоспарымды түгел қолдап, өздері де жігерленіп қалды. Мен шабыттана сөйледім:

–10 жыл өтеді ме, 20 жыл ма, одан да көп уақыт керек болады ма, мейлі, жер шарындағы Құдайдың әрбір қызметкеріне Иеміздің жолдауын жеткізіміз!

Бір айдан кейін кеңсеге Техас штатында тұратын бір кәсіпкер хабарласты. Лиза екеуімізбен кездесіп, 15 минут сөйлескісі келетінін айтты. Жұбайы екеуі Колорадоға келді. Кездесіп, сөйлесіп отырғанымызда, көзіне жас алды. Көзінің жасын тыя алмай:

– Қандай жұмыс атқарып жүргендеріңізді білемін. Шалғай елдердегі Құдайдың қызметкерлеріне рухани көмек көрсетіп жүргендеріңізден хабардармын. Осы игі іске менің де үлес қосқым келеді.

Осыны айтты да, үстел үстіне толтырылған чек қойды, онысын маған қарай итергенде, қағаздың бетіндегі жазуды көзім шалды. Отырған орындығымнан құлап қала жаздадым: 750 000 доллар деп жазылыпты.

Бірнеше айдың ішінде веб-сайт дайын болды. Енді «жетекшіге арналған жинақтарды» жасап, шет елдерге тарату жоспарына кірістік. Материалдарымызды, яғни, кітапты, сол кітапқа сәйкес оқу курсы, DVD-дискке жазылатын қосымша кітаптарды белгілі бір тілге аударудың ақысын бір төлеммен жіберіп отырдық. Роб көптеген елдердегі жақсы аудармашыларды жалдап, солардың жұмысын ұйымдастырып отырды. Екеуі қосылып, миллион доллардан асқан әлгі екі құрбандық бір жылғы шығынымызды жапты.

КОМАНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

2011 жылдың қаңтарына қайта оралайық, 250 000 кітапты таратуға бел буғанымнан кейін бірнеше күн өткен еді. Әлгі екі ірі құрбандық әлі келе қоймаған болатын. Қаражаттың жетіспеушілігі күнде таңертең Құдайдың алдына келіп, даналық іздеуіме түрткі болды. Арман-мақсатымызға қосылып, ісімізге үлесін қоса алатын адамдарды жинауымыз керек болды, өйткені осынау қомақты істі атқараға ірі ұжым керек. Сонда қай елде тұратынына, қай тілде сөйлейтініне, қаржылық жағдайына қарамастан, барлық бағушылар мен жетекшілерді оқу құралдарынмен қамтамасыз ете аламыз.

Бірнеше күнгі таңғы мінәжаттан кейін Киелі Рух жүрегіме сөйледі: «Балам, гольф ойнауды жақсы көретініңді жұрттың бәрі біледі. Осы жағдайды пайдаланып қал. Командаңа қосылып, арманыңды қолдайтын адамдарды Өзім алып келемін». Америка Құрама Штаттарының ең үздік қонақүйлерінің бірі – Броудмур – біз тұратын Колорадо Спрингс қаласында екені есіме түсе қалды. Қонақүйдің гольф ойнауға арналған өте сапалы екі алаңы бар, онда жоғары деңгейдегі жарыстар өтеді. Эдисон мен Лизаға ойымды айттым.

Олар жоспарымды тыңдап шықты да:

– Қашан кірісеміз? – деді.

– Биыл жазда бастайық, – деп жауап бердім.

Ұйымдастыру жұмыстарына уақытымыз жетіңкіремей қалар

деген уайым да жоқ емес. Қонақүйде бос бөлмелер болмай қалуы мүмкін. Ұзақ тарихы бар бес жұлдызды қонақүйлерде ондай жиі болады. Брудмур қонақүйіндегі бөлмелерге бірнеше жыл бұрын бронь қойылады. Біз болсақ, маусымның нағыз қызған шағын көздедік. Тағы бір уайымымыз – шақырмақ болған адамдарымыздың жоспарына біздің шақыруымыз сай келмей қалуы мүмкін.

Мәселені ұлым қолға алды. Екі күннен кейін мынадай жаңалықтарды алып келді:

– Әке, қонақүйдегі бөлмелердің ешқайсысы жаз бойы бос емес, жүз шақты бөлме бір аптаға ғана босайды екен. Және сол бір аптаның ішінде анам екеуіңнің де жоспарыңда іссапар жоқ.

– Сол бір аптаға босайтын бөлмелерді түгел алуымыз керек! – дедім бір сәт те ойланбастан.

– Келісімшартқа қол қоямыз, – деп ескертті ұлым. – Қаржылай міндеттеме аламыз. Бөлмелердің барлығын шынымен де аламыз ба?

– Бөлмелердің барлығын аламыз, ешқайсысы бос болмайды, – деген сөз аузымнан еріксіз шығып кетті.

Бұл мәселе жайында көп ойланғым келмеді. Ойға берілсем, ойым уайымға ұласады, ақырында бастамамнан бас тартамын, олай болғанын қаламаймын, әрине.

Америка Құрама Штаттарында осынау бастаманы қолдайтын қауымдар да, кәсіпкерлер көп екенін білемін. Хабарласып едім, барлығы дерлік келіп қатысатын болды. Екі айдың ішінде қонақтарымыз келісімін беріп шықты, енді броньдаған бөлмелеріміздің барлығын алатынымызға көзіміз жетті.

Ұжымымызбен гольф чемпионатын ұйымдастыруға кірістік. Ақылдаса келе, жарыс қана емес, есте қаларлық кешенді іс-шара өткізетін болдық. Ұйымдастыру жоғары деңгейде болады деп шештік. Чемпионат уақыты гольф ойнамайтын қонақтарымыз үшін де өте қызық болғанын жөн көрдік. Лиза әйелдерді жинап, арнайы кездесу ұйымдастыратын болды. Әрбір жұпқа

тәттілер мен сыйлықтар салынған әдемі себеттер сыйлаймыз. Қонақтарымыз үшін Броудмур қонақүйінде ғана дайындалатын тамаша ас түрлері мен ойын-сауық бағдарламасы дайын болады. Мазмұнды кездесулер мен тамаша сыйлықтар – осының барлығы командалық қосылған адамдарға деген алғысымызды білдірудің жолы.

«Мессенджер Кубогы» тұңғыш рет 2011 жылы, маусым айының соңында өтті. Жарыстың алдында кәсіби спортшылар мен әйгілі музыканттарға қоңырау шалып, бізге қолдары қойылған заттарын сыйлауын сұрадым. Көптеген кәсіпкерлерден бағалы тауарларын немесе әлдебір қызметтерін ұсынуын сұрадық. Осылардың барлығын соңғы банкетте өтетін аукционға шығардық. Сол алғашқы чемпионатта 340 000 доллар жинадық, дегенмен, бәрі ойдағыдай өтті дей алмаймын. Алдымызға қойған мақсатымызды басқаларға жеткізіп, олардың да жүрегін лаулатып жағуды көздеген едік, сол ойымызды жүзеге толық асыра алмадық.

Күзде әріптестерімнің біріне Құдай жақсы жоспар берді. 2012 жылдың жазында өтетін екінші чемпионатымызды жоспарлап отырғанымызда:

– Аукционға аты әйгілі адамдардың қолы қойылған бейсболқалар, футбол шлемдерін, гитаралар, тағы сол сияқтыларды шығарамыз. Одан түскен қаражат бір елге жіберетін материалдарымыздың да құнын шығара алмайды. Аукционға заттарды емес, елдерді қояйық. Елдің құны заттыкінен әлдеқайда қымбат.

Бұл ой бәріміздің көңілімізден шықты, әлгі жігіт:

– Қонақтарымыздың көбісі – бәсекешіл адамдар. Белгілі бір елдерге қаражат бөлгенде, аттары мен бөлген қаражатының мөлшері таблода көрініп тұратын болсын. Доптарды, гитараларды, басқа сыйлықтарды қайсыбір елді неғұрлым көп қаржыландырғандарға беретін болайық, – деп қосты.

Жаңа идеялар көптеп келе бастады. Бір кезде қарсылық таныттым:

– Аукционның сөзылып кеткенін ұнатпаймын; бірнеше минутқа созылған тыныштық қатысушылардың барлығын жалықтырып жібереді. Меніңше, сағат қойып, аукционға белгілі бір уақыт, мысалы, 35 минут бөлгеніміз дұрыс. Бөлінген уақыт бітісімен, аукционды жабатынымызды қатысушыларға алдынала айтамыз. Әлдебір елге жеткілікті қаржыландыру болмаса, сол ел тізімнен шығып қалатын болады. Сонда қатысушылардың жауапкершілігі артып, шешімді шұғыл қабылдайды.

Енді жобамыз жайлы қысқаша айтып кетуіме рұқсат етіңіз. Жоба екі бөліктен тұрады. Біріншісі – «жетекшінің жинағына» кіретін барлық баспа, аудио, бейне материалдарды шет тілдерге аударуға жұмсалатын қаражат. Бір тіл үшін 17 500 доллар шамасында. Жобаның екінші бөлігі – «жетекші жинағын» әр елде басып шығару мен тарату. Әрбір елдегі қауымдар мен шағын топ жетекшілерінің саны 500-ден 40 000-ға дейін. Көбінесе, бір елдегі жетекшілер саны 5 000 мен 10 000-ның аралығында, олай болса, бір елді «жетекші жинағымен» қамтамасыз ету үшін 20 000 доллардан 40 000 долларға дейінгі мөлшерде қаржы керек.

Чемпионатты жоспарлау жиналыстарында көптеген жаңа идеялар туындап, жоспарымызды жақсартта түстік. Іс-шараны екінші рет қалай өткізетінімізді, қатысушылардың көңілін қалай табатынымызды, біздің жобамызға атсалысуға оларды қалай ынталандыратынымызды көп ақылдастық.

Келесі жылы аукционнан түскен табыс екі есе артты. 50-ден астам елдегі жоба толығымен қаржыландығанда, аукционға бөлінген уақыт әлі бітпеген еді. Бір жылдан кейін қарқын бұл жолғыдан да асып түсті. «Мессенджер Кубогы» үшінші рет өткенде, 1.3 миллион доллар жинап, жобаларымыздың санын арттыратын болдық.

Жыл сайын материалдарға деген мұқтаждық арта берді. Көптеген елдерден материалдарымызды сұраған хаттар келіп жатты. Жобаларымыздың саны жүзден асты. «Мессенджер Кубогын» алтыншы рет өткізгенімізде, 2 миллион доллар жинап, жобаны 140 елде жүзеге асыратын болдық. Тоғызыншы жылы 3 миллион доллар жиналып, жоба 200-ге жуық елде жүзеге асты!

Осы кітаптың басылу уақыты – 2020 жылдың соңына қарай – «Мессенджер Кубогының» ұжымы жетекшілер мен бағушыларға арналған 30 миллион материалды 120-дан астам тілге аударып, 100-ден астам елде таратты.

Менің үлгі тұтатын адамдарымның бірі – Эндрю Карнеги. Ол тарихта аты қалған филантроптардың бірі, байлығының барлығын дерлік игі істерге таратып берген. Доллардың бүгінгі бағамына шаққанда, ол қайырымдылыққа миллиардтаған доллар қаражат жұмсады! Сол ақшаның көп бөлігі кітапханалар салуға жұмсалды. 1883 жылдан 1918 жылға дейінгі аралықта Карнеги 2 500 кітапхана салдырды, олардың көбісі АҚШ-тың 47 штатында орналасқан.

Осы орайда бір сұрағым бар. Америка Құрама Штаттарының қуатты державаға айналуы қай уқытқа келіп еді? 1883 жылдан 1918 жылға дейінгі кезеңге – Карнегидің кітапхана салған кезеңіне тұспа-тұс келді! Карнегидің білімді әрбір адамға қолжетімді етуі АҚШ-тың әлемдік көшбасшыға айналуына септігін тигізді.

Бұл заңдылық рухани білімге де қатысты! Құдай былай дейді:

«... Менің халқым Өзімді шынайы білмегендіктен құриды. Сендер осы білімді қажетсіз деп санағандықтан, Мен де енді сендерді діни қызметкерлерім болуға қажетсіз деп санаймын. Өздерің Құдайларыңның Таурат заңын естеріңнен шығарғандарың үшін Мен де енді сендердің балаларыңды жарылқауды есімнен шығарамын» (Ошия 4:6).

«Сол себепті халқым өз түсінбеушілігіне бола жер аударылады!» (Ишая 5:13).

Құдайға ұзақ жылдар бойы қызмет етіп жүріп ұққаным, қандай да бір елді мекенді өркендетудің ең тиімді жолы – қауым ғимаратын тұрғызу емес. Олай етсек, жергілікті қызметкерлерді өзімізге тәуелді етеміз. Жергілікті жетекшілерге рухани білім беріп, сенімдерін нығайтсақ, олар өзі тұратын елді мекенге ықпал етеді. Жетекшілерді рухани нәрлендірсек, олардың қауымдары өсіп-өркендейді, жағдайлары жақсарады, ғимаратты өздері салып

алады, алуан түрлі жобаларды жүзеге асыра алатын болады.

Бір қауымға ғимарат салып беру ондаған мың долларға түсер еді. Ал «жетекшілерге арналған жинақтың» құны одан әлдеқайда аз. Материалдарымызды тарату жөніндегі стратегиялық бастамамыздың тамаша артықшылығы осы!

Құдайға қызмет еткеніме қырық жыл болды. Соңғы он жылымды дамушы елдердегі қауымдардың жетекшілеріне материалдар таратуға арнадым, осы он жылым ең жемісті, ең қуанышты жылдар болды. Халықтарды Исаға шәкірт етуге шын жүрегімен ұмтылған, бір мақсатқа жұдырықтай жұмылған команданың мүшесі болудың өзі – бір ғанибет (Матай 28:19-20 қараңыз). Жеке-жеке жүріп атқара алатын істерімізден бірігіп істеген істеріміз әлдеқайда көп болды. Киелі Кітаптағы мына аят біздің ұжымымызды сипаттағандай:

«Бесеуің — жүз, ал жүзің — он мың жауды қуатын боласыңдар. Жауларың алдарыңда семсерлеріңнің жүзінен ойсырай жеңіліп, қырылатын болады» (Леуіліктер 26:8). (Молаюдың тағы бір маңызды кілті – бірлік, ол жайында келесі тараулардың бірінде айтылады).

Ұжымымыздағы ынтымақшылдық пен ұйымшылдық Исаның мына сөздеріне негізделеді:

«Түскі немесе кешкі қонақасы бергенде дос, бауыр, туысқандарыңды, я болмаса бай көршілеріңді шақырма. Себебі олай етсең, олар да сені қонаққа шақырып, есесін қайтармақ. Керісінше, той жасағанда дастарқаныңа жарлы-жақыбайларды, кемтар, ақсақ, соқырларды шақыр! Олар саған есесін қайтара алмайтындықтан бақытты боласың. Әділдер қайта тірілетін қиямет күні саған соның есесі қайтарылатын болады» (Лұқа 14:12-14).

Материалдарымызды алатын қызметкерлер кемтар, ақсақ, соқыр емес, әрине. Алайда, жасаған жақсылығымызды

қайтара алмайтыны анық. Келтірілген үзіндідегі осы сөз біздің қызметімізді сипаттайды. Америкадағы қауымда немесе осында өткен конференцияда қызмет етсем, алғыс естимін, еңбегімнің ақысын немесе «Мессенджер Интернэшнл» миссиясына арналған құрбандық аламын. Ал біздің материалдарымызды алған кедей елдердегі жетекшілерден ештеңе қайтпайды, оларда бізге алғысын білдіретін мүмкіндік жоқ. Біз, «Мессенджердің» ұжымы мен серіктестері – кәсіпкерлер, қауым жетекшілері, әріптестерім – қайтымы жоқ құрбандық беру мүмкіндігіне ие болдық.

Бірнеше жыл бұрын Лиза екеуіміз Арменияның астанасы, Ереван қаласына бардық. Онда таяу Шығыс елдерінің барлығынан жетекшілер жиналған еді. Конференция кезінде Иран, Ауғанстан, Сирия және басқа да елдерден келген бағушыларды бір залда жинадық. Жиналысты камераға түсірген жоқпыз. Бұл кісілер өздерін біреу кейін жазбадан көріп, тануынан күдіктенген еді. Құдайдың құзыры өте әсерлі болды. «Лиза екеуіміз бұларға емес, бұл кісілер бізге уағыз айтуы керек еді» деп ойлаумен болдым. Сахнада тұрып былай дедім:

– Лиза екеуімізге осы қызметті атқарып жүрген адамдар деп қарайсыңдар, алайда, нағыз батыр біз емес, миллион доллар құрбандық берген кәсіпкерлер мен қауымдар. Материалдарымызға қол жеткізгендеріңіз – сол кісілердің арқасы.

Осы тұста барлығымыздың көзімізге жас келді.

Жиналыс біткен соң, Ираннан келген бір бағушы:

– Олардың танымайтын адамдар үшін соншама көп құрбандық жасауының себебі неде? – деп сұрады.

Жауабым қарапайым болса да, шындық:

– Өйткені, жүректері сүйіспеншілікке толы.

Тағы да көзімізден жас парлады.

ОДАН ДА АСҚАН МОЛАЮ

2019 жылы ресурстарымызды таратуға арнап жасаған веб-сайтымыздың ескіргені белгілі болды. Жасалған кезінде, 2011

жылы, заманауи болғанымен, енді қолданушы үшін қолайлы бола алмайтыны анық. Мысалы, сайтқа смартфоннан кіру қиын. Өзім де, Лиза да, әріптестерім де көптеген кедей елдерде болдық. Адамдар шатырда, жерүйде, лашықта тұратын болса да, көбісінің қолында нашар болса да, смартфон жүреді. Ғалымдардың болжауы бойынша, 2020 жылы смартфон иелеренің саны 5 миллиардтан асады екен.

Көптеген елдерді аралап жүріп түйгенім, таяуда Ізгі Хабарды жер шарындағы адамдардың әрқайсысына Интернет желісі арқылы жеткізе алатын боламыз. Тарихта бұрын болған «Рим жолдары» кезеңі қайтып келгенін көріп, сезіп жүрмін.

Ойымды қысқаша түсіндіріп кетейін. Киелі Жазба былай дейді:

«Ал Құдай белгілеген уақыты жеткенде, Өзінің рухани Ұлын жіберді» (Ғалат. 4:4).

«Құдай белгілеген уақыттың жеткенін» алуан түрлі белгілерден байқауға болады. Ең бастысы – Ізгі Хабар әлемнің түкпір-түкпіріне түгел тарайды. Біздің заманымызға дейінгі 312 жылы Римдіктер тас жолдар сала бастады, олар сол заманда өздеріне белгілі болған әлемді тас жолдармен және теңіз жолдарымен қамтыды. Иса «барлық халықтарға барыңдар» деген тапсырмасын берерде, жолдар дайын болған еді, Римдіктер салған жолдармен Құдайдың Сөзі әлемнің түкпір-түкпіріне тарап кетті.

Исаның жер бетіне екінші рет келуіне жол дайындайтын «Құдай белгілеген уақыттың жеткеніне» сенемін. Интернет – біздің заманымыздағы Рим жолдары. Құдайдың Сөзін әлемге таратып, барлық халықтарды Исаға шәкірт етуімізге мүмкіндік туды.

Осыны түсіне отырып, мінәжат ете бастадық, арманға ерік бердік, жаңа стратегиялар жасауға кірістік. Бірнеше ай зерттеу жүргізіп барып, жобамызды жүзеге асыруға кірістік. Веб-сайттар мен қосымшалар жасайтын АҚШ-тағы ең үздік компаниялардың бірімен келісімшарт жасастық. Шәкіртшілікке арналған қуатты да көп салалы платформа жасадық, ол iPhone мен Android-та,

планшеттер мен компьютерлерде қолдануға ыңғайлы болады. Алдыңғы қатарлы, мейлінше заманауи, үздік технологияларға негізделген платформа жасауға бел бұған болатынбыз. Барлық жердегі, әсіресе, кедей елдердегі қауым жетекшілерінің қолы ең жақсыға жетсе деген игі тілек болды жүрегімізде. Бүгінгі таңда 277 елдегі миллиондаған қолданушылардың кітаптарымызды оқып, курстарды өтіп жатқанын, платформадағы басқа да материалдарды жүктеп алып жатқанын көріп отырмыз. Бар болғаны, бірнеше ел ғана қалды, оларды да қамтимыз!

Уақыт өте, Құдайдың бергенін молайтудың басқа да жолдарын қарастыра бастадық. Платформамыздың мүмкіндіктерін кеңейтіп, нығайту мақсатында басқа да танымал уағыздаушыларды қонақ ретінде қостық. Адам өміріне игі өзгерістер әкеле алар жолдауы бар майталман тәлімгерлерді іріктеп алдық. Енді әлемнің әр түкпіріндегі жетекшілер компьютерін, планшетін немесе телефонын пайдаланып, өздері де рухани нәр ала алады, қауымдары мен шағын топтарын да оқыта алады. Платформамыздың нәтижелілігі осылайша арта түседі әрі қағазға басылған кітаптан ғұмыры әлдеқайда ұзақ болып, келесі ұрпақтарға да жететін болады¹.

Лиза екеуіміз кітап жазудан бас тартқанда, не болатын еді? Немес кітаптарымыздың бестселлер атанғанына көңіліміз толып, оқу курстарын жасауға кіріспесек ше? Командамыз тек ағылшын тілді елдердің тұрғындарына және ағылшын тілді қауымдарға қызмет етумен шектелуге дайын болса ше? Ұжымымыз Бродмурға бүкіл Америка Құрама Штаттарынан команда жинауға бар күшін салудан бас тартқанда, не болар еді? Әрбір деңгейде жаңа сын-тегеуріндерге кез болдық, әр деңгейде өз қабілетіміз бен күшіміз емес, Құдайдың құдіретіне жаңаша сенуге мәжбүр болдық. Жеткен жетістігімізді қанағат тұтып, жаңа белестерге ұмтылудан бас тарту алға ұмтылудан қашанда оңай еді.

1 MessengerX.com. сайтына кіріп, осы игі іске үлесіңізді қалай қоса алатыныңызды біліңіз.

Киелі Рухты тыңдасаңыз, адымдап алға баса бересіз, Құдайдан молаю келе береді. Құдай сізге барар жеріңізді, тіпті, екі-үш қадамыңызды да әу бастан көрсетпейді. Отыз жасымда сиқырлы шарға үңіліп, алдағы отыз жылда ұжымыммен бірге қандай жол жүріп өтетінімді көрген болсам, жолым әлдеқайда жеңіл болар еді. Бірақ, онда Құдайдың жетелуін жанталаса іздеп, әрбір қадамымыз үшін мінәжат та етпес едік. Оның үстіне, Құдайға мойынсұну арқылы рухани қайратымыз шыңдалып, шайқалмас сенім мен табанды мінезге ие бола алмайтын едік.

Молаю – адам ойынан туындаған идея емес, Құдайдың бастамасы. Есіңізге салайын, молаю (өсіп-өніп, көбею) Құдайдың адамға берген алғашқы өсиеті болатын: «Менің сендерге берген әрбір сыйым мен дарыным Менің Патшалығымды кеңейтуге арналған» (Жаратылыстың басталуы кітабы 1:22 және Матай 25:14-29 қараңыз). Осы бір аса маңызды ақиқатты басқа сөзбен тағы қайталап айтайын: молаю сіздің күш-қабілетіңізбен келмейді, ол – Құдайдың сыйы. Сіздің қолыңыздан келетіні – дұға ету, Киелі Рухты тыңдау, сену, Құдайдың жүрегіңізге салған арманына еру.


Қолыңызда барды молайтуға сізді Құдайдың Өзі жетелейтінін есіңізде сақтаңыз.

«Соңғы үш тарауда бөліскен куәлігіңізді оқып, жүрегім жалындап отыр. Бірақ мен – балалы анамын, студентпін, жұмысшымын, кәсіби спортсменмін. Құдайдың Патшалығын орнатуға үлесімді қалай қоса аламын?» деп ойлап отырған боларсыз, бәлкім.

Келесі тараудан бастап, сол жайында айтамын.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Біз күтіп жүрген Құдайдың кереметі көбінесе стратегиялық идея түрінде келеді. Құдайдан келген жоспарды орындап, өміріңіздегі жағдайды өзгерткен кездеріңіз болды ма?
2. Құдайдан келген даналықты қабылдау – ең маңызды ісіңіз. Өміріңіздің қай салаларында даналыққа мұқтаж болып жүрсіз? Құдайдың даналығын қабылдау үшін Көктегі Әкеміздің алдына қалай келуіңіз керек?
3. Стратегиялық идея – Құдайдың сыйы, ол арқылы жемістіліктің келесі деңгейіне шыға аламыз, ол бізге Құдайдан келген молаюды жүзеге асыру үшін жаңа күш бере алады. Стратегиялық идея келгеннен кейін қандай қадамдар жасауға тиіссіз?



Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық: сенің пайғамбарлық сөз сөйлеу дарының болса, хабардың Құдайдан келгендігіне деген сеніміңе сай оны жеткіз. Сыбағаға қызмет ету тиген болса, соныңды атқар, рухани тәлім беру дарының болса, оны қолдана бер. Кімде жігерлендіруші дарын болса, сонысын орындай берсін, мұқтаждарға жәрдем үлестіруші де онысын ақпейілмен атқарсын. Жетекшілік етіп жүргендер шынайы еңбекқорлық көрсетсін және қайырымдылық жасайтындар оны қуанышпен істесін.

– Римдіктерге 12:6-8

Салым

Пауыл елші Құдайдың Өз қызметкерлеріне берген алуан түрлі дарындарын тізіп жазған еді. Бұл тізім толық деп айта алмаймыз, дегенмен, оған Құдайдан келетін қабілеттердің кең ауқымы кіреді. Бұл сөзіммен келіспеуіңіз мүмкін, сондықтан айтқанымды түсіндірмекпін.

Елшінің осынау тізімінен ән айту, сотта қорғаушы болу, ота жасап, ісіктерді алып тастау, әсем сурет салу, музыкалық аспаптарда ойнау, тағы басқа күнделікті өмірімізде кездесетін, Құдайдан келетін қабілеттерді көрмейміз. Тізімнің толық екеніне сенбеуімнің себебі де – осы. Менің пікіріммен келіспеймін десеңіз, өзіңіз біліңіз, сөз таластырмай-ақ қояйық; бұл тақырып егжей-тегжейлі талдауды керек етпейді, өйткені, кітабымның мазмұнына тікелей қатысы жоқ.

Пауыл елшінің сөзіне қайта оралайық. Киелі Кітаптың Жаңа Тірі Аудармасында *харизма* «бір істерді мейлінше нәтижелі атқарып шығу қабілеті» деп сипатталады. Бұл тұжырымдаманың қолыңыздағы кітаптың басты мақсатына сай келетіні сөзсіз. Алдыңғы үш тарау пайғамбарлық дарын мен ұстаздық ету дарынының молаюы жайлы болатын. Енді назарымызды келесі дарынға аударайық. Айтқалы отырғаным – құрбандық беру дарыны.

ҚҰДАЙ ПАТШАЛЫҒЫНА САЛЫНҒАН САЛЫМ

Майк деген жақсы досым бар. Ол Исаға 11 жасында келді. Ұзақ жылдар бойы Құдай Патшалығында ешбір жемісі болмады. Ақыры, 35 жасқа келгенде, өмірінің зая өтіп жатқанынан әбден жалықты. Осы тәріздес ойға келген адамдар өміріне шұғыл түрде түбегейлі өзгеріс енгізбек болады да, сенім, даналық, білімге сүйену керек екенін, көбінесе, естен шығарып алады. Майк бұл қателікті қайталамады. Мәңгілік үшін маңызды істерге кірісерден бұрын, «ыдысымды толтырып алуым» керек деп шешті. Сөйтіп, келесі алты айдың ішінде Киелі Кітаптың екі мың аятын жаттап алды!

Алты айлық мерзім өткеннен кейін, Майк Аризона штатындағы Финикс қаласында өтетін, жетекшілерге арналған конференцияға барды. Қонақүйге қонатын ақшасы болмағандықтан, он бір студент тұратын үш бөлмелі үйге тоқтады.

Конференцияда арнайы құрбандық жиналатын болды. Хабарландыру жасалды. Конференцияны жүргізген адам қатысушыларды мінәжат етіп, қандай құрбандық беру керектігін Құдайдан сұрауға шақырды. Майктың жүрегіне Құдайдан «200 доллар бергеніңді қалаймын» деген сөз келді.

Майк «Құдайым-ау, бұл менің бар ақшам ғой» деп қарсылық танытты.

Құдай «Мен сенен одан көп сұрап тұрғаным жоқ қой» деп жұмсақ жауап берді.

Майк Құдайға мойынсұнып, бар ақшасын берді. Осыдан кейін Құдай Майкқа ондығының үстінен жылдың соңына дейін ай сайын 100 доллар құрбандық беріп отыруды бұйырды.

Көп ұзамай, Құдай досыма *стратегиялық идеялар* бере бастады. Майктың жаңадан ашқан кәсібі өркендей бастады. Келесі жылы ондығының үстінен ай сайын Құдай Патшалығын кеңейту ісіне 400 доллар беріп отыруы керек екенін сезді.

Келесі жылы бұл сома айына ондықтың үстінен берілетін 1 000 долларға жетті. Тағы бір жыл өткенде, Майк 4 000 доллар, ал

одан кейінгі жылы 10 000 доллар құрбандық беретін болды.

Енді Майк Құдайдан Патшалыққа он миллион доллар беру мүмкіндігін сұрады. Бұл өтініші орындалатынына сену қиын болды, дегенмен, Майк дұғада табанды болды. Бір күні жүрегіне Құдайдың «Балам, Мені неге шектейсің?» деген сөзі келді. Бұл сөз Майкты қайран қалдырды. Сонымен, ол шектеу атаулыны ысырып тастап, одан да көпке сенді. Осыдан кейін Майктың құрбандығы жылдам өсе бастады. Келесі жылы ол ондығының үстінен айына 17 000 доллар құрбандық беріп жүрді. Келесі жылы құрбандығы 25 000 долларға, одан кейін 40 000 долларға, сосын 50 000 долларға жетті. Айына 100 000 доллар беретін күн де келді. Майкпен соңғы сөйлескенімде, ай сайын 150 000 доллар құрбандық беріп жүр екен!

Майктың жағдайы өте жақсы, тұрмысы ауқатты. Алайда, өз қажетіне табысының 10-15 пайызын ғана жұмсайды. Иә, қателескен жоқсыз, Майк жылдық табысының 85-90 пайызын Құдайдың Патшалығына береді. Киелі Жазбаға терең бойлағаныма, дұғада болып, Киелі Рухтың айтқанын тыңдағаныма, тәжірибелі сенушілерден тәлім алғаныма бола осындай жетістікке жеттім деп санайды.

Молаю жайлы айтқанымызда, құрбандық беру жайында да айтуымыз керек, өйткені, ол – молаюдың кілті. Көптеген сенушілер қаржылай құрбандық беруге келгенде, өздеріне-өздері *«басқа адамдардың қамы үшін қанша қаражат бере аламын?»* деген сұрақ қояды. Бұл, әлбетте, Құдайға ұнамды, ізгі ниет. Алайда, құрбандық беруге деген көзқарасымыз осымен шектелмегені жөн. Рұқсат етсеңіз, түсіндірейін.

Біріншіден, құрбандық беру – дұрыс. Біздің жүрегімізде басқа адамдарға деген Құдайдан келетін сүйіспеншілік бар, сондықтан, риясыз қызмет етіп, барымызды басқалармен бөлісуге деген ниетіміз бар. Құрбандық бергенімізде, жүрегіміздегі осы қалауымызға ереміз. Алайда, парасатты беруші құрбандығын, сүйіспеншілік пен қызмет сыйы деп қана қарастырмайды, берген құрбандығына салған салымым деп қарайды. Қаражатқа қатысты

айтар болсақ, салым дегеніміз – ақшаңызды бүгін жұмсаудан бас тартып, мөлшерін арттыру мақсатымен әлдебір іске салу.

Лиза екеуіміз осыдан бірнеше жыл бұрын сатылымға шыққан екі жер телімін көрдік. Екеуінің де бағасы төмен, және уақыт өте, қымбаттайтыны анық. Қолымызда екі телімді де сатып алуға жететін қаржымыз бар еді. Сол ақшаны әлдебір керек-жарағымызға жұмсамай, әлгі жерді сатып алуға салдық. Мұнымыз біз күткеннен де тиімді салым болды. Екі жылдың ішінде жеріміздің бағасы екі есе артты. Нәтижесінде салған ақшамыз екі есе өсті, енді бұрынғыдан ірі салым жасайтын мүмкіндігіміз бар.

Патшалыққа салым салғанымызда, бірнеше есе пайда табатынымызды Исаның Өзі айтқан.

«Сендерге шындығын айтайын: үй-жайын, әке-шешесін, бауырларын, әйелі не бала-шағасын Құдайдың Патшалығына бола қалдырған әркімге сол үшін осы заманда қарымтасы көп есе артығымен қайтарылады, әрі келер заманда ол мәңгілік өмірге ие болады (Лұқа 18:29-30, орысшадан аударма). Иса «келесі өмірінде» деген жоқ, «осы заманда» деді. Жер теліміне салған ақшамыз екі еселенгенде қатты қуандық, алайда, Исаның айтқаны мүлде басқа молаю болатын. Екі есе көбею мен көп есе көбеюдің арасында әжептәуір айырмашылық бар. Көп есе көбейетін салымның өсімі қандай болмақ? Бұл жайында Майктың куәлігінен біле аламыз.

Пауыл елші құрбандық беруді тұқым себуге балайды. Бидайдың бір дәнінен, орта есеппен алғанда, жүз дән өсіп шығады. Өнім алу үшін дәнді жеп қоймай, топыраққа салу керек. Сонда көп есе жеміс береді. Сол себепті Киелі Жазба былай дейді:

«Қолы ашық адам байи түсер,

Тым сараң жан кедейлене түсер» (Нақыл сөздер 11:24).

Сенушілердің молаю туралы ойлауының еш қажеті болмаса, Сүлеймен патша, Иса, Пауыл елші құрбандық беру жайындағы

осы ақиқатқа баса назар аудармас еді.

Сенушілердің көбісі Майктың табысының 10-15 пайызын ғана өз қажетіне жұмсайтынын сүйіспеншіліктен туған құрбандық деп қана ұғады. Алайда Майктың көзқарасы бұдан әлдеқайда кең. Майк – Құдайдың Сөзін санасына әбден сіңіріп, Құдайдың даналығына қол жеткізген адам. Киелі Кітаптағы аяттардың 2 000-ын жаттап алғаны есіңізде болар. Ол жасап жүрген құрбандығын адамдарға деген сүйіспеншілігінің көрінісі деп қана емес, салым деп те қарастырады. Лиза екеуіміздің әлгі екі жер теліміне салған салымымызға қалай қарасақ, Майк та Құдай Патшалығына берген құрбандығына солай қарайды. Табысты ресторан иесінің көзқарасындай деуге де болады. Түскен табысты түгел жұмсаудың орнына, ол табыстың қомақты бөлігін жаңа ресторан ашуға, яғни, кәсібін кеңейтуге салады. Бәрі дұрыс істелсе, болашақта оның бес рестораны болады, демек, табысы да бес есе артады. Нәтижесінде олар бұрынғысынан бес есе көп адамды жарылқай алады.

Майк құрбандығын салым деп қарастырмаса, құрбандық берудің терең мағынасын көре алмайтын еді. Ат басындай күміс туралы астарлы ақиқат та осыған үйретеді. Исаның сөзін тағы да қайталап оқиық: «Бес ат басындай күміс алған қызметші оны айналымға салып, тағы бесеуін тапты» (Матай 25:16, NLT аудармасы). Қызметшінің қолында барын қалай көбейткенін көрсету үшін «салым» сөзімен түбірлес айналымға салу деген сөз қолданылған.

МОЛАЮ ТУРАЛЫ ТАҒЫ БІР АСТАРЛЫ ӘҢГІМЕ

Исаның молаюды сипаттау үшін қолданған тағы бір астарлы әңгімесін оқып шығайық.

«Халық тыңдап отырғанда Иса бір астарлы әңгімені қоса айтып берді. Себебі Өзі Иерусалимге жақындап қалғандықтан, олар: «Жуырда Құдай өз Патшалығын жерде орнатады» деп ойлады» (Лұқа 19:11).

Астарлы әңгімені келтірместен бұрын, автор оқырманды сол кездегі жағдаймен таныстырады. Иса шәкірттерімен бірге Иерусалимге қарай бет алды. Көпшіліктің пайымдауынша, Иса Өз патшалығын орнатып, Исраил халқын Римнің езгісінен құтқарады. Алайда, Иса шын мәнінде не болатынын түсіндіріп, олардың ойын дұрыс бағытқа бұрды. Иса бұл дүниеден кетеді. Содан кейін біз Патшалық орната бастаймыз. Оны қалай істейміз? Салым салу арқылы. Астарлы әңгімені оқиық:

«Бір ақсүйек өз елінің патшалығына тағайындалуы үшін алыс жерге барып, келмекші болыпты. Ол сапарға шықпастан бұрын қол астындағы қызметшілерінің онын шақырып алады. Әрқайсысына бір-бір қадақ күміс үлестіріп беріп:

— Мен қайтып келгенше осы қаржыны айналымға салыңдар! — деп тапсырады» (Лұқа 19:12-13, орысшадан аударма).

Матай жазған Ізгі Хабардағы астарлы әңгімедегідей, мұнда да, сөз – қаражатты айналымға салу жөнінде. Және бұл – бізге берілген тікелей нұсқау. Өзімізге сеніп тапсырылған (қаржылай және рухани) байлыққа селқос қарамай, ұқыпты да парасатты еңбек етуіміз керек.

Осы екі астарлы әңгіме бірдей көрінгенімен, шындығында екі түрлі. Екеуінің айырмашылығына назар аударайық. Біріншіден, Матай келтірген астарлы әңгімеде үш қызметші туралы айтылса, Лұқаның жазбасындағы әңгіме – он қызметші жайында. Екіншіден, Матайдың әңгімесінде қызметшілеріге берілген күмістің мөлшері әртүрлі болса, мұнда бәріне бірдей – бір-бір қадақтан таратылды. Үшіншіден, Матайдың жазбасындағы қызметшілердің үлесіне тиген күміс бір қадақ емес, ат басындай, яғни, 75 есе көп. Ат басындай күміс дегеніміз, шамамен алғанда, 75 қадақ. Осы екі астарлы әңгімені салыстыра келіп түсінгенім, Матай келтірген әңгімеде сөз тең мөлшерде беріле бермейтін дарындар жайында болса, Лұқаның жазбасындағы әңгімеде әрбір сенушінің үлесіне тең тиетін нәрселер, яғни, негіз қалаушы

сенім, Құдайдың сүйіспеншілігі, Құдайдың Сөзі, әрқайсымызға Келісімнің негізінде уәде етілген жарылқаулар, т.б. туралы айтылған. Дегенмен, негізгі принциптер екеуінде де бірдей. Әңгімені әрі қарай оқиық:

«Бірақ әлгі кісі патшалыққа тағайындалады да, еліне қайта оралады. Содан ол күміс берген қызметшілерінің қайсысы қанша табыс тапқанын білу үшін оларды өзіне шақыртады. Сонда біріншісі келіп:

— Тақсыр, сіздің бір қадақ күмісіңізді айналымға салдым да, он есе табыс таптым, — деп есеп береді. Патша оны мақтап:

— Жарайсың, жақсы қызметшім! Кішкене істе сенімді болдың, енді он қаланың үстінен билеуші бол, — дейді» (Лұқа 19:15-17, орысшадан аударма).

Осы тұста назарыңызды аударғым келетін бірнеше ой бар. Біріншіден, қызметшінің айналымға салғаны – өзіне сеніп тапсырылған нәрсе. Екіншіден, ол ұқыптылықпен әрі парасаттылықпен еңбек етіп, нәтижесінде қолындағысын он есе арттырды. Парасатты болу дегеніміз – Құдайдың даналығымен жүру. Ал Құдайдың даналығына досым Майк тәрізді Құдайдың айтқанын тыңдап, бұлжытпай орындасақ қана, жете аламыз. Үшіншіден, молаю тағы да адалдықпен тікелей байланысты. Бұл астарлы әңгімеде де ешбір басқа жақсы мінез немесе игі істер жйлы айтылмайды, өйткені, Құдайдың көзқарасында, адал болу Құдайдың сеніп тапсырғанын молайтуден тең. Және соңғысы, қызметшінің алар сыйы өзіне берілгенді қаншалықты молайтқанына пара-пар. Бірінші қызметшінің басқаруына он қала берілді.

Келесі қызметші туралы былай делінген:

«Екіншісі келіп:

— Сіздің бір қадақ күмісіңізді айналымға салып, бес есе пайда таптым, — деп есеп бергенде, патша:

— Ендеше сен бес қаланың билеушісі бол, — деп бұйырады»

«Следующий слуга сообщил: “Господин, я вложил твои деньги и заработал в пять раз больше первоначальной суммы”.

“Хорошо!”, – сказал царь. – “Ты будешь правителем над пятью городами”» (Лұқа 19:18-19, орысшадан аударма).

Бұл қызметші қолында барын он есе емес, бес есе молайтты. Мәңгілікте алған сыйы да соған сай, он қала емес, бес қала болды. Ол не себепті бірінші қызметші тәрізді он есе пайда таппады? Құдайдың даналығына дұрыстап мән бермеді ме? Келіп тұрған мүмкіндіктерді жіберіп алды ма? Әлде, біраз жетістікке жеткеннен кейін, бірінші тараудағы Стен тәрізді ойлап, жұмысын тоқтатты ма? Зейнетке шыққаннан кейін, жұмыс атаулыны доғаруым керек деген пікірде болды ма екен?

Бірнеше жыл бұрын жетекшілерге арналған бір конференцияда уағыз айттым. Уағызымнан кейін жаныма Калифорниядағы ең табысты құрылыс компанияларының бірін басқаратын адам келді. Ол кісі – Құдай Патшалығына миллиондаған доллар құрбандық беріп жүрген адам. Бет әлпетінен таңырқаған да, қуанған да кейіп білінеді. Ол кісі:

– Джон, осы күнге дейінгі тапқан табысыма қанағаттанып, жұмыстан кетуді ойлап жүрген едім. Мұндай ойларға беріліп кету оңай, бірақ қазір сол ойларымның қате екеніне көзім жетті. Алға қарай ұмтыла берем, Құдайдың өзіме бергенін молайту үшін ерінбей еңбек етем деп шештім.

Жүрегінен шыққан осы шешімі өмірін өзгертер, бәлкім. Бес есе моладан он есе молаюға аяқ басар.

Үшінші қызметші ше?

«Ал үшіншісі өзіне берілген күмісті сол қалпында алып келіп, былай дейді:

— Тақсыр, мінеки, сіздің қадағыңыз. Оны орамалға түйіп сақтап қойдым. Сізден қорықтым, өйткені қатал адамсыз: өзіңіз салмаған қаржыны иемденіп, екпеген өнімді орасыз.

— Патша оған:

— Әй, зұлым қызметші! — деп айқай салды. — Сені өз аузыңнан шыққан сөздеріңмен үкімдеймін! Менің салмаған қаржыны иемденіп, екпеген өнімді оратын қатал адам екенімді білдің ғой? Олай болса, неге күмісімді айналымға жібермедің? Сонда мен қайтып келгенде оны өсімімен қайтарып алатын едім, — деп жауап береді» (Лұқа 19:20-23, орысшадан аударма).

Матай жазған Ізгі Хабардағы қызметші сияқты, бұл қызметшінің де айтарлықтай екі міні бар. Біріншісі — ол қожайынының мінезін білмейді. Құдайдың өзіңізге сеніп тапсырған меншігін сақтап қалу адалдық емес, арамдық екеніне осы әңгіме көзімізді тағы жеткізеді. Патшаның айқай салғанына назар аудардыңыз ба? Қызметшінің немқұрайлы көзқарасы патшаның ашуына тиді, ол ашуын жасырған жоқ! Әңгіменің осы тұсы кімнің болса да, есін жиғызары хақ.

Әрі қарайғы оқиға Матай жазған Ізгі Хабардағы әңгімеден түйгенімізді растай түседі:

«Патша қасындағы нөкерлеріне:

— Мынадан қадағын алып, он қадақ табыс түсіргенге тапсырыңдар! — деп бұйырады. Олар:

— Тақсыр, соның өзінің де он қадағы бар ғой! — дейді. Патша:

— Сендерге айтамын: Өзіне тапсырылғанды тиімді қолданып, көбейте білгенге тағы беріліп, қолындағысы молая түседі. Қолында барын қолдана алмағандардан өзімде бар дегені де алынып қойылады» (Лұқа 19:24-26, орысшадан аударма).

Таңырқатар әрі шошытар ақиқат. Майк тәрізді әрекет етпесек, Құдайдың Сөзінде, Көктегі Әкемізбен қарым-қатынаста көп уақыт өткізбесек, айналамыздың ықпалына көніп кетеріміз анық. Олай болса, Құдайдың мінезін де осыдүниелік көзқарас тұрғысынан қарастыратын боламыз. Қоғам, Голливуд, әлеуметтік желілер, жаңалықтар, қатал әке, дін, өмірлік тәжірибеміз бен

көрген-білгеніміз – осының барлығы санамызда белгілі бір ойлау жүйесін, жалған ой-пікір қалыптастырады. Осыдүниелік ой-пікір Құдайдың бейнесін бұрмалап көрсетеді. Ал Құдайды жақын танып білсек, жалған пікірлерден арылып, Құдайдың бейнесін көмескілендіретін «фильтрден» құтыламыз.

ҚҰРБАНДЫҚ БЕРУГЕ ШАҚЫРЫЛҒАНБЫЗ

Майктың *құрбандық беру дарыны бар*; сол дарынын дұрыс қолданып жүр. Алайда, біздің бәріміз де құбандық беруші бола аламыз.

Исаның барлық халықтарға барып, Ізгі Хабарды тарту жөніндегі тапсырмасы мен құрбандық беруді салыстырайық (Марқа 16:15-16 қараңыз). Ізгі Хабарды тарату – сенушілердің бәріне берілген тапсырма. Бәріміз Құдайдың жердегі елшісіміз, бізге Құдайдың хабарын барлық адамға жеткізу аманатталған. Пауыл елшінің сөзі осыны растайды:

«Ал сен әрдайым қырағы, азапқа төзімді бол! Ізгі хабарды уағыздаушының міндетін атқарып, қызметіңді орындай бер!» (2 Тимоте 4:5), бұл сөз сенушілердің барлығына айтылған.

Дегенмен, Ізгі Хабар таратушы деген ерекше дарын мен қызмет бар. Пауыл елші былай дейді:

«Ол рухани дарындар сыйлап, сенушілердің біреулерін елші, біреулерін пайғамбар, тағы басқаларын Ізгі хабарды таратушы, енді біреулерін қауымның рухани бағушысы немесе тәлімгері етіп тағайындады» (Ефестіктерге 4:11). Сенушілердің барлығы емес, кейбіреулері осындай қызметке шақырылған. Бұл дарынның жемісі – құтқарылған адамдар. Елшілердің Істері кітабында барлық сенушілер емес, бір ғана Філіп Ізгі хабарды уағыздаушы деп аталған.

«Ертеңіне Кесарияға бардық. Сол қалада біз Иерусалим қауымының жеті қызметшісінің бірі — Ізгі хабарды уағыздаушы

Філіптің үйіне түсіп, сонда қалдық» (Елшілер. 21:8). Билли Грэм, Ти Эл Осборн, Рейнхард Боннкелер дарынды Ізгі хабар уағыздаушылар еді. Әрқайсысы, ұжымының көмегімен, ондаған миллион адамды құтқарды. Олар өздерінің Құдай берген дарынын мейлінше молайтты. Майк туралы да, осы кітапта айтылған басқа адамдар туралы да солай деуге болады.

Құрбандық беруге бәріміз бірдей шақырылғанбыз. Алайда, кейбір адамдарда құрбандық беру дарыны болады. Ондай адамдар қаржылай құрбандық беруде Ізгі Хабар тартушылар адамдарды құтқаруда қаншалықты жемісті болса, соншалықты жемісті. Қолыңыздағы кітап – Құдай берген дарындарыңызды молайту жайында. Қаржылық қайырымдылық – молаю тақырыбының маңызды бөлігі болғандықтан, осы тарауда қаржылық құрбандық беру саласындағы молаюға баса назар аударғым келеді. Оған бәріміз шақырылғанбыз.

Қырық жыл қызмет еткенімде, қаржылық қайырымдылық саласында екі түрлі адасу бар екенін байқадым. Бұл адасулар көптеген сенушілерге теріс ықпалын тигізді. Бұл жағдай өзгереді деген үмітімді үзбеймін. Біріншіден, тек өз пайдасы үшін ғана құрбандық беретіндер бар. Олардың ниеті – пайдақұмар, өзімшіл ниет. Әділ бағасын беріп, шындығын айтар болсақ, ашкөздік.

Осынау жаңсақ көзқарас, өкінішке орай, екінші адасудың пайда болуына әкеп соқты. Ол Киелі Кітапты жан-жақты зерттемеген, Құдай Сөзінің толық мағынасын ұғына алмаған адамдарға тән. Ондай адамдар құрбандық беру жайлы ілімнің қай-қайсысын да теріске шығарады. Мұндай көзқарас түбі құрбандық беруден мүлде бас тартуға жеткізеді. Мұндай идеяның жақтастары өздерінің де, тыңдаушыларының да жемістілігін едәуір шектейді. Нәтижесінде Ізгі Хабар тарату ісі тоқырайды.

Лиза екуіміздің алғаш барған қауымымызда құрбандық беру жайлы көп айтылатын. 1980-ші жылдар еді. Ол кезде сенушілердің көбісі Ізгі Хабар таратуды емес, өздерінің қамын ойлайтын. Қауымымыз құрбандық беру мәселесінде, жалпы алғанда, дұрыс бағыт ұстанатын. Дегенмен, көптеген адамдар құрбандықты

өзімшіл ниетпен беретін еді. Кеңірек үйге, қымбатырақ көлікке қол жеткізсем, демалысымды былтырғыдан қымбатырақ отельдерде өткізсем деген, тағы сол сияқты армандарын жүзеге асыруды көздейтін. Мақсаттарының, діншіл қаптамаға оралғаны болмаса, сенбеушілердің мақсатынан еш айырмашылығы жоқ. Лиза екеуіміз осындайдан ниеттен әлдебір жалғандықты сезетінбіз, бірақ не екенін дөп басып айта алмайтын едік.

Сондай ортада бірнеше жыл өткізгеннен кейін, Лиза екеуіміздің тазару әрі рухани жетілу кезеңінен өтуіміз керек болды. Құрбандық берудің шын мәнінде не екенін, содан кейін ғана, дұрыс ұғына бастадық. Бірінші қауымымыздың бағушысы ақырында азғырылып, барынан айырылды. Мұны көрген біз адасудың екінші түріне еріп кете жаздадық. Алайда, көз көріп, құлақ естігенге емес, Құдайдың Сөзіне сенуге бекем бел будық.

Қауым бізге батасын беріп, өз қызметімізге аттандырып салғаннан кейін, екі жыл өткенде, Киелі Рух ғажап аян берді. Көзім сонда ашылды. Мен бір қауымда уағыз айтқалы отырған болатынмын. Киелі Рух *«Балам, діншілдік рухының не екенін білесің бе?»* деді.

Діншіл сана жайлы оқыған кітаптарым, естіген уағыздарым бар, бұл тақырыпта өзім де жазған болатынмын. Бірақ мына сұрақты естігенімде, әлденені түсінбей жүргенімді анық сездім. «Білмейтін болсам керек. Әйтпесе, сұрамас едің ғой. Ол не?» дедім.

Киелі Рух «Діншілдік рухы – Менің сөзімді өз дегеніне жету үшін пайдаланатын адамға тән сана. Ондай адам Менің еркімді орындауға ұмтылмайды, Менің қалауым ол үшін бірінші кезекте емес. Менің Сөзімді жеке мүддесіне пайдаланады» деді.

Осы сөз улы ортада бірнеше жылым өткен менің жүрегімдегі игі өзгерістерге түрткі болды. Киелі Рухтың осы сөзінен кейін түсінгенім, бұрыс ниетпен құрбандық беріп те, құрбандығымыздың жемісін көре алады екенбіз. Ниетіміз дұрыс болмаса да, Құдай патшалығының заңдары іске асады.

Құрбандық беру жйлы жазғанда, Пауыл елші диқанның іс-

әрекетін мысалға келтірді, мен де солай істемекпін. Әлдебір диқан өзімшіл ниетпен, яғни, бар астығын ешкіммен бөліспей, қамбасына жинап қоймақ болып, егін егеді. Қамбалары мен қоймаларын кеңейтіп, астығын жинап қояды да, өзіне-өзі:

«...көп жылға жететін мол қорың бар, енді демалып, ішіп-жеп, көңіліңді көтер» дейді (Лұқа 12:19).

Құдай ондай адамға:

«Ей, түйсіксіз пенде, бүгін түнде жаның алынады! Сонда сенің жиып-тергенің кімге қалады?» — дейді (20 аят). Диқан сараң адам болса да, Исаның егу мен ору жайындағы заңы бұл адамның өмірінде де жүзеге асты.

Басқа диқанның ниеті – жарлы-жақыбайларды тойындыру дейік. Еккен тұқымының өнімін ол да алады. Бірақ, бұл егіншінің ойы басқа. Ол өзіне-өзі «Тамаша! Енді өзімнің де тамағым бар, қауымымның өсіп, өркендеуіне қосар үлесім де бар! Жомарт бола аламын!» дейді.

Егу мен ору заңы екеуінің де өмірінде жүзеге асты. Бірінші егіншінің ниеті өзімшіл екен деп, басқалардың барлығы егін еріп, астық орудан бас тартса, онысы ақымақтық болмас па еді? Дегенмен, құрбандық беру саласында көптеген сенушілер осыны істеп отыр.

Пауыл елшінің сөзін зейін қоя зерттеп шығайық. Елші сөзін былай деп бастайды:

«Сондықтан да бауырластардан сендерге бізден бұрын баруларын сұрауды тиімді деп таптым. Олар өздерің уәде еткен жомарт тарту-таралғыларыңды алдын ала жинап, дайындаудың қамын ойластырмақ. Сонда сыйларың іштарлықпен лажсыздан берілген емес, кеңпейілділікпен жасалған игілік болады» (2 Қорынт. 9:5).

Пауылдың қаржылай сыйлық немесе құрбандық туралы

айтып тұрғаны даусыз. Құрбандық берушілердің қандай жемісі болатынын айтқанда, елші егіншіліктің қағидаларына сүйенеді:

«Бұл жайында: «Сараң сепкен сараң жинар, жомарт сепкен жомарт жинар» делінген ғой» (2 Қорынт. 9:6).

Құрбандық берудегі жалғыз ниетіміз – басқаларға көмек болса, Пауыл елші сепкенімізден өнім алу жайлы неге айтады? Адамдарға көмектесумен қатар, барымызды молайтуды да көздесек, несі жаман? Басқаларға көмек бірінші орында, өнім алу екінші орында тұрса, алған өніміміз Құдай Патшалығын кеңейту ісіне үлес қосуға деген ниетімізді бұрынғыдан да арттыра түссе, несі жаман? Исаның ат басындай күміс тұралы астарлы әңгімесін айтып, шәкірттеріне жемісті болуды үйреткеніндей, Пауыл елші де Қорынттағы сенушілерге тұқым сеуіп, жемісін молайтуды үйретті ме екен? Пауыл елші оларға бір жағынан басқаларға жанашыр болуды үйретсе, екінші жағынан салым салып, өсімін арттыруды, сөйтіп, бұрынғыдан да жемісті болуды үйретіп отырма? Пауылдың ниеті дәп осындай екеніне сенімдімін. Келесі аятты оқысаңыз оған сіздің де көзіңіз жетеді:

«Әрқайсың жүректеріңнің шешіміне сай, еш ренішсіз, зорлықсыз барларыңмен бөлісіңдер! Құдай қуанышпен беретіндерді ұнатады. Ал сендерді бүкіл игілікке молынан кенелтуге Құдайдың құдіреті жетеді! Сонда әрдайым, қандай жағдайда да қажеттеріңнің бәрімен қамтамасыз етіліп, әр қилы игі істерді молынан жасай аласыңдар» (2 Қорынт. 9:7-8).

Пауыл елші екі нәтижені айтады. Жеке қажеттіліктерің қамтамасыз етіледі дей келе, игі істерді молынан жасай аласыңдар дейді. Яғни, өздеріңе молынан жетеді және басқаларға да жетерлік болып, артылады. Тұқым сеуіп, өнімін алғанымызда, игі істер істеуге деген мүмкіндіктеріміз де арта түседі:

«Егіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түспек. Ондағы көздегені — сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі» (2 Қорынт. 9:10-11).

Пауыл елші құрбандық беруіміз арқылы Құдайдың қаражатымызды арттыратынын баса айтады. Сонда, қашанда жомарт бола аласыз. Бұл ақиқат құрбандық беру дарыны қонған адамдарға ғана емес, бәрімізге арналған. Бұл Құдайдың ежелгі, өзгермес қағидасы.

Лиза екеуіміз Құдайға қызмет етудегі алғашқы қадамдарымызды жасай бастағанымызда, бір жылдық табысымыз 18 000 доллар болатын. Күнкөрісімізге әрең жететін азғантай ақша. Исаның туған күнін алғаш рет тойлағанымызда, аздап ақша жұмсап, өз қолымызбен сыйлықтар жасадық та, оны салуға кішкене себеттер сатып алдық. Басқа ештеңеге ақшамыз жетпейтін еді.

Екі жылдан кейін бағушымыз ерекше құрбандық жинады. Сол игі іске біздің де үлесімізді қосқымыз келді. Екеуіміздің де жүрегімізге «1 000 доллар беріңдер» деген сөз келді. Екі жыл бойы тірнектеп жинаған 1 800 долларымыз бар еді. Мақсатымыз – несиеге шағын үй алу, соның алғашқы төлеміне жетерлік қаражат жинау. Басқа ешқандай жиған-тергеніміз жоқ. Зейнетақы қорында жиналған ақшамыз да, инвестициялық салымдарымыз да, ештеңеміз жоқ. 1 000 доллар құрбандық берсек, есепшотымызда небәрі 800 доллар қалар еді. Екі жылда жинаған ақшамыз азайып қалса, несиеге үй алуға жетерлік алғашқы төлемді қашан жинай алатынымыз мүлде белгісіз. Алайда, Құдай айтқан ақшаны құрбандық етіп бердік, ниетіміз басқа адамдарға қол ұшын созу болатын. Екінші мақсатымыз – жомарт болуды үйрену. Киелі Жазбадан білетініміз, мүмкіндігімізді кеңейтудің жалғыз жолы – қолымыздағы аз қаражатты молайту.

Жылдар өте, сыйлық салған себеттерден де, 1 000 доллардан

да әлдеқайда зор құрбандық беруге шамамыз жететін болды. Биылғы жылдың өзінде, миссияға сол бір алғашқы құрбандығымыздан 50 есе артық құрбандық бердік. Көбірек адамға қалайда жарылқау болудың жолын іздейміз. Құдай қабілетімізді арттырып, жомарт болуға деген мүмкіндігімізді кеңейтті. Киелі Кітап осы ақиқатты тамаша сипаттайды:

«Екіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түспек. Ондағы көздегені — сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі» (2 Қорынт. 9:10-11).

Жаратқан Иеміз – ағыл-тегіл мол сыйлық беретін, жомарт Құдай. Құдай Патшалығына салғанымызды молайтады, сондағы көздейтіні – жомарттығымыздың арта түсуі. Аспандағы есепшотымызға салғанымызды не күйе жемейді, не тот баспайды, ұры да бұзып кіріп, ұрлап кетпейді, салымдарымыздың өсімін осы өмірде көріп, пайдалана аламыз. Мәңгілікте алатын сыйымыз бар. Сонымен қатар, осы әлемде дәулетті болып, жомарттық танытуымызға арналған есепшотымыз да бар. Філіпі қаласындағы сенушілерге жазған хатында Пауыл елші осы жайында былай дейді:

«Сендерден сәлем-сауқат дәметпеймін, менің үміттенетінім — осылар үшін өздеріңе қайтатын жарылқау мен сауап» (Філіпіліктерге 4:17).

Кейбіреулеріміздің банкте, түрлі қорларда, инвестициялық мекемелерде есепшоттарымыз бар, сол сияқты әрбір сенушінің де рухани әлемде жеке есепшоты бар. Ол жер бетінде Құдай Патшалығын орнату ісіндегі жемісімізді молайтуға күш-қабілет береді. Әрбір сенуші рухани әлемдегі осы заңды біліп, түсініп, соған сай әрекет етсе не болар еді? Ізгі Хабарды әр адамға әлдеқашан жеткізер едік! Құдай Патшалығының дұшпаны

сенушілердің қаржылай тұқым себуіне барынша қарсылысуының себебін түсініп отырсыз ба?

Лиза екеуіміз Фил мен Дана есімді жұппен көптен бері доспыз. Ол екеуі құрбандық беруде алдына жан салмайды. Олар Құдай Патшалығына табысының 50 пайызын беріп отырады. Жақынды ғана бір миссияға 100 000 доллар қаржылай көмек көрсетті. Екі күн өткенде, тағы бір қызметке 100 000 доллар берді. Оны білетін себебім, сол екінші қызмет «Мессенджер Интернэшнл» еді.

Фил осыдан көп жыл бұрын кәсібін бастағанда, орташа табысты кәсіпкер болатын. Алайда, 22 жыл бұрын Фил мен Дана үш жылдың ішінде бір миссияның атқарып жүрген игі ісіне 250 000 доллар құрбандық береміз деп, Құдайға уәде берді. Адами тұрғыдан қарағанда, ақылға қонбайтын уәде, бірақ олар Құдайдың Өзі араласып, керемет жасайтынына сенді.

Филдің кәсібі өркендей бастады. Бірақ, кәсібі қаншалықты өрге басқанын ол әлі білмейтін еді. Үш айдан кейін есепшотында артық 250 000 доллар жиналғанын білді. Дана екеуі уәде етілген қаражатты үш жылға созбай, бірден беретін болып шешті. Әңгіменің осы тұсына келгенде, Фил:

– Джон, сол кезден бастап, құрбандық берудің ойымызға да келмеген деңгейіне шықтық, – деді.

Майк тәрізді, бұл екеуі де тоқтамауға бел бұды. Бір орында тұрып қалмай, алға баса берді. Жеткен жетістіктерін қанағат тұтып, қарқынды бәсеңдетудің орнына, қиындық атаулыны жеңіп, ерінбей-жалықпай еңбек ете берді. Олардың есепшотындағы қаражат өздері ойламағандай өсті. Менің де өмірімде, сіздің де өміріңізде осылай болмақ! Пауыл елші былай дейді:

«Ал Тәңір Иеміз бізге әсер ететін Өзінің құдіреті арқылы біз сұрағаннан немесе ойлағаннан әлдеқайда көп нәрселерді істей алады» (Ефестіктерге 3:20).

ЖАРЫП ШЫҒУ

Құдайға қызмет етіп жүріп, түсінгенім, әрбір сенуші *харизмада* да, қаржылай құрбандық беруде де сыналады. Өміріңізде бірде-бір баспа кітабыңыз жайлы сөйлескісі де келмейтін уақыт болуы мүмкін. Және бұл кезең бірнеше жылға созылуы ықтимал. Өте көп еңбек сіңірдіңіз, алайда, кітабыңыз сол күйі жарық көрмейтін тәрізді. Осы орайда қолыңыздан ештеңе де келмейді. Соған қарамастан, Құдайға мойынсұнып, айтқанын орындай бересіз. Кенет, жағдай күрт өзгеріп, бөгет атаулыны жарып шығасыз.

Немесе үнемі құрбандық бересіз, бірақ жемісін көрмейсіз. Құрбандық беруді жалғастыра беруге, қаражатыңыз жетпейтін сияқты. Бір күні Құдай Майкпен сөйлескендей, сіздің де жүрегіңізге сөйлейді. Сонда сіз болмайтындай көрінген нәрсеге келісесіз. Кедергінің бәрін жарып өтесіз де, құрбандық берудің жаңа сатысына шығасыз.

Жарып шығу дегеніміз не? «Dictionary.com» сөздігіне үңілсек, бұл сөзге мынадай түсіндірме берілгенін көреміз: «кедергіні, бөгетті, шектеуді алып тастауға немесе кедергіден өтуге, шектеуден шығуға жеткізетін әрекет немесе оқиға». Көз алдыңызға тоғандағы суды ұстап тұрған бөгетті (плотинаны) елестетіңізші. Судың деңгейі көтеріліп келе жатыр дейік, бірақ бөгет суды жібермей ұстап тұр. Кенет бөгетте сызаттар пайда бола бастайды. Сол сәт су бөгетті жарып кетеді. Ағысты бөгеп тұрған кедергі жоқ, енді су жаңа бағытта емін-еркін аға алады. Жарып шығу немесе бұзып-жару деген осы.

Дәуіт патша былай дейді:

«Сонымен Дәуіт Бағал-Перасимге өрлеп барып, філістірлерді сол жерде күйрете жеңді. Ол: «Су тасқыны жолындағының бәрін жайпайтынындай, Құдай да менің қолым арқылы жау саптарын бұзып-жарды!» — деді. Сондықтан сол жер Бағал-Перасим («Иенің бұзып-жарғаны») деп аталып кетті» (1 Шежірелер 14:11). Су деңгейінің бірте-бірте көтерілуі – ақиқатқа үнемі мойынсұнып жүргеніміздің бейнесі. Бөгетті

жарып шыққан судың тасқындап еркін аққаны молшылық пен мол жемісті бейнелейді.

Достарымыз Фил мен Дананың өмірінде орын алған кереметке оралайық. 100 000 доллар құрбандық бергеннен кейінгі аптада табысы рекордқа жетіп, сол бір аптаның ішінде 100 000 доллардан астам табыс тапты. Жарып шығу осындай болады. Басында бұлай болған жоқ; олар үзбей құрбандық беріп жүргенімен, көпке дейін мұншалық мол жеміс көрмеді. Үнемі тұқым себумен бірнеше жыл өткеннен кейін ғана жеміс тасқыны бөгетті жарып шықты. Енді егін оруы тұқым себумен қабаттас келетін сияқты.

Олардың өмірінде Амос пайғамбардың мына сөзі орындалуда:

«Сол кезде (өнімдеріңнің мол болатыны сонша,) астықты келесі жер жыртқан уақытқа дейін жинап, қамбаға құйып бітіре алмайтын боласыңдар. Әр жыл сайын жүзімдерің тез пісіп, артылып та қалатын болады. Жүзім шырыны таулардың беткейлерінен ағып, қыраттардан тамшылап түспек» (Амос 9:13). Көне аудармалардың бірінде былай деп көркем жазылыпты:

«Жыртушы келгенше, орақшы егін орып болмайтын күндер келеді, дейді Ием. Жүзім тапталып болғанша, егін егу мезгілі келеді; таудан жүзім шырыны сорғалап, төбелер ағады».

Астықтың бітік шығатыны сонша, жер жыртатын мезгіл келгенше, орақ бітпейді. Жер жыртушы егістікке келгенде, астықты әлі орып жүрген орақшыны көреді.

Жер жыртыла бастағанда, былтырғы жүзім әлі тапталып болмайды! Не деген ғажап та көркем бейнелер! Жер жыртушы, жеміс теруші, жүзім таптаушының көздегені бір мақсат – жүзімнен шарап жасау. Олардың жұмылған еңбегінің нәтижесі мынадай болмақ: «Шарап толассыз, үнемі ағып тұратын болады; өнімсіз, тұл жылдар енді қайтып келмейді» (парафраз автордыкі).

Харизмамыз бен берген құрбандығымыз, мезгілі келгенде, осындай жеміс береді. Майктың да, Фил мен Дананың да өмірінде

солай болды. Біздің миссиямыз «Мессенджер Интернэшнл» ұзақ жылдар бойы Құдай Сөзінің тұқымын көптеген адамдардың өміріне сеуіп келеді. Біз де өмірі өзгерген адамдардан сансыз көп куәлік аламыз. Піскен жүзімді жинап үлгермей жүрміз!

Жарып шығуға аз-ақ қалғанда, жеңілгенін мойындап, күрестен бас тартатындар көп. Қиындықтан қажиды, нәтиже көрмегендіктен, төзімі таусылады. Лиза екеуімізге адами ақыл мен логикаға бет бұрып, Киелі Рухтың айтқанын ескерусіз қалдыру табандылық танытқаннан әлдеқайда оңай болар еді. Баспанаға зәру жас отбасы едік. Көп пәтерлі үйлердің көбісінде ересектер ғана тұратын, ондай үйлер балалы адамдарға қолайсыз. Ал жер үй алуға берілетін несиенің алғашқы төлемі 5 000 доллардан кем емес. «Алдымен үйлі болайық, қауымдағы жобалардың біріне болашақта 1 000 доллар құрбандық береміз» десек, несі бар? Олай болғанда, Құдай Патшалығына салым салып, қолымызда барды молайту мүмкіндігінен айырылар едік.

Әңгіменің немен аяқталғанын білгіңіз келсе, айтайын, тамаша аяқталды. Алты ай өткенде Құдайдың кереметімен қолымызда 5 000 доллар ақша болды. Лизаның әкесі, бізге айтпай, арнайы есепшот ашып, ақша салып қойыпты. Біздің мұқтаждығымыз туралы мүлде білмейтін екі адам бізге әрқайсысы 2 000-дан берді. Жылға жетпей, жаңа үйімізге кірдік. Нағыз керемет осы болатын. Мақсатымызға «мүмкін емес» жағдайда жеткеніміздің арқасында сеніміміз өсіп, төзіміміз шыңдалды. Киелі Рух бізді 1 000 доллар құрбандық беруге ниеттендіргенде, ақшамызды қимай қалсақ, мұндай керемет болмас еді.

Осы тұста маңызды ескерту жасауымыз керек: құрбандық беруде өз ақылымызға, тәжірибемізге, білімімізге сеніп әрекет етпеуіміз керек. Киелі Рухтың айтқанын зейін қоя тыңдап, жетелеуіне еріп, әрекет етіңіз. Киелі Рух былай дейді:


«Сендерді құтқарушы Жаратқан Ие, Исраил сиынған Киелі Құдай, былай дейді: Мен, Құдай Иелерің, сендерге пайдалыны үйретіп, түзу жолмен бастап алып жүремін» (Ишая 48:17). Ар-ожданыңыздың сезімтал болғаны (өйткені, Киелі Рух

ожданымызға сөйлейді) және Құдайдың айтқанына еру өте маңызды. Себебі, бізді Құдай Патшалығына салған салымымызды молайтуға жетелейтін – Киелі Рухтың Өзі. Киелі Рух айтпағанда, әлгі 1 000 долларды құрбандыққа бермейтін едік.

Кейбір сенушілер Киелі Рухтың кеңесін тыңдамайды. Енді біреулер ести алмайды, өйткені, Киелі Рухтың айтқанын орындаудан бас тарта бергендіктен, ар-ожданы сезімталдықтан айырылған. Сондай адамдардың бірі болсаңыз, тәубе етіп, Киелі Рухтың даусын тұншықтырғаныңыз үшін кешірім сұраңыз. Сезімталдығыңыз сол сәт қалпына келеді, өйткені, Құдайымыз кешірімді! Ал содан кейін Киелі Рухтың айтқанын зейін қоя тыңдап, бұлжытпай орындаңыз. Адами ой-санаңызға бой алдырмаңыз.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Құдай сіздің жүрегіңізді адамдарға деген сүйіспеншілікке толтырды. Сондықтан барыңызды басқалармен бөлісуге және қызмет етуге деген қалауыңыз бар. Бүгінгі таңда қалауларыңызды жүзеге қалай асырып жүрсіз? Құрбандық беру мен қызмет етуде жаңа сатыға шығуыңыздың қандай жолдарын көріп тұрсыз?
2. Берген құрбандығымызды сүйіспеншілік сыйы деп қана емес, салым деп те қарастырғанымыз жөн. Өзіңіздің қызметіңіз бен қаржылай құрбандығыңыздан қандай өнім күтіп жүрсіз? Құрбандық беру мен қызмет етуді салым деп қарастыра бастағаныңызда, оларға деген көзқарасыңыз қалай өзгерді?
3. Харизмаңызда да, қаржылық құрбандық беруде де сыналасыз. Сондай сынақ кезінде сепкен тұқымыңыз өнім, еңбегіңіз жеміс бермейтіндей көрінеді. Алған бетіңізден қайтып, жеңілгеніңізді мойындауға деген азғырылу келгенде, жауабыңыз қандай болуы керек? Өзіңізді-өзіңіз қалай жігерлендіре аласыз?



*Тәңір Ие рақым етіп сыйлаған алуан түрлі
рухани дарындарыңды тиімді әрі нәтижелі
қолданыңдар. Әрқайсыларың қабылдаған
дарындарыңмен бір-біріңе адал қызмет етіңдер*

– Петірдің бірінші хаты 4:10

Стимул

Осы тарауда кітабымның өзекті ойын ашып көрсетемін. Қарқынды молаюдың қозғаушы күші не екенін айтамын. Қарқынды, тиімді, нәтижелі молаю дегенімде, мәңгілікте қалатын молаюды айтамын.

Стимул (түрткі, қозғаушы күш, ынталандыру) – іс-әрекетке немесе өзгерістерге бастайтын, не болмаса, іс-әрекетке, әлдебір өзгеріске қолайлы жағдай тұғызатын нәрсе (бірнеше сөздіктен алынған анықтама). Әрқайсымызға дарын берілген. Алайда, дарындарымыз іске асуы үшін әлдебір түрткі, қозғаушы қажет. Петір елші сондай қозғаушы стимул ретінде қызмет етуді қарастырады. *«Әрқайсыларың қабылдаған дарындарыңмен бір-біріңе адал қызмет етіңдер» дейді елші. Сонымен, қызмет ету – стимул, ал шынайы қызметтің астарында жатқан ниет, қашанда, – сүйіспеншілік.*

«Құдай Әкеміздің алдында сендердің Оған деген сеніммен игілікті іс істеп, сүйіспеншілікпен ауыр еңбек етіп және Иеміз Иса Мәсікке табандылықпен үміт артып жүргендеріңді үнемі еске алып отырамыз» (1 Салоникал. 1:3).

Риясыз, шынайы қызмет ету сүйіспеншілікке толы жүректен бастау алады. Бұл адамның ішкі бейімділігі, адам қайғы-қасірет, қиындық, тауқымет тартса да, кемімейтін, қалыптасқан өзіндік мінезі. Кейде сөзбен, көбінесе нақты істер түрінде жүзеге асады.

КҮРКЕТАУЫҚ ТАРАТАТЫН ӘЙЕЛ

Қызмет етудің бір көрнекті мысалын келтірейін. Айтайын деп отырған адамдарым – жақын достарымыз. Кітапта есімдері аталмауын сұраған еді, сондықтан оларды Райли және Дейв деп, ойдан шығарылған есімдермен атаймын.

Сонымен, Райли мен Дейв Америка Құрама Штаттарындағы ең ірі қаланың маңында тұрады. Көрші тұрған бұл екеуінің маңдайына үйлену жазған екен.

Тойларын өткізіп болғаннан кейін, Райлиді бір ой мазалай бастайды. Қауымдардың көбісі, қайырымдылық қорлары, кедейлерге түрлі көмек беретін басқа да ұйымдар Исаның туған күніне орай сыйлықтар таратады, ал Ризашылық күнінің қарсаңында көп іс-шара ұйымдастыра қоймайды. Осыған Райлидің көңілі толмайды. Оның ойынша, Ризашылық күні – маңызды отбасылық мереке. Бұл мерекені дастархан басында өткізген дұрыс. Бірақ көптеген адамдардың, оның ішінде жалғыз басты аналар, мүгедектер, баспанасыз қалған адамдар бар, мерекелік дастархан жасайтын ақшасы да, біреудің үйіне қонаққа барар мүмкіндігі де жоқ. (Ризашылық күні – Америкада хылқының ең басты мерекелерінің бірі. Ризашылық күнінде мерекелік дастарханда қақталған күркетауық тұруы керек, мерекеге отбасы түгел жиналады). Асханалар өз міндеттерін атқарып жүргенімен, оларда өз үйіндегідей, жақындарыңмен жиналған дастархан басындағыдай жылу жоқ.

«Әрқайсымыз игі істер жасай аламыз, ал жұмыла әрекет етсек, көп жұмысты еңсереміз» дейді Райли. Ол Құдайдың сөзін біледі. Екі адамның жұмыла әрекет етуі бір адамның әрекетінен он есе артық нәтиже беретінінен де хабардар (Заңды қайталау 32:30 қараңыз). Ал одан да көп сенуші біріксе, нәтиже едәуір артатынын да біледі. Шынайы қызмет еткісі келетіндер ұжыммен бірге болуды қалайды, еңбектің нәтижесін бір өзі иемденуден аулақ. Бұл ақиқат та Райлидің жүрегінде сақтаулы. Молаюдың осынау маңызды шарттарын Райли қашанда назарында ұстайды.

Сонымен, Ризашылық күнінің қарсаңында Райли туған-туысқандарынан, дос-жарандарынан ақша жинайды. Дейв екеуі жиналған қаражатқа тағы сондай соманы өздерінен қосты. Сөйтіп, Райли 11 күркетауық сатып алып, көлігіне салып алды да, мұқтаж адамдарға таратып берді. Келесі жылы таратылған күркетауықтырдың саны 31-ге жетті.

Үшінші жылы ол туыстары мен достарын осы іс-шара жайында басқа адамдарды да хабардар етуге шақырды. Тек өзінің атын атамауын сұрады. Жақындары солай істеді. Райлидің бастамасы жылдам кеңейе берді. Бесінші жылы 500 отбасына күркетауықтың еті таратылды, етке қоса, әрбір көкөністен жасалған екі консерві мен күркетауықтың ішіне салынатын жемістер алды.

Сол кезде Райли сыйлықтарды сыйлаушының аты-жөнін көрсетпей тарату жайында Құтқару Армиясымен келісімшарт жасасқан еді. Құтқару Армиясы – қайырымдылық жасаушы ірі ұйым, әлеуметтік мекемелермен тығыз байланысы бар. Сол байланыстарының арқасында, шын мәнінде мұқтаж адамдарды таба алады. Іріктеп алынғандардың арасында басқа көмек (тамақ талондары, мемлекеттен көмек, т.б.) алып жүргендер болмау керек еді. Райли көмекшілерімен бірге Құтқару Армиясының кеңсесінде тарату пункттерін ашты.

Сол жерге барып, өздеріне тиесілі тамақты алып кету мұқтаж адамдарға оңай болмай шықты. Біреулер арбаша немесе себет алып келсе, енді біреулеріне көлігі бар көршілері көмектесті. Өте алыстан келіп, тамағын жаяу көтеріп алып кеткендер де болды. Олар сыйлықтарын алып, мекеніне айналған автотіркемеге, саяжайға, ашық алаңдарға оралды. Баспанасы жоқ бір адам қоқыстан тауып алған газ баллоны мен қазанды пайдаланып, күркетауығын пісіріпті де, достарымен бөлісіпті.

Райлидің бастамасы кеңейе берді. Көмекті алушылар саны жыл санап, көбейді. Енді оларға басқа орын керек болды. Көршілес орналасқан Жастардың мәсіхшілік ассоциациясының бос жатқан жері бар еді. Бірақ бұл ұйымның Құтқару Армиясымен

қарым-қатынасы нашар болатын. Игі бастаманы жалғастыра беру үшін, екі ұйым арадағы алауыздықты жеңіп, ымыраға келуге мәжбүр болды. Екі ұйым татуласып, бүгінгі таңда Райлидің жобасы мен басқа жобаларды бірігіп жүзеге асыруда.

Райли мен Дейвтің жыл сайынғы мақсаты – былтырғыдан гөрі көбірек адамға көмек көрсету. Олар өздері тұратын ауданда мерекелік дастархан жасай алмайтын бірде-бір адам қалмайды деп шешті. Алушылар саны артқан сайын, көмекті тарату қиындап, күрделене берді. Кейбір достары қаржылай қолдау көрсетуді тоқтатты, енді біреулері басқа өңірлерге көшіп кетіп, олармен байланыс үзілді. Бағалардың өсуі тағы бар. Осының барлығы қысым тудырды. Алайда, Райли мен Дейвтің жағдайы әжептәуір жақсарып қалған еді, сондықтан, игі істі жалғастыра беруді жөн көрді. Енді олар жиналған қаржыдан екі есе көп соманы өздерінен қосатын болды. (Соңғы алты жылда өздерінің табысы өскені ғажап емес, игі іске сепкен тұқымдары өнім берді ғой).

Райлидің айтуынша, Құдай олардың бастамасын түрлі жолдармен қамтамасыз етіп отырды, және өздерінің де табысы арта берді. Ең қызығы, бұл жұп мемлекеттік бағдармалардан да, жеке компаниялардан да бірде-бір цент көмек алмайтын болып әу баста-ақ шешкен болатын. Қаражат тек туған-туысқандарынан, достарынан, достарының достарынан жиналады.

Көмек алушылардың саны арта берді. Соған орай қиындықтар да көбейді. Бір жылы күркетауықтарды кеш батқанша таратып бітіру мүмкін болмай шықты. Райли мен Дейв тамақты таратуға екі күн бөлетін болды. Енді жаңа мәселе пайда болды. Ет қайда сақталады? Райли мәселенің шешуін іздеді. Ақыры, ірі супермаркеттер желісі оларға мұздатқышы бар машиналарын бір түнге пайдалануға беретін болды. Райли мен Дейв күркетауықтарды сол дүкеннен сатып алып жүрген. Ақшаны ет сақтауға емес, тамақты сатып алуға жұмсайтын болды.

Қиындықтар мен кедергілер мұнымен бітпейді. Тізіп айта берсек, тым ұзақ әңгіме болып кетеді. Олардың сенімі нық, өздері істеріне адал, алған беттерінен қайтпақ емес. Қиындыққа

тап болған сайын, Құдайдың алдына келіп, дұға етті. Соның арқасында Құдайдан стратегиялық идеялар келді, қажет көмек те жан-жақтан келіп жатты.

Райли мен Дейвтің осы қызметіне биыл 26 жыл толды. Биылғы Ризашылық күніне орай 10 500 отбасына көмек берді (әр отбасында, шамамен, төрт адам бар десек, көмек 42 000 адамға жетті). Олар өз ауданындағы барлық мұқтаж адамдарға мерекелік дастархан жасап берді. Сонымен қатар, көмекпен көрші екі ауданның тұрындарының біразын қамтыды (Америка Құрама Штаттарындағы ең ірі қалалардың бірін айтып отырғанымыз есіңізде болар). 15 метрлік тіркемесі бар бес жүк машинасын күркетауық етімен, үш жүк машинасын көкөніс пен жемістерге толтырды. 200-ден астам еріктінің бірнеше күндік ерен еңбегі керек болды. Олардың көбісі – Райлидің қызметіне әуел бастан қатысып жүрген адамдар. Таң қаларлығы, еріктілердің көбісі күркетауық таратып жүрген әйелдің кім екенін әлі күнге дейін білмейді!

Осы игі істің тамаша жемістерін түгел атап шығу мүмкін емес. Талай адамның өмірінде өзгерістер болды, Исаны қабылдаған адамдар өте көп, олардың ішінде Райлидің күйеуі Дейв те бар, Құдайдан кезінде теріс айналып кеткен талай адам, қайта оралды. Қайта қосылған жұбайлар да болды. Мемлекеттік қызметкерлер, супермаркеттің жұмыскерлері, Құтқару Армиясы мен Жастардың мәсіхшілік ассоциациясының қызметкерлері, бастамаға атсалысқан еріктілер, жалпы айтқанда, бүкіл қала осы игі бастамадан жігер алды.

Көптеген куәліктердің бірнешеуін осында келтірмекпін. Райлидің достарының бірі жергілікті байкерлер клубында, бухгалтер болып жұмыс істейді. Жыл сайын клуб мүшелерін күркетауық тарататын әйелге ақша жинауға шақырады. Олар кім көп үлес қосады деп жарысады екен. Былтыр байкерлер клубы Райлиге келесі жылғы Ризашылық күніне қаржылық көмекті 3 000 долларға арттыратынын жеткізіпті.

Бір жолы Райлидің ұжымы Ризашылық күнінен артылған қаражатты жергілікті қауымға беріпті. Сол қауым енді Райлидің

бастамасының үлгісімен Ризашылық күніне орай және басқа уақытта кедейлерге арналған іс-шаралар өткізіп жүрген көрінеді.

Құтқару Армиясының басқа штаттарға ауысқан қызметкерлері барған жерінде Райлидің үлгісімен қайырымдылық бағдарламалар бастайтын болыпты. Басқа аудандардан Райли тұратын ауданға келгендері Райлидің бастамасымен танысуды асыға күтеді екен.

Райли бағушы емес, ол әлдебір қауымда жұмыс істемейді; кәсіпкер де, ірі корпорацияның басшысы да емес. Ол – күйеуінің жұбайы, балаларының анасы, Құдайға адал мәсіхші, қауымның сенімді мүшесі. Құдіретті Құдайға қызмет етіп жүргенін анық біледі, және Құдай оның қолында барын қашанда молайтатынына сенімді. Осы жұппен достығымды мақтан тұтамын.

МӘҢГІ МОЛАЮДЫҢ ҰЛЫ КӨРІНІСІ

Түпкі ниеті сүйіспеншілік болып табылатын қызмет молаюға жеткізбей қоймайды. Киелі Жазбадағы молаюдың тамаша мысалдарын есіңізге түсіріп көріңіз. Әлбетте, молаюдың ұлы көрінісі – Исаның Өзі. Иса бізге былай дейді:

«... қайсың ұлы болғысы келсе, сол өзгелеріңе қызмет ете берсін! Қайсың ең бастыларың болғысы келсе, сол бәріңе құл іспетті қызмет көрсете берсін! Себебі Мен де Құдай тағайындаған Билеуші бола тұра, Өзіме қызмет еткізу үшін емес, Өзім қызмет етіп, көптеген адамдардың азаттық төлемін өтеп жанымды қию үшін осы дүниеге келдім» (Марқа 10:43-45).

Иса шынайы ұлылыққа жеткізетін жолды көрсетеді, ол – біреудің өзіңе қызмет етуі емес, өзіңнің басқаларға қызмет етуің. Иса Өзінің ең ғаламат қызметін былай деп сипаттайды:

«Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: егер бидайдың дәні жерге егіліп, жойылмаса, онда ол жалғыз дән болып

қалады. Ал егер ол жерге егіліп, көктеп, өзі жойылса, сонда ғана одан көп өнім өсіп шығады» (Жохан 12:24).

Тағы да сөз егу (немесе салым) мен ору жайлы болып тұр. Бидайдың бір дәнін топыраққа салған адам бір ұыс бидай алады. Сол сияқты, Исаның мойынсұна қызмет еткені Құдайға көптеген перзенттер әкелді. Иса бізге үлгі көрсетті! Бізге бағыт пен шынайы қызметтің үлгісін берді, Құдайдан келген молаю жүзеге асу үшін, не істеуіміз керек екенін көрсетті. Иса бізге былай дейді:

«Маған «Ұстаз», «Ием» дейсіңдер. Осылай атағандарың дұрыс, себебі Мен Солмын. Ал егер Мен Иелерің және Ұстаздарың бола тұра, аяқтарыңды жусам, сендер де бір-біріңе сондай қызмет көрсетуге тиіссіңдер! Сендерге өте маңызды шындықты айтып тұрмын: қызметшінің жолы қожайынынан үлкен емес, елшінің жолы да өзін жібергендікінен үлкен емес. Мен сендерге қалай қызмет етсем, сендер де солай етсін деп үлгі көрсеттім» (Жохан 13:13-15).

Жетекші әрі жазушы ретінде, ақырғы сөздің маңыздылығын түсінемін. Ол – сіздің оқырманыңызға, тыңдаушыңызға, студентіңізге, ұжымыңыздың мүшесіне, жұмыскеріңізге, балаңызға, соңыңыздан ерген басқа да адамға қалдыған жолдауыңыз. Тыңдаушыңызға жеткізбек болған ойыңыздың түйіні.

Исаның айқыш ағашқа барар алдындағы соңғы сөзі қандай еді? Сөзбен ғана емес, іспен де айтылған уағыз еді. Иса сол күні шәкірттерінің аяған жуды.

Шынымды айтайын. Жас кезімде шағын топта біреу «Бір-біріміздің аяғымызды жуайық» дегенде, ызам келетін. Ондайда әлдебір сылтау тауып, кетіп қалуға асығатын едім. Өйткені, ер адамның аяғымды ұстағанын жек көремін!

Сондағы көзқарасыма бүгінгі күнде ұялмаймын, өйткені, сол кездегі сенуші достарымның әрекеті тек салт-дәстүрге еліктеу екенін түсінемін. Мысал ретінде, Мұсаның биік бағанға жыланның жезден жасалған мүсінін орнатқанын келтіруге болады (Руларды

санау 21:8-9 қараңыз), сол жыланға көз тастағандардың барлығы айығып кететін еді. Бұл Құдайдың құдіретімен істелген керемет болатын. Алайда, көп жыл өткенде, Исраил халқы жыланның мүсінін пұтқа айналдырып, оған табына бастады (4 Патшалықтар. 18:4). Бастапқыда, көп жыл бұрын, бұл мүсін Құдайға бағынудың бейнесі болғанын ұмытып, көңілдері мүсіннің өзіне ауды.

1980-ші жылдары шағын топтарымызда осындай жолға біз де түсіп кеттік. «Аяқ жуудың» бастапқы мағынасын ұмытып, мәнін бұрмалап алдық. Бұл әрекеттің нені бейнелейтініне баса назар аударудың орнына, әрекетті дәстүрге айналдырып, оны орындаудың өзіне көбірек мән беретін болдық. Бірінші ғасырда біздікіндей теп-тегіс тас жолдар болған жоқ, жол жүрген адам не жаяу, не ат, есекке мініп жүреді, «Аидас» пен Найк» тәрізді ыңғайлы аяқ киімдер жоқ. Шамасы жеткендер ашық аяқ киім киіп жүсе, қалғаны жалаң аяқ. Сондықтан адамның аяғы шаң, батпақ, малдың қиы, қоқысқа былғанып жүретін. Сол кездегі адамның аяғы мен қазіргі заманда батыс елінде тұратын адамның аяғы салыстыруға да келмейді.

Бай адамның үйіне адам кірсе, үй егесінің өзі, жақындары, келген қонақтары болсын, қызметшілер ол кісінің аяғын жуатын болған. Ауқатты адамның үйінде көптеген қызметшілер аттарға жем беру, қорасын тазарту, ас дайындау, бөлмелерді жинау сияқты толып жатқан жұмыстарды атқарып жүреді. Келгендердің аяғын жуу ең төменгі сатыдағы құлдың міндеті еді. Кейбір жерлерде бұл жұмысты ең төменгі сатыдағы, ең қадірсіз күң орындайтын, өйткені, мұндай жеркенішті жұмысты атқаруға сол ғана «лайық» деп саналатын.

Сол күні Иса шәкірттерімен бірге бір үлкен үйде бас қосқан еді. Көп адамның бір бөлмеге сыйғанына қарағанда, үй – кең, қаладағы ең ауқатты адамның үйі болуы да мүмкін. Жиналғандардың аяғын бірнеше сағат бұрын сол үйдегі құлдардың ішіндегі ең қадірсізі жуып шыққан еді. Енді, міне, Иса аяқ жуатын ыдыс пен су құйылған құмыраны қолына алды. Онымен қоймай, үстіндегі киімін де шешті. Киімі – Ұстаздық

мәртебесінің белгісі еді. Сөйтіп, шәкірттерінің аяқтарын жуа бастады. Отырғандар бұл әрекеттің нені білдіретінін дөп танып, анық түсінді. Ал біздің университеттегі «аяқ жуғанымыздан» қымсынып, қашып құтылғым келіп тұратын. Аяғым онсыз да таза, шағын топтың кездесуіне барарда душ қабылдайтынмын. «Өзім дұрыстап танымайтын мына бір жігіттің менің аяғымда несі бар?» деп ойлайтынмын.

Исаның сөзін қайта тағы бір оқып шықсаңыз, мағынасын тереңірек ұғасыз. Исаның әлгі әрекеті шәкірттеріне ұмытылмас әсер қалдыруға тиіс еді. Олардың санасында сол күні болған өзгеріс ақтық деміне дейін қалады. Исаның ақырғы сөзі осы болатын.

Қорыта келгенде, айтарым, ұлы адам болғымыз келсе, ең қадірсіз құлдың кейпін өз еркімізбен киюге дайын болуымыз керек. Бәлкім, Исаның мына сөзінің себебі де сол болар:

«Қамытымды бірге киісіп, үйреніңдер Өзімнен, Өйткені жуас, кішіпейілмін шын жүректен» (Матай 11:29).

Бұл ақиқатты түсінуім үшін біраз уақыт керек болды. Сенуші болған алғашқы жылдарымда, көбіміз қызмет етуді осыған қарама-қарсы мағынада түсінетінбіз. Ауызбен айтпасақ та, іштей: «Көп адамға басшылық етпесең, көпшіліктің алдында уағыз айтпасаң, *сені ешкім мойындамайды*» деген пікірді ұстанатынбыз. Қауымда лауазымы бар адам басқаларға қызмет етпейді деп ойлайтын едік. Басқа адамдарға қызмет ету – абыройлы сенушінің үлесі емес деп сенетінбіз. Ерінбей еңбек етсек, бедел-абыройға біз де жетеміз, келесі сатыға көтерілеміз деп ойлаушы едік. Ой-санамыз не деген бұрмаланған сана болған десеңізші!

Киелі Рухтың өзімді төзіммен жетелегені, шалалығымды көтергені үшін алғысым шексіз! Құдай санамды өзгертті, бірақ өзгеріс көп уақытты талап етті.

Бұрынырақ айтқанымдай, қызметімнің алғашқы төрт жылын негізінен бағушымының қам-қарекетін қамтамасыз етумен өткіздім. Кезекті тапсырманы орындауға кіріскенімде, Киелі Рух жүрегіме

мынадай сөзді салды: «Балам, қызметіңді көтерсем, адамдарға бұдан да көп қызмет етуің керек болады. Осы қызметіңдегі қателігіңнің құны химиялық тазартуға тапсырған жейде ғана болады. Бүлінген жейденің орнына басқа жейде алуға болады ғой. Ал жетекшілік қызметтегі қателігің менің сүйікті перзенттерімнің өмірінде із қалдырады». Киелі Рухтың осы сөзі ұмытылмас әсер қалдырды. Құдай Патшалығында лауазымың неғұрлым жоғары болса, жауапкершілігің де соғұрлым жоғары болатынын да, ұсақ-түйек істерде адал болудың қаншалықты маңызды екенін де түсіндірді. Құдай маған Өзінің шынайы байлығын – адамдарды – сеніп тапсырғанда да, жүрегім қызметшінің жүрегі болып қала беруі керек екен.

Рабиға

Көне Өсиеттегі таза пейілмен қызмет етіп, Құдайдан келетін молаюға қол жеткізген адамдардың жарқын мысалдарының бірі – Рабиға. Рабиғаның өмірін қысқаша қарастырайық.

Ыбырайым туып-өскен еліне адал қызметкерін жұмсап, ұлы Ысқаққа қалыңдық тауып, алып келуге жұмсайды. Қызметші қожайынының он түйесіне жүгін артып, алыс жолға аттанады.

Ыбырайымның қызметшісі межелі жерге жеткенде, сол қаланың қыздары құмыраларын алып, су көзіне келетін мезгіл екен. Қызметші дұға етеді де, былай дейді:

«Мен араларындағы бір бойжеткенге: құмыраңызды еңкейтсеңіз екен, су ішіп алайын деп айтқанда, ол маған: ішіңіз, мен түйелеріңізді де суарып берейін десе, сонда құлың Ысқаққа Өзің бұйыртқан қалыңдық сол қыз болып шықса екен деп Сенен тілеймін. Қожайыныма жасаған рақымыңды осыдан білетін боламын» (Жаратылыс 24:14).

Қызметшінің мінәжаты бітер-бітпестен құмырасын ұстап, Рабиға келеді. Қызметші одан су сұрайды. Әрі қарайғы оқиға өте әсерлі:

«Қыз:

— Ішіңіз, мырзам, — деп, иығындағы құмыраны тез түсіріп, қызметшіге су берді. Ол ішіп болған кезде қыз оған:

— Мен түйелеріңізді де шөлдері қанғанша суарып берейін, — деп ұсынды. Осыны айтып, бірден құмырадағы суын астауға құйды. Қыз құмырасын суға толтырып алу үшін қайтадан қайнарға қарай жүгіре жөнелді. Осылай ол барлық түйелерді суарып шықты» (Жаратылыс 24:18-20).

Рабиға он түйені суарып болғанша, қызметші ләм-мим демей, қайран қалып, қарап тұрады. Осы бірнеше аятта Рабиғаның қызметінің бірнеше ерекшелігін көреміз. Әрқайсысын атап өтейін.

- *Құлшыныс.* Рабиға аяғын сүйретіп, әрең жүрген жоқ. Қимылы шапшаң, құдық пен екі ортада, тіпті, жүгіріп жүрген. Қызметіңіз баяу да жайлы болса, шынайы қызмет емес. Қызметін «мына жұмыстан әбден шаршадым» деген оймен, құлықсыз атқарып жүрген қызметшілерді көріп пе едіңіз? Рабиға да, Құдайдың қайсыбір нағыз қызметкері де ондай емес. Адал қызметші ынта-жігерге толы, қызмет етуге қашан да дайын. Онысы іс-қимылынан-ақ көрініп тұрады.
- *Міндетті мөлшерден асыра жұмыс істеу.* Құдайдың қызметкерлері жұмысты талап етілген мөлшерден асыра орындайды. Рабиға алыстан келген жолаушының сұрағанынан әлдеқайда көп қызмет етті. Түйе суарып көрмеген адам Рабиғаның қызметі қандай болғанын жете түсінбейді. Алыс жолдан жүк арқалап келген түйе 120 литрден 150 литрге дейін су ішеді. Ыбырайымның қызметшісінің он түйесі, яғни, кішігірім керуені бар еді. Ал енді санай беріңіз: бір түйе 120 литр су ішсе, он түйенің шөлін қандыру үшін Рабиға құдықтан 1200 литр су әкелуге тиіс еді! Рабиғаның құмырасының сыйымдылығы 20 литр дейік, сонда ол құдыққа 60 рет қатынаған!

Әңгіме мұнымен бітпейді. Ол заманда су көзінің екі түрі болған. Ыдысты жіпке байлап, суды тартып алып шығатын құдықтар мен өзен-бұлақтар, Бұлақтан су аларда, суға жақын барып, ыдысын суға батырып алады. Әдетте, ондай су көздеріне жету үшін төмен қарай 20-30 қадам жүру керек. Рабиға суды құдықтан

алды ма, бұлақтан алды ма, соны біле аламыз ба? Әрине, біле аламыз, өйткені, 45-ші аятта Ыбырайымның қызметшісі Рабиғаның туыстарына бойжеткеннің істегенін айтқанда, оның «су көзіне қарай төмен түсіп», су алғанын айтады. Сонымен, Рабиға судың жағасына 60 рет барып, 20 литр суды алып, 60 рет қайтты. Неше қадам жасағанын санамай-ақ қояйық. Және осының барлығын ол, қызметші сұрамаса да, өз еркімен істегенін ұмытпағайсыз! Келесі айтпағым сол жайлы.

- *Елгезектік.* Құдайдың адал қызметкері мұқтаждықты көріп тұрса, сұратпай-ақ іске кіріседі. Үнемі нұсқау күтетін, нұсқау болмаса, қимылдамайтын адамдар ештеңені молайтпайды, ұзақ жыл қызмет етіп жүріп, көзім бұған әбден жетті. Молаю тек істі қолға алып, әрекет ете білетін адамдардың ғана өмірінде болады.
- *Ісіне берілгендік.* Рабиғаның алдына қойған мақсаты күрделі болса да, қолға алған ісін ұқыптылықпен орындап шықты. Қызмет етіп жүріп, неше түрлі адамдарды көрдім. Байқағаным, жұмыс неғұрлым күрделі болса, оны орындауға құлшынғандар соғұрлым аз болады – адам болмысы сондай. Алайда, біздің бойымызда Исаның болмысы бар. Иеміз адамның ақылына сыймайтын азаптан да мойымай, жеңілмей өтті. Бойыңыздағы Исаның болмысына сүйеніп, Рабиғаның қызметінен жігер алып, өмір сүріңіз!
- *Жарты жолда тоқтамау:* Іс орындалып болмай, Рабиға тыным таппады. Ол – жұмысын аяқсыз қалдыратын адам емес. Жұмысыңыздың 99 пайызын орындап шықсаңыз, іс тәмам деген сөз емес. Саул патшаның амалек халқымен шайқастағы әрекеті сондай еді. Амалек халқы үрім-бұтағы қалмай, түгел жойылуға кесілген болатын. Саул ондаған мың жауын қырып тастады да, жалғыз-ақ амалек патшасын тірі алып қалды, сөйтіп, Құдайдың еркін орындамаған адам болып шықты (1 Патшалық. 15 қараңыз). Рабиға еңбегі үшін өзін қандай сый күтіп тұрғанын білмесе де, қолға алған жұмысын түгел орындап шықты. Құдайдың қызметшісіне тән мінез. Қызметші сый-марапат үшін, мақтау есту үшін еңбек етпейді, қызмет ету мүмкіндігінің өзін мәртебе көреді. Қызмет еткенде келетін

қуаныш пен қанағаттану сезімін ұнатады. Қызметтің ақысы яки мақтау болса, оны қосымша жарылқау деп қана қарастырады. Рабиғаның еңбегінің сыйы орасан болды. Алайда, ол өзі суарған он түйенің арқасындағы жүктің ішінде өзіне арналған алтын-күміс әшекей мен басқа сыйлар жатқанын да, Құдайдың батасы қонған адамға тұрмысқа шығатынын да білген жоқ. Қызметін алатын марапатына бола емес, шын пейілімен атқарған еді. Рабиғаның алған сыйы жердегі ғұмырымен шектелген жоқ, ол Құдайдың Ыбырайымға берген мәңгі уәдесіне ортақ болды, халықтардың анасы атанды. Рабиға арқылы барлық халықтар жарылқанды. Рабиғаның өміріндегі молаю ғаламат болды.

БАСҚА МЫСАЛДАР

Киелі Жазбада риясыз таза пейілмен қызмет еткен адамдардың өміріндегі молаюдың әлі талай мысалы бар. Киелі Кітапты оқығаныңызда, төмендегі адамдардың өмірі баяндалған тарауларды зейін қойып оқып шығыңыз.

Рут

Моаб елінен шыққан Руттың мінезі Рабиғаныкіне ұқсас. Рут жесір қалғаннан кейін, енесі Нағима оны үш рет төркініне қайтармақ болған еді. Рут еліне қайтудан бас тартады.

«Сізді тастап, қайта оралуға мені қинай көрмеңіз. Сіз қайда барсаңыз, мен де сонда барамын. Қайда тұрсаңыз, мен де сонда тұрамын. Сіздің халқыңыз менің халқым, сіздің Құдайыңыз менің Құдайым болады!» (Рут 1:16).

Рабиға сияқты, Рут та міндетті мөлшерден артық еңбектенуге дайын, қанша қиналса да, тайып кетпейтін табанды еді. Рабиғаның өмірлік жолынан Руттың жолы әлдеқайда ауыр болды деп ойлаймын. Моаб елінің қызы, яғни, шет елдік болғандықтан, Израилдіктер оны жатсынған болса керек. Алайда, қиындықтың бәріне төзіп, енесіне адал қызмет етті.

Руттың адалдығының жемісі қандай болды дейсіз ғой? Оның

ұрпағынан көптеген атақты адамдар шықты. Олардың ішінде Дәуіт патша, Сүлеймен патша, Яһудеяның барлық патшасы бар. Ең маңыздысы, Руттың есімі Исаның шежіресіне кірді. Сонымен қатар, Рабиға сияқты Рут та Ыбырайым мен Құдайдың арасындағы Келісімшартқа ортақ болды.

Еліше

Илияс пайғамбар шәкірті Елішеге қал деп үш рет айтты. Бетелдегі және Иерихондағы пайғамбарлар алдынан шығып, «Жаратқан Иенің бүгін өзіңнен қожайыныңды алып кететінін білесің бе?» деп сұрағаны тағы бар. Алайда, Еліше ұстазына адалдықпен қызмет етуді жалғастыра берді. Әлгі пайғамбарлардың пікірі адами тұрғыдан қарағанда, дұрыс сияқты. Олар пайғамбар дәрежесіне жетті, тәжірибе мен бедел жинады, ал Еліше болса, Илиястың соңынан бір елі қалар емес. Илиясты Құдай алып кеткенде, Елішенің жағдайы не болмақ? Илиястың жанында шәкірт болып жүріп, өз қызметінің негізін қалайтын уақытын өткізіп алған жоқ па? Басқа пайғамбарлардың ой кескіні осындай болатын. Алайда, Еліше олардың сөзіне ермеді. Сұраған сайын «Әрине, білемін, бұл туралы тіс жармаңдар!» деп қана жауап берді (4 Патшалық. 2 қараңыз). Ол басқа адамдардың пікіріне өзінің қызметіне кедергі болуына жол бермеді, Құдайдың еркін толығымен орындап шықты. Елішенің көзқарасы Рабиға мен Руттыкіне ұқсас. Ал нәтижесі қандай болды? Еліше пайғамбар Илияс жасаған кереметтерден екі есе көп керемет жасады. Илиястың істей алмағанын жүзеге асырды – Езабелдің үрім-бұтағын жойды. Еліше керемет молаюды басынан кешірді.

Гехәзи

Гехәзи Елішенің ісін жалғастырып, еңбегінің жемісін молайта алар еді. Алайда, Гехәзиде Құдайдың қызметшісіне тән жүрек болмады. Ол ашкөз әрі пайдақұмар адам болатын, сондықтан, Құдайдан келетін молаю оның өмірінен орын алмады (4 Патшалық. 5 қараңыз).

X

Жаңа Өсиетте жесірлерді тамақтандыру ісінде қызмет еткен адамдар туралы айтылады. Олар жұмысын ұқыпты орындап, міндетіне жауапкершілікпен қарады. Елшілер оларға осы міндетті қолын қойып, мінәжат ету арқылы тапсырған болатын. Сол еңбектің нәтижесі орасан зор болды. Елшілердің Істері кітабында былай деп жазылған:

«Осылай Құдайдың сөзі кеңінен тарап, Иерусалимде Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттерінің саны көбейе берді. Діни қызметкерлердің үлкен бір тобы да Мәсіхке мойынсұнып, сене бастады» (Елшілердің Істері 6:7).

Осы тұста мені таңырқатқан не дейсіз ғой? «Көбейе берді» деген сөзді дауыстап айтып көріңізші. Енді көз алдыңызға елестетіп көріңіз! Әңгіме – Петірдің Алғашқы күн мейрамында (Елуінші күн мейрамында) айтқан уағызынан кейін үш мың адам тәубе еткен күн туралы емес. Ол оқиға жайлы айтылған тұста «Осылайша бұл күні қауымға үш мыңдай адам қосылды» деп жазылған (Елшілердің Істері 2:41 қараңыз). Ал күн сайын Исаға жаңа адамдардың келуін «Иеміз күн сайын тағы басқа адамдарды құтқарып, қауымына қосып отырды» деп сипаттайды (Елшілердің Істері 2:47). Біраз уақыт өткенде, Петірдің тағы бір уағызын тыңдаған бес мың адам бір күнде Исаға келді. Бұл тұста «Иеміз қосып отырды» деген сөз айтылмайды (Елшілердің Істері 4:4 қараңыз).

«Молаю» сөзінің синонимі болып табылатын «көбею» сөзі Елшілердің Істері кітабының алтыншы тарауында, Құдай Патшалығын орнатуға бүкіл қауым атсалыса бастағанда ғана, бірінші рет кездеседі.

Бүгінгі таңда Стен, Майк, Фил, Райли мен Дейв сияқты адамдар өз орнын тауып, дарынын қолдана бастағанда, Құдайдан елетін керемет молаю жүзеге аса бастайды.

БАСТЫ ЭЛЕМЕНТ

Молаюдың басты элементінің не екенін енді түсінген боларсыз? Құдайдың Сөзінен оқығанымызды назарыңызда ұстай отырып, Райли мен Дейвтің бастамасы туралы ойланып көріңіз. Құдайдан келген стратегияны қолданып, нәтижелі қызмет ете алған бұл жұп он мыңдаған адамның өміріне ықпал етті. Исаның айтқанына сай, олар ұлы адамдарға айналды. Стен, Майк, Фил, Даналар да солай. Исаның сөзі оларға да қатысты. Аталған адамдардың барлығы Құдайдың қызметшілеріне тән ерекшеліктерге ие.

Осы тұста, мынаны ескергеніміз жөн: молаюға өзімшіл ниетпен жеткен адамдар да бар. Алайда, олардың ықпалы мәңгілікте қалмайды. Кейбір адамдардың еңбегінің жемістері өртеніп кетеді, өйткені олардың ниеті таза емес. Жоғарыда келтірілген астарлы әңгімесінде Иса осындай адам туралы айтқан еді. Ол өзіне-өзі көңілі толып, «...көп жылға жететін мол қорық бар, енді демалып, ішіп-жеп, көңіліңді көтер» дейді. Бірақ бұл әңгіменің ақыры жақсы болмады, жеткен жетістігінің барлығы бір сәтте жоқ болды.

Осы жолдауымның мақсаты – молаюға деген сеніміңізді нығайтып, қара басыңыздың қамы үшін байлық жинауыңыз емес. Мақсат – өміріңізді басқаларға қызмет етуге арнауыңыз. Солай етсек, сенбеушілердің көкейінде жүретін заттардың барлығы бізге қосып беріледі (Матай 6:33 қараңыз). Мұны анық білетін себебім, өз өмірімде солай болды.

Лиза екеуіміздің алғашқы барған қауымымыз туралы айтқаным есіңізде болар. Алты жыл бойы осынау ұлы ортада санамыз ұланғандықтан, молаю жайлы бұрмаланған ұғым қалыптасыпты. Сол қауымнан кеткеннен кейін, бірде көлігімде жалғыз келе жатқан болатынмын. Киелі Рух келді. Құдайдың түлетіп-жаңартушы, азат етуші әсері келді. «Балам, Мені жарылқауыма бола іздеме. Саған батамды қондыруыма мүмкіндік бер» деді Ием.

Сол сәт ойыма Матай жазған Ізгі Хабардың 6-шы тарауындағы 33-ші аят келді.

«Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді». Киелі Рухтың айтқаны көзқарасымды дұрыс бағытқа бұрды, бойымда қалған өзімшіл ниеттерді түптамырымен жұлып тастауыма түрткі болды.

Құдайдың Рухына деген алғысым шексіз! Өзімшіл әрі сараң болудың не екенін білемін. Күйзеліс, мазасыздық, стресс, Құдайдан алшақтық деген сезімдердің қандай болатынын білемін. Адами жолмен емес, Құдайдың жолымен жүруді үйренгенімде, ең әуелі Құдай Патшалығының қамын ойлап, Құдайдың әділ еркін орындауға ұмтылатын болғанымда, зор қуаныш пен ғаламат тыныштыққа кенелдім, күнделікті өмірім Құдайдың құзырына толды!

X

Ендігі қояр сұрағымыз: жеке кәсібін немесе өз қызметін басқарып жүрген адам емес, басқа біреудің қол астында қызмет етіп жүрсем, Құдайдан келетін молаю менің өмірімде жүзеге аса алады ма? Қалай жүзеге асады? Келесі тарауда осы сұрақтардың жауабын іздейміз, қызмет етудің зор артықшылықтарын көретін боламыз.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Иса шынайы ұлылыққа жеткізер жол – қызмет ету екенін көрсетті. Қызмет етудің үлгісін Иса қалай көрсетті? Исаның қызмет етуінің нәтижесі қандай болды? Ұлылыққа жеткізер Құдайдың жолы мен осыдүниелік жолдың арасындай қандай айырмашылық бар?
2. Рабиғаның өмірін есіңізге түсіріңіз. Оның қызметіне тән ерекшеліктерді атап өтіңіз.
3. Молаюға ниетіңіз өзімшіл болса да, жете аласыз, алайда, жемісіңіз мәңгілікте қалмайды. Алуды көздеген қызмет пен беруді көздейтін қызметтің айырмашылығы неде? Өз мүддеңнен бас тартып, қызмет ету неліктен маңызды?



«Менен үлгі алыңдар!» — деп өтінемін.

Сол үшін...

– 1 Қорынт. 4:16-17

Менен үлгі алыңдар

Молаюға ненің кедергі болып, ненің септігі тиетінін қарастырғаннан бұрын, тағы бір өзекті мәселені қозғағанымыз жөн. Біреудің қол астында жұмыс істегенімізде немесе біреудің қарамағында қызмет еткенімізде, біздің өмірімізде молаю қалай жүзеге асады? Оқырмандарымның көбісі үшін осы сұрақ өте маңызды деп санаймын.

Бұл мәселені қарастырғанда, қызмет етіп жүрген адамдардың өміріндегі мысалдарға сүйенемін, дегенмен, молаю принциптері кәсіпкерлік, бірім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару, спорт, медиа, өнер, тағы басқа салалардағы кез келген лауазымға қатысты.

Пауыл былай дейді:

«Ал басқарушылардың әрқайсысынан сенімді болуы талап етіледі» (1 Қорынт. 4:2).

Киелі жазбадан көргеніміздей, молаю – сенімді болудың (адалдықтың) негізгі сипаттамасы. Осы тарауда, бірнеше аяттан кейін, Пауыл елші молаюдың маңызды құрамдас бөлігі туралы айтады.

«Мәсіхпен жүрген тіпті он мың ұстаздарың болса да, «рухани әкелерің» көп емес. Себебі мен Ізгі хабарды уағыздап, сендерді Мәсіх Исаның жолына түсіріп, жаңа өмірге ие еттім» (1 Қорынт. 4:15).

Пауыл елші Қорынттағы қауымның рухани әкесі болатын. Осы аятқа сай, әлдекімді Құдайға әкелген адам, сол кісінің «рухани әкесі» болып табылады. Дегенмен, «рухани әке» ұғымының мағынасы мұнымен шектелмейді. Киелі Жазбада «рухани әке», көбінесе, – адамның сенім жолына түсуіне еш қатысы жоқ кісі.

Ғалат қаласындағы қауымға жолдаған хатында Пауыл елші былай дейді:

«Мен яһуди дінін ұстануда ұлтымның ішіндегі көптеген құрдастарымнан озып, ата-бабаларымыздан мирас қалған салт-дәстүрлерді қызу жақтап, қатаң ұстанушы болдым» (Ғалатт. 1:14).

Пауыл «ата-бабаларымыз» деген сөзді қолданған, демек, бір адамды ғана айтпайды. Алдыңғы аяттағы «рухани әкелерің көп емес» деген сөз де сенушінің рухани әкесі біреу емес, бірнешеу болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Пауыл елші Тімотені «ұлым» деп атайды. Бірақ Тімотені Исаға алып келген – Пауыл емес. Киелі Кітапта былай деп жазылған:

«Осылай Пауыл Дәрбе мен Лүстраға да барды. Сол жерде Тімоте есімді Мәсіхтің жолын қуушы шәкірті бар еді. Оның шешесі Мәсікке сенетін яһуди әйел, ал әкесі грек болатын. Лүстра мен Қониядағы бауырластар Тімоте туралы жақсы пікірде болып куәлік берді» (Елшілер. 16:1-2). Тімоте сенім жолына Пауыл елшімен таныспай тұрғанында-ақ түскені анық.

Көне Өсиетке үңілсек, Дәуіттің қатал да қатыгез Саул патшаны «әке» (1 Патшалық. 24:11 қараңыз), Еліше өзінің ұстазын «әкем менің» (4 Патшалық. 2:12 қараңыз) дегенін көреміз. Илия пайғамбар «Уа, Жаратқан Ие, осы көргенім де жетер, жанымды ала гөр! Менің ата-бабаларымнан еш артықшылығым жоқ», – деп мінәжат етті (3 Патшалық. 19:4 қараңыз).

Осы кітабымда әкенің кім екенін, жалпы, әке тақырыбын терең қарастырмақ емеспін, тек кімдердің рухани әке бола алатынын көрсеткім келеді. Рухани әке – әлдебір адамның

немесе ұйымның қамқоршысы әрі басшысы, ол қарамағындағы адамның немесе ұйымның өміріне белгілі бір мәдениет, тәртіп қалыптастырады. Осы кітаптағы талқылауымызға орай атап өткім келетіні, рухани әке ролінде өзіңіз жұмыс істейтін кәсіпорынның басшысы, бөліміңіздің меңгерушісі, бағушыңыз, шағын тобыңыздың жетекшісі, мұғаліміңіз, бапкеріңіз, дәрігеріңіз, тағы басқа адам болуы мүмкін. Және, «рухани әке» – әйел адам болуы да мүмкін. Сондықтан, «рухани әкелерді» айтқанымда, осы міндетті атқарып жүрген әйелдерді де айтамын.

ӘРЕКЕТ ЕТУДІҢ ТҮРЛІ ӘДІСТЕРІ

Қорынт қаласындағы сенушілердің рухани әкесі ретінде, Пауыл елші, оларға былай деп кеңес береді:

«Менен үлгі алыңдар!» — деп өтінемін» (1 Қорынт. 4:16).

Аудармалардың көбісінде осы сөздің алдында «Менің Мәсіхтен үлгі алғанымдай,...» деп жазылмаған (Пауыл «Менің Мәсіхтен үлгі алғанымдай, сендер де менен үлгі алыңдар!» деп кейін, 11-ші тарауда айтады). Ал біз келтіріп отырған аятта Пауыл жай ғана «менен үлгі алыңдар» дейді. Елшінің бұлай деуіне орынды себеп бар. Соны қарастырайық:

«Сол үшін Тимотені жіберіп отырмын, ол — Иемізге берілген сүйікті де адал рухани ұлым. Менің Мәсіх Исаның жолымен қалай жүріп жатқанымды Тимоте естеріңе түсіретін болады. Қай жердегі қай қауымда болмасын, дәл сол тәлімді беріп келемін» (1 Қорынт. 4:17, орысшадан аударма).

Аяттың басында тұрған, елшінің «Сол үшін» деген сөзі өте маңызды. Пауыл жаңа ғана оқырмандарын өзінен үлгі алуға шақырған еді. Басқа қауымдармен арада әдістер, амалдар, қалыптасқан мәдениет жөнінде ешбір түсінбеушілік жоғына көз жеткізу үшін, оларға өзінің адал ұлы Тимотені жіберіп отыр. Әкесінің адал ұлы деп кімді айтуға болады? *Әкесінің адал*

перзенті әке ісін жалғастырып, жемісін молайта түседі! Бұл тұжырымды төменде егжейлі-тегжейлі түсіндіремін. Ал қазір назарыңызды сәл басқаға бұрмақпын: Пауыл елші Қорынтқа жазған хатында Тимоте Қорынтқа барып, «Жақып елшінің Мәсіх Исаның жолымен қалай жүріп жатқанын естеріңе түсіретін болады» деп жазған жоқ. Сонымен қатар, Пауыл «Тимоте Жақып елшінің Мәсіх Исаның жолымен қалай жүріп жатқанын естеріңе түсіретін болады» деген де жоқ. Петір қауымның шынайы жетекшісі болып табылады ма? Солай екені сөзсіз. Петірдің Құдайға ұнамды өмір сүрген сенуші, майланған қызметкер екені рас па? Әрине, рас. Петір тәрізді, Жақып та – қауымның шын мәніндегі «рухани әкесі», өзі Пауылдан бұрын елші атанған адам, Құдайдың адал қызметкері. Жақыптың хаттарының бірі Киелі Кітапқа енген, ол Иерусалимдегі қауымның бас жетекшісі еді.

Петір мен Жақыптың іс-әрекеті Пауылдыкінен өзгеше ме еді? Иә. Пауылдың жазбалары мен іс-әрекеті Петір мен Жақыптың жазбалары мен жолдарын теріске шығарды дей аламыз ба? Әлбетте, олай емес! Алайда, Петір мен Жақыптың әрекет ету әдістері «рухани әкесі» Пауыл елші болған Қорынттағы қауымға жарамайды, үйлеспейді, сол қауымның тыныс-тіршілігіне сай келмейді.

Пауыл елші Қорынттағы қауымда өзіндік мәдениет орнату үстінде болатын. Елшілердің барлығы Мәсіхтің негізгі қағидалары мен ілімдерін бірдей ұстанатын, дегенмен, Пауылдың әдістері басқа «рухани әкелердің» әдістерінен өзгеше еді. Халықтардың барлығын Мәсіхке шәкір ету жөніндегі тапсырманы орындауда әрқайсысының өзіндік әдіс-тәсілдері, жолдары, ұстанымдары болған.

Осы тұста ашылып отырған ақиқатты көптеген сенушілердің білмеуінен Мәсіхтің денесінде жойқын алауыздық пен бітіспес талас туады. Бұл – Құдайдың аманатын орындаудың алуан түрлі жолдары бар деген ақиқат. Басқа сөзбер айтар болсақ, мақсат біреу – Құдайдың Патшалығын кеңейту болғанымен, сол мақсатқа әр қауым өзіндік жолмен жетеді.

Пауыл елші Қорынттағы қауымға былай деп нұсқау береді:

«Әрекеттер де алуан түрлі, бірақ олар арқылы сендердің барлығыңда әрекет ететін Құдай Біреу» (1 Қорынт. 12:6).

30 жыл бойы өз елімде де, шет елдерде де қауымдарды аралап, уағыз айттым. Әлемдік қауымдағы салт-дәстүр, мәдениет, әдістер мен ұстанымдардың қаншалықты алуан түрлі екенін көзіммен көрдім. Осынау айырмашылықтарға қарамастан, әр қауымда Исаның құзырын сезіндім.

Қауымға жазған хаттарында Пауыл елші әскери терминдерді жиі қолданады. Бұл жай ғана көркем бейнелер емес; біз, шынында да, жер бетіндегі Құдайдың әскеріндегі жауынгерміз. Пауыл елшіден үлгі алып, мен де түрлі қауымдар мен қызметтердің әрекеті алуан түрлі болатынын әскерді мысалға ала отырып, көрсетпекпін. Америка Құрама Штаттарының Қарулы Күштері алуан түрлі құрылымдардан тұрады. Оның ішінде жаяу әскер, теңіз флоты, авиация, жағалау күзеті, ғарыш қарулы күштері, тағы басқалары бар. Осы құрылымдардың барлығы өзіне тән әдістермен әрекет етеді, барлығының қаруы, оны қолдану әдістері, дайындығы әртүрлі. Алайда, бәріне ортақ, жалғыз мақсат – елімізді қорғау, Отанымызға қызмет ету.

Әскери ұшқыштар дайындайтын оқу орнында оқитын кадетке Америка Құрама Штаттарының Әскери Әуе флотының мамандары алатын арнайы білім беріледі. Оқу бағдарламасында әуедегі әскери операцияларды орындау дағдылары ерекше орын алады. Ал егер кадетіміз теңіз флотына ауысатын болса, жаңадан арнайы дайындық өтуі керек болады. Әрине, қарулы күштердің екеуіне де ортақ негізгі әскери әдістер бар. Дегенмен, кемелер әуеде емес, теңізде әрекет ететіндіктен, бұрынғы ұшқыш көптеген әскери айла-әдістер мен стратегияларды жаңадан үйренуі керек.

Құдай Патшалығындағы жағдай да осыған ұқсас. Ойдан шығарылған мысал келтірейін. Мәселен, сіздің қауымыңыздағы бас бағушылардың аты-жөні Джо мен Терри Андерсон дейік.

Олар, жетекшілер ұжымымен бірге, Құдайдың рақымымен қауымдағы адамдардың санын 1 800-ге жеткізді. Жол-жөнекей олар әрекет етудің өзіндік әдістерін енгізді, қауымда белгілі бір тәртіп орнатты, сіздің қауымызға ғана тән бірегей мәдениет пен қарым-қатынас қалыптастырды. Осы кісілердің басқаруымен қауым бүкіл қалаға игі ықпалын тигізді. Қаладағы ұйымдар мен қала тұрғындарының арасында қауымның беделі артты.

Басқа қалада атышулы басқа бір қауым бар дейік. Бұл қауым бүкіл дүние жүзіне танымал, қауымдағы адам саны ондаған мың. Бағушыларының аты-жөні Кевин мен Марисса Смит. Олар қауымға жалпы бағыт беріп отырады, басшылық етеді, қызмет етуде жаңа, алдыңғы қатарлы тактикаларды қолданады. Олардың жұмысы сіздің қауымыңыздағы бағушылардыкінен жемісті, олар әлдеқайда көп адамға ықпал етеді. Сіз кімнің іс-әрекетіне ересіз? Смиттердің әдістерін қолданасыз ба, әлде, өз бағушыларыңыз Андерсондарға еліктейсіз бе?

Әлемге аты әйгілі жетекшілердің әдістеріне еліктеп, соларша әрекет етуге деген қызығушылығыңыз болары сөзсіз. Өзіңіздің бағушыңызды солардың жолына түсуге итермелеуіңіз де ғажап емес. Алайда, олай ету қателік болар еді. Мұндай ойға елігіп, еріп кетер болсаңыз, Иса Мәсіхтің адал қызметкері екеніңіз екіталай. Исаға қызмет етудің орнына, алауыздық, кикілжің, араздық тудырып жүрсіз. Қорынттықтар тәрізді, өз жетекшілеріңіздің әрекет ету әдістері мен ұстанымдарын үйреніп, қауымдағы бірлікті сақтау үшін соларға еліктеуіңіз керек. Сіздің жетекшілеріңіз Смиттер емес, Андерсондар екенін ұмытпағайсыз.

Әлем елдерін көп аралап, әр елде қызмет еткен жылдарымда Мәсіхтің денесіне әлемдік біртұтас қауым деп қарауға мүмкіндігім болды. Сол жылдары сенушілердің осынау негіз қалаушы ақиқатты білмеуінен туындаған талай трагедияға куә болдым. Жетекшілерді дайындайтын немесе Киелі Кітаптан тәлім беретін мәсіхшілік курстарда оқып жүрген сенушілер бар. Мұндай курстарды, көбінесе, ірі қауымдар ұйымдастырады. Ал онда оқитын сенушілер өзі тұратын елді мекендердегі шағын

қауымдардан келген адамдар. Курстарда оқып жүріп, жексенбі күнгі жиналысқа қатысып, студенттер сол ірі қауымдарда қалыптасқан мәдениетті бойларына сіңіреді.

Оқуы біткен соң, жүрегі жалындаған кешегі студенттер өздерінің қауымдарына қайтып келеді де, ондағы тәртіп пен мәдениетті өздері көрген үлгіге сай өзгертуге бар күшін салады. Жаңа әдістер мен алдыңғы шептегі тактикаларды қолдану керек деген пікірі дұрыс та болар, бірақ, тым құлшына әрекет етсе, олар қауымдағы бірлікке іріткі салушыға айналып кетуі мүмкін.

Басқа қауымнан білім алып келген адамның ұсыныстары қабыл болмаса, ең дұрысы – мінәжат етіп, Құдайдың жетелеуін сұрау. Бәлкім, ең дұрысы басқа қауымға ауысу болар. Ал егер осы қауымда қалатын болса, жетекшісіне мойынсұнып, сол кісінің әрекет ету әдістеріне келісіп, орнатқан тәртібіне көнуге тиіс. Және мұнысы шын жүректен шығуы керек.

Басқа қауымға ауысатын болса, бұрынғы қауымына зияны тимеуін ойлағаны жөн. Мұндайда ең дұрыс шешім – шалғай кетіп, бұрын бір қауымда болған бауырластарымен қарым-қатынастарын үзу. Құдайдың рақымы мен құдіреті басқа қауымға кеткен адамды жаңа жерге орнықтырып, қызметін жаңадан бастауына мүмкіндік береді.

АДАЛ ҰЛ

Ал енді Пауыл елшінің Тимотені «адал ұлым» деуі жөнінде сөз қозғайық. Жоғарыда айтқанымыздай, *адал ұл әке ісін жалғастырып, жемісін молайта түседі. Сіздің бойыңызда жетекшіңізде жоқ дарындар болуы әбден ықтимал. Олай болса, мынадай сұрақ туады: сіз дарындарыңызды жетекшіңіздің қауымның алдына қойған мақсаты мен сол мақсатқа жету жолына сай қолданып жүрсіз бе? Сіздің дарыныңызды іске асыруыңыз жетекшіңіздің ұстанымы мен мәдениетіне сай ма? Жетекшіңіздің алған бағытына кереғар бағытта әрекет етіп, әр нәрсені өз бетіңізше істеп жүрген жоқсыз ба? Іс-әрекетіңіздегі басты ниеттеріңіз жетекшіңіздікімен үйлеседі ме?*

Осы айтқандарым іс жүзінде қалай жүзеге асады? Екі түрлі жолмен. Біріншісі – дарыныңызды жетекшіңіздің жемісін арттыру үшін пайдалану, сонда жетекшіңіздің жемістері сол кісіде сіздегі бірегей дарындар бардай, еселеп артады. Құдайдың жеке өзіңізге берген аманатын орындауды ысырып тастап, бағушыңыздың көшірмесіне айналуды айтып отырған жоқпын. Менің айтпағым мынау:

Мәселен, сіз – жастар қызметінің жетекшісісіз. Бағушыңыз өткізетін жексенбілік жиналысты айна-қатесіз қайталайтын болсаңыз, жергілікті жастарға Ізгі Хабарды жеткізе аларыңыз екіталай. Өз қызметіңізді сенбеуші жастардың мұқтаждықтарына қарай икемдеп, оларды Исаға әкеле алатын болғаныңыз дұрыс. Сонымен қатар, бұл істі рухани әкеңіздің ойындағы бағыт-бағдарға сай келетіндей етіп орындауыңыз керек. Нағыз даналық осы болар еді. Мұндай нәтижеге жетуіңіз үшін бағушымен қарым-қатынасыңыз болуы тиіс. Жоспарларыңыз бен оларды жүзеге асырудың әдістерін талқылап, пікір алысқаныңыз жөн. Бағушыңызды тыңдап отырып, іс-әрекетіңіздің сол кісінің ұстанымына сай келетінін түсінуіңіз керек.

Түсіністікке жету үшін, бағушымен араңыздағы қарым-қатынасыңыз ашық болуы, екі жақтың да ойы бүкпесіз айтылуы шарт. Егер “бағушы байқамай, білмей-ақ қойса екен” дейтіндей әлдебір істеріңіз болса, тайғақ жолға түскеніңіз. Әлдеқандай күмәніңіз болса, бағушыңызбен бөліскеніңіз жөн, ойыңызды анық та ұғыныңқы етіп жеткізіңіз; мазаңызды не алып жүргенін дұрыс түсінетін болсын. Сіздің қызметіңізге келіп, қатысқанын сұрағаныңыз дұрыс болар, бәлкім. Ол кісі сіздің қызметіңізде қолданатын әдістеріңізге көңілі толмайтын болса, не себепті солай істейтініңізді түсіндіріңіз. Егер сізбен сонда да келіспейтін болса, рухани әкеңіздің көңілінен шығатындай жоспар жасап, назарына ұсыныңыз.

«Адал ұл» болудың екінші жолы – өзіңнің көшірмеңді жасау. Сіз жүргізетін жастар қызметі – қалаңыздағы ең ірі жиналыс дейік. Өте жақсы, демек, Құдай сіздің іс-әрекетіңізді жарылқауда,

дарыныңыз адамдарға ықпал етуде. Өзіңіздікіне ұқсас дарын қонған адамдарды тауып, даналығыңыз бен біліміңізді, жинаған тәжірибеңізді бөлісіп жүрсіз бе? Болашақта жастар қызметіне жетекші болатын әлеуеті бар жастарды қызметке баулып жүрсіз бе? Ондай адамдарыңыз бар болса, «рухани әкеңіз» қаланың басқа ауданында тағы бір жиналыс өткізетінін айтқанда, істі алып кететін қызметкерлеріңіз дайын болмақ. Көптеген қауымдардың басқа өңірлерден жаңа қауым немесе қаланың басқа ауданынан екінші жиналыс аша алмауының себебі қызметкерлердің «өз көшірмесін» жасай алмауы екенін анық білемін.

Үздік дыбыс операторы, білікті бейнередактор, балалар қызметінің ең жақсы қызметкері, мадақтау тобының дарынды жетекшісі, музыкант, уағыздаушы, тәртіп тобының қызметкері немесе қауымдағы басқа да қызметті тиянақты орындап жүрген адам болуыңыз мүмкін, дегенмен, осының бір өзі Құдай Патшалығында жемісті болуыңыз үшін жеткіліксіз. Нағыз жемісті қызмет – шәкірттер дайындау арқылы «өз көшірмеңізді» жасау. Өзіңізге-өзіңіз «Өзімдікіндей дарыны бар адамдардың табылуы үшін мінәжат етіп жүрмін бе, ондай адамдарды іздеп жүрмін бе?» деген сұрақ қойыңыз. Ондай адамдар табыла қалса, оларға дарындарын жетілдіруді үйрете отырып, оларды рухани әкеңіздің жүрегіндегі арман-мақсатқа қарай бағыттап жүрсіз бе?

Басқа адамның қол астында қызмет етуде адалдық танытудың екі жолы – осы. Иса былай деп нақты айтқанын ұмытпайық:

«...егер түпкілікті меншік болмайтын мал-мүліктеріңді дұрыс қолданбасаңдар, мәңгі өздеріңдікі болатын байлықты сендерге кім табыс етпек?» (Лұқа 16:12).

Осы аятты Исаның адалдық жайлы айтқан сөздерін назарымызда ұстай отырып, қайта оқиық: «Егер басқа біреудің меншігін молайтпасаңдар, мәңгі өздеріңдікі болатын байлықты сендерге кім табыс етпек?» немесе «Егер жетекшіңіздің орнатқан тәртібін, қалыптастырған мәдениетін, күш-қабілетін, жемістерін, ең бастысы, жүрегіндегі арман-мақсатын молайтпасаңыз,

өзіңіздікі болатын байлықты сізге кім табыс етпек?» Бұл ақиқатты тағы басқа сөзбен жеткізуге болады: «Егер бар күшіңізді, бар ақылыңызды, бар ынта-жігеріңізді, бар ықыласыңызды өзіңізге тиесілі жауапкершілік аясын кеңейтуге салмасаңыз, мәңгі өзіңіздікі болатын қызметті сізге кім табыс етпек?» Айтылған ақиқатты осы тәрізді тұжырымдасақ, атқарып жүрген қызметімізге үстіртін қараудан әрі шалағай ойлардан арыламыз.

Өзім көрген табысты адамдардың барлығы да әуелі басқа біреудің қол астында адал қызмет еткен еді. Атақты қызметкерлерден өз жолын неден бастағандарын сұрастырғанды ұнатамын. Шын табысты адамдардың қай-қайсысы да «рухани әкесінің» ісіне адал болған. Басқаша болғанын көрген емеспін.

ҒАЛАМАТ КҮРЕС

Жас кезімде қорғансыздық сезімі жаныма терең ұялапты. Сол себепті Құдайға қызмет етуді жаңа бастаған кезімде абырой-беделге барынша ұмтылатынмын. Басқаларға да, бәрінен бұрын, өзіме де бірегей идеялары бар жетекші екенімді дәлелдеуге тырысып бағатынмын. Содан бері дәл осындай күй кешіп жүрген көптеген жетекшілерге кез болдым. Жүрегінде ұялаған осы сезімді жеңбесе, кейін өздерін сүріндірері хақ.

Еліміздегі ең жылдам өсіп келе жатқан, ірі қалада орналасқан қауымда жастар қызметінің бағушысы болдым. Ұжым болып, қаламыздағы жоғары сынып оқушыларын Ізгі Хабармен түгел қамтудың жоспарын құрдық. Бағдарламамыз өте жақсы еді. Жастар қызметінің болашағы осы бағдарламаға қарап тұрған болатын. Көмекшім екеуіміз бағдарламаның стратегиясын жетілдіруге сегіз ай уақытымызды арнадық. Егжей-тегжейлі жоспар дайын болғанда, жастарымыздың назарына ұсынып едім, жиналыс түгел қолдады.

Іске кіріскелі жүргенімізде, бағдарламаның бағушымның бағытына сәйкес келмейтінін білдім. Ол кісі бағдарламадан бас тартуымды сұрады. 20 минуттай пікір таластырып, бағушыны бағдарламаньң керек екеніне көндіруге тырыстым. Алайда, ол

кісі дегенінен қайтпады. Ақыры, дәлелім таусылған соң, аузымды жаптым. Алайда, қаным басыма шауып, ызаға булығып отырмын. Сегіз айдан бергі жұмысым зая кетті, тамаша бағдарламадан бас тартуымыз керек, жастар қызметінің болашағы осы бағдарламаға байланысты еді. Енді басқа бағдарламаны басынан бастауымыз керек. Осы бағдарламаны жоспарлап, оның жүзеге асқанын көптен армандап жүрген қарамағымдағы 24 жетекшіге, бүкіл жастарға қалай айтамын?

Жұбаныш табамын ба деп, болған әңгімені Лизаға айттым. Жоспарымның жүзеге аспайтынын білгенде, әйелім жұмсақ қана «Джон, Құдай саған әлдене айтқысы келеді-ау» деді. Енді бағушыға да, әйеліме де ашулымын!

Әйелімнен қолдау таппағаным жаныма батты. Менің құрған жоспарым – жоғары сынып оқушыларына Ізгі Хабар таратудың ең тамаша жоспары екеніне сенімді едім. Бағушым мен әйелім соны түсіне алар емес; ойым осындай болатын! Жалғыздық пен жабырқауға беріліп, жұбаныш таппай, қайғы жұттым. Бір сәт осының барлығы өңім емес, түсім, оянып кетсем, осынау жаман түс те зым-зия жоқ болады деген ой да келді. Осының барлығы өңімде болуы мүмкін бе?

Сол кезде жүрегіме Құдайдың сөзі ап-анық келді: «Балам, жастар қызметіне жетекшілікті қалай атқарғаның үшін Менің алдымда жауап бергеніңде, Маған қанша адам алып келгеніңді емес, саған басшылық етуге қойған адамыма қаншалықты адал болғаныңды сұраймын»

Киелі Рухтың осы айтқаны есімді лезде жиғызды, ал бұдан кейінгі сөзі, тіпті, әсерлі болды. «Өзің тұратын қаладағы жоғары сынып оқушыларын маған түп-түгелімен алып келсең де, бағушыңа адал болмасаң, еңбегіңнің сыйы мен марапатынан құр қалуың мүмкін».

Осы тұста Құдайдың ұлылығын сезініп, тұла бойым дірілдеп кетті. Сөзге келместен, Құдайдың алдында тәубе еттім. Содан кейін бағушыға қоңырау шалып, кешірім сұрадым. Телефон тұтқасын орнына қойып, болғанды ойлап отырғанымда,

Құдайдан аян келді. Қарамағымда қызмет ететін 24 жетекшімен кездесуге ұнжырғам түсіп келгенімді көрдім. Көңілім жабырқау, қабағым түсіңкі, адам өлімін естірткендей дауыспен «Жігіттер, бағдарламамыздың төңірегінде сегіз ай еңбек еткеніміз баршаңа аян. Алайда, біздің бағушымыз бағдарламаны бастауымызға рұқсатын бермеді. Осымен іс тәмам, еңбегіміз еш болды» деймін.

Отырғандардың еңсесі басылып, жігері құм болғаны көрініп тұр. Кейбіреулер мынадай хабарға сенер-сенбесін білмей, ауыздары ашылып қалыпты. Барлығы төбесіне жай түскендей күйде. Ыза да бар. Барлығы жаппай бас бағушыға ызалы, неше айғы еңбегіміз сол кісінің өрісінің тарлығынан еш кетіп отыр деген ойда.

Көз алдымдағы көрініске қарап отырғанымда, Құдай «осылай болғанын қалар ма едің?» деп сұрады. «Жо-жоқ! Ондайды қаламаймын! Жоқ!» деп жауап бердім. Құдай менің жүрегімнің түкпіріндегі жасырын ойларым мен шынайы ниеттерімді жарыққа шығаруда еді. Осы аян менің жүрегім «рухани әкемнің» жүрегімен бір соқпайтынын көрсетті. Бұрынғыдан да терең тәубе еттім.

Бірнеше күннен кейін жетекшілермен кездестім. Енді, жүрегім Құдайды қастерлеу сезіміне толғанда, еңсем жазылып, көңілім көтеріліп, көзім жайнап жүрген еді. Жиналыста:

– Жігіттер, тамаша жаңалығым бар! Бас бағушымыз бізді жаңсақ басудан аман алып қалды, Ысмағұлды дүниеге келтіруімізге жол бермеді. Біздің бағдарламамыз ол кісінің бағытына сай келмейді екен, сондықтан, бағдарламаны жабатын болдық! – дедім.

Жетекшілер жаңалығымды жақсы қабылдады. Біреулер жымыып қана қойса, енді біреулері бір-біріне «бесті әкелші» деп жатты, қуана дауыстағандар да бар. Бағушымыздың жүрегіндегіні түсінгенімнің арқасында, қарамағымдағылар менің жүрегімдегіні түсінді.

Бір жылдан кейін тағы да сынақтан өттім, тағы да бірнеше ай бойы еңбектеніп, ауқымды бағдарлама жасадық. Бұл жолы

бас бағушы жасалып жатқан жұмыстан хабардар болатын және батасын да берген еді. Бағдарламаны жүзеге асыра бастадық. Үш айдан кейін бағушым жұмысымызды тоқтатты. Бұл жаңалықтың маған ауыр тиетінін біліп, бағытты күрт өзгерткені үшін кешірім сұрады. Бұл жолы да оқыстан келген күтпеген өзгеріс аздап есеңгіретіп тастады. Дегенмен, өткен жолғыдан өзгеше қабылдадым. Бағдарламаны еш қарсылықсыз тоқтаттым; пікір таластырған да, өз дегенімді мойындатуға да тырысқан жоқпын. Әлі есімде, бағушының айтқанына мойынсұна алғаныма, наразылыққа бой алдырмай, жүрегімдегі тыныштықты сақтап қалғаныма өзім де риза болдым. Шешім өзімнен болса, бағдарламаны жалғастыра берер едім, бірақ рухани әкеме адал болу қолымнан келді.

Қарамағымдағы жетекшілерге бағдарламаның жабылуын өзімнің шешімім етіп көрсеттім. Құдай жастар қызметін молынан жарылқады. Менің екі жылғы жетекшілігімнің барысында қауымдағы жастардың саны үш есе артты.

Сол сынақтардан өте алмасам, бүгінгі жетістіктеріме жетпейтін едім, осыны анық білемін. Өз дегеніммен жүре бергенімде, не болатынын айта аламын, өйткені, оны маған Киелі Рух көрсеткен еді. Әлгі бірінші бағдарламаны амал жоқтан тоқтатар едім. Көңіл күйім жетекшілеріме де беріліп, сезімдері ұланар еді. Содан кейін қауымнан шығып кететін едім. Дарындарымның арқасында біраз адамға ықпал ететін едім, алайда, ол адамдардың саны өте аз болар еді. Қазіргідей қызметке қол жеткізе алмайтын едім. Дүние жүзіндегі миллиондаған адамға ықпал етерлік кітап жазып, әлемнің көптеген елдерінде уағыз айтпайтын едім. Неге дейсіз ғой? Басқа біреудің ісіне адал болмасам, өзіме тиесілігіме ие бола алмайтын едім, Құдайдың өзіме арналған аманатын орындай алмас едім.

Осынау ақиқатқа мойынсұну оңай болған жоқ. Өз ұстанымын қорғай білетін жетекші болған соң, жақсы деп санайтын нәрсем үшін күресуге дайын едім. Алайда, Құдайдың алдында жеткен жетістіктерім емес, мінезім маңызды екен. Жартқан Ием Лиза

екеуімізге өзімізге тиесілі қызметімізді сеніп тапсырғаннан бұрын, берік негіз қаламақ болған екен.

Қымбатты дос, сіз де – жетекшісіз. Құдайдың жолымен адаспай жүріп отырсақ, бәрімізде де көш бастау мүмкіндігі бар. Біз «көштің аяғы емес, басымыз», «төменде емес, тек жоғарыда жүреміз» (Заңды қайталау 28:13). Исаның Пауылға айтқан «Иеңе қарсы шығып, азапқа қаласың» деген сөзін ұмытпайық (Елшілер.26:14 қараңыз). Менің қателігімді қайталамаңыз. Дұрыс істерімнен үлгі алып, Құдай Патшалығын орнату ісінде табысты болыңыз.

БІРЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Құдайдан келетін молаю жүзеге асу үшін бірлік болуы шарт. Осы жайында жаратылыстың басталуы кітабында өте жақсы айтылған. Құдайды мойындаудан бас тартқан бір топ адам жиналып, сол заманғы адамдардың қолынан келуі екіталай бір істі бастайды. Олар төбесі көкке жететін зәулім мұнара тұрғызбақ. Алайда, Құдіретті Құдайдың не дегенін оқып көріңіз:

«Олар біртұтас халық болып, бірдей тілде сөйлеп, мынаны істей бастады. Бұдан былай олар ойындағыларын жүзеге асырмай қоймайтын болады» (Жаратылыс 11:6).

Құдайдың Өзі осылай деді! Тағы да қайталап оқиық: «Бұдан былай олар ойындағыларын жүзеге асырмай қоймайтын болады». Бұл сөзді Құдай не себепті айтты? Өйткені, олар «бір тілде сөйлейтін», «біртұтас халық» еді. Араларында ынтымақ пен бірлік бар, жұдырықтай жұмылып әрекет етеді.

Сенбеушілер туралы осылай айтса, сенушілер жайлы Құдай не дейді екен? Құдайдың халқы бірлікте болса, әлбетте, одан да зор нәтижеге жетпек.

«Сондай-ақ, ынтымақ арамыздағы —
Хермон тауына түсетін шық тәрізді.
Бұл шық Сион тауына да түседі,

Жердің бәрін құнартып, көгертеді.
Сонда Иеміз өз жарылқауы — шын өмірді
Мәңгі бақи сыйлауға ұйғарған еді» (Забур 132:3).

Құдай әлденені «ұйғарған» болса, солай «бұйырған, жазған, белгілеген» деп түсіне беріңіз. Ынтымақ-бірлік бар жерге жарылқау, соның ішінде, молаю келеді.

Бұл ақиқаттың Құдайдың Жаңа Өсиеттегі перзенттеріне де тікелей қатысы бар. Мына тәрізді нұсқаулар не себепті жиі кездесетіні түсінікті:

«пікірлес, бір-біріңді тең сүйетін, ынтымақтас әрі ниеттес болыңдар. Осылай мені қуанышқа кенелтсеңдер екен» (Філіпіліктерге 2:2).

«Сонымен, қымбатты бауырластар, қош-сау болыңдар! Түзеле беріңдер, жігерленіңдер, бір ниеттес, тату болыңдар! Сонда сүйіспеншілік пен тыныштықтың бастауы — Құдай сендерге жар болады» (2 Қорынт. 13:11).

«Қандай жағдай болмасын, тек Мәсіх жайлы Ізгі хабарға сай өмір сүріңдер! Мен келіп, сендерді көремін бе, я болмаса алыста жүремін бе, бәрібір — сендер туралы «бірдей ниетпен табанды тұрады, Ізгі хабарға деген сенімдері үшін бір кісідей жұмылып, жан аямай күреседі...» дегенді естігім келеді» (Філіпіліктерге 1:27).

Жоғарыдағы аяттарды оқығанымда, қауымдардың «рухани әкесінің» қиыла өтінгені көз алдыма келеді. Пауыл елші «пікірлес», «бір-біріңді тең сүйетін», «ынтымақтас әрі ниеттес» деген сөздерді қолданады. Тек бірлік пен ынтымақ бар жерде ғана молаю болатынын білген елші қауымдардың Құдай уәде еткен жарылқауларды иеленуін көздеген еді.

Бірлікті сақтап жүргендерге арналған тамаша жарылқау жайлы оқиық. Исаның жолын қуушылар Иеміздің бұйрығына бағынып, Иерусалимде қала берді (Елшілердің Істері 1:4 қараңыз).

Қайта тірілгеннен кейін, Иса 40 күн бойы шәкірттеріне келіп жүрді, Оны бес жүзден астам адам бір мезгілде өз көздерімен көрді (1 Қорынт. 15:6), алайда, Иса көкке көтеріліп кеткеннен кейін Иерусалимде небәрі 120 шәкірті ғана қалды. Басқалары қайда? Исаның Иерусалимнен кетпей, Құдайдың уәдесінің орындалғанын күтіңдер деген сөзі қайда қалды? Меніңше, Исаға ерушілердің 75 пайызы, Иеміздің сөзіне құлақ аспаған. Олардың нақты қайда болғандарын білмейміз. Бірақ Исаның сөзі олар үшін басқаның бәрінен басым болмағаны анық.

Иерусалимдегі бөлмеде жиналған сенушілер – Құдайдың бәріне бірдей айтылған сөзіне бірауыздан бағынған адамдар еді. Мәселе басқада болатын: олардың қауымның Исаның Өзі тағайындаған «рухани әкесі» Петірге деген көзқарасы қандай болады?

Ізгі Хабарды зейін қоя оқысақ, Петірдің қызба мінезді адам болғанын, сонысына бола, Құдайдың еркінен тыс қалып қойған кездері көп болғанын байқаймыз. Петір Исаға «Сіз Мәсіхсіз, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлысыз!» деп батыл айтқанында, Иса «сен бақыттысың» деп жауап берді. Енді бірнеше сәттен кейін Иса Петірге бұрылып:

«— Менен аулақ кет, әзәзіл! Маған тұзақ құрып жатырсың; сен Құдайдың емес, адамның қалауын ойлап тұрсың, — деп тыйым салды» (Матай 16:23).

Басқа бір жолы Петір судың бетімен жүрген болатын. Басқа шәкірттер батылы бармай, анадайдан қарап қана тұрды. Петір тағы да озды. Алайда, бірер сәттен кейін ол суға бата бастады.

«Иса дереу қолын созып, демеп жіберіп:
— Әй, сенімі азым-ай! Неліктен (Менің құдіретіме) күдіктендің? — деді» (Матай 14:31).

Бір күні Иса Петірді, ағайынды Жақып пен Жоханды ертіп алып бір биік таудың басына шықты. Сонда Оның сыртқы түрі

үш елшісінің көз алдарында өзгеріске түсті: бет-әлпеті күндей жарқырап, киімдері нұрланып аппақ сәуле шашты. Кенеттен (ежелде өмір сүрген) Мұса пайғамбар мен Ілияс пайғамбар пайда болып, Исамен сөйлесті. Осынау кереметке куә болу – не деген мәртебе десеңізші! Сол кезде Петір Исаға: «Мырза, бұл жерде болғанымыз қандай жақсы! Біреуін Сізге, біреуін Мұсаға, біреуін Ілиясқа арнап үш күрке құрайын», — деп тіл қатты (Матай 17 қараңыз). Міне, Петір Құдайдың жоспары мен мақсатын тағы да дұрыс түсіне алмады.

Осы айтылғандарды назарымызда ұстай отырып, Петірдің жаңа ғана ашылған қауымның жетекшісі ретіндегі алғашқы шешімі қандай болғанын оқып көрейік. Осы тұста тағы бір маңызды деректі де ескергеніміз жөн: Петірдің Мәсіхпен таныс екенін мойындауға қорқып, Исадан бас тартқанына санаулы ғана күн болған. Осының өзі көптеген сенушілер үшін Петірді жетекші деп мойындамауға себеп болар еді. Ал егер олар Петірдің беталысы мен шешімдеріне қарсы болса, оның күні кеше сүрінгенін бетіне басары хақ.

Сонымен, әңгімеге кірісейік. Исаның көкке көтеріліп кеткенінен кейін бірнеше күн өткенде, Петір Забур кітабынан Яһуданың Исаға жасаған сатқындығына тікелей қатысы бар пайғамбарлық сөзді тауып алады. Иерусалимдегі әлгі бөлмеде жиналған шағын қауымына сол аяттарды оқып береді:

«Забур жырларында мына тәрізді сөздер жазылған: «Тұрған мекені қаңырап бос қалсын, сонда тұратын ешкім де болмасын!» және «Міндетін оның басқа біреу алсын!» Сондықтан Иеміз Исаның қайта тірілгеніне куә болып жүрген бізге тағы бір кісі қосылуға тиісті» (Елшілердің Істері 1:20-21). Петір тағы да, басқалардың назарынан тыс қалған әлдебір ақиқатты көріп қалды. Бұл жолы оны дұрыс пайдалана алады ма?

Төменде жазғандарым – өзімнің пайымдауым ғана. Дегенмен, сөзімнің жаны бар екенін дәлелдейтін бірнеше аятты келтіремін. Петірдің бұл шешімі де Құдайдың еркіне сай болмады. Өйткені, ол Исаның қайта тірілгеніне куә болып жүрген ер адамдарды

жинап алып, Яһуданың орнына Құдай қайсысын таңдайтынын білу үшін жеребе тастауды ұсынды.

Жаңа Өсиетті бастан-аяқ оқып шықсаңыз да, Құдайдың елшіні лотерея ойнатып таңдағанын көрмейсіз! Мұндай шешімді қабылдаудың үлгісін шәкірттеріне Исаның Өзі көрсеткен еді:

«Сол күндері Иса мінажат ету үшін бір таудың басына шығып, түні бойы сиынумен болды. Таң атқан соң шәкірттерін қасына шақырып, араларынан он екісін таңдап алды да, оларды «елшілер» деп атады» (Лұқа 6:12-13). Петір жаңа елшіні Исаның істегеніне аздап болса да ұқсайтын әдіспен таңдағаны дұрыс болар еді.

Осыдан бірнеше жыл кейін Антақиядағы сенушілер қауымындағы пайғамбарлар мен тәлім берушілер Иемізге ғибадат етіп, ораза тұтып отырғанда Киелі Рух: «Мен арнайы шақырған іске Барнаба мен Саулды Өзіме бағыштап шығарып беріңдер!» — деді. Сонда олар ораза тұтып дұға етті, содан кейін екеуінің үстеріне қолдарын қойып баталарын берді де, жолға шығарып салды (Елшілердің Істері 13:1-4 қараңыз). Петірдің шешімі асығыс әрі жаңсақ болғанының тағы бір дәлелі – осы.

Иерусалимде жиналған 120 адамның арасынан екі талапкер табылды. Сонымен, олар екі жігітті: Жүсіпті және Матияны ұсынды. Олар екеуіне жеребе салғанда, жеребе Матияға түсті. Матия лотереяны ұтып алып, он бір елшінің қатарына қосылды (Елшілердің Істері 1:23-26 қараңыз). Алайда, Матияның есімі Жаңа Өсиетте осыдан кейін бірде-бір рет аталмайды. Неге? Өйткені, Құдайдың Яһуданың орнына таңдап алған адамы – Матия емес, Пауыл. Солай екені кейінірек белгілі болады.

«Содан кейін Мәсіх Жақыпқа, сондай-ақ барлық елшілеріне көрінді. Бәрінен кейін, дер кезінде жаңа өмірге дайын болмаған мен де Мәсіхті өз көзіммен көрдім. Елшілердің ішіндегі ең лайықсызымын, елші деп аталуға да тұрмаймын, себебі мен Құдайдың қауымын қуғындадым» (1 Қорынт. 15:7-9).

Құдайдың елшілікке таңдаған адамы Пауыл екеніне күмәнім жоқ. Пауылдың елшіге лайық жемісі мен билігі Матияныкінен әлдеқайда зор. Менің пайымдауымша, Петір жетекші ретінде, Құдайдың жоспарына сай келмейтін, асығыс шешім қабылдаған. Бүгінгі қауымда осындай жағдай болса, меніңше, қауым үш топқа бөлінер еді: елшілерді лотерея арқылы тағайындаудың қарсыластары; бұдан былай елшілерді мойындамайтындар; елшілерді лотерея арқылы тағайындауды құптайтындар. Ал осы оқиғадан кейін не жазылғанын оқып көрейікші:

«Алғашқы өнім мейрамы келгенде, сенушілердің бәрі бірге болды» (Елшілердің Істері 2:1).

Осы аяттағы «бірге» деген сөздің орнында түпнұсқада гректің «*homotumadon*» деген сөзі тұр. Оның мағынасы – «бір пікірлі, ниеттес, ынтымақтас, ойы мен жаны бір, бірауыздан». Яғни, ойларында да, іс-әрекетінде де ешбір алауыздық, бөлінушілік жоқ. Мақсаттары, ой-ниеттері, жүректері, рухы бір. Осынау ауызбіршіліктің, бірліктің, ынтымақтастықтың нәтижесі қандай болды? Сол күні «қауымға үш мыңдай адам қосылды» деп жазылған (Елшілердің істері 2:41 қараңыз). Үш мыңды 120-ға бөлсек, қауымдағы адам санының бір күнде 25 есе артқанын көреміз. Әлдебір қауымның бір-ақ жиналыстан кейін 25 есе өскенін көз алдыңызға келтіріп көріңізші. Ынтымақ-бірлік бар жерге Құдайдың жарылқауы келеді! Рухани әлемнің заңы осындай.

Әлгі 120 адамның арасында Петірдің жіберген қатесіндей қате жібермейтін сенушілер болғаны анық. Исаның көрсеткен үлгісімен әрекет етіп, асықпай, Құдайдың жүзін іздеген, Киелі Рухтың жауабын күткен дұрыс болар еді, әлбетте. Маңызды шешімді содан кейін ғана қабылдау керек еді.

Осыны біле тұра, олар алауыздыққа жол бермей, басты мақсат – бірлікке ұмтылды. Арадағы ынтымақты сақтау үшін жетекшінің стратегиясын қабыл алды. Әрқайсысы Петірдің шешіміне қарсы тұрмай, қолдау көрсетуге бел бұды. Петірдің шешімін өз

шешіміндей көруге бел буды. Жұмысты атқарудың жолдарын қарастырғанымызда, қаншама мән-мағынасыз, ұсақ-түйек, қиян-кескі алауыздық туады! (Маңызды ескерту: жетекшіңіздің қабылдаған шешімі Киелі Жазбаға сай, күнә болып табылса, ондай шешімге бағынбау – міндетіміз. Жетекшіге мойынсұнбаудың жалғыз себебі – осы. Алайда, көбінесе, жетекшінің күнәсі емес, шешімдерін сылтауратып, кикілжіңге салынамыз).

СУ АСТЫНДАҒЫ АҒЫСТАР

Алауыздық пен бөліну тек сөз бен істерде емес, одан әлдеқайда тереңде, адамның ойында, жүрегінде, рухында. Жоғарыда келтірілген бірлік жайындағы үш аятты қайталап оқып шығыңыз. Сырт қарағанда, ынтымақ бар болып көрінгенмен, ниеттеріміз бен ой-пікіріміз бөлек болуы да мүмкін.

Менің анам Флорида штатындағы Веро Бич қаласында тұрады. Веро Бичтен солтүстікке қарай, жиырма шақырымдай жерде Себастьян Шығанағы деген жер бар. Жергілікті тұрғындар шығанақтағы су асты ағындары туралы жақсы біледі. Су асты ағындары – сырт қарағанда, көрінбейтін табиғи құбылыс. Жағада тұрып, мұхиттың бетіне қарасаңыз, судың барлығы бір бағытта ағып жатқандай көрінеді. Құмды жағалауға қарай толассыз жүрген толқындарды көресіз. Алайда, судың беткей қабатынан тереңіректе ашық теңізге қарай бет алған жылдам әрі қатты ағыс бар. Ал сырт қарағанда, көрінбейтін, сол бір ағыс құрбанын жағадан алысқа, ашық теңізге алып кетеді, Веро Бичте адам өлімі де болған.

Қауымдарымызда, кәсіпорындарда, мектептерде, мемлекеттік мекемелерде, спорт командаларында, молауға кедергі болып жүрген «су асты ағыстары» іспетті алауыздық бар ма? Әрине, бар. Неге бұлай? Ұстанымдарыңыз патшалыққа жат, демократиялық болса, Құдайдың Патшалығын қалай орнатпақсыз? Біз – Патшалықтың азаматтарымыз, Патшамыздың жетекшілерге берген билігін мойындаймыз. Құдай қойған жетекшілерге шын пейілімізбен мойынсұнғанымызда, Құдайдың жарылқауы келеді.

Өзімізге-өзіміз «Мен үшін не маңызды: басқаларға пікірімді

мойындатқаным ба, әлде, *ынтымақ-бірлік пе?*» Сіздің пікіріңіз 100 пайыз дұрыс болуы мүмкін. Сөйте тұра, 100 пайыз қателесуіңіз де мүмкін. Петір ұсынған лотереяға негізделге таңдау жүйесінен бас тартуды талап ететін топ пайда болса, олар (Киелі Кітаптағы үлгіге сай) ораза тұтып, мінәжат етуді ұсынса, пікірлері 100 пайыз дұрыс болар еді. Алайда, туған алауыздыққа бола, Құдайдың жарылқауы тоқтап қалар еді.

Елшілердің Істері кітабында айтылған, Құдайдың кереметімен болған алғашқы молаю есіңізде болар. Сол молаю рухани әкелердің нақты нұсқауынан кейін келді. Киелі Кітапта:


«Бұл ұсыныс бүкіл қауымнан қолдау тапты» деп жазылған (Елшілердің Істері 6:5). Нәтижесі қандай болды?

«Осылай Құдайдың сөзі кеңінен тарап, Иерусалимде Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттерінің саны көбейе берді. Діни қызметкерлердің үлкен бір тобы да Мәсіхке мойынсұнып, сене бастады» (Елшілердің Істері 6:7). Он екі елші ұсынған стратегияны барлық қауымдар қабылдады. Бұл ұсынысқа да қарсы дау айтуға болар еді. Алайда, сенушілер «Біреуге сөзімді өткізгеннен, ынтымақ-бірлікті сақтап, Құдайдың батасын алғаным артық» деген ақиқатты ұстанды. Сонымен, олар жетекшілерінің жоспарын бірауыздан мақұлдап, өз жоспарындай қабылдады.

Енді сізге қояр қиын сұрағым бар: Исаның алдына барғанымызда, жағдайымыз қандай болмақ? Жердегі өмірімізді Исаның алдында тұрып, қайта қарап шыққанымызда, төбемізден жай түскендей қайран қалмаймыз ба? Иса көзіне жас алып тұрып, алауыздығымыз бен талас-тартысымыз Құдайдың жарылқауын тоқтатып тастағанын көрсетеді ма екен? Іске аспай қалған мүмкіндіктер мен құтқарылмай қалған адамдарды көріп, Исамен бірге көзімізге жас аламыз ба? Өмірді басынан бастап, «менікі дұрыс» деуден бас тартып, бірлікті сақтауға барымызды салғымыз келер ме екен? Қатемізді түзетуге кеш қалып қоймаймыз ба?

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Рухани әке – әлдебір адамның немесе ұйымның қамқоршысы әрі басшысы, ол қарамағындағы адамның немесе ұйымның өміріне белгілі бір тәртіп орнатып, мәдениет қалыптастырады. Рухани әке ролінде өзіңіз жұмыс істейтін кәсіпорынның басшысы, бөліміңіздің меңгерушісі, бағушыңыз, шағын тобыңыздың жетекшісі, мұғаліміңіз, бапкеріңіз, дәрігеріңіз, тағы басқа адам болуы мүмкін. Сіздің өміріңізде болған «рухани әкелер» — кім? Олар сізге қалай ықпал етті?
2. *Әкесінің адал перзенті әке ісін жалғастырып, жемісін молайта түседі. Жетекшілеріңіздің жолымен қия баспай жүріп отыру неге маңызды? Алға қойған мақсатта, мақсатқа жету жолдарын таңдауда, нақты іс-әрекетте жетекшіңізбен арадағы бірлікті сақтаудың қандай жолдары бар?*
3. Басқа біреудің меншігін молайту өзіңіздің көшірмеңізді жасауыңызды талап етеді. Өзіңіздікіне ұқсас дарын қонған адамдарды тауып, даналығыңыз бен біліміңізді, жинаған тәжірибеңізді бөлісіп жүрсіз бе? Басқалардың сіздің істеп жүргеніңізді қайталауына көмектесіп жүрсіз бе? Өзіңіздің көшірмеңізді жасауды неден бастай аласыз?



*«Ал бір ат басындай күміс алғаны келіп:
— Мырзам, сіздің қатал адам екеніңізді білдім.
Өзіңіз екпеген жерден орып, шашпаған жерден
жинайсыз. Сондықтан қорқып, күмісіңізді жерге
көміп тастаған едім. Мінеки, соныңыз, — дейді»*

— Матай 25:24-25

Молаю жолындағы кедергілер I

Исаның астарлы әңгімесіндегі жалқау қызметшінің ой-ниеті жайлы сөз қозғайық. Басқа екі қызметші қолындағысын молайтқанда, бұл неге тек сақтап қана қалған? Екі жолдасы «жақсы да адал» қызметші атанғанда, бұл қызметші не себепті «зұлым да жалқау» атанды?

Әуелі сіздерге бір ақиқатты айтқым келеді: Исаның алдында тұрған адам өтірік айта алмайды. Осы орайда келтірейін деп отырған мысалым қарабайырлау, дегенмен, ойымды түсіндіруге жарайды. Тыңшылар мен құпия агенттер туралы фильмдерді көрген боларсыз. Қолға түскен тыңшыны тергеу барысында оған шындықты айтқызатын арнайы дәрі егіп, жасырған құпияларын айтқызады. Сонда ол тіс жармауға ант еткен құпия деректердің барлығын жайып салады.

Тағы бір мысалды өз өмірімнен келтірейін. Жас кезімде қорғансыздық сезімімен күрескенім жайында жоғарыда айтып өткен болатынмын. Жастық шақтың шалағайлығы да бар. Кейбір іс-әрекеттерімнің өрескел екенін, Лиза айтпаса, өзім байқамайтын едім. Әйелім қателігімді айтқанда да, әрекетім мен ниетімді ақтап алуға тырысатынмын. Әр сөзімнің дұрыстығын дәлелдеп бағатын едім! Кейінірек, мінәжат етіп отырғанымда, Құдайдың құзыры келгенде, Лизаның сөзі дұрыс екеніне көзім

жететін. Сонда әйелімнің алдында қателігімді мойындайтын едім.

Бұл жайында айтқаным, өтірік, айла, қулық, арам ниет, жалған сөз дегендер Құдайдың салтанатты құзырында жасай алмайы. Иса былай дейді:

«Ашылмайтын сыр, білінбейтін құпия болмайды. Сондықтан қараңғыда айтқандарың жарықта естіледі, үй ішінде құлаққа сыбырлағандарың жұртқа жария болады!» (Лұқа 12:2-3).

Исаның бұл сөзі – соңғы Сот жайында. Онда ақиқат салтанат құрады, өтірікті қиыстыру, жалған сөйлеу мүмкін болмайды. Жалқау қызметші шынайы ниетін жасырай алмай, ойындағысын бүкпесіз жайып салды, соған қарағанда, бұл – соңғы Сотта болған оқиға. Қызметші өзін-өзі әшкереледі, өз сөзімен өзіне үкім шығарды.

Жалқау қызметшінің өзіне аманатталған қаражатты молайтпаған себебі екеу:

- Қожайынының мінезін білмеуі.
- Қорқыныш.

Екі себеп нақ осындай реттілікпен орналасуы керек. Екінші себеп бірінші себептен, үнемі болмаса да, жиі туындайды. Екеуін де тереңірек қарастырғанымызда, солай екені түсінікті болады.

«МЕН НЕГЕ СЕНЕМІН»

Бірінші адасуды қарастырайық. Өз өмірімде болған оқиғадан бастайын. Гавай аралдарында өтетін конференцияға қатыспақ болып, сонда ұшып бардым. Қонақүйдегі бөлмемнің дайын болғанын күтіп, бассейннің жанында, көлеңкеде отырмын. Үстімде – жолға киген киімім. Басқа конференцияға келген бір кәсіпкер әйел қатарласа отырды. Сөйлесіп қалдық. Менің Құдайдың қызметкері әрі жазушы екенімді білгенде, ол өзінің Құдаймен қарым-қатынасы жайлы айта бастады.

Біре минуттың ішінде әйелдің Құдайды танымайтыны белгілі болды. Өзінің неге сенетінін айтып отыр, бірақ онысы Құдайдың

Сөзіне мүлде жанаспайды. Ол сөйлеп отырғанда, іштей мінәжат етіп, Киелі Рухтан ақыл сұрадым. Киелі Рух не айтуым керек екенін үйретті.

Сөз кезегі маған келгенде:

– Бассейннің арғы жағында отырған ер адамды көріп отырсыз ба? – деп сұрадым.

– Иә, – деп жауап берді.

– Осы кісі жайында айтып берейін, – дедім. – Ол – қатаң вегетариан; тек өсімдіктен дайындалатын асты ғана ішеді; мал-жануар өнімдерін татпайды, тіпті, бал да жемейді. Бұл жігіттің арманы – Америка Құрама Штаттарының жүзгіштер командасына кіру. Күніне үш сағат жаттығады. Әуесқойлығы да бар, бадминтон, теннис, парашютпен секіру, сурет салу. Ана жақтағы джакузидің жанында тұрған әйел – оның жұбайы, өзінен он жасы кіші.

Сөзімді тыңдап отырған әйел әңгіме тақырыбы кенет әлдебір танымайтын адамға ауысып кеткеніне таңырқап отыр. Жаңа ғана Құдай туралы терең ойларын бөліскен еді, мен болсам, бассейннің ар жағында отырған қайдағы адамды айтып отырмын. Не болғанын аздап түсініңкіремей:

– Ол жігіт сіз қатысатын конференцияға келіп пе еді? – деп сұрады.

– Жоқ.

Бұрынғыдан бетер таңырқап:

– Оны танысыз ба? – деді.

– Жоқ, танымаймын.

Бір жағынан абдырап, бір жағынан таңырқап, бұл жігіт туралы осынша көп мәліметті қайдан білетінімді сұрады. Мені Орталық Барлау Басқармасының немесе Федералдық Тергеу Бюросының тыңшысы немесе детектив деп ойласа керек. Мән-жайды түсінгісі келіп, есі кетіп отыр.

Сәл үндемей отырдым да:

– Солай екеніне сенемін, – дедім.

Қайран қалып, айтарға сөз таппай қалды.

– Жаңа ғана өзіңіз сенетін жайттарды Құдайды танитын адамдай айтып шықтыңыз, – дедім мен. – Алайда, айтқаныңыздың барлығы дерлік – қате пікір. Солай екенін анық білемін, өйткені, Құдайды танымын.

Әйелге бұрылдым да, көзіне тік қарап тұрып:

– Өзім танымайтын адам туралы менің айтқанымның сіздің Құдай жайлы айтқаныңыздан еш айырмашылығы жоқ. Мен сізге мына жігіт жайлы өзім сенетін пікірімді айттым, сөзім шындықтай естілді. Дегенмен, айтқандырымның көбісі – шындық емес, жалған дерек болса керек, өйткені, бұл адамды жақынырақ біліп тануға ешқашан да уақыт бөлген емеспін.

Жанымдағы әйел сөзімді зейін сала тыңдап отыр, кейпі абыржыған.

– Құдай бізге Өзінің Сөзін берді. Ол Киелі Кітап деп аталады. Құдайдың кім екенін, Қандай екенін Киелі Кітаптан оқып, біле аламыз, – дедім. – Бізді Исамен жақын таныстыру үшін Құдай Әке киелі Рухты да жіберді. Иса – адам кейпінде келген Құдайдың Өзі.

Сәл кідірдім де:

– Қалай ойлайсыз, Шын Құдайға қатысы жоқ, жалған құдай өз ойыңыздан шығарып алуыңыз мүмкін бе? – деп жұмсақ қана сұрадым.

Өкінішке орай, ол кісі Құдайды танымайтынын мойындағысы келмеді ме, әлде, Құдаймен шындап кездесуге қорықты ма, әйтеуір, бұлтарып кетті. Тағы бірнеше минут сөйлестік те, қоштастық.

Әңгімемді оқып отырып, бәлкім, күлімсіреп отырған боларсыз. Ішіңізден *«Мен болсам, Құдайды танымын. Киелі кітапты оқимын, қауымға барамын»*. Осы ойға жұбанып, көңіл тоқтатқаннан бұрын парызшылдарды еске түсірейік. Олар – ғибадатханадағы бірде-бір жиналыстан қалмайтын, үнемі мінәжат етіп, уқытылы ораза ұстайтын, Киелі Кітаптағы бірінші бес жазбаны жатқа білетін адамдар (менің мұндай жетістігім жоқ!). Соған қарамастан, олар адам кейпінде келіп, алдарында тұрған Құдайды – Исаны тани алмады.

ҚҰДАЙДЫ ТАНУ

Құдайды жақын тану мәртебесіне кімдер ие болады? Жаратқан Иемізді біліп-тануға барлығымыз шақырылғанбыз. Дегенмен, нақты өлшемдер бар. Өмірімізді Құдайға толықтай арнауға бар ықылас-ниетімізбен бел бұғанымызда жақын қарым-қатынасқа жол ашылады. Бұл шешім сөз жүзінде қалмай, іс жүзінде де орындалуы шарт. Иса былай дейді:

«Себебі кім өмірімді сақтаймын десе, одан айырылады, ал өмірін Мен үшін қиған әркім оған (мәңгі) иелік етеді» (Матай 16:25). «Иелік етеді» деген сөзді қалай түсінеміз? Бұл сұрақтың жауабы қарапайым да анық: шынайы өмір тек – Құдайды танып білуде.

Қауымға бару, мәсіхші достарымызбен арадағы қарым-қатынас, мәсіхші авторлардың кітаптарын оқу, табыну әндерін тыңдау, «тәубе ету мінәжатын» қайталау, игі істер жасау сияқты әрекеттеріміз арқылы Жаратқан Иені тани алмаймыз. Киелі Жазба Исаны Күйеу жігіт, бізді қалыңдық бейнесінде көрсетеді. Күйеу жігіт пен қалыңдық қосылғанда, екеуі біртұтас болады. Пауыл елшінің жазғанын оқиық:

«Осында терең сыр бар, ол – Мәсіх пен қауымның біртұтастығы» (Ефес. 5:32, орысшадан аударма). Құдайды танудың шын мәнінде не екенін көрсету үшін, Иеміз адамзат өмірінде кең тараған құбылысты көркем бейне ретінде қолданады. Құдаймен арадағы қарым-қатынастың айқын мысалын қасиетті неке одағынан күн сайын көре аламыз.

Ақ көйлегін киіп, күйеуіне ұзатылған қалыңдықтың ақ жолға аяқ басуы өте бір маңызды мәлімдеме болып табылады. Ол осы әлемде өмір сүретін 3 930 000 000-ға жуық ер адаммен біржола қоштасады! Жанын, тәнін, жүрегін, өмірін толығымен жарына арнайды. Қалыңдықтың осы қадамы «тәубе етудің» бейнесі болып табылады. Ол енді қайсыбір басқа адаммен тұрмыс құру мүмкіндігінен бас тартады. Екі жас серт байласады: күйеу жігіт

қалыңдығына, қалыңдық күйеуіне өмірі мен жан-тәнін толық арнайды. Бұл жолда екеуінің арасы жыл өткен сайын жақындай түседі, бірін-бірі басқа кімнен болса да, жақын біле алады.

Ал ендігі айтпағым қарсыластық тудыруы мүмкін, дегенмен, сөзімнің байыбына барып, ойымды дұрыс түсінуіңізді сұраймын! Құдайды танып білуге деген ең зор кедергілердің бірін өзіміз орнаттық. Ол кедергі – «тәубе ету дұғасы». Құдаймен арадағы қарым-қатынасты, тұтынушыға әлдебір тауарды жарнамалағандай етіп, өткіземіз. Мұнымыз әдет болып қалыптасып кеткен. Уағыздан кейін немесе сөйлесіп болған соң «Құдайды танығыңыз келеді ме? Жаратқан Иемен қарым-қатынаста болуды қалайсыз ба? Онда былай деп дұға етіңіз: “Иса, өміріме келші. Күнәларымды кешіре гөр. Сені Құтқарушым деп қабылдаймын. Кешіріміңді беріп, мені Өз перзентің еткенің үшін алғысымды айтамын” дейміз».

Залда отырғандарға тағы бір адамның Құдайға келгенін қуана хабарлаймыз. Құдайға жаңадан келгендер енді Көктегі Әкенің саясында, қауіпсіздік пен тыныштықта мәңгі өмір сүреді деп шаттанамыз. Жаңа адамдарды жиналысымыздан қалмай келіп тұруға шақырамыз. Алайда, біз оларға шынайы тәубе ету жайлы, өзімшіл ниеттен бас тартып, өмірін Құдайға толық арнауы керек екені туралы бір ауыз сөз айтқан жоқпыз. Енді Исаның айтқанын толық оқып көрейік:

«Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің жолыммен жүрсін! Себебі кім өмірімді сақтаймын десе, одан айырылады, ал өмірін Мен үшін қиған әркім оған (мәңгі) иелік етеді!» (Матай 16:24-25).

Құдаймен шынайы қарым-қатынаста болсақ қана, Жаратқан Иемізді Тұлға ретінде танып біле аламыз. Келтірілген аяттарда Иса осыны айтады. Құдайды танып білу – бір сәтте орын алатын оқиға емес; өз қалауыңызға емес, Құдайдың еркіне мойынсұнуға деген бекем байлау. Бұл шешімді күн сайын, сәт сайын қайта қабылдап,

берік ұстанамыз. Құдайдың Сөзі әлдебір қатемізді көрсетсе, пікір таластырмаймыз, қарсыласпаймыз, бұлтармаймыз. Исаға еру дегеніміз – Иемізді қорлайтын нәрсенің барлығынан бас тартып, Оған қайтсем де қызмет етемін деген шешіміміз.

Жақып елші:

«Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар! Әйтпесе өздеріңді-өздерің алдайсыңдар» дейді (Жақып 1:22).

Құдайдың Сөзін тыңдап, ойын, сөзін, іс-әрекетін сол Сөзге сай өзгертпейтін адам өзін-өзі алдайды. Исаның астарлы әңгімесіндегі үшінші қызметшінің, парызышылдардың, Гавай аралындағы бассейннің жанында кез болған әлгі әйелдің, қауымға баратын, Киелі Кітап аяттарын жатқа білетін, сонысына бола, Құдаймен қарым-қатынасым бар деп жүрген, өздерінің өмір салты Құдайдың Сөзіне қарама-қайшы келетін басқа да көптеген адамдардың кешкен күйі осындай. Өзін-өзі алдау дегеніміз – осы.

Осы тұста бір маңызды ескерту жасауым керек. Лиза некеде көп қателік жібергенін айтады (мен одан да көп қате жібердім, бірақ қазір сөз – қалыңдық жайында!), дегенмен, ол неке сертінің есебінен өзінің қалауын қанағаттандыруға ұмтылған емес. Жұбайымды мүлде мінсіз адам дей алмаймын, бірақ, қай жағдайда да некеге адал, жарына шын берілген әйел екені анық.

Құдаймен арадағы қарым-қатынасымыз да осыған ұқсас, Жаратқан Ие арагідік тілазарлығымызды кешіреді. Ерлі-зайыптылар бір-бірінің қателігіне бола, некені бұзбайды. Құдаймен қарым-қатынасымыз – іс-әрекеті жоқ бос сөз емес, шын жүректен шыққан айнымас достық, шын берілгендік.

Исаның мына мәлімдемесі қайран қалдырады:

«Соның еркін орындағысы келген әркім ... білетін болады» (Жохан 7:17). Құдайдың Сөзін тыңдап қана қоймай, қалтқысыз орындауға деген ниет жан-дүниемізді билеп

алғанда, Жаратқан Иені жақын тану басталады. Құдайдың еркін бұлжытпай орындаймыз, сонда Иемізді танып біле бастаймыз. Жаратқан Иені және Құдайдың Сөзін танып, түсіне бастаймыз. Киелі Кітаптың «Passion» деп аталатын аудармасында Жоханның сөзі былай деп аударылған екен:

«Ең әуелі Құдайдың еркін орындауға ұмтылыңдар, сонда ілімім Құдайдың жүрегінен шыққан ілім бе, әлде Мен өз бетіммен сөйлеп тұрмын ба, соны білетін боласыңдар» (Жохан 7:17).

Ат басындай күміс туралы астарлы әңгімедегі қызметшілердің үшеуі де қожайынынан бірдей нұсқау алған еді. Екеуі нұсқауды орындады да, үшіншісі бұйрыққа құлақ аспады. Бұл қызметші қожайынының қандай адам екенін білмейтін еді. Және осы қызметші берілген нұсқауды орындауды өзіне міндет санаған жоқ. Ол – өзін-өзі алдаған адам.

ҚҰДАЙДЫ ҚАСТЕРЛЕУ

Жоғарыда айтылғандардың барлығы бір ұғымға, Киелі Жазбада айтылған «Құдайды қастерлеу» ұғымына келіп тіреледі. Киелі Кітаптың басқа тілдердегі нұсқаларында «Құдайды қастерлеу» деген сөз тіркесі «Құдайдан қорқу» деп аударылған. Адамдардың толып жатқан үрей-қорқыныштары бар, сондықтан, бұл сөз тіркесін естігісі де, қолданғысы да келмейтіндер көп. Алайда, қорқыныштың екі түрі болатынын айта кеткеніміз жөн. Бұл екеуі – біріне-бірі қарама-қарсы нәрсе. Біріншісі – «қорқыныш рухы» да, екіншісі – «Құдайды қастерлеу». Осы екі ұғымның арасындағы айырмашылықты Құдайдың Сөзі анық түсіндіреді. Исраил халқы Құдайдың өздерімен бетпе-бет сөйлескенін қаламай, кері шегінгенде, Мұса оларға былай деді:

«— Қорықпаңдар! Құдай сендерді (Өзінің араларыңда болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады, — деді. Содан

халық алыста қалып, ал Мұса Құдай тұрған қою қараңғылыққа қарай беттеді» (Мысырдан шығу 20:20-21).

Бір қарағанда, Мұсаның сөзі қайшылыққа толы сияқты. Пайғамбардың сөзін басқаша тұжырымдап айтар болсақ, «Қорықпаңдар! Құдай сендердің Оны шын жүректен қастерлейтіндеріңе көзін жеткізу үшін келді». Мұсаның сөзінде ешқандай қайшылық жоқ. «Қорқу» мен «Құдайды қастерлеу» ұғымдарын ажыратып тұр. Бұл екеуі – екі бөлек нәрсе. Құдайдан үрейлене қорқатын адамның жасырары бар. Адам ата мен Хауа ана күнә жасағаннан кейін, Құдайдың көзінен тасаланып, бақтағы ағаштардың арасына жасырынғаны есіңізде болар (Жаратылыс. 3:8 қараңыз). Ал Құдайды қастерлейтін адамның Құдайдан жасырары жоқ. Шынтуайтына келсек, ол Құдайдан ажырап қалудан қорқады.

Құдайды қастерлеу дегеніміз – Құдайдан сескену емес. Осыны басынан бастап анықтап алғанымыз жөн. Әлдебір адамнан қорқатын болсаңыз, ол адаммен жақын, сырлас қарым-қатынаста бола аласыз ба? Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Құдайды шынайы қастерлеу дегеніміз – Көктегі Әкемізден алшақтап, ажырап қалудан қорқу. Құдайды қастерлейтін адам басқа жерде емес, тек Құдайдың құзырында, қамқорлығында, сүйіспеншілігінде ғана болғысы келеді. Қандай жағдайда да, қандай қиындыққа тап болса да осы жолда табандылық танытады. Құдайдың саясында тыныштық тапқаннан асқан рахаттың жоқ екенін біледі. Жаратқан Иеге мойынсұнуы – Оған деген ыстық ықыласының дәлелі.

Құдайды қастерлеу дегеніміз – Жаратқанды кімнен болса да, неден болса да, аса құрметтеп, қадірлеу, Құдайдың алдында бас ию. Құдайды бәрінен жоғары бағалау, Құдайдың жүрегінің қалауларын өз қалауымыздан қымбат та құнды санау. Құдайға ұнамдыны ұнатып, Құдайдың жек көретінінен жирену. Құдай алдында құнды да маңызды нәрселер біз үшін де маңызды болып, Құдайдың ескермейтінін біз де елеусіз қалдырамыз.

Құдаймен қарым-қатынаста болуға шақырылғандар көп, алайда, жоғарыдағыдай көзқарасы барлар ғана Құдаймен шын жақын бола алады. Исраилдіктердің Құдайға деген махаббаты шартты еді. Жағдайлары жақсы болса, Құдайға табынады, мойынсұнады, Құдайды Иеміз деп мойындайды. Жағдайлары нашарласа, күңкілге салынады. Олардың жүректерінде Құдайға деген риясыз сенім болған жоқ; Құдайға үміт артудың орнына, жан сақтауды, қарақан бастарының қамын ойлаумен болды. Өмірін сақтап қалмақ болып, Исаның сөзіне қайшы әрекет етті: Құдаймен қарым-қатынаста болу мәртебесінен бас тартты. Мұса пайғамбар Құдайды қастерледі, халық болса, Құдайдан сескенді.

Ой-ниеттері осыған орай көрініс те тапты: халық жырақта тұрды, Мұса болса, Құдай тұрған жерге қарай жақындады. Өздері үшін ненің жақсы, ұтымды, тиімді екенін білмей, жақсылықты көрмей өмір сүрді. Мұса болса, ақиқатты анық көрді. Мұса пайғамбар Құдайды, Құдайдың ақиқат жолдарын, даналығын танып білген болатын. Ал қалған халық Құдайды тек істеген істерінен ғана танитын еді.

Тиімді болмаса да, адами ақылымызға қонбаса да, өзімізге зияны тиетін болса да, басқа да кез келген жағдайда да Құдайға мойынсұнатын болсақ, Жаратқан Иемізді қастерлегеніміз. Құдайдың қандай екенін білеміз, Құдайымызды танимыз, сондықтан еш күмәнсіз сенеміз. Кейбір жағдайлар қауіпті болса да, Құдайдың жетелеуімен жүрген адам зиян шекпейді.

Осы тақырыпта соңғы айтарым, Құдайды қастерлеуіміз Көктегі Әкеміздің еркіне ақырына дейін мойынсұнуымыздан көрінеді. Ыбырайым ең қымбат қазынасын, 25 жыл күткен, көзінің қарашығындай болған сүйікті ұлы Ысқақты да Құдайға құрбандыққа қиды. Ыбырайым таңертең ерте тұрып, Құдай өзіне айтқан жерді бетке алып, жолға шықты. Құдайдың нұсқауын орындау үшін үш күн жол жүрді. Құдай Өзінің бұйрығын түсіндірмеді. Осынау құрбандық неге қажет болғанын айтпады. Ыбырайымның өмірінің бар мәні алдағы құрбандықпен бірге жоқ болғалы тұр. Осыдан артық залал-зардап болады ма? Дегенмен, Ыбырайым Құдайдың мінезін біледі,

Құдайдың қандай екенін білгендіктен, Құдайдың жолы – ақиқат екеніне риясыз сенеді (жалқау қызметшінің іс-әрекетіне толықтай қарама-қарсы көзқарас).

Ыбырайым пышағын қолына алып, ұлын бауыздамақ болғанда, көктен періштенің үні естілді.

«Періште:

— Балаңа қол көтерме, оған тиіспе! (Құдай былай дейді:) енді сенің Өзімді терең қастерлейтіңіз көзім жетті. Себебі Менен өзіңнің жалғыз ұлыңды да аямадың, — деді» (Жаратылыс. 22:12). Құдайды терең қастерлейтіндердің жүрегі сүйіспеншілік пен сенімге толы.

Киелі Жазба былай дейді:

«Білімнің бастауы — Жаратқан Иені
Терең қастерлеп, Оған мойынсұну» (Нақыл сөздер 1:7).

Сөз қай білім жайында? Бұл сұрақтың жауабын бірнеше аяттан кейін табамыз. Бірақ әуелі жауапқа жетелеп апаратын аяттарды қарастырайық. Осынау білімге, Құдайдың Сөзін бәрінен де жоғары қойғанымызда, сайып келгенде, Ыбырайым тәртізді әрекет еткенімізде, жетеміз.

«Балам, егер сөздерімді қабылдасаң,
һәм жадыңда өсиеттерімді сақтасаң,
Құлағың даналыққа ұдайы түрік болса,
Әрі жан дүниең парасатқа дайын тұрса,
Егер де білім мен парасатты шақырсаң,
Көмілген күміс пен қазынадай іздесең,
Сонда Жаратқан Иені қастерлеуді ұғарсың,
Құдай жайлы білімді иемденіп аларсың»
(Нақыл сөздер 2:1-5)

Сонымен, сұрағымыздың жауабы анық. Жаратқан Иені танып білу Құдайды қастерлеуден бастау алады. Басқа сөзбен айтсақ,

«Жаратқанды қастерлеудің не екенін түсінсең, Құдайды жақын білетін боласың». Жалқау қызметшінің басты қатесі не болғанын енді түсіне аламыз. Құдайды қастерлеудің не екенін білмейтінін әрекетсіздігінен және соңғы жауабынан байқауға болады. Исраил халқы Құдайды қатыгез билеуші деп ұғатын, жалқау қызметшінің де ойы сондай. Қожайынының қандай адам екенін, мінезін, ойын, көзқарасын білмейді.

Жаратушыны танып білу Құдайды қастерлеуден басталады. Киелі Жазба былай дейді:

«Иеміз Өзін қастерлейтіндерге сырын
Ашады және білдіреді Келісімін» (Заbur. 24:14).

Дос дегеніміз – бірін-бірі етене жақын танитын, сырлас адамдар. Исаның мына сөзі таңырқатады:

«Егер Менің тапсырғандарымды орындасаңдар, Маған доссыңдар» (Жохан 15:14).

Исаны сүйетінімізді айтқанда, көбіміз атақты кино жұлдыздарына, спортшыларға, басқа да аты әйгілі адамдарға деген сый-құрмет тәрізді сезімді айтамыз. 2020 жылдың басында әлемге танымал баскетболшы Коби Брайант қызы Джианнамен бірге тікұшақ апатында қайтыс болғанда, халық жаппай қайғырды, көзіне жас алғандар көп болды. Лос-Анджелестегі Брайант ойнаған «Стейплз» орталығының жанына мыңдаған адамдар үрлемелі шарлар, құшақ-құшақ гүлдер апарып қойып жатты. Сол қайғылы оқиғаны ойлап, менің де қабырғам қайысты.

Алайда, осы қазаға қайғырған адамдардың көбісі Кобиді жұбайындай, бала-шағасындай, достарындай жақын білген емес. Кобимен бір жерде жолығысып қалсақ, ол біздің кім екенімізді мүлде білмейтін де еді. Кобимен өзім де таныс болғаным жоқ, дегенмен, қазасына әлдебір таныс адамымның қазасына қайғырғандай, қайғырдым. Алайда, көзі тірісінде Коби менің кім екенімді, тіпті, мендей адамның бар екенін де білмейтін еді. Сол

сияқты, қауымға бардық, Иса туралы әлеуметтік желілерде жаздық, Исаны мадақтайтын әндер айттық, Исаны Иеміз деп жарияладық, Исаның атымен игі істер жасадық, Исаны білетініміздің дәлелі – осы деп айтатын адамдар болады. Иса оларға: «Сендерді ешқашан таныған емеспін!» деп жауап береді. Исның Өзі былай деген:

«Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады. Көптеген адамдар қиямет соты күні Маған: «Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен жындыларды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамапа па едік?» — деп жалынатын болады. Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» — деп ашық айтамын» (Матай 7:21-23).

Ешқайсымыздың мұндай сөзді Иемізден естігіміз келмейді. Осы аяттарды зейін қойып, тағы бір оқып шықсаңыз, әлгі адамдардың Исамен жақын қарым-қатынасы барына кәміл сенімді болғанын байқайсыз. Кобимен кездейсоқ жолығысып қалып, құшақ жая сәлемдеспек болсам, ол маған «Сіз кімсіз? Қай жерденсіз? Аты-жөніңіз кім?» дер еді. Иса да Өзін танимыз дейтін көптеген адамға:

«Сендерді (өз адамдарым ретінде) танымаймын, қайдан екендеріңді білмеймін» деп жауап қайтаратын болады» (Лұқа 13:25).

ҚҰДАЙҒА УАҚЫТЫҢЫЗДЫ АРНАҢЫЗ

Құдайды қастерлеу – Жаратушымызды жақын танып білу жолындағы ең басты да ең алғашқы қадам. Осы тұңғыш қадаммен тоқтап қалмайық. Қарым-қатынасымызды тереңдете берейік. Құдай бізді Өзіне жақындауға шақырады. Киелі Жазба былай дейді:

«Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындайды» (Жақып 4:8). Құдаймен арамыз қаншалықты жақын болатыны өзімізге байланысты.

Өздерін мәсіхші санайтын көптеген адамдардың көзқарасы Гавай аралындағы бассейннің жанында кез болған әйелдікімен бірдей болатынына қайран қаламын. Олар үшін «Құдайды танып білу» көзі – аптасына бір рет Құдай туралы әңгіме айтатын бағушысы, әлеуметтік желілер, мадақтау әндері, достарымен арадағы болған әңгімелер. Өздерінің Құдайға ғана арналған, бөлек уақыттары жоқ.

Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 15 пен 25 жас аралығындағы адамдар аптасына орта есеппен 53.7 сағат уақытын смартфон, планшет, компьютер, теледидар экрандарының алдында өткізеді екен. Ал сол адамдар Құдайдың Сөзіне қанша уақытын бөледі? Бұл сұрақ жастарға ғана қатысты дей алмаймыз.

Өзімнің Киелі Кітабымды қырық жылдан астам уақыт бойы оқып келемін. Құдайдың Сөзін зерттеу әлі де сүйікті істерімнің бірі болып табылады. Құдайдың Сөзін оқитын кезде Киелі Рухтан Исаның Кім екенін, қандай екенін жаңаша ашып беруін сұраймын. Ұзақ жылдар бойы ерте тұрып, Киелі Кітапты оқимын, дұға етемін, Киелі Рухты тыңдаймын. Үйімнің жертөлесі болсын, қонақұйдің бөлмесі болсын, саябақ болсын, оңаша қалып, таңғы уақытымды Құдайыма арнаймын. Ізгі Хабарды бүкіл әлемге тек өз дарынына ғана сүйеніп таратқан, ал сол дарынды Берушіні танымай өткен адам болғым келмейді.


Құдай сізбен жақын да сырлас қарым-қатынаста болғысы келеді. Көктегі Әкеміздің сүйіспеншілігінде қорқыныш жоқ. Құдайдың сүйіспеншілігі қорқынышты жолатпайды. Қожайынының мейірімінен бейхабар қалған қызметші тәрізді болмайық. Үзбей мінәжат етейік, Құдайды қастерлеуді үйренейік. Құдаймен ғана өткізетін оңаша уақытыңыз болсын, Құдайдың табиғаты – Сүйіспеншілік екенін терең ұғыныңыз.

Құдай бізді адасып жүрген жерімізден тауып алды, Өзін танымай тұрғанымызда-ақ біз үшін жанын қиды. Құдай адамның мен арасындағы жабық тұрған есікті ашқан – Өзі. Құдай сізге жақ. Құдай сізбен сырлас достықты қалайды. Алайда, Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігінің тереңдігі сондай, Ол бізді Өзімен қарым-қатынаста болуға мәжбүрлемейді.

Сонымен, ұзаққа апармай, дәл қазір шешім қабылдаңыз! Шынайы өмірді таңдаңыз! Құдайды жақын танып білуге бел байлаңыз!

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Құдайдың мінезін білмеуден қорқыныш туындайды. Құдайдың болмысы жайлы қате ұғымыңыз Жаратқанның аманатын орындауыңызға және дарындарыңызды жүзеге асыруыңызға қалай ықпал етті?
2. Құдайға өзін толықтай арнап, Құдайдың Сөзін бұлжытпай орындайтын адам ғана Көктегі Әкемен шынайы қарым-қатынаста бола алады. Құдаймен арадағы қарым-қатынасыңызға кедергі болып жүрген істеріңіз не ойларыңыз бар ма?
3. Құдайдан қорқу мен Құдайды қастерлеудің арасында зор айырмашылық бар. Бұл айырмашылық неде? Құдайды жақын танып білу мәселесінде Құдайды қастерлеудің маңызы неліктен соншалық зор?



*«Мырзам, сіздің қатал адам екеніңізді білдім.
Жоғары талап қоясыз, еңбекке деген салғырт
көзқарасты ұнатпайсыз, олақ жұмысты, қателікті
кешірмейсіз. Сондықтан қорқып, күмісіңізді
жерге көміп тастаған едім. Мінеки, соныңыз»*

– Матай 25:24-25, орысшадан аударма

Молаю жолындағы кедергілер II

Енді жалқау қызметшінің сөзінің жалғасын қарастырайық. *«Сондықтан қорқып...» дейді қызметші. Яғни, қорқыныштың құрсауында қалған.* Маған *«The Message»* аудармасындағы үшінші қызметшінің сөзі ұнайды: *«Жоғары талап қоясыз, еңбекке деген салғырт көзқарасты ұнатпайсыз, олақ жұмысты, қателікті кешірмейсіз».*

Осы сөз есіме бір оқиғаны салды. Жас кезімде баскетболмен шұғылдандым. Турнирлерге де қатысқаным бар. Баскетбол ойынында қолымнан келетіні — үш ұпайлық аймақтан себетке доп тастау еді, сондықтан, шабуылдаушы қорғаушы болатынмын.

Жаттықтырушымыз барымызды салып, қарқынды ойнағанымызды қалайтын. Спортшыларды жігерлендіріп отыратын, қатемізді түзеткенде, сағымызды сындырмай, қолдау көрсете отырып түзететін еді. Сын айтса да, сыпайы айтатын. Бапкерімнің маған тілектес екенін білетінмін. Допты алаңның қай аймағынан лақтырсам да, себетке оңай түсіретінмін. Жаттықтырушының маған деген сенімі жігер беретін.

Кейін басқа командада ойнайтын болдым. Мұндағы бапкерім *«қатаң талап қоятын, қателікті кешірмейтін»* адам еді. Лақтырған добым себетке түспей қалса, үзіліс кезінде ол кісіден қатаң сөгіс еститін едім. Содан кейін қосалқы ойыншылардың

орнынан бір-ақ шығатынмын. Бұл бапкердің қарамағына кіргеннен кейін допты себетке түсіре алмайтын болдым. Алаңда жалғыз қалып, бапкерсіз жаттыққанымда, кез келген аймақтан лақтырған добым себетке дәл түсетін. Дарыным мен қабілетім сол қалпында, бірақ оны қолдана алмаймын.

Осы тараудың басында келтірілген аятты оқысаңыз, қызметшінің қожайыны жайындағы пікірі менің бапкерім жайлы пікіріммен бірдей екенін көресіз. Ал осы тұста зор айырмашылық бар: шын мәнінде, астарлы әңгімедегі қожайын менің екінші бапкеріме мүлде ұқсамайды.

Алдыңғы тарауда айтқанымыздай, Құдайды танып білуге арнайы уақыт бөлуге тиіспіз. Құдай жалқау қызметшінің ойындағыдан мүлде басқа. Құдай бізге тілектес, жақтас. Бізге сенеді. Жаратқан Иеміздің осындай екенін білмесек, қорқынышқа бой алдырып, дарындарымызды жерге көміп тастаймыз.

Енді жемістен құр алақан қалуға себеп болатын, мүлде басқа мәселені қарастырайық. Құдайды тани тұра, қорқынышын толық жеңбеген, тіпті, оған кейде бой алдыратын адамдар барын алдыңғы тарауда атап өттік. Мұның себептерін Құдайдың Сөзі түсіндіреді. Оларды осы тарауда егжей-тегжейлі талқылаймыз. Әуелі қорқыныш туралы даналардың дөп айтқан сөздерін келтірмекпін.

«Адам ажалдан емес, өмір сүруге кірісе алмай өтуден қорқуы тиіс».

– Марк Аврелий

«Жаңа нәрсені бастаудан ешқашан қорықпаңыз. Нұхтың кемесін әуесқойлар, Титаникті кәсіпқойлар жасады».

– Беймәлім автор

«Ең үлкен қателігіміз қате жасаймын ба деген қорқынышта өмір сүру».

– Джон К. Максвелл

«Адамның ашатын ең зор да тосын жаңалығы – қолымнан келмейді деп санаған істі істей алуы».

– Генри Форд

Қорқыныш-үрей атаулыға қарама-қарсы нәрсе – Құдайдың сүйіспеншілігі. Осынау даусыз ақиқаттан бастайық. Құдайды да, адамдарды да шартсыз сүйсек, қорқыныштың тамыры жұлынады. Жохан елші былай деп жазған еді:

«Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды» (1 Жохан. 4:18).

Осы ақиқат жайлы айтқанымда, Киелі Рухпен естен кетпес кездесуім ойыма оралады. Бұл Сан Диего қаласында болған оқиға, сол кездесуден кейін көп нәрсені түсінім. Мен уағыз айтқан жиналыс жаңа ғана аяқталған, қонақүйдегі бөлмеде жалғыз отырмын. Ұлдарымды қатты уайымдап, сол уайымды қайтсем жеңем деп отырғам. Қызметкерлердің қайғылы жағдайда мерт болған балалары туралы естігенім бар. Олардың ішінде электр тогынан, көлік апатынан, есірткіден ажал құшқандар, суға кетіп немесе басқа жағдайда өмірмен қоштасқандар бар. Жаңа ғана тағы бір қайғылы хабар келген еді, енді өз балаларымды ойлап, мазам кетіп отыр. Кенет жүрегіме «Балам, қорқыныш сезімі – көрсеткіш қана, әлдененің белгісі. Ол, бар болғаны, өміріңнің қай саласын Маған бағындырмағаныңды көрсетеді. Сол салада өзің иелік етіп жүрсің». Жүрегіме келген сөзге қайран қалдым. Уысымда сақтап қала алмайтын нәрсені ұстамақ болып жүргенімді түсіндім. Санамда жарқ еткен осы ойдан кейін:

– Әке, балаларым – менің меншігім емес. Сенің берген балаларың. Мені оларға қамқоршы етіп қана қойдың. Сондықтан, сұрайтыным, Сенің еркің қандай болса да, орындалсын. Ұлдарымды әлемнің басқа шетіне алып кеткің келеді ме, тіпті, Өзің қалаған уақытта аспанға әкетесің бе, мейлі, Сенің қалауың болсын. Жалғыз сұрайтыным, олардың жердегі өмірі Сенің еркіңе сай болсын, – деп бар дауысыммен жалбарындым.

Осыдан кейін:

– Шайтан, Исаның атымен, менің балаларыма жақындауыңа тыйым саламын! Бұл балалар – Құдайдыкі! Құдайдың меншігін ұрлауға, жоюға, зақымдауға саған тыйым саламын! – деп айғай салдым.

Жүрегім тыныштыққа толды. Осы мінәжаттан кейін төрт ұлымның ешқайсысын уайымдаған емеспін. Мазасыз ойлар санамның есігінен сығалай бастаса-ақ, «төрт баламның қамын Құдайыма тапсырғам, осы шешімімнен таймайын» деймін. Жүрегіме тыныштық келіп, мазасыз ойлар зым-зия жоғалады.

Қорқыныш – түрмедегі қатыгез, өктем күзетші іспетті. Ол опасыз, тұтқынның еркін толық билеп, өзіне мүлтіксіз бағындыруға тырысады. Қолына билік тисе, ойына алған ойранды салады. Құрбанын аяусыз қыспаққа алады. Үстемдігін жүргізгісі келеді. Қорқынышқа бой алдырсаңыз, Құдай берген жеке аманатыңызды орындай алмай қаласыз. Сізге айтар жақсы хабарым да бар: қоқынышты жеңе аламыз, тек қалай күресу керектігін білгеніміз жөн.

ДАРЫНЫҢЫЗҒА КӨҢІЛ БӨЛІҢІЗ

Киелі Кітапқа Пауыл елшінің «рухани ұлы» Тимотеге жолдаған екі хаты енді. Екеуінде де Тимотенің дарыны (*харизмасы*) ескерусіз қалып, іске аспай қалуынан сақтандырған. Осы тұста келесідей мәлімдеме жасағанымды дұрыс көремін: Тимоте Құдайға ұнамды өмір сүретін сенуші болған. Пауыл елші өзінің хаттарында оның талай сынға төзген берік мінезі мен шынайы сенімін мақтайды. Тимоте Құдайды танымағандықтан, қорқыныш құрсауында қалған адамдардың қатарына жатпайтыны анық. Тимотеге арнаған бірінші хатында Пауыл былай деген еді:

«Қауым жетекшілері сенің үстіңе қолдарын қойып бата берген кезде Құдайдың Рухы білдірген хабарымен саған сыйлаған рухани дарынын елемей жүрме!» (1 Тимоте. 4:14).

Осы аяттағы «елемеу» сөзі гректің «*амлёо*» деген сөзінен аударылған. Оның мағынасы «мән бермеу, жеңіл-желпі қарау». Басқа сөздікте бұл сөз «әлденеге назар аудармау, соның салдарынан оған мән бермеу, лайықты түрде көңіл бөлмеу, ойға алмау, назарға ілмеу» деп аударылады.

Тімотенің немесе кез келген басқа адамның Құдай берген дарынына көңіл бөлмеуінің, назар аудармауының, тіпті, дарынын ойламауының себебі неде болуы мүмкін? Оның бірнеше себебі бар. Бірі мынау:

*Дарынымыз біз күткендей әсер етпейді
немесе біз күткен нәтиже бермейді.*

Дарыныңызға сай әрекет еткеніңізде, жемісі ә дегеннен сіз күткендей бола қоймайды. Ондайда «байқап көрдім, болмады» деген ой келеді. 20 жасымнан бастап, 30-дан асқанымша, маған да осындай ойлар келетін. Сол ойға беріліп, бастаған ісімнен бас тартуға азғырылу жиі келетін. Лиза құрбысы екеуінің уағызымды тыңдап отырып, тәтті ұйқыға кеткені жайлы бұрынырақ жазған болатынмын. «Ең жақын адамдарымның өзі уағызымның ортасында ұйықтап қалса, менің айтқанымды кімнің тыңдағысы келеді?» деген ойда болдым.

Ұтылғаннан басқа жолым жоқ екеніне сендірмек болған бір жағдай есімде. Досым екеуіміз жексенбілік мектепте сабақ өткізетін едік. Досымның орындығы жоқ залда өтетін сабағына 200 адам келетін, ал мен өткізетін сабаққа 20 адам қатысатын еді. Бір рет сабаққа бір адам келгені де бар!

Дарыныма күмән келтіретін жағдайлар өмірімде өте көп болды, бәрін айта берудің қажеті болмас. Әлдебір нәтиже күтіп, оған қол жеткізбеуім, алдамшы үміттерім, күйреп тұрып сәтсіздікке ұшырауым – осының барлығына мән бере берсем, Құдайға қызмет етем деген арманымнан күдер үзіп, басқа жолға кетер едім. Жаратқан Иемнің аманатын орындаудан бас тартқан бақытсыз адамдардың қатарына мен де қосылар едім.

Құдай берген дарынымызға мән бермеуіміздің тағы бір себебі:

АЙТЫЛҒАН СЫН

Алғашқы қолжазбам бірінші баспада елеусіз қалып, екінші баспада сынға түскенде, кітабымнан редактор да, баспашылар да бас тартқанда, енді қайтып қолыма қалам алмаспын деген ойда болдым, әрине. Өз кітабымды өзім басып шығарғанымда, достарымның бірі жазушылық стилімді менсінбеген сыңаймен ескерту жасады. Жанымды түйреп кеткен сол сөзден кейін бөлмемнің еденінде жарты сағаттай қозғалмай жаттым. Екі көзімді төбеден алмай, мұңды ойларға берілдім. Табаны күректтей бір жылымды, қыруар ақшамды сол кітапқа жұмсап, қапы қалдым-ау деп өкініп жаттым. Сағым сынды. *«Бірінші редакторым, баспашылар, енді, міне, достарым да – бәрі де кітабымды сынға салды. Болды ғой, Джон! Көзіңді аш. Кітабыңның түкке жарамайтынын, өзіңнің ұтылғаныңды мойындаудан неге қашасың?»*

Осы ойларға бой алдырсам, редакторлардың, баспашылардың, достарымның пікіріне құлақ ассам, екінші кітабымды жазбайтын едім. Екінші туынымды мәсіхшілік колледжіндегі ұстазыма жібергенім есімде, ол кісі кітабымды қатаң сынға алғанда, тауым шағылғаны әлі есімде! Жазушылық жолға аяқ басқаным екі жарым жылдай болған еді, кітабымның екеуі де сынның астында қалды.

Жан-жақтан естілген сынға сеніп, жігерсіздікке бой алдырсам, жеңілгенімді мойындап, қаламгер болудан бас тартатын едім. Олай болғанда, *«Шайтанның тұзағы» атты үшінші кітабым жазылмайтын еді.*

Құдай берген дарындарымызды елеусіз қалдыруымыздың тағы бір себебі:

Сәтсіздіктен қорқатынымыз.

Әлдебір істі бастамай тұрып-ақ, сәтсіздікке ұшыраймын ба деген қорқынышқа бой алдырасыз да, сол ықтимал сәтсіздіктен өзіңізді қорғамақ болып, кіріскелі жүрген ісіңізден бас тартасыз! Сәтсіздіктен қорыққан адам: «Ақыры түк шықпайтын болса, бұл істі бастап қайтемін?» деп ойлайды. Осы қорқыныштың кесірінен

көптеген арман-мақсаттар жүзеге аспай қалды. Құдай берген дарындар жалқау қызметшінің қолына түскен ат басындай күміс тәрізді іске аспай қалғаны қандай өкінішті!

Досым Майлс Монро өзінің «Әлеуетіңді мейлінше арттыр» атты кітабында сәтсіздікке ұшыраудан қорқудың салдары жайлы жақсы жазған еді.

«Зират – жер бетіндегі ең бай, қазынаға толы орын. Мұнда жүзеге аспай қалған армандар, орындалмай қалған үміттер, жазылмай қалған кітаптар, айтылмаған әндер, ашылмай қалған жаңалықтар, жасалмай қалған жаңа дәрілер көмілген. Бұл – адамдардың алғашқы қадамды жасауға батылдығы жетпегеннен болған жағдай».

Майлспен келісе отырып, Құдай берген дарындарыңыздың іске аспай қалуына жол бермеңіз деп сізге қатаң ескертемін.

Тімотені бәріміз де сыйлаймыз, сондықтан, айтайын деп отырғаным сізді таң қалдыратын болса керек. Пауылдың хаттарынан Тімотенің жалқау қызметшінің жолымен жүруге бейім болғанын көреміз! Құдай берген дарыны толық ашылмай жүргенімен, Тімотенің онымен шаруасы жоқ еді. Құдайға шүкір, қамқор жүрек рухани әкесі оны осындай күйде қалдырмақ емес еді.

Пауыл елшінің «ұлына» жазған екінші хатында, рухани әке көп сөзді керек қылмай, осы мәселеден бастайды:

«Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан!» (2 Тімоте. 1:6).

«Ынтамен қолдан» деген сөз тіркесі гректің *«аназопурéo»* деген сөзінен аударылған. Бұл сөздің мағынасы – «отты қайта тұтату». «Грек-ағылшын сөздігі» аталмыш сөздің мағынасын «әлденені қайта бастау, жаңадан бастау» деп, толығырақ түсіндіреді. Тімотенің бойындағы Құдайдың дарыны іске аспай жүрген еді, оны қайта жандандыру керек болатын. Ал дарынның

ашылмай, іште бұғып жатуының себебі неде? Пауыл елші рухани ұлына жолдаған хатының келесі аятында былай дейді:

«Өйткені Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты дарытатын Киелі Рухын сыйлады» (2 Тимоте. 1:7).

Осы аяттағы «қорқыныш» деп аударылған гректің сөзі – «*деилиа*». Бұл сөздің ең дәл аудармасы – «*жасқаншақтық*». Пауылдың айтпағы мынау еді: «Тимоте, бойыңдағы Құдай берген дарын қорқыныш рухының кесірінен іске аспай жүр». Ал дәлірек айтар болсақ, «Тимоте, бойыңдағы Құдай берген дарын жасқаншақтық рухының кесірінен іске аспай жүр».

Бұл сөздің мағынасын былай деп түсіндірсек, дұрыс болады: «қорыққандықтан, әрекетсіз қалу». Және қаперімізде болатын ең басты нәрсе, жасқаншақтықтың негізі – арам рух. Яғни, жасқаншақтық – рухани күш. Олай болса, оған рухани деңгейде қарсы тұрғынымызда ғана, жеңе аламыз. Жасқаншақтықты түптамырымен жұлып тастаудың басқа жолы жоқ.

ЖАСҚАНШАҚТЫҒЫММЕН КҮРЕСКЕНІМ ЖАЙЛЫ

Бұл мәселемен жете таныспын, өйткені, жасқаншақтық рухымен көп жыл күрестім. Жасқаншақтық – өзіме тән мінезім деп ойлайтын едім. 1990 жылдардың басында орын алған бір оқиға бұл пікірімнің жаңсақ екенін анық көрсетті. Бір шағын қалада өткен көп күндік жиналыстарға қатысқан едім. Сол жиналыстардың төртеуінде ғана уағыз айтуым керек болатын. Алайда, Құдайдың кереметімен бұл жиналыстар үш аптаға созылып, бастапқыда жоспарланған аясынан шығып кетті. Күнде кешке жиналысқа келген адамдар қауымның ғимаратына сыймай жүрді. Көптеген адамдар құтқарылып, шипа алып, арам рухтардан азат болып жатты. Құдай берген дарыным – уағыз айту дарынының – құдіретті әсері көрінді. Керемет уақыт еді. 150 шақырым жерден келіп, жиналысқа қатысқан адамдар да болды. Күндіз, қауым ғимараты бос тұрғанда, жиналыс өтетін залға кір-

генімде, Құдайдың құзыры мен құдіреті сонда орнығып қалғандай көрінетін.

Алайда, соңғы аптаның бір кешінде жағдай күрт өзгерді. Бір күн бұрын мадақтау тобының жетекшілері мені сынға алыпты. Жиналыс басталарда қауым қызметкерлерінің бірі болған әңгімені егжей-тегжейлі айтып берді. Әлгілердің сөздері менмен болғанымен, маған ойлаған қастандығы жоқ. Алайда, сол сөздердің ойымнан шықпай-ақ қойғаны. Енді назарым алдағы жиналыста емес, кешегі уағызыма айтылған сында. Жиналыстар өтіп жатқан қауымның бағушысы әлгі қызметкерлердің айтқан уәжін қайтарып тастады; әдеттегідей, мінәжат еттік те, залға қарай беттедік.

Бұл кеш күндегіден өзгеше өтті. Уағызым жүрмей-ақ қойды. Қызметімді өткен екі аптадағыдай жақсы атқаруға барымды салдым. Бірақ көңілім алабұртып, ойым шашырай берді, қолыма микрофон ұстап, мінбеде тұрғым келмеді. Артқы есіктен шығып, қашып кеткім ғана келді! Жасөспірім кезімде, жоғары сыныпта оқып жүргенімде, сыныптастарымның алдында сөз сөйлеймін деп талай рет сәтсіздікке ұшырап, күлкі болғаным бар. Міне, өзімді дәл сол кездегідей сезініп тұрмын. Тура сондағы күйімді тағы кештім. Майлану да, Құдайдың құзыры да зымзия жоғалғандай. Жиналысты күндегіден ерте аяқтадым да, қонақүйге қайтып кеттім.

Шынымды айтсам, Құдайға ренжүлімін. *Құдай неге көмектеспеді? Не себепті өзімді сонша жалғыз сезініп, жетімсіредім? «Айтқан уағызым да, жиналыс та түкке тұрғысыз, бейшара кейіпте өткен бірдеңе болды. Ертең кешке бір адам да келмейді. Өзім де бармаймын» деп ойладым.*

Таңертең көңілім көтерілер деген үмітпен, жатып қалдым.

Ертеңіне көңіл күйім тіпті нашар болды. Еңсемді басқан жүк, жабырқау көңіл, ауыр сезімдер меңдеп ояндым. Дұға етейін деп едім, дұғам да жүрмеді. Мазам кете берді. Сол күні, бас-аяғы үш сағат мінәжат еттім. Алайда, масадай ызыңдаған мазасыз ойлардан арыла алмай-ақ қойдым. Сәтсіздік, ұтылыс, жеңіліс –

ойларымның тақырыбы осы. Еңсемді басқан жүк жеңілдегенше дұға еттім де, алдағы жиналысқа ойша дайындалдым.

Кешкі жиналыс басталды. Мадақтау кешегідей құрғақ өтті. Жиналысқа келген адамдарға берерім жоқ сияқты. Олармен бөлісер даналығым, айтар ақылым, ештеңем жоқ. Тағы да сол сезім, артқы есіктен қашып кетсем екен деген арман. Жүргізуші менің атымды атап, сахнаға шақырғаннан кейін, бірнеше минут бойы бірдеңелерді айтқан болдым. Ойым шашырап, ретке келмей қойды. Кенет біреудің «Не дедің? Не туралы айтып тұрсың өзің? Жұртқа мазақ болып тұрсың!» дегенін естігенді болдым. Құлағыма естілген дауыс емес, санама келген ой.

Бұған төзе берер жайым жоқ. Залда отырған 600 адмның алдында тұрған күйі, тосыннан былай дедім:

– Не болғанын білмеймін, кешеден бері бір түсініксіз күйде жүрмін. Орындарыңыздан тұрып, менімен бірге мінәжат ете ала-сыздар ма?

Бүкіл жиналыс дұға етіп тұрғанда, Құдайдан сөз келді. 24 сағаттан астам уақыттан бері Көктегі Әкемнің үнін бірінші рет естідім. Пауыл елшінің Тимотеге жазған екінші хаты, 2-ші тарау, 7-ші аятын есіме салды да, былай деді: «Балам, сахнада, сенің ту сыртыңда тұрған мадақтау тобының мүшелерінен қаймығып қалыпсың. Жасқаншақтық рухын талқанда да, Менің сөзімді уағызда».

Құдайдың айтқанын дәлме-дәл орындадым. Сол сәт жүрегіме Құдайдың Сөзіне негізделген батыл жолдау келді. 21 күнге созылған жиналыстардың ішіндегі ең жалындысы осы болды. Залдағы адамдардың жетпіс бес пайызы жасқаншақтықтан зардап шеккендерін мойындап, алға шықты. Сахнаның алды да, орындықтардың арасындағы адам жүретін жерлер де мінәжат етіп, азат болғысы келетін адамдарға толды.

Екі аптадан кейін қауымның бағушысы хабарласып, сол жиналыстың қаншалықты жемісті болғанын айтты. Мені сынға алған мадақтау тобының жетекшілері көпе-көрнеу күнә жасап жүр екен. Неке адалдығын бұзудан да, зинақорлықтан да, ішімдіктен

де безбейтін, барып тұрған күнәкарлар екен. Жиналыстан кейінгі екі аптаның ішінде осының барлығы әшкереленіп, бір әншіден басқасы қауымнан шығып кетіпті. Осыдан кейін мадақтаушылардың арасында ынтымақ-бірлік орнап, мадақтау қызметі жаңа сатыға көтеріле бастапты. Қауымдағы адамдардың өмірі мен қауымның қызметінде көптеген игі өзгерістер болған екен.

Сол жиналыстан кейін игі өзгерістер менің де өмірімде болды. Ұзақ жылдарға созылған депрессиямен күрес менің жеңісіммен аяқталды. Кейде Құдай берген дарынымды қолданудың орнына, қызметте өз күш-қабілетіме сүйенетінім бар еді, соны доғардым. Исаның шөл далада шайтанға Құдайдың Сөзімен қарсы тұрғанындай, біз де жасқаншақтық рухына тікелей қарсы тұруымыз керек екен. Мен үшін өте құнды білім осы болды. Иса Құдайдан шайтанның шабуылын тоқтатуды сұраған жоқ; Ол Өзі шайтанға тікелей үстемдік жүргізіп, кетуді бұйырды.

ИЛИЯСТЫҢ ОРНЫН БАСҚАН АДАМ

Патшалықтар туралы 3-ші жазбаның 17-ші тарауындағы 19-шы аятты оқып шығыңыз. Патшалықтар туралы 3-ші жазбада жасқаншақтық жайлы, менің хикаяма ұқсас хикая жазылған. Ол – Илияс пайғамбардың Исраил патшайымы Езабелмен қақтығысы жайындағы әңгіме.

Илияс пайғамбар Кармил тауында бүкіл Исраилге қасқая қарсы тұрды. Ол 850 жалған пайғамбарға, Ахаб патшаға, патшаның көптеген нөкерлеріне жалғыз өзі қарсы келді. Илиястың мінәжатына жауап келді, Құдай жиналған халықтың көз алдында кереметін жасады! Содан кейін Илияс тағы да дұға етті, сөйтіп, үш жарым жылға созылған қуаңшылықтың беті қайтты. Соңында пайғамбар патша күймесінен оза жүгірді, адам қабілетінен асатын жылдамдық та – Құдайдың кереметі еді! Осының бәрі – бір күнде болған кереметтер. Не деген ғажап күн, не деген тамаша қызмет!

Болған жайттар туралы хабар Езабелдің құлағына тиді. Нағыз шайқас сонда басталды:

«... Езабел Ілиясқа хабаршысын жіберіп мынаны айтқызды: “Егер мен ертең осы кезге дейін сенің күллі пайғамбарларға істегеніңді өз басыңа істемесем, мені тәңірлер жазалаған үстіне жазалай берсін!”» (3 Патшалық. 19:2).

Езабелдің қоқан-лоққысын сөз қылғаннан бұрын бір нәрсе айтайын: арам рухтар серфингшілер тәрізді, арнайы тақтайға мініп, суда сырғанау үшін, ондай спортшыға толқын керек. Сол сияқты, арам рухтардың әрекет етуі үшін адамның сөзі қажет.

«Ал бұдан былай қандай қару-жарақ саған қарсы жасалса да, сені құрта алмайтын болады. Өзіңді айыптағандардың сөздерін әшкерелеп, жоққа шығарасың. Жаратқан Иенің қызметшілері осы игіліктерді иеленетін болады. Оларды Өзім ақтап аламын», — деп нық айтады Жаратқан Ие» (Ишая 54:17). Өзімізді айыптағандардың айтқанын жоққа шығарып, үнін өшіруіміз керек, соған назар аударыңыз. Бұл – Құдайдың міндеті емес, біздің міндетіміз. Шөл даладағы сыннан өткенінде, Иса Құдайдан шайтанның аузын жабуын сұраған жоқ. Жау шабуылдағанда, біз де тойтарыс бере білуіміз керек.

Езабелдің сөзі арқылы жасқаншақтық рухы өте күшті әрекет еткен болса керек. Қатыгез патшайымның сөзін ести сала, пайғамбардың не істегенін қараңыз:

«Сонда Ілияс қатты қорқып, бас сауғалап қашып кетті» (3 Патшалық. 19:3).

Күні кеше бүкіл халыққа, жалған пайғамбарларға, патшаға жалғыз өзі қарсы тұрған адам, енді бас сауғалап қашып кетті. Яәула руының жерін кесіп өтті де, Бер-Шеба қаласына жетіп, сонда қызметші жігітін қалдырып кетті. Өзі елсіз далаға қарай тағы бір күндік жол жүріп, жалғыз тұрған арша бұтасының саясына келіп отырды. Ілияс өмірден түңіліп: «Уа, Жаратқан Ие, осы көргенім де жетер, жанымды ала гөр!» — деп мінәжат етті.

Жалғыз бұтаның саясында Құдайдан өлім тілеп отырған мына адам, расында да, кешегі батыл пайғамбар Ілияс па? Оған не

болды? Илиястың сасқан, түңілген, тауы шағылған, дәрменсіз күйге түскені анық, анық мақсаттан айырылып, бағыт-бағдарын жоғалтқан сыңайы бар. Жасқаншақтық рухының әсері осындай болады. Өкінішке орай, көптеген сенушілер осы арам рухтың өзіне тікелей қарсы тұрудың орнына, жасқаншақтықтың көріністерімен күресіп әуре.

Білместігімнен мен де ұзақ жылдар бойы мәселенің тұптамырымен емес, көзге көрініп тұрған жемістерімен алыстым. Арам рухты Құдайдың Өзі әшкерелеген сол бір кешке дейін осылай болды. Дарынымды іске асыра алмай, не болғанын да түсіне алмай қойған едім.

Илияс пайғамбарда жауға қарсы шығып, жеңіске жетер дәрмен болмады. Сондықтан Құдай пайғамбарды жолға аттандырды. Алыс жолдан шаршап ұйықтап кеткен Илиясқа Жаратқан Иенің періштесі келді. Хориб тауына барар ұзақ сапардың алдында Илиясқа тамақ ұсынды, сол тамақтың күшімен қырық күн, қырық түн жол жүріп, межелі жерге де жетті. Хориб тауына жеткенде:

«Сол жердегі бір үңгірге түнеуге кірді. Сонда Жаратқан Ие оған сөзін арнап:

— Илияс, сен мұнда не істеп жүрсің? — деді» (3 Патшалық. 19:9).

Не дейді? Тоқтай тұрыңыз! Құдайдың Өзі періштесін жіберіп, Илиясқа ұзақ жолда демеу болар ас бергізеді. Пайғамбар Құдайдың Өзі белгілеген жерге жеткенде, Құдай одан мұнда неге келгенін сұрайды. Жаратқанның жаңылысуы мүмкін бе?

Жоқ! Мынаны түсініп, ұғып алғанымыз жөн. Жасқаншақтың рухы бізге шабуыл жасағанда, мейірімді Құдай бізді қауіпті жерден алып шығады да, қызмет етуге бейтарап территорияға жібереді. Көктегі Әкеміз бізді сүйгендіктен солай істейді. Әлгі жиналыстар болып жатқанда сыртымнан қандай сөздер айтылып, қандай рухтар шабуылдап жүргенін білген жоқпын. Алайда, Илиястың да болып жатқаннан бейхабар болғанына сене алмаймын. Зұлым күштерге қалай төтеп беру керектігін білді,

бірақ қатыгез патшайымнан қорықты.

Құдайдың «сен мұнда не істеп жүрсің?» деген сұрағында қандай сыр жатқанын сұрамақ шығарсыз. Зұлымдықты бастаушы – Езабел екені анық, сондықтан Құдай Илиястың зұлым патшайымға неге қарсы тұрмағанын сұрады. Оған төтеп берудің орнына, Илияс бас сауғалағанды жөн көрді.

Құдайдың сұрағын жақсы түсініп тұрса да, Илияс әңгімені басқа жаққа бұрып, тақырыпты ауыстырды да, Жаратқан Иеге шынайы қызмет етіп жүрген жалғыз пайғамбар екенін айтып, шағымдана бастады. Адамдардың мұңын шаққысы келгенде айтатын, әдеттегі жыламсыраған әңгімесіне салды:

«Уа, Жаратқан Ие, Әлемді Билеуші Құдай! Мен Саған бар ынтаммен қызмет етуге құлшындым. Өйткені Исраил халқы Өзіңмен жасасқан Келісімнен бас тартқан. Олар Саған арналған құрбандық үстелдерін қиратып, Сенің пайғамбарларыңды семсермен өлтірді. Жалғыз өзім ғана қалдым, олар енді менің жанымды да алмақшы» (3 Патшалық. 19:10).

Құдай бұл сөзді естімеген болып, әлгі сұрағын тағы қайталады: «Илияс, сен мұнда не істеп жүрсің?» (3 Патшалық. 19:13). Илияс жыламсыраған әңгімесін тағы қайталады (14 аятты қараңыз). Пайғамбар күрестен бас тартқан еді. Көзге көрініп тұрған жамандықтың түптамыры болып табылатын зұлымдықпен шайқасқысы келмеді.

Құдай Илиястың мұңға толы әңгімесін тағы елеусіз қалдырды да, тосын тапсырма берді:

«Келген жолыңмен кері қайтып, Дамаск жақтағы иен далаға бар! Сол жерге жеткен соң Хазаилді май жағу рәсімінен өткізіп Араманың патшасы етіп тағайында. Сондай-ақ, Нимши ұлы Ехүді — Исраилдің патшасы, ал Әбел-Мехоладан шыққан Шапат ұлы Елішені өзіңнің орныңа пайғамбар етіп тағайында» (3 Патшалық. 19:15-16).

Құдайдың «өзіңнің орныңа пайғамбар етіп тағайында»

деген сөзіне назар аудардыңыз ба? Құдай Ілияс пайғамбардың орнына басқа адамды тағайындымақ, оның себебі – Ілияс жасқаншақтыққа бой алдырып, одан жеңілді. Әрі қарай оқысаңыз, Патшалықтар туралы 4-ші жазбадан Ілияс пайғамбардың төрт жыл бойы өзінің орнын басатын адамды қызметке дайындағанын көресіз. Және, оқырманды қайран қалдыратын жайт, Ілияс пайғамбар Хазаилді де, Ехуді де патшалыққа майлаған жоқ. Құдайдың бұл тапсырмасын Ілиястың орнын басқан адам, Еліше пайғамбар орындады.

Еліше ешкімнің де өзін қорқытып, жасытып тастауына жол берген емес. Ол батылдық танытты, зұлымдықтан тайсалған жоқ, жауларына қасқая қарсы тұрды. Еліше туралы Құдай былай дейді:

«Кім Хазаилдің семсерінен қашып құтылса, Еху соның көзін құртады, ал кім Ехудің семсерінен қашып құтылса, Еліше соның көзін құртады» (3 Патшалық. 19:17). Еху мен Еліше Ахаб пен Езабелдің жауыз үрім-бұтағының көзін құртты. Бастапқыда бұл іс Ілиясқа тапсырылып, кейін Ілиястың жасқаншақтығына бола, тапсырма Елішеге ауысты деп ойлаймын.


Ілияс пайғамбар жалқау қызметшідей емес, Құдайдың мінезін білетін еді. Дегенмен, жасық мінездің, қорқыныш пен жасқаншақтықтың дарынымызға және Құдайдың өзімізге берген аманатын орындауымызға қалайша зиянын тигізе алатынын Ілиястың мысалынан анық көрдік.

Ең бастысы – қорқыныш пен жасқаншақтыққа бой алдырмау, жасық мінез танытпау. Өзімізге қарсы тұратын рухани күштерге кез болғанымызда, Құдайдан қолдау табатынымыз сөзсіз. Дұшпанды жеңу әбден мүмкін, ол үшін Құдайдың Сөзін семсер қылып, үделерін сауыт етіп, тайсалмай, тіке шабуылға шығуымыз керек.

Тағы да қайталаймын, біздің жақтасымыз әрі қолдаушымыз – Құдайдың Өзі. Ол сізге сенеді. Өзіңізге берген дарындарын қолданып, жетістікке жете бергеніңізді қалайды. Қайтпаңыз да шегінбеңіз. Ешкімнің де, ештеңенің де миссияңызды орындап шығуыңызға бөгет болуына жол бермеңіз.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Қорқыныш көптеген адамның арманын ұрлады. Қорқыныш опасыз, адамға үстемдігін жүргізгісі келеді. Қорқынышқа бой алдырсаңыз, Құдай берген жеке аманатыңызды орындай алмай қаласыз. Құдайдың тапсырмасын орындауыңызға қорқыныштың кедергі болғанын есіңізге түсіре аласыз ба? Сол жайлы айтып беріңіз.
2. Тимоте дарынын елеусіз қалдырмау жайында ескеру алды. Дарыныңызға мән бермей жүре бергеніңіз не себепті қауіпті? Осы тарауда келтірілген мысалдардан адамның өз дарынын елемейінің қай себебі сізге таныс? Неліктен?
3. Жасқаншақтық – арам рух. Осы рухпен кездесіп пе едіңіз? Ол қалай болды? Бұл рухты қалай жеңе аламыз?



*«Өздеріңнің кім екендеріңді және сендерге
қандай жұмыс тапсырылғанын мұқият
зерттеңдер, содан кейін сол жұмысқа білек
сыбана кірісіңдер... Өйткені әр адам өз міндетін
атқаруға тиіс»*

– Ғалат. 6:4-5, орысшадан аударма

Дарындарыңызды ашып, жетілдіріңіз

Енді Құдай берген дарындарыңызды ашып, жетілдірудің жолдарын қарастырайық. Табиғи қабілеттерді жетілдіру жайлы сөз болмайтынын жоғарыда айтқан болатынмын. Әлдебір салаға зейін қойып, білім жинасаңыз, қайсыбір спорт не жұмысты жалықпай үйренсеңіз, ысылып, сол салада білікті маман болып шығасыз.

Сөз ән айту жөнінде болса, бұл ойымды туыстарым жоққа шығаратын болар. Сондықтан өз өмірімнен мысал келтірейін. Музыкалық аспапта ойнауды бар ынтамды салып үйренер болсам, 10 000 сағат жаттығудан кейін сорақы музыканттан орташа музыкантқа айналар едім. Уақытым мен күшімді салуымның арқасында мен ойнаған саз құлаққа жағымды естілетін болар. Дегенмен, осыншама еңбектен кейін де, маған Құдайдың Патшалығын орнату ісінде жемісті болуыма септігін тигізетін музыкалық харизма келіп қонбайды. Немесе дағдыларым мен білімім харизмаға айналып кетпейді.

ҚҰДАЙДЫҢ ҚАТЫСУЫ

Осы тараудың бірінші бөлімінде Пауыл елшінің: *«Өздеріңнің кім екендеріңді және сендерге қандай жұмыс тапсырылғанын мұқият зерттеңдер»* деген сөзіне сүйенеміз. Құдайдың сізге

қандай тапсырма бергенін және сол тапсырманы орындай алуыңыз үшін сізді қандай дарындармен жарақтағанын білудің нақты формуласы жоқ. Қандай іске икеміңіз бар екенін анықтауға септігін тигізетін түрлі материалдар бар, әрине. Алайда, мәңгілікке қатысы бар істерге келгенімізде, Құдайдың бізге берген аманаты мен харизмамызды білуімізде Жаратқан Иеміздің көмегіне сүйенгеніміз жөн.

Дарынымыздың ашылуына Құдайдың Өзі тікелей араласатын болса, оны байқап, түсіну еш қиындық туғызбайды. Жаратқан Ием маған сөзін арнап, кітап жазуға тапсырма бергенінде солай болған еді. 1991 жылдың жазындағы сол бір күні мінәжат етіп отырып, Киелі Рухтың үнін естімегенімде, кітап жазу үш ұйықтасам, түсіме кірмес еді. Оқып шыққан бірде-бір кітабым, тыңдаған оқу курстарымның бірде-бірі қолыма қалам ұстата алмайтын еді. Кітап жазуға кездейсоқ кірісіп кетуім, тіпті, мүмкін емес. Тағы бір мысал, Дәуіт бағып жүрген қойын арыстан мен аюдан қорғамаса, өзінің батырлығы мен білегінің күші қандай екенін біле алмайтын еді. Дәуіттің өміріндегі осы оқиғалардан кейін, көп кешікпей, Дәуіттің дарынына сай мұқтаждық туды, Исраил халқын філістілерден қорғайтын адам қажет болды. Жыртқыш аңдармен арпалысып, оларды жеңіп шығу Дәуіт үшін бүкіл Исраил қолының зәресін ұшырған Ғолиятпен жекпе-жекке дайындық, алдағы жеңіске жетер жолдағы баспалдақ еді. Дәуіттің дарындары өзі көріп тұрған мәселелерді шешіп, мұқтаждықтарды қанағаттандыру арқылы ашылды.

Ал Гедееоның жолы менікіне ұқсас болды. Өзін қолбасшы етіп тағайындағанына сендіру үшін Құдайдың Гедееонға бірнеше рет керемет белгі беруіне тура келді.

Ең әуелі не істеуіміз керек, содан бастайық. Құдайдан харизмаңызды ашуын сұрап, дұға еткеніміз өте маңызды. Сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға келген әркім Оның бар екеніне сенуге тиіс және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың молынан жарылқайтынын ұмытпағанымыз жөн (Евр. 11:6 қараңыз). Құдай Өзінің алдына

күмәнмен келіп, салғырт қана сұраған болып жүргендерді жарылқайды деп жазылмаған. Иса былай дейді:

«Құдайдан сұраңдар, сонда ол сендерге (мұқтаждарыңды) береді; іздеңдер, сонда табасыңдар; есікті қағыңдар, сонда ол сендерге ашылады. Себебі сұрай берген әркім алады, іздей берген табады, қағып тұрғанға есік ашылады» (Матай 7:7-8).

Қай салада харизмамыз бар екенін білуге деген құштарлық керек. Осы кітабым дарыныңызды ашып, іске асыруға деген құлшыныс туғызады деген үміттемін. Осынау зор құлшынысыңыз селқос қана сұрай салуыңызға, немкетті іздеуіңізге, есікті бірекі қағып, қоя салуыңызға жол бермейді; Исаның жоғарыда келтірілген сөзіндегідей, табанды боласыз. Мәселе Құдайдың сізден әлденені жасырып жүргенінде емес. Құдай сұрап жүрген нәрсеңізге ынта-ықыласыңызбен ұмтылғаныңызды күтеді.

Жоғары сыныпта оқып жүргенімде, көкейімдегі арманым – телескоп болатын. Астрономияға әуес болатынмын, түнгі аспанды телескоппен зерттеуді армандайты едім. Жақсы телескопқа қаражатым жеткіліксіз. Алайда, астрономия тақырыбындағы кітаптар мен журналдарды үзбей оқимын. Кітапханаға барған сайын, төрт-бес кітап-журнал аламын да, бос уақытымда түгін қалдырмай оқып шығамын, кейде бірнеше қайталап оқимын. Содан кейін кітапханаға тағы барып, басқа кітаптарды аламын. Оқыған әрбір кітабым мен журналым телескопқа қол жеткізсем деген арманымды бұрынғыдан бетер жандандыра түседі.

Ақыры, сол арманым телескопқа жетерліктей ақша жинау жолын іздеп табуыма түрткі болды. Жазғы каникулда теннис ойнауды үйрететін инструктор болып жұмыс істейтінмін. Біздің клубта бұрын-соңды ешкімнің ойына келмеген істі бастадым. Клуб кеңесінің рұқсатымен күз мезгілінде де мектептен кейінгі бос уақытымда теннистен жеке сабақ беретін болдым. Жоспарым ойдағыдай жүзеге асса, телескоп алуға жетерлік ақша жинай аламын. Бәрі ойдағыдай болды да! Осынша армандап қолым жеткен телескоп мен үшін аса қымбат дүние болды. Арманым

шарықтау шегіне жетіп, қалауым құлшынысқа айналмай тұрғанда, біреу маған телескопты сыйлаған болса, біраздан кейін қуанышым басылып, телескопқа деген қызығушылығым сөне бастайтын еді.

Құдай мінәжатыңызды естімейді деп ойлап қалмаңыз. Шындығында, Жаратқан Иеміз бізден ештеңесін жасырмайды да, аямайды. Құдайдың халқына қызмет ету үшін берілген дарындарыңызды қадір тұтқаныңызды, әлдебір құнсыз нәрседей көрмеуіңізді қалайды. Арманыңызға ұмтылғанда жолда кездескен кедергі-бөгеттерден құлшынысыңыз басым болуы керек. Сондықтан, ынта-ықыласыңыз арта берсін, *харизмаңызды ашып, іске асыруға деген құлшынысыңыз күшейе түссін.*

Тағы бір жайтты қаперімізде ұстағанымыз жөн. Құдайдан келетін жауаптар бірыңғай, бір үлгідегі, бірсарынды нәрсе емес. Әрбір перзентіне, түрлі жағдайларда әртүрлі жауап беруі мүмкін. Исамен жеке қарым-қатынас туралы айтып келіп, нақты сұрағымызға жауап қажет болғанда, мысалы дарынымызды білу мәселесінде, формула іздей бастаймыз. Осыған таңырқаймын. Бұл сұрақтың жауабын Құдай жеке қарым-қатынас аясында қалдырғанды жөн көреді. Тек Құдай мен өзіңіздің араңыздағы сырластық деңгейінде болғанын қалайды. Көктегі Әкеміз сүйікті перзенттерінің барлығына бір үлгімен жауап береді деп ойлай көрмеңіз. Исаның бізге сұрай беріңдер, іздей беріңдер, есікті қаға беріңдер деп нұсқау беруінің себебі де – осы. Құдайдың еркін «іздеу» деген нәрсе бар, рухани өсіп-жетілуіміз үшін өте пайдалы нәрсе.

Өзімізге де, басқаларға да сұрақ қоя білгеніміз дұрыс. Сұрақ қою – іздеу мен ізденудің бір бөлігі. Адами даналықты іздемейміз, дегенмен, Құдайдың бізге басқа адамдар арқылы айтқысы келетінін естуге ұмтыламыз.

Кіммен сөйлесуіміз керек екенін білгеніміз де маңызды. Бізге тілектес бола тұра, шындықтан бұлтармайтын адамдарды тапқанымыз жөн. Ондай адамдар көп дегім-ақ келеді, бірақ, өкінішке орай, ондайлар сирек кездеседі. Қашанда құлағыма жағатынды айтатын адамдарым бар. Енді біреулерде арман-мақсат жоқ, олар қай нәрсеге болса да, күмән-күдікпен қарайды,

сыни көзқарас пен неден болса да, мін іздеу – қанына сіңіп кеткен әдеттері. Осы екі санаттағы адамдардан аулақ болыңыз. Сенім жолына сізден бұрын түскен, көп қателік жасап, онысынан тәжірибе жинаған дана адамды тауып, өзіңізге рухани әке немесе рухани ана етіп алыңыз.

Басқаларға деген күдік немесе менсінбеушілік, көбінесе, жүрегі өкпе-ызаға уланған адамдарға тән. Сондықтан, ештеңеге шімірікпейтін, өмірге деген көзқарасы немқұрайлы, суық адамдарға, сонымен қатар, рухани өмірі біркелкі діншіл іс-әрекеттердің төңірегінде тоқырап қалған адамдарға жүрегіңізді ашпаңыз. Сырлас адамыңыз кешірімді, Киелі Рухтың жетелеуімен жүретін, үнемі рухани ізденістегі адам болсын. Ең бастысы, ол адам өмірін мәңгілік тұрғысынан қарастыратын болсын. Осындай адамды тапқаныңызда, ол кісімен сыйластықта болып, қарым-қатынасыңызды үзбеуге күш салыңыз.

Көптеген адамдар осыдүниелік даналыққа ие. Алайда, олардың көбісі өмірді мәңгілік тұрғысынан қарастырмайды. Тіпті, бүгінгі іс-әрекетінің ертеңгі күніне қалай ықпал ететінін де ескермейтіндер бар. Ақылды деп саналатын адамдардың кеңесін сол күйінде қабылдаудың қажеті жоқ. Оларды тыңдағаныңызда, сақ болыңыз, сөздерін, ақыл-кеңестерін Құдай Сөзінің сүзгісінен, мінәжаттың елегінен өткізіңіз.

Ата-анаңыздың, жұбайыңыздың, бағушыңыздың сізге тілейтіні – тек жақсылық. Ол кісілердің ақыл-кеңесі, көбінесе, дұрыс болып шығады. Дегенмен, қателесуі де мүмкін. Жас кезімде әкеме Құдайға қызмет еткім келетінін айтқан едім. Әкем – бәрінен бұрын «тұрақтылықты» бағалайтын буынның өкілі (Құдайға сеніп, өмір сүрем деген адамға мұндай көзқарас зиянды). «Балам, ондай өмірде тұрақтылық жоқ» деді әкем. Ол кісі 40 жыл бойы инженер болған адам. Ал менің математикадан және дәл ғылымдардан үлгерімім жақсы болатын. Сондықтан әкем инженер болғанымды дұрыс көрді. Бұл мамандықтың иесіне берері – тұрақты табыс, орнықты өмір. Осы жолды таңдадым. Университет қабырғасындағы алты жыл азапқа өз еркіммен келісетінімді

ол кезде білген жоқпын! Техникалық пәндерге қабілетім жақсы болғанымен, өзімді бақытсыз сезіндім. Оның себебі – Құдайдың өзіме белгілеген жолында емес едім.

Инженер мамандығын алғаннан кейін Ай-Би-Эм компаниясына жұмысқа тұрдым. Бірде бастығым мені кабинетіне шақырып алды да:

– Бивер, инженерлік салада неғып жүрсің? Сен көпшіл адамсың, көпшіліктің арасында аралас-құралас жүруің керек, – деді.

Атақты қызметкерлердің мені шетке алып шығып:

– Балам, Құдай сені Ізгі Хабар таратуға шақырғанын анық көріп тұрмын, — деп айтқан кездері де аз болған жоқ.

Жеке мінәжат еткенімде, Құдай жүрегіме қызмет ету жайлы ойларды үнемі салатын. Алайда, қызмет етуге тарыдай да қалауым жоқ. Өзім білетін қызметкерлердің барлығы әпенділеу адамдар еді. Дегенмен, жүрегім сонда да Жаратқан Иенің Рухына сезімтал болатын. Құтқарылмай тұрғанымда, бір апта католик семинариясына барып, тәлімін тыңдағаным бар. Сонда Құдайға қызмет етуге деген ықылас пайда болды. Бірақ, католик дін қызметкері болсам, өмірім некесіз өтетін еді, ондайға бара алмадым.

Құдайға қызмет етуге жаралған адам екенімді растайтын белгілер жан-жақтан келе берді. Ақыры, әкемнің кеңесінен бас тартуға бел будым. Әкемді өте қатты сыйлайтынмын, мұным, әрине, Құдайға ұнамды мінез. Дегенмен, университетте оқып жүргенімде де, инженер болып жұмыс істеп жүргенімде де дұрыс бағыттан адасқанымды анық сезетін едім. Үзбей мінәжат етіп, Құдайдың еркін іздеуімнің арқасында, Жаратқан Ием адаса беруіме жол бермеді (Әкемнің маған тек жақсылық тілейтінін білемін, бірақ ол кісінің кеңесімен жүріп, адасқаным белгілі болды). Құдай өміріме деген Өзінің еркін анық көрсетті.

Құдайдың өзіме берген аманаты бар екеніне, қызмет етуге тиіс екеніме бір жарым жылға созылған үздіксіз ізденістен кейін көзім жетті. Сол кезде жүрегімде Құдайға қызмет етуге деген ыстық ықылас та пайда болды. Бұл ықыласым бір жарым жыл бойы пісіп-жетілуде еді. Инженер дипломын алуыма бір жарым

семестр қалған болатын. Оқуымды бітіре салып, қызметке кіріспек болып шештім. Оқуымды жарты жолда тастамай, бітіріп шыққаным дұрыс болды, өйткені, сол кезеңде өмірлік тәжірибе жинап, біраз нәрсе үйрендім. Бізге даналығын беру үшін Құдай нені болса да, қолдана алады!

Бойыңызда бұғып жатқан дарыныңыздың ашылып, іске асуына қажет тағы бір нәрсе – салауатты қауым. Құдайдың Сөзі былай дейді:

«Жаратқанның үйінде ол тамыр жаяды, Құдайымыздың ауласында құлпырады» (Забур. 91:14).

Бидай егіп, асқабақ алмайсыз. Ақиқат ілімді ұстанатын, салауатты жергілікті қауым құнарлы топырақ іспетті. Қауымыңызға, қауымдағы қызметіңізге адал болсаңыз, дарындарыңыз көрініп, іске аса бастайды. Құдай сізге бизнес, білім беру, мемлекеттік басқару, спорт, денсаулық сақтау саласында немесе тағы басқа салада қызмет етуді тапсырған болса да, өсіп-өніп өркендейсіз. Құдайдың еркі – сол.

ӨЗІҢІЗГЕ ЖӘНЕ ДАНА ДОСТАРЫҢЫЗҒА ҚОЮҒА БОЛАТЫН СҰРАҚТАР

Енді өзімізге және Құдайдың даналығы қонған достарымызға қандай сұрақ қойғанымыз дұрыс, соны қарастырайық. Осы сұрақтардың жауабы өзіңізге берілген Құдайдың аманаты қандай екенін түсінуіңізге көмектеседі. Сондай сұрақтардың бірнешеуін келтірмекпін.

Қай іске икеміңіз бар?

Осы сұрақтың жауабы жақсы бағыт беруі ықтимал. Бәлкім, дарыныңыз – есеп-қисап, көркем сөз құрау, құрылыс, бейнебаян түсіру, киім үлгілерін жасау немесе іс-шаралар ұйымдастыру болар. Спортқа деген табиғи қабілетіңіз, әр нәрсенің егжей-тегжейін көре алатын көрегендігіңіз, асқан иісшілдігіңіз, тағы

басқа қабілеттеріңіз болуы мүмкін. Қабілеттеріңіз қандай болса да, анықтауға күш салыңыз.

Музыкалық дарыныңыз бар болса, басқа адамдарды Құдайды мадақтауға жетелеуді қалайтын болсаңыз, бұл мадақтау тобында немесе музыка саласында басқаша қызмет етуге шақырылған адам екеніңіздің белгісі болуы мүмкін. Сол сияқты, сізге адам ағзасының құрылысы мен медицина қызық болса, денсаулық сақтау саласына шақырылған адам болуыңыз мүмкін. Осы тәрізді жағдайларды тізіп айта беруге болады.

Алайда, осы тәрізді болжамдармен шектелуге болмайды. Жас кезімде теннисті өте жақсы ойнағам. Теннис ойнауды Студенттік спорттың Ұлттық ассоциациясындағы I Дивизияның құрамына кіретін командада бастадым. Америка Құрама Штаттарының теннис ассоциациясы ұйымдастырған жарыстарға, Жастар арасындағы Дэвис Кубогына қатыстым. Жоғарыда айтқанымдай, үш жыл бойы кәсіпқой теннис жаттықтырушысы болып жұмыс істедім. Жоғары сынып оқушыларының арасында өткен Батыс Вирджиния штатының турнирінде жеңіп шықтым. Алайда, мінәжат еткен кезімде, кәсіби теннис менің болашағым емес екенін білетінмін.

Арон Бэддели деген досым бар. Ол – «PGA тур» жарысына қатысатын біртуар гольф ойыншысы. 2004 жылы, «PGA тур»-ға екінші рет қатысқанында, бірқатар қиындықтардың салдарынан ойыны нашар болды (ойыншылар тізіміндегі 124 орынға түсіп кетіп, жарысқа 2005 жылы ғана қайта қатыса алды). Досыма ауыр тиген сол бір жылдың соңында біздің қаламызда өткен жарысқа келіп қатысқан еді, өкінішке орай, ол жарыстан да орта жолда шығып қалды. Арон біздің үйге тоқтаған болатын. Екеуіміз Лас Вегаста өтетін конференцияға ұшып кеттік. Конференцияда уағыз айтуым керек болатын. Сол жиналыста Құдай Аронның жүрегіне төрт рет сөйлепті. «Сені толық қызметке шақырған жоқпын; гольф ойнауға шақырдым» деген сөз жүрегіне төрт рет келген екен.

Арон мен сияқты қызмет етуді армандайтын, сондықтан, гольф ойнауға бар күшін салғысы келмейді. Уақытының жартысын конференциялар мен қауымдарды аралап, уағыз

айтуға, қалған уақытын гольф ойнауға жұмсағысы келетін. Сол күні Арон бойындағы дарынын жетілдіріп, Құдайдың өзіне берген тапсырмасын орындауға бар күшін салатын болып, бел буды. Бір-екі жылдың ішінде гольф ойыншыларының әлемдік тізімінде 16-шы орынға шықты. Кейін «PGA тур»-дың төрт жарысында және Австралияның «PGA тур»-ында төрт рет жеңімпаз атанды. Содан бері өткен 15 жылдың ішінде көптеген турнирлерге қатысты, әлі де ойнап келеді. Аронның ықпалы едәуір артты. Енді ол қауымға ешқашан бармайтын талай адамға Ізгі Хабар айту мүмкіндігіне ие болды. Арон қызметін адал атқарып жүр.

Бағушы қызметін атқарып жүрген достарымның бірінің есімі – Ал. Бірнеше жыл бұрын Алдың қауымында Киелі Кітаптан тәлім беруді аса ұнататын және бұл іс қолынан келетін бір адам болыпты. Ол кісінің қауымда тәлімгер болып жұмыс істегісі келеді екен. Оның тағы бір дарыны – көлік жөндеу. Бұл кісіні басқа бір ірі қауым тәлімгер етіп жұмысқа алмақ болады. Ол Ал бағушыны түскі асқа шақырып, осы жаңалығын айтады. Ал оған былай деп жауап береді:

– Сен үшін мінәжат еттім. Тәлімгер болып толық қызметке кіргенің Құдайдың еркі деп ойламаймын. Сенің бірегей дарының – көлік жөндеу.

Ол кісі бағушының кеңесіне құлақ аспай, басқа қауымға кетті.

Бір жылдың ішінде жағдайы нашарлап кетті. Барған қауымы оны тәлімгер лауазымына ресми түрде алмады, әйелімен арадағы кикілжіңі көбейе берді, қаржылық жағдайы да қиын. Жесенбілік жиналыстардың бірінде Құдай оған «Сені тәлімгер болып, толық қызмет етуге шақырған жоқпын. Өзінің жергілікті қауымында тәлім беретін көлік жөндеуші болуға шақырдым» депті.

Ол Ал бағушыға жолығып, ақылын тыңдамағанына өкінетінін айтып, тәубе етіпті. Өзінің қауымына қайта оралып, сүйікті жұмысы – көлік жөндеуге қайта кіріскен екен.

Бірде Құдай түсінде аян береді. Түсінде машинаны компьютерге қосып, қозғалтқыштың ақауын табуға болатынын көріпті. Ол кісінің компьютердің тілін білетін досы бар екен. Екеуі

компьютерлік диагностика құралын жасапты. Жаңа құрал жұмысты әдеттегі тестілеу әдістерінен төрт есе жылдам орындайтын болып шығады. Біраздан кейін бұл кісі бүкіл Солтүстік Каролина штаты бойынша жаңа құралмен жабдықталған шеберханалар ашады. Ал бағушыға жолығып,

– Көлік жөндеуге жаралғаным рас! – депті.

Неден жігер аласыз?

Бірде көмекшім істеп жүрген жұмыстарымның қайсысынан қаншалықты жігер алатынымды бағалауымды сұрады. Яғни, бір аптаның ішінде істейтін жұмыстарымның тізімін жасауым керек, сосын әрқайсысының жанына баға қоямын: көп күш салуымды талап ететін, шаршататын жұмыстар -2 деген баға алады; одан азырақ күш жұмсайтын жұмыстарым -1; көңілімді көтеріп, жігер беретін жұмыстарым +1; өзімді шабыттандыратын жұмыстар +2 деген баға алады.

Бөлім меңгерушілерімен кездесу, ұшақпен ұшу, құжаттармен жұмыс жасау, жолға жиналу сияқты -1 мен -2 деген баға алған біраз жұмыстар болды. Кейбір міндеттерімді +1 деп бағаладым, +2 деген баға алған екі-ақ міндетім барекен, олар – уағыз айту мен кітап жазу. Мұндай нәтиже шыққанына өзім таң қалдым.

Осы жайында ойланып жүргенімде, түсінгенім, кітап жазып отырғанымда, уақыттың өткенін байқамайды екенмін. Кейде жұмысқа таңертең ерте кірісемін де, түс мезгілі болғанын білмей қаламын. Бір жағынан ұзақ уақыт шұқшиып жазып отырғаннан шаршасам, екінші жағынан шабытым келіп, жігерленем.

Уағыз айтқанымда да солай болады. Бұрынырақта уағыз уақытын шектемейтінбіз, сонда екі сағат бойы сөйлейтінмін. Өзіме отыз-ақ минут өткендей көрінетін. Бірақ тыңдаушыларымның не ойлап отырғанын білмейтін едім!

Шығармашылық дарыны бар ұлымыз Алек жаңашыл жобаларды жасағанда, уақыттың өткенін байқамай қалатынын көріп жүрмін. Алек миссиямыздың шығармашылық бөлімінде жұмыс істеп жүріп, едәуір жетістіктерге жетті. Лиза әйелдер

жиналысын өткізгеннен кейін, әйелдермен бірнеше сағат бойы сөйлескенде, уақыттың өткенін байқамайтынын көріп жүрмін. Әйелдерге қолдау көрсету Лизаның өзін жігерлендіретіні анық.

Альберт Эйнштейн бас алмай жұмыс істейтін. Қатты шаршағанында темір ыдысты қолына алып, орындыққа отырады екен. Ұйқыға кеткен сәтінде қолындағы ыдысы салдырлап жерге домалайды да, ғалымды оятып жібереді. Сонда ол жұмысқа қайта кіріседі екен.

Құдайдың өзіңізге берген тапсырмасын анықтаудың оңай жолдарының бірі – мынау: ұзақ жұмыстан шаршасаңыз да, шынайы дарыныңыздың іске асуы шабыт пен жігер сыйлайды. Өз дарынын тапқан адамға ұзақ уақытқа созылған жаттығу, жарыс немесе жұмыс бірнеше сәттей көрінеді. Олай болса, өзіңізден-өзіңіз «шабыт сыйлап, уақыт өткенін байқамай қалуыма себеп болатын қандай істер?» деп сұраңыз.

Осы сауалға берген жауабыңыз – дарыныңыздың жақсы көрсеткіші.

Назарыңыз неге ауады?

Қай салаға қызығушылығыңыз бар? Сізді елең еткізетін не? Ән салғаныңызда жүрегіңіз толады ма? Басқа ешкім ән салмайтын кезде әңдетесіз бе? Өзім өлең айтсам, ерен еңбек еткендей болып, тез шаршаймын. Ән айту – менің дарыным емес. Бірнеше адам жиналған бөлмеде отырып өлең жазып, саз шығару қолымнан келмейді. Және маған бұл қазық та емес. Дегенмен, мұндай жұмыспен құлшына айналысатын адамдар бар.

Қандай журналдарды қызығып оқисыз? Сізді YouTube-тағы қай бейнежазбалар жігерлендіреді? Pinterest-тегі суреттерді қарап отырғаныңызда, суреттердің қайсысына көбірек көңіл бөлесіз? Мектепте қай пәнді ұнататын едіңіз? Кітап дүкеніне кіргеніңізде, қай кітапқа көзіңіз түседі?

Тағы бір маңызды сұрақ: қай жұмысты ақысыз орындауға дайынсыз? Кәсіби спортшылардың көбісі, ақы төленбесе де, ойнауды тоқтатпайтын еді. Әкем мені сенбі сайын орындыққа

отырғызып қойып, бу қозғалтқыштарының және басқа машиналардың қалай жұмыс істейтінін түсіндіретін. Бір жолы бу қазандығының суретін салып, бір сағаттан астам оның жұмысын егжей-тегжейлі айтқаны есімде. Тыңдай-тыңдай жалыққанымнан көзіме жас келген еді сонда. Инженер болуға жаралмағанымды сонда-ақ түсінуім керек еді! Әкемнің көңілін қимай, сенбілік дәрістеріне әрең төзетінімді бірде-бір рет тіс жарып айтқан емеспін. Қаржылық тұрақтылыққа бола инженер болу жолын таңдағанымда, қатты қателесіппін. Менің қатемді қайталамаңыз.

Жұмысын жалғыз себеппен – айлық үшін істеп жүрген көптеген адамдар жұмыс орнында өздерін бақытсыз сезінеді!

Жоғарыда айтып кеткенімдей, көп жыл бұрын, бағушымның жұбайы мені жұмысқа ала алмайтынын айтқанда, «Әрине, ала аласыз!» деген едім. Сол қызметке қызыққаным сондай, айлығына қарайын деген жоқпын. Аптасына 70 сағат бағушым мен бағушының қонақтарына қызмет етумен өткен уақытым білінбей өте шығатын. Лизаға бағушыларыма қызмет ету мүмкіндігіне ие болғаным үшін олардың маған емес, менің оларға ақша төлеуім жөн болар еді деп жиі айтатынмын.

Осы жолдарды жазып отырғанымда, оқырманым мені мақтанып отыр деп ойлайды ма деген қобалжуым бар. Мақсатым – тек жақсы үлгі көсетіп, оқырманыма көмектесу екеніне сенерсіз деген үмітім бар. Лиза екеуіміз өз қызметімізді бастағанымызда, кітаптан түскен қаламақыны өз қажетімізге жұмсамай, түгелімен «Мессенджер Интернэшнл» миссиясына аударатын болып бел будық. Бүгінгі таңда қаламымнан 20-дан астам кітап шықты. Бір кітапты жазып, өңдеуге 400-450 сағат уақытым кетеді. Демек, 20 кітап жазуға 9 000 сағат уақытымды арнадым. Арасына бір күн салмай, демалыссыз, үздіксіз жұмыс істегенде, үш жыл жұмыс істегенмен бірдей. Осы үш жылғы еңбегімнің ақысын алған жоқпын. Дарыным болған соң, Құдайдың маған берген аманатын орындау мақсатында еңбек еттім.

Жылына 200 000 доллар табысы бар инженер болу мен қазіргі істеп жүрген жұмысымның арасында таңдау жасауым керек

болса, бір сәт ойланбастан қазіргі қызметімді таңдайтын едім деп айта аламын. Пауыл елші былай деп жазған еді:

«Егер оны өз еркіммен істесем, еңбегімнің ақысын күтер едім; бірақ еріксіз істегендіктен, оны сеніп тапсырылған міндетім ретінде орындап жүрмін. Сонымен, менің алар сыйым қайсы? Уағыздауымда құқықтарымды қолданбай, Ізгі хабарды тегін таратуым — алар сыйым, міне, осы» (1 Қорынт. 9:17-18).

Сізді қандай адамдар қызықтырады?

Өзіңізді қандай адамдар қызықтыратынын түсінсеңіз, дарыныңыз бен Құдайдың сізге берген аманатын анықтауға керек мәлімет аласыз. Кейбір адамдар ішіңізде бұғып жатқан даірыныңызды оятып, толық ашылуына септігін тигізе алады. Өзіңіз бен ниеттес, дарыны сіздікіне ұқсас адамдарды тауып алыңыз. Құдайдың оларға берген тапсырмасы да сіздікіне ұқсас болса керек. Осы адамдар сіздің өзіңізді-өзіңіз танып, Құдай берген дарыныңызды ашуға тікелей үлес қосады. Ниеттес адамдарыңыз – сізді түсінетін әрі дұрыс қабылдайтын адамдар.

Маған басқа қызметкерлермен пікір алысып, Құдайға қызмет етудің қызығы мен қиындығын бірге талқылаған, Құдайдың Сөзін бірге қарастырған ұнайды. Сонымен қатар, кәсіпкерлер мен бизнес саласына қатысы бар адамдармен араласқанды ұнатамын. Осы салаларда мықтымын.

Миссияны басқару мен жеке кәсібіңді басқарудың ұқсас тұстары көп. Лиза екеуіміздің кәсіпкер болуымызға тура келді. Жас кезімізде біз үлгі алатындай белгілі миссиялар болған жоқ. Ірі де атақты миссиялар болды, әрине. Бірақ олардың қызмет ету үлгісі біздің ойымыздағыдай емес еді. Өз жолымызды өзіміз салуға мәжбүр болдық. Сондықтан, бизнес саласындағы кәсіпкерлерден қызметімді жақсартта алатын көп нәрсе үйрендім.

Дизайн жасағанды ұнататын болсаңыз, басқа дизайнерлердің арасында өзіңізді жақсы сезінесіз. Мамандығыңыз дәрігер болса, басқа дәрігерлермен қарым-қатынастан жігер аласыз. Музыкант

болсаңыз, басқа музыканттар дарыныңызды жетілдіруге көмектеседі. Ниеттес, пікірлес адамдарыңызбен араласу арқылы дарыныңыз ашыла түседі, оны іске асыруды да үйрене аласыз.

Есіңізге тағы да саламын, жоғарыдаға сұрақтардың бірде-біріне берген жауабыңыз мәселені толық шеше алмайды. Құдайды іздеп, Жаратқан Иенің өзіңізге берген жеке тапсырмасын білуге күш салмай, болмайды. Қызметкер ретінде жаңа қалыптасып жүрген жылдарымдағы көптеген қызметкерлердің ақыл-кеңесіне құлақ ассам, әлдебір қалаға барып, қауым ашатын едім де, бағушы болатын едім. Лиза екеуіміздің өзіндік дарындарымызды көре алғандар көп болған жоқ. Өмірлік жолымызда Құдайдың жүрегімізге салған қалауына еруімізге септігін тигізген бірнеше дана қызметкерді кездестірдік.

ДАРЫНЫҢЫЗДЫ ЖЕТІЛДІРІҢІЗ

Осы тараудың басындағы аяттың екінші бөліміне келейік:

«Өйткені әр адам өз міндетін атқаруға тиіс» (Ғалаттарға 6:5).
Жаратқан Ие әрқайсымызға өз өмірімізді жайластыруға және Құдай патшалығын орнатуға әлеует берді. Алайда, әлеуетің болғаны жеткіліксіз, әлеует іске асуы керек екенін мойындауға тиіспіз.

Өміріміздің соңында қолымыздан келер талай игі істерді істеу мүмкіндігін бос өткізіп алғанымызды ойлап, өкінбейік. Жаратқан Иеміздің төрелік тағының алдында тұрып, Құдайдың өзімізге берген дарынын жетілдіруге күш салмағандығымыздан қанша адамның Құдай Патшалығының ықпалынан тыс қалып қойғанын білгенімізде, өкініштен өзегіміз өртенбесін.

Бойыңыздағы дарыныңыз бен қабілеттеріңізді толық іске асырып, о дүниеге бос кетем деп, рухани байлығымды сарқып, тауысып таратып берем деп шешім қабылдаңыз. Әлем Құдайдың сізге берген дарындарына мұқтаж, бірегей қабілеттеріңізге сүйеніп істей алатын игі істеріңізге зәру.

Құдай берген дарындарымыз жайлы Нақыл Сөздер кітабының 18-ші тарауы, 16-шы аятында былай деп жазылған:

«Адамның жолын дарыны ашар,
Әкімдер алдына дейін апарар» (орысшадан аударма).

Дарыныңыз «жолыңызды ашады» әрі «әкімдердің алдына апарарсыз». Бұл аяттағы «жол» сөзінің екі түрлі мағынасы бар. Біріншіден, қазіргі тұрған орныңыз, қалпыңыз, күйіңіз, жағдайыңыз бен барар жеріңіздің арасындағы жолыңыз, әлеуетіңізді жүзеге асыру жолы. Екіншіден, дарыныңыз сізді Құдайдың берген тапсырмасын орындауда жаңа деңгейге жеткізе алады, бұл да бір жол. Жоғары сатыға шыққан сайын шеберліктің де жаңа деңгейі қажет болады. Сүлеймен патша тағы былай дейді:

«Кездестірсең біреуді ісіне аса шебер,
Жай адамдарға емес, патшаларға қызмет етер» (Нақыл сөздер 22:29).

Дәуіт патшаның өмірінде болған оқиғаны оқып шығайық. Патшалықтар туралы 1-ші жазбаның 16-шы тарауында былай делінге: «Ал Жаратқан Иенің Рухы Саулды тастап кеткен еді. Содан бастап Тәңір Ие жіберген бір қинайтын рух Саулдың үрейін ұшырып қорқытатын болды». Әбден қиналған Саул, қайтсем жеңілдік табамын деп, нөкерлеріне «Жақсы күй ойнайтын адамды іздеп, тауып, маған алып келіңдер!» деп бұйырды.

«Жас қызметкерлердің бірі:

— Мен бетлехемдік Есейдің күйді шебер тартатын бір ұлын көргенмін. Ол — мықты да батыл жігіт; ойлап сөйлейді, сырт көрінісі де келісті. Жаратқан Ие де оған жар болып келеді, — деді» (1 Патшалық. 16:18, орысшадан аударма). Дәуіт *дарынды* ғана емес, *шебер* күйші болатын. Шеберлікке қалай жетті? Дарынын үнемі жетілдіріп отырды, сондықтан,

Құдайдың берген тапсырмасын орындауда жаңа сатыға көтерілді.

Құдайдың аманатын орындауда едәуір жетістікке жете алмай қалған адамдар өте көп. Неге бұлай? Мәселе олардың дарындарын жетілдірмеуінде болуы мүмкін бе? Дарынымызды қаншалықты жетілдірсек, соншалықты жемісті болатынымыз рас па?

Алдыңғы тарауда Пауыл елшінің Тимотеге жазғандарын келтірген едім, сол сөздердің жалғасын оқып, Пауылдың рухани ұлына мәселені шешудің қандай жолын ұсынғанын көрейік:

«Қауым жетекшілері сенің үстіңе қолдарын қойып бата берген кезде Құдайдың Рухы білдірген хабарымен саған сыйлаған рухани дарынын елемей жүрме! Міндеттеріңді орындауға машықтана бер, дарындарыңды жетілдір. Осыларды орындап, өзіңді соған арна; бәрі де бұдан сенің алға басуыңды көре алсын» (1 Тимоте 4:14-15, орысшадан аударма).

Елшінің даналыққа толы осынау сөздерінен біз де көп нәрсе түйе аламыз. Өз саласында айтарлықтай жетістікке жеткен адамдарды көргенімізде, кейде «Туа біткен дарыны бар ғой» деп, олардың еңбегін ескерусіз қалдырамыз. Олардың, шынында да, ерекше дарыны бар. Алайда, өзіндік дарын сізге де берілгенін ұмытпаңыз. Әлгі адамдар сол дарынын жетілдіру жолында еңбек сіңірді. Дарынын кемеліне келтіруді көздеп, тер төкенін көргеніміз жоқ, дегенмен, бүгінгі жетістігіне еңбек етпей-ақ жетті дей алмаймыз.

Алдыңғы тарауда айтқанымыздай, Пауыл елшінің хаты Тимотеге ескерту жасаудан басталады. Бұл ескертудің мәні – Құдай берген дарынды елеусіз қалдырмау. Дарынымызды ескермей, оған көңіл қоймай, назар салмай жүре берсек, елеусіз қалдыру деген сол. Пауыл елші рухани ұлы дарынын жетілдіруге барын салғанда, мерейі үстем болатынын айтады. Мұндай жетістікке жаттығу, жетілу, ой толғау арқылы жетуге болады.

Жаттығу

Жаттығу дегеніміз – «үздік орындауды немесе шеберліктің шыңына жетуді көздеп, әлдебір жұмысты, қимыл-қозғалысты немесе әрекетті көп рет қайталау». «Мерриам-Вебстер» сөздігі осындай анықтама береді. Ұқыпты жаттықсақ, жұмысымызды сапалы орындаймыз. Жаттығуға неғұрлым көп күш салсақ, неғұрлым көп уақыт бөлсек, неғұрлым ұқыпты болсақ, орындаған жұмысымыз соғұрлым нәтижелі болып, соғұрлым жоғары бағаланбақ. Өнер адамының әлдебір туындыны жұрт алдында шебер орындағанын көреміз де, оның ар жағында тұрған апталарға, айларға, жылдарға созылған қаншама еңбек тұрғанын біле бермейміз.

Адамның іс-әрекетін зерттейтін сарапшылардың айтуынша, әлдебір салада маман болу үшін немесе әлдебір дағдыны жете меңгеру үшін 10 000 сағат іс-тәжірибе қажет екен. Алайда, Флорида Университетінің профессоры К. Андерс Эрикссон «іс-тәжірибе шеберлігіңізді шыңдайды» деген тұжырымды теріске шығарады. Профессордың пайымдауынша, әлдебір іспен 10 000 сағат шұғылдану сізді шеберлікке жеткізсін десеңіз, бір шартты орындауыңыз керек. Мәселе әлдебір іс-әрекетті қайталап орындай беруде емес, шеберлігімді шыңдаймын деген мақсатты назарда ұстай отырып, еңбектену. Осындай еңбекті «мақсатты еңбек немесе мақсатты жаттығу, дағдылану» деп атайды. К. Андерс Эрикссон былай деп жазады:

«Қысқаша айтар болсақ, мақсатты іс-тәжірибе дегеніміз мынау: үйреншікті, жайлы іс-әрекет шеңберінен шығу, алдыңызға қойған анық мақсатыңыз және мақсатқа жетуіңіздің жоспары болсын, назарыңыз шашырамасын, көздеген мақсатыңыздан көз алмаңыз, жетістіктеріңізді қадағалап отырудың қолайлы тәсілі болсын».

Үйреншікті өмір шеңберінен шығып, шеберліктің жаңа сатыларына ұмтылуға өзімізді-өзіміз мәжбүрлемесек, өсіп-жетіле алмаймыз. Анық та асқақ мақсатымыз болмаса, «жеткілікті» деңгейге шыққанымызда, соны қанағат тұтып, бір орында

тоқтап қаламыз. Осыдан кейін, көп ұзамай, міндетімізге салғырт қарауға көшеміз. Мұның салдары – жұмысымыздың сапасының төмендеуі мен молаюдың тоқтау.

Мықты тұстарын жетілдіру адамға шектеу әкелмейді, қайта кеңістік береді. Жемісіңізді арттырып, Құдайдан келетін молаюдың жүзеге асуына мүмкіндік береді. Әлсіз тұстарымызға көңіл бөлудің қажеті жоқ демеймін, жаңа дағдыларды үйренудің де маңызы зор. Дегенмен, дарынымыз бар салада көбірек еңбек етіп, әлеуетіміздің шоғырланған тұсына баса назар аударамыз.

Жаңа дағдыларды үйреніп, өрісіңізді кеңейткеніңіз дұрыс. Алайда, Құдай сізді шақырған сала ескерусіз қалып қоймасын, соған зейін қойыңыз.

Гәп мынада: өсіп-жетілу өздігінен болмайды. Оған зейін, мақсаттылық қажет. Дарынымызды жетілдіріп, шеберлігімізді шыңдамасақ, әлеуетімізді толығымен жүзеге асыра алмаймыз. Жеке тұлға ретінде өсіп-жетілуге үнемі күш салуымыз керек. Адамдардың көбісі айтарлықтай жетістікке жеткісі келеді, бірақ сол жолда тер төгіп, еңбектенуге дайын емес. Дарынымызды жетілдіру үшін төккен маңдай теріміз – болашақтағы ұлы жетістіктеріміздің құны.

Жетілдіру

Жаттығу іс-тәжірибе саласына қатысты болса, жетілдіру – білім беру саласына тән құбылыс. «Жетілу» дегеніміз «білім жинау мен жаттығу барысында кемелдікке ұмтылу, шыңдалу, жақсару; өсуге және кемелденуге жағдай жасау».

Тұлға ретіндегі жетілуіңіз де, дарыныңыздың жетілуі де ұстазыңыздың болуымен тікелей байланысты. Жеке тұлғаңыздың жетілуі үшін ұстазыңыздың болғаны аса маңызды. Ұстазыңыз бағыт нұсқап, конструктивті сын айтады. Өз бетіңізше байқап түзете алмайтын мініңіз бен қатеңізді түзетуге септігін тигізеді. Дарынын жүзеге асырып, едәуір жетістікке жеткен адамдардың қай-қайсысы да ұстаздың қадірін біледі, өйткені олардың жетістігіне ұстазының қосқан үлесі зор. Ұстазыңыз әлеуетіңізді

анық көреді, дарындарыңыздың кемеліне келіп, іске асқанын қалайды. Сол мақсатқа жетер жолда, қажет болса, сізге қатаң талап қоюға да дайын. Ұстаздардың ерекшелігі, олар қолдау да көрсете алады, шәкіртін тәртіпке де шақыра алады.

Ұстаз бен шәкірттің мысалдары: әке мен бала, ана мен бала, мұғалім мен оқушы, кеңесші мен кеңес алушы, нұсқаушы мен үйренуші, білікті маман мен жас маман, тағы басқалар. Бүгінгі таңда кітаптар мен алуан түрлі оқу материалдары жетіп-артылады. Олар да – ұстаздан тәлім алудың бір жолы.

Дарыныңыздың саласында білім алуға тағы бір жақсы мүмкіндік – сіздікіне ұқсас дарындары бар адамдармен бас қосу. Ондайды «ниеттес, пікірлес адамдарыңызды табу» дейміз. Дарындары мен армандары ұқсас адамдармен бірге болғаныңызда, бірлесе әрекет етіп, әлдебір жаңа дүниелер жасап шығара аласыз.

1930-шы 1940-шы жылдары «Инклинг» деген атауымен танып мал болған, бірнеше қаламгерлерден құралған шығармашылық топ Оксфорд университетінің жанында орналасқан дәмхананың бір бөлмесінде бас қосатын еді. Сол әдеби энтузиастардың арасында К. С. Льюис пен Дж. Р. Р. Толкин де бар. Жазушылардың мақсаты – топ мүшелерінің туындыларын оқып, талқылау. Сол кездесулерден жігер алған Толкин «*Сақиналар әміршісі*», Льюис «*Нарния хроникалары*» атты тамаша туындыларын өмірге әкелді. Ниеттес адамдардан тұратын ұжым осындай жеміс бере алады!

Ой толғау

«Ой толғау» дегеніміз «терең ойлану; әлденені мұқият ойластыру». Ой тоқтатып, арнайы уақыт бөліп, көрген-білгенімізді саралап, тәжірибемізді ой елегінен өткізуді әдетке айналдырған жөн. Рухани өсу мен жетілу сонда ғана мүмкін болады. Жүріп өткен жолымызды саралап, қадағалап, отырсақ, атқарған жұмысымызды, жеткен жетістіктерімізді бағалауға уақыт бөлсек, көңіл бөліп, түзету енгізгенімізді қажет етіп жүрген салаларымызды байқаймыз.

Досым Джон Максвелл ең жақсы ұстазымыз жай

ғана тәжірибеміз емес, сарапталған тәжірибеміз екенін тыңдаушылары мен оқырмандарына жиі айтады. Жеткен жетістігіңізді бағалай отырып, ұстаздарыңыз бер әріптестеріңіздің пікірін де ескеріңіз, дарыныңызды іске асырудың жаңа әдістерін іздеңіз. Өзіңізге де, Құдайға да дұрыс сұрақтар қойыңыз: «Нені өзгертуім керек?», «Қай салада неғұрлым табыстымын?», «Қай салаларға көбірек көңіл бөлуім керек?» және «Жаңа сатыға көтерілуім үшін не істеуге тиіспін?»

Ойлануға жұмсаған уақытыңыз ешқашан зая кетпейді.

ЕШНӘРСЕНІ ҰСТАП ҚАЛМАҢЫЗ

Пауыл елшінің Тимотеге жазғанын тағы бір оқып шығайық:

«Осыларды орындап, өзіңді соған арна; бәрі де бұдан сенің алға басуыңды көре алсын» (1 Тимоте 4:15).


Жоғарыда айтқанымыздың жалғыз шарты бар: Құдайдың берген аманатын орындауға өзімізді толық арнауымыз керек. Бізден талап етілетіні – осы. Құдайдың бізге сеніп тапсырған істеріне өзімізді шын жүректен арнағанымызда, әлеуетіміз іске асады, жетістігіміз даусыз болады.

Әрқайсымыз дарынымызды дұрыс басқарып, дұрыс қолдануымыз үшін жауаптымыз. Өмірімізді дұрыс ұйымдастырып, дұрыс бағыт-бағдар ұстану, дарынымызды жетілдіру жолында ерінбей еңбектену де – өз міндетіміз. Дарынымызды қаншалықты жетілдірсек, соған сәйкес жетістіктерге де жете аламыз, сөйтіп, Құдайдың аманатын орындауда анағұрлым жемісті бола аламыз.

Адам өмірге бір-ақ рет келеді. Өз өмірімізден өзіміз шет қалып қоймайық, өміріміз толыққанды болсын. Ешнәрсені жасырып, бүгіп, ұстап, қалмай, Құдайға өзімізді толық арнап, түгін қалдыр; мастан, барымызды, рухани байлықтарымызды таратып жіберейіз ік. Өмір сүру деген осы. Осылай етсек қана, шынайы өмір сүрген боламыз, сонда ғана нағыз өмірдің не екенін біле аламыз.

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Құдайдың сізге нақты қандай тапсырма бергенін және сол тапсырманы орындауыңыз үшін сізді қандай дарындармен жарақтағанын білудің нақты формуласы жоқ. Қандай іске икеміңіз бар екенін анықтауға септігін тигізетін түрлі материалдар бар, дегенмен, Құдайдың бізге берген аманаты мен харизмамызды білуімізде Жаратқан Иеміздің көмегіне сүйенгеніміз жөн. Құдайдың аманатын және дарындарыңызды білмек болып, Құдайдан даналық сұрап па едіңіз? Жаратқан Ие сізге не көрсетті?
2. Құдайдың аманатын анықтауды көздесек, өзімізге де, басқаларға да сұрақ қойғанымыз жөн. Ізденудің бір бөлігі – осы. Сенімді адамдарыңыздан сіздің өзіңізден және өміріңізден не көріп тұрғанын сұраңыз.
3. Әлеуетің болғаны жеткіліксіз, әлеует іске асуы тиіс. Дарыныңызды жетілдіру не себепті маңызды? Дарындарыңызды мақсатты түрде жетілдірсеңіз, не болады?



*«Мәсіхпен байланысымызда бізді
сендермен бірге табанды етіп,
тағайындаған — Құдайдың Өзі»*

– 2 Қорынт. 1:21

Майланған

Америкада кеңінен танымал мейрам, Ризашылық күні болатын. Отбасымыз түгел дастархан басында жиналды. Лиза мол дастархан жасапты. Әңгімеміз жарасып, ұзақ отырдық. Зайыбым мен бала-шағама, бізге қосылған бірнеше әріптесіме отағасы ретінде сөз арнауым керек екенін сездім.

Ішімнен мінәжат еттім, жүрегіме мынадай сөз келді:

– Жасым 60-қа келді, өмірген түйгендерімді, жинаған тәжірип бемді сендермен бөлісуге деген әкелік жауапкершілікті сезінемін. Лиза екеуіміз 40 жылдан бері Құдайға қызмет етіп келеміз. Осы жолдағы ең маңызды болған нәрсенің не екенін сұрасаңдар, «дәйекті болыңдар» деп жауап берер едім.

Осы қырық жылдың ішінде талай рет сағымыз сынып, түңілу алдында болдық. Өз пайдамызды, ойлап, ақиқаттан таюға, ақиқатты бұрмалап, өз атымызды шығаруға, басқа түскен қиындықтан құтылуға талай мүмкіндік болды. Алайда, ақиқатты темірқазық етіп, қандай қиындыққа тап болсақ та, одан таймауға бел буған едік.

Әйүптің қасірет шеккен кезінде айтқан мына бір сөзінде асқан даналық жатыр:

«Сонда әлі де мынадан жұбаныш тауып, риза болар едім: Қатты ауырып жатсам да, Киелі Құдайдың сөздерінен еш бас тартқан емеспін!» (Әйүп 6:10). Мүлт кеткен кездерімде

(қателігім аз болған жоқ) тезірек тәубе етіп, Құдайдан да, адамнан да кешірім сұрайтын едім. Құдайға мойынсұнып, ақиқат жолынан таймағанымыздың арқасында келген мол жарылқауларға қарасам, Құдайдың кереметіне өзім де қайран қаламын. Құдай ізгі!

МАЙЛАНУ

Ақиқатты дәйекті түрде ұстануымыздың арқасында келген зор жарылқаулардың бірі «майлану» деп аталады. Майланудың, басқа сөзбен айтқанда, тағайындалудың не екенін түсіну үшін Құдай Әке Исаны аспан мен жердің Патшасы етіп тағайындаған ұлы күн туралы оқиық:

«Заңсыздықты жек көріп, әділдікті сүйесің,
Сондықтан да Құдай, өз Құдайың Сенің,
Өзіңді тағайындап, сыйлады Саған
Серіктеріңнен гөрі шаттықты молынан» (Еврейлер. 1:9).

«Сондықтан» деген сөзге назар аударыңыз. Исаның екі мәселедегі ымырасыздығы зор артықшылыққа қол жеткізуіне мүмкіндік берді. Осыдан біз де үлгі алуға тиіспіз. Иса әділдікті сүйді. Грек тілінде әділдік – «*δικαιοσύνη*», яғни, «жоғары биліктің талабына сай болу». Сонымен қатар, Иса заңсыздықты жек көрген еді. Заңсыздықты грекше «*аномία*» дейді, бұл сөздің мағынасы, сайып келгенде, «Құдайдың билігіне бағынбау». Иса Құдайдың қол астында болудан алшақтататынның барлығын жек көрді. Қиындыққа қарамастан, Иса Құдайға мойынсұнудан бір тайған жоқ. Сол себепті, Исаның майлануы да серіктерінен басым болды.

Молаю жайындағы кітапты тағайындалу (майлану) жөніндегі әңгімемен аяқтап отырғанымың себебі неде? Бұл сұрақтың жауабы қарапайым болғанымен, өте маңызды. Тағайындалу (майлану) Құдай берген дарындарымызды күшейте түседі. Ол дарыныңыздың күшейткіші болып табылады. Осы орайда екі мысал келтіре қояйын, рұқсат етсеңіз.

Ең жоғары бағаға лайық, бірегей дауысты әншілерді көрдім. Сонымен қатар, бұлбұл дауыс әнші деуге келмейтін, алайда, айтқан әні жүрегіме терең із салып, әлдебір өзгерістерге түрткі болған әншілерді де көрдім. Бар гәп майлануда. Терең ойлы уағыз айтқан тәлімгерлерді естігенім бар. Бірақ уағызы соншалық терең болмаса да, жүрегімнің түкпіріндегі әлдебір тетіктерді қозғап, өмірімді өзгерткен уағыздарды естідім. Гәп майлануда.

Осы ақиқат мемлекет басқаруда, кәсіпкерлік саласында, өнер немесе білім беру саласында болсын, басқа салада болсын, Құдайға қызмет етіп жүрген адамдардың бәріне қатысты. Дәуіт патша былай деген еді:

«Маған жабайы бұқадай күш бердің,
Басыма май жағып әлдендірдің» (Забур. 91:11).

Дәуіттің сөзінде терең сыр бар. Осы аятқа берілген бірнеше түсініктемені қарап шығып, мынадай қорытындыға келдім: жабайы бұқа – Құдайдан келген ғаламат күш қонуының бейнесі.

Майлану қуаныш сыйлайды. Құдайдың сөзіне сәйкес, қуаныш күш-қуат беріп, пана болады (Нехемия 8:10 қараңыз). Дәуіт осы жырында майланудың біздің күш-қабілетімізді арттыратынын айтады. Ол дарынымызды кеңейтіп, күшейте түседі, мәңгілікте сақталатын жеміс беруімізге септігін тигізеді.

Қызметте, кәсіпте, жалпы өмірде табысты болу факторларының бірі – осы екеніне сенемін. Ат басындай күміс туралы астарлы әңгіме мен қадақ күміс жайындағы астарлы әңгімеде айтылған жетістіктерге жетудің жолы – осы. Өздеріне сеніп тапсырылған байлықты молайта білген екі қызметшінің еңбегі майланғандықтан, жемісі едәуір артқан еді. Бұл ақиқат маған жоғарыдағы аяттарды оқығанымда, ашылды. Жемісті болудың шарты – әділдікті, яғни, Құдайға мойынсұнуды сүю және заңсыздықты, яғни, ең жоғары билікке бағынбауды жек көру. Екі қызметші осы шартты мүлтіксіз орындады, соның арқасында оларға дарындарын еселей түскен майлану құйылды.

Кейбір аудармаларда Дәуіттің «басыма май жағып әлдендірдің»

деген сөзі «басыма жаңа алынған зәйтүн майын жағып әлдендірдің» деп жазылған (Забур. 91:11 қараңыз). Құдай рухани майын бізге бір-ақ рет құюмен шектелмейді. Біржола майлану болмайды. Майлану дегеніміз Құдайдың батасының қонуы, ол Құдайға ұнамды өмір сүретін адамдардың өмірінде орындалып, уақыт өткен сайын, арта береді. Майлануға бір рет қол жеткізіп, «болды, еді майланған қызметкермін» дей алмайсыз. Майлану – сізге тиесілі меншігіңіз емес. Самсон майланған би еді, алайда майлануын күн сайын жаңартып отырмады, күнәнің тайғақ жолына түсті. Құдайға мойынсұнуда ұқыпты да дәйекті болған жоқ. Самсонды заңсыздықты жек көрген адам деп айта алмаймыз. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен бірнеше рет өтіп кеткенімен, ақырында күнә оны күйретіп салды. Құдайдың Сөзі былай дейді:

«Далида Самсонды өзінің тізесіне жатқызып ұйықтатып, бір адамды шақырып, оған Самсонның басындағы жеті өрім шашын алдыртып тастады. Содан Самсон әлсізденіп, күшінен ада болды.

Далида: «Філістірлер сені ұстауға келіп қалды, Самсон!» - деп дауыстады. Самсон ұйқысынан оянғанда, бұрынғыдай бір бұлқынып бұғаудан босап шыға келемін деп ойлады. Ол Жаратқан Иенің өзін тастап кеткенін білген жоқ» (Билер 16:19-20).

Самсон Құдайдың майлауынан айырылып қалғанын білген жоқ. Сол себепті, Барсабиямен жасаған күнәсіне өкініп тәубе еткенде, Дәуіт былай дейді:

«Шаттық үнін маған қайтадан естірте гөр,
Сен әлсіреткен денемді қуанта гөр,
Күнәларыма енді назар аудармай,
Бар қылмыстарымды өшіріп тастай гөр.
Уа, Құдайым, жүрегімді тазарта гөр,
Рухымды берік қылып, жаңарта гөр» (Забур 50:12-14).

Дәуіттің зары, жүрегінен шыққан мінәжаты – майланудан айырылып қалмау, ол майланудың таза жүрек пен берік рухқа,

яғни, Құдайға мойынсұнып, Жаратқанның алдында адал жүруге байланысты екенін біледі.

Майлану жайлы, майланудың кімге қонатыны жайлы әңгімемізді жалғастырайық. Тараудың басында келтірілген аяттағы Пауылдың сөзіне назар аударайық:

«Мәсіхпен байланысымызда бізді сендермен бірге табанды етіп, майлаған— Құдайдың Өзі» (2 Қорынт. 1:21, орысшадан аударма).

Осы аяттағы «майлау» сөзі гректің «*χρίο*» деген сөзінен аударылған, оның мағынасы «адамды тағайындап, бата беріп, күш-қабілет дарытып барып, алдына мақсат қою, тапсырма беру».

Осы анықтамадағы ең басты сөздерге зейін салайық. «Тағайындау» сөзі «биліктің тарапынан әлдебір іс-әрекетке берілген рұқсат немесе қолдау, мақұлдау» дегенді білдіреді. Ұзын сөздің қысқасы, майлану дегеніміз – іс-әрекетіңізді Құдайдың мақұлдауы. Иса былай дейді:

«Маған Жаратқан Ие Өзінің Рухын қондырды. Ол мені жарлыларға ізгі хабар жеткізуге тағайындады...» (Лұқа 4:18). Әрі қарай оқысақ, Құдайдың Исаны тағайындауы Оны әлдебір істерге майлау, яғни, сол істерді жүеге асыруын мақұлдап, қуаттау екенін көреміз. Пауыл елші де осыны растайды:

«Құдай Өзінің Киелі Рухы мен құдіретін назареттік Исаға дарытты. Ол игі істер жасап, шайтанның құрсауындағы адамдарды азат етіп сауықтырып, ел аралап жүрді, өйткені Құдай Оған жар болды» (Елшілердің Істері 10:38). Сөз тағы да – істер жайлы.

«*Χρίο*» сөзінің анықтамасында аталған тағы бір маңызды ұғым – «*тағайындау*». Есте боларлық жайт, Құдайға қызмет етуде сынақ мерзімі болады. Тағайындалғаннан немес майланғаннан бұрын, Құдайдаң алдындағы мойынсұнуға деген дайындығымыз, сайып келгенде, дәйектілігіміз сыналады.

Тоғызыншы тарауда аты аталған Майк ең басты сыннан Құдай соңғы 200 долларын құрбандыққа бер дегенде өтті. Лиза екеуіміздің өміріміздегі сынақтардың бірі – алғашқы екі кітабымызды ешбір баспа қабылдамай қойғанда, көпшіліктің назарына іліне алмай қалғанда да, Құдайдың кітап жазу туралы нұсқауын орындауда адал болуымыз.

Иса мына сөзін бір емес, бірнеше рет қайталаған еді:

«...шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз» (Матай 20:16, 22:14).

«Шақырылған» көпшілік – Исаны танитындардың барлығы. Әрқайсымызға берілген Құдайдың аманаты бар. Жаратқан Иенің жоспарынан бірде-бір сенуші тыс қалған жоқ. Ал «таңдап алынғандар» – тағайындалғандар, майланғандар, оңдайлар, өкінішке орай, аз. Неге дейсіз ғой? Өйткені, сынақтан өтіп, Құдайдың мақұлдауын алуымыз керек. Төмендегі аятты зейін қойып оқып шығыңыз:

«Мәсікке деген сенімі дәлелденген Апеллеске де сәлем»
(Римдіктерге 16:10).

Құдайдың аманатын орындауға ұмтылатын әрбір сенушідей, Апеллес те сынақтан өтті. Және сенімінің сыналуынан сүрінбей өткен, соның арқасында тағайындалуға лайық екенін дәлелдеп шыққан. Осы аятта Құдай Апеллесті майлап, құдіретін қондырды деп нақты жазылмаса да, солай болғанына күмәнім жоқ.

Құдайдың тапсырмасын орындауға шақырылған салада өзін-өзі мезгілінен бұрын тағайындайтын адамдар өте көп. Біз өзіміздің мақұлдауымызға емес, Құдайдың мақұлдауын күтіп, соған ұмтылуымыз керек.

«Ендеше өзін-өзі мақтаған емес, тек Иеміз мақтаған ғана шынымен қадірленуге лайық» (2 Қорынт. 10:18).

Ризашылық күніне, дастархан басына қайта оралайық. Отбасым мен ұжымымның мүшелері Құдайға мойынсұнудағы

дәйектілік – әділдікті сүю мен заңсыздықты жек көру – Құдайдың аманатын орындауда аса маңызды екенін естерінде сақтаса екен деген едім. Өйткені, дәйекті сенушіге майлану құйылады.

Артта қалған жылдарыма көз жүгіртсем, Лиза екеуіміз Құдайға мойынсұну өте қиын болғанда да, ақиқат жолынан таймаппыз. Құдайдың нұсқауымен жүрсек, кері кететіндей болған кездеріміз де болды. Жаратқан Иеміздің кейбір нұсқаулары өсіп-өркендеуімізге, рухани жетілуімізге бөгет болатындай, қаржылық жағдайымызға, атақ-беделімізге нұқсан келтіретіндей көрінсе де, мойынсұнып, орындадық. Алайда, бүгін көріп отырғанымыздай, өзімізге тиімсіз көрінген кейбір қадамдарымыз, уақыт өте, майланудың кілті болып шықты.

СІЗГЕ БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМА

Басқа сенушілер сияқты, тіпті, сенім қаһармандары саналатын адамдар сияқты, сіз де шақырылғансыз. Сіздің қауымда емес, басқа салада қызмет етуге шақырылуыңыз әбден ықтимал. Қауымда қызмет етуге шақырылған, «мінбе дарындары» қонған адамдар көп емес. Өзіңіз еңбектеніп жүрген салада қызмет ету – сізге берілген Құдайдың аманаты болуы мүмкін. Олай болса, сол салада табысты болу, қатарыңыздың алды болу мәртебесіне ие болдыңыз.

Даниял (Құдайдың Рухы дарытқан) асқан қабілетінің арқасында өзге екі уәзір мен аймақ әміршілерінен озық шықты. Сондықтан патша оны бүкіл патшалықты басқарушы етіп қоюды ойлады.

- Даниял Бабылдағы мемлекеттік лауазымдарда қызмет атқарғанда, даналығымен көзге түсті (Даниял 6:3 қараңыз).
- Жүсіп сол заманның ұлы мемлекеті Мысырда ерекше көзге түсті (Жаратылыс. 41:39 қараңыз).
- Фөбе Кеніхреядағы Ізгі Хабар қызметкері ретінде көзге түсті (Римдітерге 16:1).
- Үздік қызметке сіз де шақырылғансыз.

Сіздің бірегей дарындарыңыз бар. Құдайдың тапсырмасын орындауға қажет күш-қабілетті сізге Жаратқан Иенің Өзі берген.

Беселиел мен оның қарамағындағы ұсталар мен шеберлер туралы Құдай былай дейді:

«...Беселиел мен Аһолияп та, Жаратқан Ие киелі шатырды дайындап, тұрғызып, жабдықтаудың бүкіл жұмысын іске асыруға ақыл-парасат пен қабілет дарытқан барлық басқа шеберлер де Оның тапсырғандарын түгелдей жасап шығарсын» (Мысырдан шығу 36:1). Аталған шеберлерде Мұсаныкіндей, Һарондкіндей, оның ұлдарыныкіндей уағыз айтуға деген немесе адамдарға қызмет етуге деген дарын болған жоқ. Алайда, Құдаймен кездесу шатырын жасап шығаруға деген күш-қабілеті мен дарыны болды.

Құдайға арнап, киелі орын дайындауға сіз де шақырылғансыз. Осынау мәртебелі тапсырманы атқаруға қажет дарын сізге де берілген. Алайда, бұл киелі орын алтын, күмістен, асыл тастан, жібек жіптен емес, тірі тастар – Өмірін Құдайға арнаған адамдардан тұрғызылады. (1 Петір 2:5 және Ефестіктерге 2:20-22 қараңыз). Адамдардың өмірін Құдайдың аты мадақталатындай етіп өзгерту үшін жаралып, соған керек дарынмен жарақталғансыз.

Құдайдан келетін молаюдың жүзеге асуы үшін қажет күш-қабілетке иесіз. Біз – Құдай берген дарындарды басқарушымыз, дарынымызды іске асырып, еселеп жеміс алғанымызды, жемісімізді Жаратқан Иеміздің алдына алып келгенімізді қалайды. Молаю келу үшін Құдайдан келетін стратегияларды іздеуіміз керек. Жетекшілеріміз бізге табысты болудың жалпыға бірдей қағидаларын үйрете алады, ал Көктен келген бірегей стратегиялар әр адамға жеке беріледі; оларды оқыған кітабыңыздан, тыңдаған дәрісіңізден үйрене алмайсыз.

Біз, жетекшілер, сізді Құдайды іздеп, Көктегі Әкенің даусына сезімтал болуға шақыра аламыз. Жаратқан Иенің айтқанын ұсақ-түйек көрінген істерде де елеусіз қалдырмай, тыңдаңыз. Болашақта сізді мол жеміске жеткізетін даналық, бір қарағанда, түкке тұрғысыз нәрседей көрінуі мүмкін. Дәндердің ішіндегі ең

ұсағы – қышаның дәні – өніп-өсіп, үлкен ағашқа айналатынын ұмытпағайсыз.

Қолыңызда барды айналымға салу арқылы көбейтесіз. МоМ лаю түрлі көріністер табуы мүмкін. Бергенде, жарылқау жемісін алатынымыз есіңізде болсын. Тұқым себілмесе (айналымға түспесе) жалғыз қалады; ал топыраққа түскен тұқым көп есе жеміс береді. Кез келген уақытта алған өніміңізді айналымға қайта салуыңызға немесе сақтап қалуыңызға болады. Салым салуды тоқтатпаңыз, бұл – жемістіліктің келесі сатысына шығуыңыздың кілті.

Ниетіңіз қызмет ету болсын. Егер ниетіңіз – қызмет етуден басқа қандай да бір нәрсе болса, өзіңіз қаламайтын нәтиже аласыз. Көрер көзге бәрі жақсы көрінгенімен, бірте-бірте ынта-жігерден айырыласыз. Бұл жолмен жүре берсеңіз, бір күні шырағыңыз мүлде сөніп қалады. Құдайымызға мың алғыс, Ол «*бықсыған білтені де сөндірмейді*»; Көктегі Әке жүрегіңіздің есігін қағып, назарыңызды Өзіне аударуға тырысып бағады, Әкеңіздің үнін естіп, жауап қатсаңыз, сөнген от қайта тұтанады (Ишая 42:3 қараңыз). Қандай іспен айналыссаңыз да, түпкі ниетіңіз қызмет ету болсын, жүрегіңіз шынайы сүйіспеншілікке толы болсын, жолыңызда кездескен кедергінің барлығынан қайыспай өте алатын болыңыз.

Құдайдан майлану сұраңыз. Майлану – еңбегіңіздің жемісін еселеп арттыратын құдірет. Майланған еңбектің жемісі мәңгілікте жоғары бағасын алады. Майлану күш-қабілетіңізді арттырады, өз салаңыздың саңлағына айналуыңызға септігін тигізеді. Майлану сізді осы дүние адамдарынан, тіпті, қауымдағы Құдай берген дарындарын өзімшіл мақсатта немесе осыдүниелік мақсатта қолданып жүрген адамдардан даралап, бөліп алады.

Сеніміңіздің болуы шарт. Құдай берген әлеуетіңізді арттырудың жалғыз жолы – сенім. «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес» (Еврейлерге 11:6). Сеніміңізді арттыру үшін Құдайдың Сөзін естіп, орындауыңыз керек. Киелі Жазба былай дейді:

«...сенім хабарды естуден келеді, ал естудің өзі Мәсіхтің

сөзін жариялаудан болады» (Рим. 10:17). Тыңдау, тыңдау және тыңдау – Құдайдың Сөзінің жүрегімізде тамыр жаюына мүмкіндік беретін жалғыз нәрсе. Қолыңыздағы кітапты бірнеше қайталап оқып шықсаңыз, дұрыс болады. Және жай ғана, көз жүгіртіп, оқып шықпаңыз. Оқығаныңызды саралап, кітаптың мазмұнына терең бойлап, оқыңыз. Кітаптағы ақиқаттар өміріңізде қалай жүзеге аса алатынын ойлап, сол ақиқаттарға сай әрекет етіңіз. Осы кітапта жүйелі түрде мазмұндалған Құдайдың Сөзін оқу, ой толғау, дұға ету арқылы жүрегіңізбен қабылдап, санаңызға сіңіріп алыңыз. Сонда көзіңіз көріп тұрған жағдайға қарамастан, Құдайдың маңдайыңызға жазғаны – молаю екеніне сене аласыз. Сырт жағдайдың айтып тұрғанынан, еншіңізге тиген үлесіңіз – молаю екеніне сеніміңіз басым болсын.

Соңғы айтарым, Құдайдың сізге тілектес, жақтас екенін ұмытпаңыз! Құдайдың Өзі былай дейді:

«Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар, — деп нық айтады Жаратқан Ие» (Еремия 29:11).

Құдайдың Сөзінде тағы былай деп жазылған:

«Бұл жайында не дейміз? Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?! Ол Өзінің жалғыз рухани Ұлын аямай, Оны біз үшін өлімге қиды. Ендеше Онымен бірге бізге қажеттінің бәрін қалайша сыйламайды?» (Римдіктерге 8:31-32).

Осы дүниенің пірі болған шайтанның – күмән сеуіп, адам жүрегін улауды көздейтін жалақордың сөзіне емес, Құдайдың Сөзіне құлақ асыңыз. Жаратқан Ие – мейірімді әкеңіз. Ол Өзі тапсырған еңбекте табысты болғаныңызды қалайды.

Жасы алпыстан асқан рухани әке ретінде, мен де сізге тілектеспін, жақпын! Менің өзімнің де, құрдастарымның да жеткенінен едәуір асатын жетістікті сізге тілеймін. Бір Патшаға

қызмет етеміз, бір Патшалықтың азаматымыз, бір отбасының мүшесіміз. Бәрімізге ортақ бір сенім мен аманат бар. Ол – Құдайдың мәңгі үйін салу.

Бірге еңбек етейік. Біртұтас болып, арадағы ынтымақты сақтайық. Құдайдың үйін Патшамыздың салтанатты ұлылығы толтыратын болсын, сол үшін аянып қалмайық. Осы әлемнің проблемаларын шешудің жалғыз жолы – сол.


Жүрегім сізге деген сүйіспеншілікке толы. Дегенмен, ең бастысы, Құдай Әке, Иса Мәсіх, Киелі Рух сізді өте қатты сүйеді. Үшбірлікті Құдайымыздың сізге деген сүйіспеншілігі мәңгі!

Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онікі! Аумин.

Яһуда 24-25

ОЙ ТОЛҒАУ

1. Майлану – Құдайдың берген дарындарын күшейтетін құдірет. Құдайдың сізді майлауы үшін қандай шарттар орындалуы тиіс? Дарыныңызға майлану қалай ықпал етеді?
2. Майлану сіздің өміріңізде қалай жаңара алады? Майлануға ие болдым деп, жаңа майлануға ұмтылмасақ, не болады?
3. Өмірдің қай саласына өзгеріс әкелуге шақырылған адамсыз? Майлану сол саланың саңлағына айналуыңызға көмектесе алады ма? Қалай?



*«Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп
мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны
өлімнен қайта тірілткеніне сенсең, онда
құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі
арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен
мойындауы арқылы құтқарылады».*

– Римдіктерге 10:9, 10

Қосымша

Баршаға қолжетімді құтқарылу

Құдай өміріңіздің жемісті болуын қалайды. Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі зор, Оның сіздің өміріңізге арналған жоспары бар. Алайда осы тағдырға апаратын жол біреу-ақ, ол үшін Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх арқылы құтқарылуды қабылдау қажет.

Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы Құдай сіз үшін, Оның сүйікті ұлы мен қызы үшін, Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы өлімінің арқасында мәңгіліктегі молшылыққа толы өмір сіз үшін қолжетімді. Құтқарылу дегеніміз — Құдайдың сізге арналған сыйы, оған іс-әрекетіңізбен қол жеткізу, не оған лайық болу мүмкін емес.

Осы қымбат сыйды қабылдау үшін өз күнәңізді және өміріңізге дем берген Жаратушыдан тәуелсіз өмір сүргеніңізді (себебі осы тәуелсіздік барлық күнәнің түптамыры болып табылады) мойындау қажет. Теріс жолдан қайту — құтқарылудың ең маңызды бөлігі. Елшілердің істері кітабында суреттелген бес мың адам құтқарылған күні Петір ол туралы анық айтады: «Сондықтан теріс жолдан қайтыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіреді» (Елшілердің істері 3:19). Киелі Кітап әрбіріміз күнәнің құлы болып туылдық дейді. Ол құлдық қасарысу мен тілазарлыққа жол берген Адам атаның күнәсінен

бастау алады.

Теріс жолдан қайту — өзіңізге және өтіріктің бастауы шайтанға бағынудан бас тартып, бұдан былай жаңа Иеңіз, сіз үшін Өз өмірің қиған Иса Мәсікке мойынсұну.

Мәсікке бойсұнып, Оны өзіңіздің Иеңіз және өміріңіздің билеушісі ретінде мойындап, Оған барыңыз бен өз-өзіңізді толықтай (рухыңыз, жаныңыз бен тәніңізді) бағыштауға тиіссіз. Өміріңізде Оның билігі шексіз, даусыз болсын. Осыдан кейін Құдай сізді түнектен азат етіп, нұрға, Өз Патшалығының салтанатына жетелейді. Сіз өлімнен өмірге өтіп, Оның перзентіне айналасыз!

Иса арқылы құтқарылуды қабылдағыңыз келсе, келесідей мінәжат етіңіз:

Көктегі Құдай, мен күнәкар екенімді, Сенің әділдігіңе сәйкес өмір сүре алмайтынымды мойындаймын. Жасаған күнәм үшін мәңгі жазаға лайықпын. Мені осы күйімде қалдырмағаның үшін рахмет, мен үшін өлімге барып, айқыштағы жазамды өз мойнына алған Мәриям қыздан туған Жалғыз Ұлың Иса Мәсіхті жібергеніңе сенемін. Оның үшінші күні қайта тіріліп, қазір Сенің оң жағыңда отырғанына сенемін. Иса — менің Ием және Құтқарушым. Сенен тәуелсіз өмір сүргенімнен бет бұрып, өмірімді толығымен Иса Мәсікке арнаймын.

Иса, Сені Жаратқан Ием және Құтқарушым деп мойындаймын. Рухыңмен өміріме еніп, мені өзгертіп, Құдайдың перзенті ете гөр. Осы кезге дейін түнекте өмір сүрдім, енді бұдан былай одан бас тартып, өзім үшін өмір сүруді тоқтатып, рақымыңмен Сен үшін өмір сүретін боламын, себебі Сен мен үшін Өзіңді құрбан еттің, соның арқасында мен мәңгілік өмірге ие болдым.

Жаратқан ием, Саған рахмет. Енді менің өмірім Сенің қолыңда. Сенің Сөзіңде жазылғандай, осы жолды таңдағаным үшін мен ұятқа қалмаймын.

Құдайдың отбасына қош келдіңіз! Басқа сенушілерге осы мінәжатыңыз туралы айтып беріңіз. Киелі Кітапқа сенетін жергілікті қауымға қосылуыңыз маңызды. Сеніміңізді жігерлендіретін бауырластармен қарым-қатынаста болғаныңыз дұрыс.

Сіз тамаша өмірге аяқ бастыңыз. Күнделікті рухани өсуіңізде, Құдаймен қарым-қатынасыңызда, Оны танып-білуде Құдай сізді жарылқасын!

АЛҒЫСТАР

Қолыңыздағы кітап – ұжымдық жұмыстың жемісі. Командамыздың осы туындының жарық көруіне үлесін қосқан бірнеше мүшесіне алғысымды білдіргім келеді.

Брюс Нигрен: Қолжазба өңдеудегі тәжірибең үшін рахмет. Қолжазбамды алдың да, өзіме тән сөз мәнерін сақтай отырып, сапасын едәуір жақсарттың. Кітаптың мазмұнын анықтап, аша түскен күрделі сұрақтарың үшін рахмет.

Кори Эмберсон, Лора Уилбур және Лоран Джонсон: Кітаптағы сөз мәнерінің дұрыс болуын, грамматика ережелерінің сақталуын, тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын қадағалағандарың үшін рахмет. Дарындарыңа тәнтімін.

Крис Пейс: Қолжазбаны бір-бір тараудан оқыған кезімізде көрө сеткен қолдауың мен берген жігерің үшін алғысымды айтамын. 14-тарауды құрастыруға көмектескенің үшін рахмет. Сенің осы кітапқа қосқан үлесің зор.

Эдисон Бивер: Редакторлық білімің мен кітаптың мазмұнын оқырманға түсінікті етуге септігін тигізген сұрақтарың үшін алғыс. Ең әуелі, адал ұл бола білгенің үшін рахмет.

Алан Нигрен: Кітаптың және мұқабаның тамаша дизайны үшін саған рахмет. Дарыныңа тәнтімін!

«Мессенджер Интернэшнл» ұжымы: Құдайдың Патшалығын орнату ісінде әрқайсысың орасан зор еңбек етіп келесіңдер. Жант кешті қызметтеріңнің марапатын Исаның қолынан алғандарыңды көріп, сендермен бірге шаттанатын боламын.

Құдайдың Киелі Рухы: Ең зор алғысым, әлбетте, Саған! Сенің жетелеуің мен берген даналығың болмаса, осы жолдау кітап болып шықпас еді. Сүйікті Ием Иса Мәсіхпен барған сайын терең таныстырып келе жатқаның үшін Саған шексіз алғыс. Сені шын жүрегіммен сүйемін, Саған қызмет ету – мен үшін зор мәртебе.

Сілтемелер

1 Зодхиатес, Спирос: *«Сөздерді зерттеуге арналған толық сөздік: Жаңа Өсиет»* (Чаттанұга, Теннесси, «AMG Publishers», 2000).

2 Арндт, Уильям, Фредерик У. Данкер и Уолтер Бауэр: *«Інжіл Шарифтің және басқа ертемәсіхшілік әдебиеттің грек-ағылшын сөздігі»* (Чикаго, «University of Chicago Press», 2000).

3 Лув, Йоханнес П. және Юджин Альберт Найда: *«Жаңа Өсиеттің грек-ағылшын семантикалық сөздігі»* (Нью Йорк, «United Bible Societies» 1996).

4 Лув, Йоханнес П. және Юджин Альберт Найда: *«Жаңа Өсиеттің грек-ағылшын семантикалық сөздігі»* (Нью Йорк, «United Bible Societies» 1996).

5 Лув, Йоханнес П. және Юджин Альберт Найда: *«Жаңа Өсиеттің грек-ағылшын семантикалық сөздігі»* (Нью Йорк, «United Bible Societies» 1996) и Зодхиатес, Спирос: *«Сөздерді зерттеуге арналған толық сөздік: Жаңа Өсиет»* (Чаттанұга, Теннесси, «AMG Publishers», 2000).

6 Лув, Йоханнес П. және Юджин Альберт Найда: *«Жаңа Өсиеттің грек-ағылшын семантикалық сөздігі»* (Нью Йорк, «United Bible Societies» 1996).

КИЕЛІ РУХ: КІРІСПЕ

Ол туралы білесіз, ал Өзімен таныссыз ба?



Шәкірттер үш жыл бойы Исамен бірге жүріп, айтқанын түгел естіді. Соған қарамастан, Иса серіктеріне оларды тастап кететінін, Иса кеткенде, Киелі Рухтың келе алатынын, сондықтан, Исаның кетуі шәкірттері үшін жақсы болатынын айтты (Жохан 16:7, 13-14). Исамен бірге жүрген шәкірттері үшін жақсы болса, Киелі Рухтың келіп, өмірімізге белсене араласқаны біз үшін де жақсы болмақ емес пе?

Көптеген адамдардың Киелі Рухтың кім екенін, Өзін бізге қалай танытатынын білмей өтетіні, Киелі Рухты дұрыс түсіне алмайтыны өте өкінішті. Киелі Рухты тосын, түсініксіз «құбылыс» етіп көрсету жиі кездеседі. Алайда, Құдайдың Сөзі Киелі Рухтың жансыз зат емес, құбылыс емес, Тұлға екенін анық көрсетеді. Және Ол бізді ешқашан тастап кетпеуге уәде берген. Осы кітабында Джон Бивер сізді Қауымда елеусіз қалып жүрген Тұлға – Киелі Рухты танып білуге шақырады.

ЖАҚСЫЛЫҚ ПА, ҚҰДАЙ МА?

Құдай болмаса жақсылық неліктен жеткіліксіз



Жақсылықтың барлығы Құдайдан келеді, солай емес пе?

Қазіргі кезде «жақсылық» және «Құдай» сөздері мағыналас болып кетті. Әлдене жақсы деп саналса, әлбетте, ол Құдайдың еркіне сай деп ойлаймыз. Жомарттық, мойынсұнушылық, әділдік жақсылыққа жатады. Өзімшілдік, тәкаппарлық, мейірімсіздікті, әрине, жамандыққа жатқызамыз. Айырмашылығы ап-анық сияқты.

Расында да солай ма? Жақсылық сондай айқын болса, Киелі Кітапта жақсы мен жаманды айыра білудің маңыздылығы неліктен айтылған?

«Жақсылық па, Құдай ма?» – бұл күнделікті мәселелерді шешу туралы кітаптардың бірі емес. Бұл кітап сізге жай ғана мінез-құлқыңызды өзгерту туралы кеңес бермейді. Ол сізге рухани күш береді. Сол арқылы сіз Құдаймен тіпті басқа деңгейде қарым-қатынас жасай аласыз. Нәтижесінде өміріңіздің әрбір саласы өзгереді.

МӘҢГІЛІКKE ҰМТЫЛҒАНДАР

Бүгін де, мәңгілікте де терең мағынасы бар өмір



Жердегі өмір — қас қағым сәт қана, алайда көбіміз мәңгілік жайлы еш ойланбастан өмір сүреміз. Мәңгіліктегі тағдырымыздың қандай болары жерде қалай өмір сүргенімізге қарай шешіледі. Соған дайынбыз ба?

Киелі Жазбаның айтуынша, сенушілердің алатын сауабы әртүрлі — істерінің барлығы отқа жанып кететіндер де, Мәсіхпен бірге мәңгі патшалық құратындар да болады.

Осы кітаптан өміріңіздің мақсатын қалай табуға болатынын, Құдайдың тапсырмасын қалай орындай алатыныңызды білесіз. Өміріңізге мәңгілік тұрғысынан қарағанда, мәңгі жеміс үшін еңбек етуге дайын боласыз.

Ақтық деміңізден кейін мәңгі өміріңіз басталады. Уақыт оздырып жүріп, кеш қалып қоймаңыз. Құдайдың өзіңізге берген аманатын біліп, жерде де, мәңгілікте де мәнді де мағыналы өмір сүріңіз.

КРИПТОНИТТИ ЖОЮ

*Күш-қуатыңызды ұрлап жүрген нәрседен
құтылудың жолы*



Қай жауды да жеңіп, қайсыбір тосқауылдардан да өте алатын Супермен тәрізді, Мәсіхтің шәкірттерінде де барлық қиындықты жеңе алатын ғажайып құдірет бар. Және де Супермен тәрізді бізде де бір мәселе бар, ол – күшімізді ұрлайтын криптонит.

Әрине, Супермен де, криптонит те – қиял жемісі. Дегенмен, рухани криптониттің бар екені – шындық.

Бірінші ғасырда өмір сүрген мәсіхшілерде болған күш-құдіреттен көбіміз неліктен құр алақан қалып жүрміз? – деген сұрақтың жауабын осы кітаптан табасыз.

“Криптонитті жою” кітабында Джон Бивер рухани криптониттің не екенін, оның қоғамға неңдей қауіп төндіретінін, оның тұзағынан қалай құтыла алатынымызды баяндайды. Бұл кітап ынжық оқырманға арналмаған, тәтті сөзді қалайтындардың көңілінен шығатын жылы-жұмсақ кітап емес. Бұл биік рухани шыңдарға жеткізер қиындыққа толы сапарға дайын Мәсіхтің жолын қуушыға арналған терең ақиқат.

ҚҰДАЙ, ҚАЙДАСЫҢ?!

*Шөл далада күш-қайрат пен анық
мақсатқа ие болыңыз*




Бәлкім, Құдайдың даусын естіген боларсыз. Алайда, қазір Жаратқан Ие үн қатпайтын тәрізді. Мүмкін, сенім жолымен жүрген боларсыз. Енді, міне, Құдайдың құзырын таппай жүрсіз. Жаратқан Иенің уәде беруі мен сол уәденің орындалуы арасындағы орын – шөл далаға қош келдіңіз.

Алайда, жақсы хабарым да бар, шөл дала – мақсатсыз кезіп жүрген жеріңіз емес. Шөл даладан дұрыс өтер болсаңыз, ол дайындық орнына айналып, сізді Құдайдың аманатын орындауға жарақтайды. Өміріміздегі шөл дала кезеңінен қол қусырып, Құдайды күтумен ғана өтпейміз. Шөл даладағы сіздің көзқарасыңыз бен іс-әрекетіңіз өте маңызды. Құла түзді шыр айналып, уақытыңызды босқа жоғалтпауыңыз үшін, шөл даланың не екенін анық білгеніңіз жөн.

Бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер даналыққа толы осынау кітабында өз өмірінен мәнді мысалдар келтіріп, оқырманды Киелі Кітаптан алынған маңызды мәліметпен жарақтандырады. Бұл кітап қуаңшылық маусымынан, күрделі кезеңдерден аман-есен өтіп, Құдай уәде еткен жерге кіруіңізге көмектеседі.

X MessengerX

Кез елген жерде, кез келген адам Исаның шәкірті бола алады




- 110-нан астам тілдегі тегін материалдар
- Қосымша түрінде және онлайн қолжетімді
- Сіздің рухани өсуіңізге септігін тигізетін материалдар
- Шәкіртшілік жолындағы қадамдарыңызды көре аласыз



Шәкіртшілікке арналған ресурстардың толық жинағын алыңыз. Messenger кітапханасы – электронды кітаптар, бейнежазбалар, аудио-тәлім, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Барлық құрылғыңыздан көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз.

MessengerX.com



App Store немесе Google Play-ден жүктеп алуыңызға болады.

«АЯНЫП ҚАЛМАЙЫҚ, ҚҰДАЙ БЕРГЕН ДАРЫНДАРЫМЫЗДЫ О ДҮНИЕГЕ АЛА КЕТПЕЙІК, БАРЫМЫЗДЫ ҚҰДАЙҒА ТОЛЫҚТАЙ БАҒЫШТАЙЫҚ... СОНДА ҒАНА ШЫНАЙЫ ТІРІ БОЛЫП, НАҒЫЗ ӨМІРДІҢ НЕ ЕКЕНІН БІЛЕ АЛАМЫЗ».


-ДЖОН БИВЕР

Құдайдың Патшалығында өзіңізді жәй ғана көрермен ретінде сезінген кездеріңіз болды ма? Өзіңізге әлдебір істер тапсырылғанын білесіз, алайда, не екенін анық түсіне алмайсыз. Көбіміз өміріміздің ықпалды болғанын қалаймыз. Дегенмен, сізді мынадай сұрақтар мазалауы мүмкін:

- Құдайдың еркінен тыс қалып жүрген жоқпын ба, соны қалай біле аламын?
- Құдайдың Патшалығын кеңейту ісінде менің бірегей дарындарымның орны қандай?
- Құдай берген әлеуетімді іске асырып жүрмін бе, оны қалай біле аламын?
- «Қызметке» кірмесем, Құдайдың маған берген аманаты айтарлықтай маңызды болмағаны ма?
- Құдайдың рақымында тыныштық табу мен Құдайдың Патшалығын кеңейту жолында әрекет етудің арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?
- Ісіңнің сәтті болатынына толық сенімің болмаған жағдайда қорқынышты жеңіп, іске кірісудің амалы қандай?

Осынау терең мағыналы кітабында Джон Бивер Киелі Кітапты егжей-тегжейлі зерттеп, Құдайдың өзіңізге берген аманатын басқаша қарастыруға, оның Құдай алдындағы маңызын түсінуге септігін тигізетін мысалдар келтіреді. Кітапты оқу барысында Құдай берген дарындарыңызды жетілдіріп, әлеуетіңізді іске асыруды үйренесіз!

Алдыңызға зор мақсат қойып, әрекет етуге дайын болсаңыз, жолыңыздың бастамасы – осы.



ДЖОН БИВЕР – халықаралық уағыздаушы әрі бестселлерлердің авторы, Құдайдың Сөзін батылдықпен, ымырасыз уағыздайды. Джон Бивер және оның жұбайы Лиза — «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің негізін салушылар. Қызметтің мақсаты – дүние келбетін жаңартып, өзгерте алар мәсіхшілерді көтеру. Джон отбасымен бірге Колорадо қаласында тұрады, ол төрт ұлымен бірге түрлі ойындар ойнағанды жақсы көреді, кейде Лизаны гольф ойнауға көндірмек болып әуре-сарсаңға түседі.



Тегін жүктеу үшін және ағымдағы видеоларды көру үшін
MessengerX.com сайтына кіріңіз.

MessengerX



MESSENGER
INTERNATIONAL
MessengerInternational.org

Бұл кітап – автордың сыйлығы.
Сатуға арналмаған.

Көбірек біліңіз келеді ме?
Мына жерден сканерлеңіз:

